

P2012

4853k



АСТАНА КІТАПХАНАСЫ



XXI

ҒАСЫР.

АСТАНА


ӘЛЕМІ







РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ



Иманғали Тасмағамбетов

Әбіш Кекілбаев

Мырзатай Жолдасбеков

Фарица Оңғарсынова

Ауда Балаева

Төлен Әбдік

Әнес Сарай

Қойшығара Салғараұлы

Алдан Смайыл

Сауытбек Абдрахманов

Жолтай Әлмашұлы



АСТАНА КІТАПХАНАСЫ



XXI
ҒАСЫР.
АСТАНА
ӘЛЕМІ



«ДАУА» баспа орталығы»
Астана, 2011 жыл

УДК 323/324 (574)

ББК 66.3 (5қаз)

А 89

*Жинақты құрастырған — БАҚ саласындағы Президент Грантының иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жұмагүл Саухат.*

89 **XXI ғасыр. Астана әлемі**

(мақалалар, ой-толғаулар)

«Дауа» баспа орталығы» ЖШС, Астана, 2011 ж. 400 бет, суретті.

ISBN 978-601-06-1687-5

Бұл публицистикалық еңбек тәуелсіздігіміздің тұғырына айналған Астананың саяси-экономикалық және рухани-философиялық ерекшеліктерін таразылауға арналған. Кітаптың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Елорда идеясының терең астарларын ашу болып табылады. Елбасы жаңа астана арқылы Отанымыздың саяси-территориялық қауіпсіздігін нығайтты, халықты осынау теңдессіз ерлігі арқылы жаңа ғасырға бейімдеді. Ұлттың өзіне деген сенімін күшейтті. Қазақстан барлық салада қайта түледі. Бұл шын мәнінде ұлы жеңіс еді. Республикамыз бен шетелдердің қоғам және ғылым қайраткерлері, белгілі қаламгерлер тарихи құбылысқа айналған сол жеңіс жайлы ой қозғайды. Сондай-ақ, бұл еңбекте XXI ғасырдың ғажабы, Арқадағы әсем қала - Астананың бүгінгі ажары, саяси-экономикалық және рухани-мәдени саласындағы жетістіктері жан-жақты баяндалады.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 323/324 (574)

ББК 66.3 (5қаз)

ISBN 978-601-06-1687-5



©Жұмагүл Саухат

©«Астана қаласы Ішкі саясат басқармасы» ММ

©«Дауа» баспа орталығы» ЖШС, 2011





«АСТАНА ҚАЛАСЫ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ТАПСЫРЫСЫМЕН
ШЫҒАРЫЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖАРЛЫҒЫ

АҚМОЛА ҚАЛАСЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ ДЕП ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі Заң күші бар Жарығына, «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі №106 қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Ақмола қаласы – 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын.
2. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.
4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев.

Алматы, 1997 жылғы қазанның 20-сы




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ
— АҚМОЛА ҚАЛАСЫН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ
— АСТАНА ҚАЛАСЫ ДЕП ҚАЙТА АТАУ
ТУРАЛЫ

Жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың өтініштерін, Ақмола қаласы жұртшылығының талап-тілектерін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы шешімінің негізінде қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының астанасы – Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп қайта аталсын.

2. Осы жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев.





БӨЛІМ



**АСТАНА —
ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЛІГІ**





**Толқиды ерке Есілім,
Астана — алтын бесігім!**



ЕЛ ҚОНДЫРДЫҚ ЕСІЛГЕ

(«Еуразия жүрегінде» кітабынан)

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті

Адамзат тарихында мемлекеттер астаналарын көшіру мен қайта атау мысалы жетіп-артылады екен және оның себептері де сан түрлі. Бірақ бір заңдылықты оңай байқауға болады – іс жүзінде әлемде бірде-бір мемлекет, мейлі ол қуатты, күшті, алып болсын, мейлі орташа болсын, бәрібір астананы көшіру қажеттілігінен қашып құтыла алмапты.

Олардың қатарына өзіміздің Қазақстан да жатады...

...Сөйтіп 1994 жылғы шілдеде астананы солтүстікке, 1000 шақырымнан астам жерде жатқан далалық Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды...

Астананы көшіру сияқты тосын шешім бүкіл Қазақстанды қауырт экономикалық даму жағдайына түсіруге елеулі дәрежеде ықпал еткеніне кәміл сенімдімін.

Сонымен бүгінгі Астанамыз қандай қала?

Астана – Қазақстан Республикасының әкімшілік орталығы және 217 300 адам тұрғыны (2004 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша) әрі елорда тұрғындары мен қонақтарына жайлы тұрмысты қамтамасыз ететін қауырт даму үстіндегі қалалық инфрақұрылымы бар үлкен шаһар.

Тамаша тұрғын үй кешендері, еңселі әкімшілік ғимараттары, гүлзарлары мен фонтандары, әсем монументтері мен сәулет ескерткіштері бар бүгінгі Астана көз алдымызда күн сайын өзінің керемет сымбатымен құлпырып барады. Сәулеттік пішінінің әсемдігі мен сән-салтанаты жағынан көп ұзамай әлемнің көптеген астанасынан кем түспейтін болады. Нысандарының нақышы мен қала тұрмысының орныққан мәнері жағынан Астана таяу уақытта толыққанды елорда әрі дамыған инфрақұрылымы бар қала ретінде лайықты орын алады деп үміттенемін.

Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты өсімдік тәрізді, байтақ Сарыарқа төсіндегі жеке-дара жап-жасыл жазира.

Есілдің Астана тұсындағы шегенделген жағалауының әдемі пішіні жаңа елорда бейне бір өзен арнасының кең айдынында жүзіп келе жатқандай әсерге бөлейді. Есілдің оң жағалауынан қарсы бетке қарасаңыз, Қазақстанның болашақ астанасының зәулім ғимараттар бой көтерген өскелең құрылысын көресіз. Мәдениет пен руханият мекемелері қайталанбас ою-өрнектермен айшықталған. Көз алдымызға суретшінің күн сайын тынымсыз салған, кешке қарай әлдебір штрихтар қосып, әрлей түскен картинасы келеді. Қараған жан болашақ Астананың сәулет ажа-

рында ұдайы жаңа өрнек пайда болып, әрдайым жаңарып отыратынын байқайды.

Немесе көне Есіл жағасында келешекке ұмтылған Қазақстанның жаңа әкімшілік орталығының алуан бейнесіне әлдебір оң рең беретін өзгеше тың бояулардың қосылғанын байқайды.

Міне, жапырағын жайып, тас шынардай жарқырап Бәйтерек тұр. Ол Күн нұрымен шағылысып, төңірегіне жарық сәуле шашқан алып шарды – өмір мен мейірім символын әлемге паш етіп тұр.

“Транспорт-Тауэр” алып діңінің төбесі бізтұмсықталып бітеді де, өзінің осы тұлғасымен ғаламның шексіз кеңістігіне ұмтылған зымыран кешенін еске салады. Ғарыш кемесімен ұқсастық осынау бір қоңырқай түсті зәулім ғимараттың дөңгеленген сүйір тұлғасынан анық байқалады.

“ҚазМұнайГаз” жаңа ғимаратының асқақ тұлғасы Сарыарқа төсінде келешекте әлі салынуы ықтимал алып пирамиданың кесіндісі іспетті.

Президент Ақордасының төбесінде ұлттық жалауымыз желбіреген киіз үй сипатты зор күмбез баршаны әрдайым бейбітшілік сүйгіштік пен дәстүрлі ауызбіршіліктен айнымауға шақырып, қызбалықтың, түсінбестіктің дауылдарынан сақтандырып тұр.

Ақорда тұрған көкорай төбешіктің қос бүйіріндегі жебе тәрізді зәулім әкімшілік ғимараттарды жолаушының жолына жарық түсіріп, Сарыарқаның әкімшілік жүрегіне төте жолды көрсетіп тұрған шамшырақ деуге келеді. Айнала жаппай тамырын тереңге жіберіп, өркенін молынан жайған әдемі де еңселі құрылыстар: кеңселер, коттеждер, тұрғын үй кешендері жамырай бой көтеруде. Олар бейне кезбе қаңбақ тәрізді, ақыры талай замандық қуаңшылықтан кейін өздерінің өмірге құштарлығын барлық күш-қуатымен паш етуге мүмкіндік берген бұраң бел Есілдің құтты қойнауынан жайлы орын тапқандай.

Өзен үстіндегі қос өткелді кең көпір сол жағалау мен оң жағалаудың арасын жалғап, біртұтас кеңістік ансамблін құрып тұр.

Егер оң жағалаудан көпір арқылы өтсеңіз, онда екі беттегі нысандар мен ауқымдардың әркелкілігі назарыңызды аударар еді.

Сол жағалауда – осы заманғы әсіре модерн үлгісіндегі ықшам сәулет нысандары орын тепкен, мұнтаздай жолдар тартылған көкпеңбек жатаған саябақ. Олар сол жағалаудың беташары іспетті. Олар сізге Есілдің сол жағасы саябақтары мен гүлзарларының түр мен түсі келістірілген, ғимараттары руханият, мәдениет, адам ақыл-ойы жемісінің көз тартар нақыш зерлерімен өрнектелген, биік ғимараттары мен күмбезді құрылыстары сәулет түзілімі өзара тамаша жарастырыла әрі астастырыла салынған, салынып жатқан Астананың бір бөлігі екендігін ескертеді.

Екінші жағынан, қос қанатты барыс қазақ халқының өткен қаһармандық жолын, барша қазақстандық кемел келешекке ұмтылысын поэтикалық тұрғыда бейнелеп тұр. Оның айбынды тұлғасы жарқын істер мен бақытты өмірге лайық күшті әрі дамыған мемлекетті білдіреді.

Есілдің оң жағына көз салсаңыз, бейне бір өзеннің кең айдынына иілген сәмбі талдар секілді тұрғын үйлер кешенін – осы заманғы ғимараттар тізбегін көреміз.

Олар өрнекті плиткалардан қаланған және оюлы металл қоршаулармен көмкерілген жағалауда бейне қамал қабырғасындай самсап тұр. Сөйтіп

бір-біріне иін тіресе мінгеспей, жеңіл де үйлесімді мәнерде іс жүзінде біртұтас ансамбль құрайды.

“Арман” тұрғын үй кешенінің айбынды алып күмбезі Астананың жағалуындағы тұрғын үйлер аймағының жалпы елордаға тән әуезін аңғартып, үйлесімді өң береді.

Республика даңғылы – көлік бір тынбай ағылып жататын астананың құретамыры іспетті басты қатынас жолы.

Провинциялық қаланың бұрынғы Тыңгерлер даңғылы әп-сәтте елордаға тән барлық белгісімен астананың осы заманғы орталық көшесіне айналып шыға келді.

Астана әкімшілік орталығының қазіргі бас алаңы – әкімшілік және іскерлік шаһарының әсем сәулет келбетіне әр беріп тұрған тұтас бір мүсіндік бейнеге ұқсайды.

Су ағып тұрған үш деңгейдегі ыдыс және алаңның тәжі – суретке түсушілердің қалаулы жері ғана емес, жастардың кездесер орны да.

Бұрынғы Орталық дүкеннің жаңартылған ғимараты, үкімет ғимаратының мығым да салмақты тұлғасы, Парламенттің шынысы жарқыраған биік қабаттары, қайта жөндеуден өткен “Есіл” қонақүйінің өрнекті жиектері, осы заманға лайықталған әкімшілік ғимараттар мен ескі үлгідегі құрылыстар, Конгресс-холдың ассиметриялық пішіні – осының бәрі орталық алаңды бүкіл периметрі бойынша күнгейлей қоршаған және мүсіндік символдарды, сәулет қиялының байып пен үйлесім астасқан маңғаз кейпін қорғап тұрғандай.

Қаржы министрлігі ғимаратының самалмен тербелген жалауға ұқсаған асқақ келбеті астаналықтарға өз қаласының уақытпен үндесе қадам басып келе жатқанын, бүгінде оған сәулет өнерінің ең озық тәжірибелері мен ең тосын шешімдерін еркін ойланып, еркін қабылдау тән екенін ескерткендей.

Жастар алаңының әсем сәулет ансамблі, Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің бірқатар жаңа корпусы, Ел Анасы монументі, толқында тербеліп тұрғандай осы заманғы спорт кешені, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің зәулім ғимараты, сол секілді фонтан жүйелері орнатылған бірқатар жаңа сәулет ғимараттары – осының бәрі астананың келбетіне жаңа рең береді және ақын-жазушылардың талайының шығармашылық шабытының бастау-қайнарына айналары даусыз.

Ұлы ақындар Абай мен Пушкиннің, Кенесарының және басқа да талай қайраткердің мәрмәр мен қола бейнелері Арқа төсіндегі Астананың сәнін келтірген інжу-маржан, көне Есілдің тік құлама жағалауына әр берген гауһар моншақтар іспетті.

Қайда көз салсаңыз да, бұрынғы әрең ілбіген қала тіршілігінің күйбеңінен артылмаған жерлердің бәрінде қайнаған өмір, қозғалыс, қамқаракет, шаттық, жетістіктер және қазіргі астанаға деген мақтаныш сезіледі. Тың өлкесінің астанасы деген шартты аты ғана болмаса, кәдімгі провинциялық қаланың сіңісті де мүлгіген тұрмыс-салтынан бірдеңе қалды ма екен.

Астананы тікұшақпен айнала ұшып шолып шығуға да болады. Бірақ оның ішкі сұлулығын сезіну, мәнін түсіну, мұнда бас көтеріп келе жатқан

қүдірет-күшті аңғару, басталған нәрсенің біткен пішінін қиялыңмен көз алдыға әкелу, сөйтiп астананың болашағына үңiлу – мұның бәрiн Астанаға адал ниет, ақ көңiлмен және жүректегі сенiммен келiп, өмiр сүрсеңiз ғана бастан кешесiз.

Құрылыс, даму және прогресс – мұның бәрі жақсы әрі қажет. Бірақ Қазақстанның жаңа астанасы басшылығының инфрақұрылымды жан-жақты дамыту бағдарламасында тұжырымдалған негiзгi мақсаты, меңiнше, өмiрлiк маңызды үш бастаманы нақты және дәйектiлiкпен iске асыруында болып табылады және мен мұны қайталаудан жалықпаймын. Бұл принциптер мейлiнше қарапайым әрi айқын: қала аумағында кәсiпкерлiктi экономикалық қолдау, қала тұрғындарын әлеуметтiк жағынан қолдауды қамтамасыз ету, өмiр сүруге қолайлы экологиялық орта қалыптастыру.

Қаланың өз iшiн көгалдандыру мен Астана төңiрегiне орман отырғызу айрықша бақылауда тұр. Үш жаңа саябақ пен ондаған жаңа баулар осылай пайда болды. Астананың айналасына 25 мың гектар орман отырғызылды. Қала төңiрегiндегi осы орман алқабын 50 мың гектарға дейiн жеткiзу көзделiп отыр.

Нақ осы факторлар қаланың мүлiктiк әлеуетiн дамытуды, яғни Астананың елорда ретiнде де, қала ретiнде де өсүi үшiн сыртқы әрi iшкi инвестицияларды тарту жолындағы қолайлы ахуалды қамтамасыз ететiнiне сенiмiм кәмiл.

Бұл орайда талай шаруа атқарылғанын батыл айта аламын. Түпкiлiктi есебiн шығаруға әлi ерте, бiрақ аралық нәтижелер, шүкiр, кәдiмгiдей көңiл көншiтедi.

Қалай дегенде, қабылданған шаралардың арқасында бiз Астананың Есiл жағасындағы қала ретiнде де, Қазақстан Республикасының астанасы ретiнде де бүгiнгi күнi едәуiр сүйiнiштi макроэкономикалық көрсеткiштерге қол жеткiзгенiн айта аламыз.

Инвестициялар ағыны құрылыс пен қала шаруашылығын қорландырудың басқа салаларына ғана емес, адамдар нөпiрiнiң сипатына қарай әрдайым бейiмдеп отыруды қажет ететiн көлiк коммуникацияларына да қатысты, Айталық, бiз астанада Есiл үстiнен 22 көпiр салуды жоспарлап отырмыз десек, бұған сән қуғандық немесе басы артық сәулет құрылысы деп қарамаған жөн.

Әкiмшiлiк, коммерциялық және сервистiк сипаттағы негiзгi жұмыс орындарының басым көпшiлiгi Сол жағалауға орналасқанда, кәсiби адам ресурстары негiзiнен бұрынғыша Есiлдiң оң жағалауында тұрып қала беретiнiн болжау қиын емес.

Сондықтан адамдардың оң жағалаудан сол жағалауға және керi қарай легi екi жағалауды қосатын көлiк арналарының тиiстi өткiзу қабiлетiмен сәйкес келуге тиiс. Астана iшiндегi жолаушы және жүк айналымы елеулi түрде артатыны да сөзсiз екенiн ұмытпайық.

Бiр сөзбен айтқанда, кез келген қаладағы сияқты Астанада да қала халқының тығыздығы, әдетте, қала алаңының бiр бiрлiгiне шаққандағы жұмыс орнының тығыздығымен сай келмейдi. Ipi қалаларда және астаналарда әрдайым қаланы бұл тұрғыда: әкiмшiлiк – iскерлiк орталық және бұйығы тiршiлiк аудандары деп аталатын екi аумаққа бөлу кездеседi. Осы

орайда, дәл сөйтіп Астананы әкімшілік Сол жағалауға және “бұйығы” Оң жағалауға бөлуге әбден болар еді... Әрине, бұл әлі жүзеге аса қоймаған жоба ғана.

Астананың іскерлік белсенділігінің көрсеткіші, әдетте, іскерлік орталықтарының болуына байланысты. Кәсіпкерлік белсенділіктің ірі ордасы ретінде Астана, әрине, мұндай орталықтарсыз тіршілік ете алмайды. Бұл орталықтарда қаланың және республиканың бизнес элитасы шоғырланар еді. Олар Астанада, Қазақстанда өз істерін өрбітуге бел буған астаналық, шетелдік бизнесмендердің қаржылық және кәсіпкерлік белсенділікті өрістеуіне арналған өзіндік бизнес алаңына айналар еді. Сондықтан Қазақстанның жаңа елордасында осындай іскерлік орталықтарын құру аса құптарлық шаруа.

Мұның өнегесі де бар. 2004 жылғы маусымда мен Мәскеудің мэрі Юрий Лужковпен бірге Мәскеу Іскерлік орталығы құрылысының алғашқы іргетасын қалау рәсіміне қатыстым. Лужков оны “Қазақстан астанасының тамаша жерлерінің бірі” деп бағалады.

Жалпы алаңы 70 мың шаршы метр осы 22 қабатты Іскерлік орталықтың құрылысын 2006 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Астанада елордадағы іскерлік белсенділікті үйлестіруші және қолдаушы қызметін атқарып отырған бірқатар бизнес орталықтарының бар екенін де ескермеуге болмайды. Мысалы, “Самал” шағын ауданындағы “Астана-Тауэр” бизнес орталығы. Астанадағы, соның ішінде бизнес орталықтарындағы бүгінгі күні қызу іскерлік белсенділіктің арқасында тауар айналымның өскелең серпіні байқалуда.

Қалалық қазына кірісінің көзі тек өнеркәсіп орындары, әкімшілік немесе корпоративтік кәсіпорындары ғана емес, сонымен бірге едәуір дәрежеде шағын және орта бизнес субъектілері де болып табылады.

Астананың қалалық және астаналық инфрақұрылымын дамытуда шағын және орта бизнес субъектілерінің алар орны маңызды және айта қаларлық зор. Қала шаруашылығы жүйесіндегі шағын және орта кәсіпкерлік құрылымдар негізінен толық айқындалған бағыт – халыққа қызмет көрсету саласымен айналысады. Қала инфрақұрылымының бұл буыны әлеуметтік-тұрмыстық сервис, техникалық қызметтер, жарнама және имидж, бөлшек сауда, сақтандыру, риэлторлық қызметтер, азаматтық қатынастардың қаржы аясы сияқты және т.б. салалардағы жекеше бастамаларды қамтиды.

Астананың елордалық инфрақұрылымын одан әрі үйлесімді дамыту мақсатында қаланың сол жағалауын тез де ауқымды қарқынмен игеру қажет деп айтқанда, Қазақстан үкіметі алға міндет қана қояды. Ал бұл міндетті негізінен жеке инвесторлар мен кәсіпкерлік құрылымдар орындауға тиіс.

Міне, сондықтан да қаланы дамытудың негізгі мақсаты ретінде Сол жағалауды игеру бағдарламасын жариялай отырып, біз бірқатар ынталандырушы және жеңілдікті шаралар қарастырдық, бұл өзіміз көтерген бастамаларды атқарушылардың ойдағыдай аяқтап шығуына мүмкіндік береді. Оған Астананың сол жағалауында Арнайы экономикалық аймақ құру жөніндегі мемлекеттік бастама жатады. Ол қаланың осы келешегі зор ауданын ішкі және сыртқы инвесторлар мен бизнесшілердің игеруіне қуатты қозғау салды.

Мұндай шаралар қалаішілік белсенділікті ғана едәуір ынталандырып қоймайды, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызмет көлемін де айтарлықтай арттырады. Қала өседі, қызмет көрсету сапасы жақсарады, қала халқының өнім сапасына қоятын талабы артады. Осының бәрі сайып келгенде жаңа астананың шетелдік сауда әріптестерімен тауар айналымын ұлғайтуына ықпал етіп, ынталандыра түседі.

Мемлекеттің “бас менеджері” қызметін ала отырып Астана қызмет түрлерінің тұтас кешенін өз мойнына жүктейді. Бұлар бүкіл мемлекет экономикасы құрылымының шағын көрінісін бейнелей алады.

“Менеджментке” келсек, онда, әдетте, еліміздің түрлі өңірлерінде жұмыс жасап жатқан ірі компаниялар мен халықаралық корпорациялар астана мәртебесі және сонымен байланысты мүмкіндіктер көп пайда әкелетінін түсініп, өздерінің орталық офистері мен өкілдіктерін елордада ашуға тырысады.

Оның үстіне негізгі мақсаты бизнес немесе оны қолдау және ұйымдық жағынан қамтамасыз ету болып келетін ірі халықаралық қоғамдық немесе экономикалық құрылымдарды, консультациялық, биржалық сақтандырушы құрылымдарды астана өзіне тарта түседі. Сөйтіп астана іс жүзінде мемлекеттің бүкіл қоғамдық қаржылық-экономикалық және әлеуметтік өмірі тоғысқан ордаға айналады.

Осы құрылымдардың бәрі көтеретін кәсіпкерлік толқын өңірлік қалаларға қаржылық-экономикалық және қоғамдық белсенділікті тікелей де, жанама түрде де жандандырады.

Бұл әсер-ықпалды астананың мысалынан байқау қиын да емес. Қазақстанның жаңа астанасында өнеркәсіп салаларының, әсіресе құрылыстың жедел дамытылуы жақын қалалар мен шеткері аймақтардың қауырт өркендеуіне алып келді.

Астана бастамасының өңірлік немесе жақын жатқан қалаларға тигізген қуатты әсерін елорданың, яғни ірі полистің мәдениет саласы да жаңғырта береді.


Бұл үрдіс қалалық деңгейде ғана емес, мемлекеттік деңгейде де жүріп жатады. Елорданың ерекшелігінде тап осында. Ол бүкіл мемлекеттің тұтастай алғандағы даму қарқыны мен сипатын айқындайды. Мысалы, Астанада қабылданған елдің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы сұраныс пен ұсыныс нарығын қала аумағында ғана емес, бүкіл республика бойынша қалыптастыруға жол ашты.

Бұл шексіз таусылмас сапардың – Қазақстан Республикасының үздіксіз прогресс пен тұрақты даму жолының бастауы деген сөз...

Соның ішінде бұл жол асқар шыңды Алатаудың бөктерінен ерке Есілдің қамыс көмкерген жағалауына көшкен және бүгінгі күні бүкіл байтақ Қазақстанның өркендеуіне соны сипат пен серпін беріп отырған астананың дамуы арқылы өтіп жатыр...

Қала өсіп келеді. Ол қайталабас өзіндік ырғағымен өмір сүруде. Жаңа астананың жылнамасы жалғаса береді. Ұлтымыздың Жаңа ғасырдағы жарқын тарихының шежіресі де дәл осы жерде жазылып жатыр...

Астана осылай басталды...







АСТАНАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ТАҢЫ

Махмұт Қасымбеков

Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы

Ешкімнің ырқына бағынуды білмейтін зымыраған уақыт-ай, шіркін! Елордамыздың халықаралық тұсаукесерін өткізгеніміз күні кеше ғана сияқты еді, енді міне, сол Астанамызға да он жыл толып отыр. Ол қажырлы еңбекке, маңызды оқиғаларға толы жылдар болды. Осы жылдарда қала өсіп, көркейіп, көз алдымызда өзгеріп жатты. Сонымен бірге, мұны өзіміз де байқамай, біз де өзгердік.

Бұл күндері қазақстандықтар Астананың 10 жылдығын мереке-леуге қызу кірісіп те кетті. Әсіресе 6 шілде күні елордамызды думанды музыка үні кернеп, түнгі аспанды отшашулар жарқылы нұрға бөлеп, көшелер мен алаңдарды серуенге шыққан халықтың көңілді гуілі билемек. Бүкіл қазақстандықтар үшін осы маңызды әрі айтулы күндерде жан толқытар жақсы сөздер де аз айтылып, аз жазылмас дейміз. Алайда, осындайда ой-қиялың еріксіз бұдан он жыл бұрынғы тәуелсіз Қазақстанның толыққанды елордасы мәртебесіне ие болған жас Астанамыздың өзінің алғашқы таңын қарсы алған сол бір қызықты да қауырт күндерге орала береді екен...

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

1994 жылғы 6 шілдеде Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің мінберінен астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы ұсынысын алғаш рет жария етті.

Мемлекет басшысы бұл мәселені кездейсоқ көтермеген болатын. Амал не, халқымыздың тарихы осылай қалыптасты. XX ғасырда мемлекет үшін маңызды саналатын өз елордасын таңдау мәселесінде біздің халқымыздың қалау мүмкіндігі бола бермеді. Отарлану мен тоталитарлық тәуелділік жылдарында астана міндетін атқарған Орынбор, Қызылорда және Алматы қалалары да ұлттың өз еркімен таңдалған шаһарлар емес-тұғын.

Астана тұрғызуда мұқият екшелген жоспардың болмауы, стратегиялық мақсаттың орнын сол сәттік қана мүдделердің басып кетуі, республиканың өз талап-тілегінің жете ескеріле бермеуі – осының бәрі аталған қалаларды елорда ретінде дамытуға кедергі келтірді және, ең

бастысы, еліміздің аймақтарын біркелкі өркендетуге ықпал ете алмады. Осы аталған жағдайлар мен тау қыспағында болуы және жер сілкіну қаупі жоғары аймақта орналасуы – Алматының да аумақтық жағынан ұлғайуына бөгесін еді. Алайда, әділін айту керек, өткен ғасырдың 20-шы жылдары астананы Қызылордадан көшіру мәселесі шешіліп жатқан кезде республиканың әкімшілік орталығын Алматыдан 120 шақырым терістіктегі жазыққа, Іле өзенінің жағасына мүлде жаңадан салуға талпыныс болды. Бірақ, көп ұзамай ол әрекеттен бас тартылып, іс аяқсыз қалды.

Осылайша, астананы көшіру – тәуелсіздіктің қиындықпен қалыптасуы сияқты күрделі кезеңде жас мемлекеттің алдында пайда болған аса ауқымды мәселелерге берілген стратегиялық жауап болды. Жаңа астанаға көшудің уақыты жөнінен «Қазақстан-2030» стратегиясы ретінде әйгілі болған Президенттің Қазақстан халқына арналған «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» деп аталатын стратегиялық мәні бар Жолдауымен тұспа-тұс келуі кездейсоқ емес еді.

Алайда астананы көшіру туралы шешімге жұртшылықтың пікірі алғашында бірінғай болмады, бұл қадамның дұрыстығына әрі уақтылы жасалып отырғанына түсінбеушілік пен шүбәланушылық басым түсіп жатты.

Бұл жас мемлекет үшін өте қиын кезең еді. Бұрыннан қордаланған проблемалардың қатарына бұған дейін бастан өткеріп көрмеген жаңа қиындықтар келіп қосылды. Тек экономика саласында ғана біз тауар жетіспеушілігінің, өндірістің күйреуінің, төлем дағдарысының, рубль аймағынан шығарып тастаудың, шаруашылық байланыстардың үзілуінің, инфляцияның шарықтауының және жекешелендірудің ащы дәмін таттық...

Әлемдік экономикада қалыптасқан жағдай да одан жеңіл емес еді. Оңтүстік-Шығыс Азияда кезекті қаржы дағдарысының, ал Ресейде дефолттік құлдыраудың қою бұлты төніп келе жатты.

Президент ұсыныспен шыққан Жоғарғы Кеңес «Қазақстан Республикасының астанасын ауыстыру туралы» қаулыны шын мәнінде КСРО-ның тарауы кезінде орын алған аса ауыр дағдарыс тұсында республиканы ұлтаралық және азаматтық дау-жанжалдардан арашалау арқылы саяси тұрақтылықты сақтап қалып, көптеген кедергілер мен қауіп-қатерлердің арасында дұрыс әрекеттер жасай отырып, келешек модернизацияланған өрлеудің жүйелі негіздерін қалаған Н.Ә. Назарбаевтың беделіне деген құрметтің нәтижесінде қабылдағанын қолымызды жүрегіміздің тұсына қоя отырып мойындағанымыз жөн шығар.

Кейінгі жылдарда түрлі себептермен сол тарихи мәлімдеменің стенограммасын архив папкасынан әлденеше рет алып, қолыма қарындаш ұстай отырып оқып шығуыма тура келді. Сөйтіп, алғашында не жоспарланғанын және соның қаншасы іс жүзінде орындалғанын

салыстыра отырып, мен әрдайым жаңа астанадағы жағдайларды сараптаудың адам таңданарлықтай тереңдікпен жасалғанына және Елбасы қойған міндеттердің жергілікті жерде қаншалықты жүйелілікпен әрі табандылықпен орындалып отырғанына таң қалып жүрдім.

1995-1997 жылдар аралығында Ақмоланы дамытуға бағытталған: астана туралы, Ақмола арнайы экономикалық аймағын және «Жаңа астана» бюджеттен тыс қорын құру туралы, Ақмоланы Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін құру туралы, тағы басқа да маңызды жарлықтар мен өкімдер шықты.

1996 жылы Жоғары және орталық мемлекеттік басқару органдарын Ақмола қаласына көшіру туралы мемлекеттік комиссия құрылды.

Мемлекет басшысы Ақмолаға қоныс аударуға байланысты барлық әзірлік мәселелерін өзі қадағалады. 1997 жылдың жазы мен күзінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған мемориалдың іргетасын қалау, Алматыдан Ақмолаға мемлекеттік рәміздердің эталондарын жеткізу және жаңа астанада Қазақстанның Туын көтеру мақсатында Ақмолаға бірнеше рет келіп кетті.

Міне, Ақмолаға ұшатын самолеттің баспалдағына көтерілген Нұрсұлтан Әбішұлының: «Алматы – Қазақстан мемлекеттігінің алтын бесігі. Бұл біздің тәуелсіздігіміз көкке самғап, Қазақстанды бүкіл әлемдік қауымдастыққа танытқан ыстық ұя. Барлық қазақстандықтар Алматыны мақтан етеді және оны әрдайым мақтан ете бермек. Осыдан бастап Үкіметтің, министрліктердің және Президент ретінде менің де алдымда айрықша міндет – Алматыға бұрынғыдан да көбірек қамқорлық жасау міндеті тұр» – деп мәлімдеген сәті де келіп жетті.

...Желтоқсанның аязды күнінде ұшу алаңында қанатын қомдап алған Президент лайнері Алматы көгіне самғады. Иллюминатор шынысының сыртында Көктөбе телемұнарасы, «Қазақстан» қонақ үйі, Республика алаңы, Алатаудың көзге ыстық қарлы шыңдары, тау сілемдері аңғарындағы қатуды білмейтін, адуынды тау бұлақтары, көктемге дейін ұйқыға кеткен жайылымдар, бақтар мен саяжай елді мекендері, биіктен қарақошқыл жіп тәрізді шұбатылып көрінетін автомобиль және теміржол желілері, буалдыр бұрқасын бүркеген Көкбастау мен Үшқоңыр қойнаулары артта қалып бара жатты...

Қазақстан өз тарихының жаңа әрі аса маңызды тарауын ашты...

ТАНЫЛУ

Әлемдік тәжірибе астана ауыстырудың талай тарихын біледі. Тек соңғы 200 жылдықтың көлемінде ғана әлем жер шарының түкпір-түкпірінде осы іспеттес бірқатар деректердің куәсі болды.

XIX ғасырда Финляндия астанасын Туркудан Хельсинкиге, Норвегия – Тронхеймнен Ослоға, Үндістан Калькуттадан Нью-Делиге, Канада Монреалдан Оттаваға, Жапония – Киотодан Эдоға (қазіргі Токио) көшірді. XX

ғасырда бұл құбылыс қанатын одан да кеңге жая түсті. 1918 жылы кеңестік Ресей астанасын Мәскеуге қайтып әкелді. 1923 жылы кемалдық Түркия астанасын көне Стамбулдан Анкараға ауыстырды. 1927 жылы Австралия Федерациясының әкімшілік орталығы мүлде жаңадан салынған Канберра болды. Арада 30 жылдан астам уақыт өте келе, 1960 жылы Бразилия Австралияның жолын қуып, жаңа астанасы – Бразилианың іргетасын қалады. 1971 жылы Пәкістан елордасын Карачи мегаполисінен шағын ғана Исламабад қаласына ауыстырды. Африка құрлығында өз астаналарын 1983 жылы Кот-д'Ивуар және 1991 жылы Нигерия өзгертті. 1998 жылы Берлин тағы да біріккен Германияның астанасы мәртебесіне ие болды. 2005 жылы Куала-Лумпурдың эстафетасын қабылдаған Путраджайя федералдық Малайзияның астанасы мәртебесін иеленді.

Астананы ауыстыру мәселесі Оңтүстік Корея мен Жапонияда, Иран мен Аргентинада да белсенді түрде талқылануда.

Астаналарды ауыстырудың ауқымды тарихының бір пұшпағы, міне, осындай. Уақыт жағынан әртүрлілігіне, географиялық орналасу жағынан ерекшеліктеріне, осы қадамға барудың себеп-салдарларына, оның ақтық нәтижелеріне қарамастан, көбіне-көп елордасын ауыстырушылардың бәріне ортақ бір заңдылық бар деуге болады: ол – алғашында қоғамда теріс көзқарас, аздаған тосырқаушылықтан бастап ашықтан-ашық қабылдамауға дейінгі көңіл ауаны орын алуы.

Бұл жағдай Қазақстанда да болды. Президент астананы ауыстыру идеясын жария етісімен-ақ сол отандық және шетелдік БАҚ-тарда құйтырқы «ақпараттық құрсау» да, «психологиялық төмпештеу» де, оң мазмұндағы хабар-ошарларға өзіндік бір «эмбарго» әрекеттері де жетіп артылатын.

Оларға түсінік беріп жатпай-ақ, қызығушылық танытушыларды тиісті ақпарат көздеріне жөн сілтей отырып, Президентіміз бен билік құрылымдарының Ақмолаға көшуін «достық рәуіште» хабарлап отырған батыстың жетекші баспасөз БАҚ-тары жариялаған белгілі материалдардың тақырыптарын ғана атай өтсем бе деймін. Олардың ұзын-ырғасы: «Қазақтар астананы суығы бет қаратпайтын солтүстікке көшіруге қарсылық танытуда» («The Times»), «Қазақстанның мұз астанасы жарияланды» («Financial Times»), «Қазақстанның жаңа бұлыңғыр әрі көріксіз астанасы» («Washington Post»), «Дипломаттардың Ақмолаға көшуге байкоты» («Der Spiegel») болып келетін.

Министрліктердің бір шоғыры Ақмолаға көшіп келіп орналасқан 1997 жылдың шілдесінде-ақ «The Economist» апталық журналы: «Президент Назарбаев 2 жыл бұрын Қазақстанның солтүстігіндегі Ақмола қаласын жаңа астана ретінде таңдағанда, оның бұл шешімі көп қызығушылықты оята қоймаған... Жалпы алғанда, осыған тікелей қатысты – бюрократтар, дипломаттар мен бизнес иелері өздері тұрып үйренген Алматыны алыстағы қонақжай емес Ақмолаға ауыстыруға бейіл емес... Солардың көбі Назарбаев қайта ойланар деп үміттенеді. Бірақ Үкіметтің көшетін кезі тез жақындап келеді, ал Президент Резиденциясы мен Парламент Үйін қоса алғанда, бір де бір ғимараттың құрылысы осы жылдың аяғына дейін бітетін емес...» –деп жазған болатын.

Ол болжамының орындалмай қалғаны осы қадірлі басылымды көп ұялта қоймаған сияқты. Мемлекеттік аппарат көшіп келгеннен кейін бір айдан соң, Астананың халықаралық тұсаукесеріне бес ай қалғанда осы «The Economist» өзінің 1998 жылғы 2 қаңтардағы санындағы «Астаналық жазалау» деп аталатын мақаласында оқырмандарына: «Жақында ғана кешегі кеңестік республика Қазақстан өз астанасын тіршілігі қыз-қыз қайнап жатқан Алматыдан алыстағы бұйығы жатқан Ақмолаға ауыстырды. Үкіметтің жаңа орналасқан жері электр қуатының, газ бен судың жетіспеушілігіне жиі ұшырауда. Ауыл шаруашылығының әсерінен құнарынан айрылып, эрозияға ұшыраған далаға қоныс тепкен астана жиі соғатын топырақ боранымен, кенезенді кептіретін желімен және суығы өңменіңнен өтетін қысымен танымал. Үкіметтің жорамалына қарамастан, Ақмоланы қайта салу жөніндегі жан-жақты жоспар қазірге дейін жоқ. Қазақстандықтардың да, шетелдіктердің де көкейінде Ақмола бір кезде Алматыны басып озуы мүмкін-ау деген ойдың жоқтығына таңырқамаған жөні шығар, мұның өзі ақылсыздық болар еді. Көшу қарсаңында құрылыс бастапқы кезеңінде тұр. Тек шағын Ресей авиакомпаниясы ғана Ақмоланың құйтақандай әуежайына рейстер жасауда. Қалғандары да соған ілесетін шығар, бірақ Құдай үшін ол қашан болады деп сұрай көрмеңіздерші... Қазақстан билік органдарының абайырақ болғандары жөн еді: олар өз автопортретін асфальтпен және бетонмен жазуда» – деп жеткізді.

Мұндай, кейде тіпті көңілге келетіндей, талап ететіндей және кінәлайтындай, ал кейде күлкінді келтіретін және ашықтан ашық келеке ететіндей ескертулер жан-жақтан қаптап жататын.

Астананың халықаралық тұсаукесерінің тап қарсаңында тіпті «Комсомольская правданың» өзі «Бізді осы аптада таң қалдырған тұлғалар» деп аталатын әжуалық айдарының аясына Президент Н.Ә. Назарбаевтың масалардан алқа таққан портретін орналастырып, оның астына келемеждік сипаттағы түсіндірме беруден бой тарта алмағаны еске түседі.

Негізгі салтанаттар өтетін 10 маусым күні белгілі батыстық ақпарат агенттігінің өкілдері жергілікті люмпендердің пікірлерін білгісі келсе керек, Астананың әзірге толық ретке келе қоймаған қалтарыстарын аралап жүріп солардан интервью алыпты. Әрине, олардың жауаптары әйгілі әдебиет кейіпкері «Шариковтікі сияқты» мейлінше қысқа әрі мазмұны алдын ала белгілі болып шыққан: «Тұсаукесерге жұмсалатын қаржыны баршаға бөліп беру керек».

Жасыратыны жоқ, сол мақалалардың қайсыбірінің қиғаштығы, олардан көргенсіздік пен әдепсіздіктің исі аңқып тұратындығы сондай, солардың авторларын белгілі бір уақытқа дейін Ақмоланың үстін тұмандай тұмшалап тұрған масалар бұлтымен теңестіруге болатындай еді. Ұлы тұлғалардың бірі айта кеткеніндей, масаның ұсақ-түйек екені рас, бірақ сізге сол масалардың бұлты үйірілгенде, өміріңіздің тозаққа айналары анық.

Айтатын несі бар, кейбір күндері өзіміз қызмет бабымыз бойынша

қадағалап, Мемлекет басшысына ұсынып отыруға тиісті күнделікті түсіп жататын хат-хабарлар мен жаңа газеттер бумасына бүгін қандай «тарту» әзірледі екен деп аздаған үреймен қарайтын болдық...

Кейбір кездері сол күмәншілдердің тым шектен шығыңқырап кететіні соншалықты, мұның бәрін жүрегімен ауыр қабылдайтын қайсыбір қызметкерлеріміздің осы «жағымсыз» мақаласымақтарды Президентке көрсетпей-ақ қойсақ қайтеді деп ұсыныс айтқан сәттері де болды. Ондағысы мұндай жарияланымдар Елбасымызды бәрібір алған бетінен қайтара алмайды, тек реніш сезімін оятады дегені болар. Бірақ мұндай көзқарас принципінде дұрыс болмас еді. Біз Президенттің жанында оны ақпаратпен толық қамтамасыз ету үшін болуға тиіспіз.

Нұрсұлтан Әбішұлының әрдайым әділдігімен ерекшелене бермейтін сондай солақай сындардың «нысанасы» бола жүріп те ұдайы Астананың басты насихатшысы міндетін атқара білгенін ешқашан ұмыта алмақ емеспіз. Ол қала туралы өзінің кітаптарында, баяндамаларында, сұхбаттарында, сөйлеген сөздерінде, баспасөз конференциялары мен брифингтерде қажымай-талмай айтып-жазумен болды. Осы орайда алғашқы жылдарда сарапшылар мен байқаушылардың Президенттің 1994 жылы Парламентте сөйлеген сөзінде және одан кейін де сөйлеген сөздерінде жаңа астанаға қатысты айтқан маңызды пікірлерлер мен себептерге және дәлелдерге көңілдері толмағандығы менің жадымда қалыпты.

Сондықтан жаңадан үсті-үстіне сұхбат алушылар мен комментаторлар Елбасымыздан астананы ауыстырудың себептерін білуге ұмтылды, әйтпесе оның «шын себептері» жөнінде өздерінің ой-қиялдарына ерік беріп жатты. Осындай алуантүрлі пікірлермен қорытындылардың арасында ойға келмейтін, тіпті кісінің күлкісін келтіретін долбарлар да жүретін. Сол бойынша, біресе «Назарбаев оңтүстіктегі сыбайлас жемқорлықпен маталған бюрократтарды сілкілемек» болып шығады, біресе «Алматыда аса қатты жер сілкінісі болатындығы жөнінде нақты болжам бар» болып шығады, біресе «астананы көшіру орыстарды ықтыру үшін жасалған» болып шығады... Сөйтіп, «Астана» деп аталатын шындықтың астарынан әркім «өз шындығын» іздеп, өзіне қажет ұйғарымды жасаумен болды.

Әрдайым асығып жүретін журналистер Президентпен Астана тақырыбына сұхбаттасуға осы мәселенің тарихы жөніндегі жұртшылыққа қолжетімді материалдардың да бетін ашпастан, даярлықсыз келетінін де жиі көретінбіз.

Біз Нұрсұлтан Әбішұлының «Астананы ауыстыруға не себеп болды?» деп, бәлкім, осымен 1001 рет қойылып жатқан сұраққа әрдайым ренжімей, ұстамдылықпен жауап беріп, еліміздің өткен тарихына қайта тоқталып, қазір хрестоматиялық болып саналатын елордаға қойылатын 32 талап жөнінде шыдамдылықпен түсіндіретініне таң қалатынбыз...

Алайда, бірте-бірте Астананы қоршаған сенімсіздік қабырғасы сөгіле бастады. Астана күл қыздан – күн қызға, сабалақ үйрек балапанынан – әдемі аққуға айналды. Бүкіл қала үлкен әрі бәрі тынымсыз қыбырлап

жатқан құмырсқаның ұясын көзге елестететін. Астананың құрылысында 14 мың жұмысшылар мен мамандар еңбек етті. Жұмыс қарқынын арттыру мақсатында көптеген ұжымдар үш ауысымға көшті. Бұл қарқыннан Президент те шет қала алмады, күні бойы жұмыс істеп, түн ортасында өзінде жиналыстар өткізіп жүрді. Нұрсұлтан Әбішұлы осынау қиын кезде әрдайым біздерді жігерлен-діріп, іске ұмсындырып отырды. Күлуге мұрша жоқ сәттерде де өткір әзілі мен көңілді анекдотын айтып, әріптестерінің көңілін көтеріп қоюға уақыт табатын. Мұны біздің еңсеміздің түспеуі үшін жасап жүргеніне кейіннен көзіміз жетті.

Бізге танысу үшін арнайы келген араб тіліндегі «ANN TV» теледидар жүйесінің тілшісі Зухайер Летайеф 1998 жылғы 18 мамырда Астанадан берген өз репортажында: «Бүгінде тәуелсіз Қазақстан толыққанды әрі мазмұнды тіршілік кешуде. Мұндағы басты оқиға – Астана деген жаңа атқа ие болған елдің басты қаласының халықаралық тұсаукесері болғалы түр. Оған дейінгі уақыт енді күндермен емес, минөттермен өлшенуде... Мен сөйлескен, КСРО кезінде өмір сүрген қариялар мен ардагерлер қазіргі жастардың өмірлеріне қызыға қарайтынын, өйткені көптен бері мұндай ауқымды, ұйымшыл әрі нәтижелі құрылысты көрмегендерін айтып жатты. Расында да, санаулы айлардың ішінде қала ондаған жылдардағыдан артық өзгерді. Мәселе тек жаңа сәулеті мен инфрақұрылымдық жетілдірілуінде ғана емес – сапалық жағынан шығыстық астаналық жаңа қаланың моделі салынуда. Біздің каналға сұхбат берген Назарбаев мырза осындай өмір үшін күресіп, соны орнатуға берік бекінген, себебі, оған әрбір азамат, әрбір қазақстандық отбасы мүдделі, ең ақырында мұның өзі алдағы ұрпақтардың келешегінің мәселесі» – деп хабарлап жатты.

Саудтық «Шарк аль-Аусат» газетінде де үлкен мақала жарияланып, онда астананы Ақмолаға көшірудің себептеріне байыпты талдау жасалды. Мәселен, газет астананы ауыстырудың стратегиялық астарларын («мемлекеттің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін бірнеше стратегиялық нүкте болғаны мақұл», «республиканың барлық жерлерінің толыққанды әрі біркелкі дамуы»), экологиялық және демографиялық факторларды, әлеуметтік-саяси аспектілерді («мемлекетте жаңа саяси климатты қалыптастыру», «мемлекеттің саяси негізін нығайтып, әлемдік қауымдастықтағы оның тәуелсіз мәртбесін бекемдеу») бөліп атап көрсетті.

Пәкістан баспасөзі де бізде жүргізіліп жатқан реформалар мен астананы көшіруге осындай түсіністікпен қарады. «Сценарио» журналы өзінің наурыз айындағы нөмірін тұтасымен Қазақстанға арнап, онда біздің жетістіктеріміз жөнінде әңгімеледі. Ал «Пакистан обсервер» газеті де көлемді мақала жариялап, онда атап айтқанда, «Пәкістан аса қиын міндеттерді шешуде, мәселен, білім саласында (Қазақстан халқының 100 пайыздық сауаттылығы айтылды), ұлтаралық қатынастарда, экономиканы әртараптандыруда оң нәтижелерге жету өнерін осы жас мемлекеттен үйренуі керектігіне назар аударды. ... Қазақстанның бір ерекшелігі, – деп атап көрсетті мақала авторы доктор М.Рахман, – ұлттық төзімділік

болып табылады, мұның өзі олардың саяси мәдениетінің жоғарылығын көрсетеді, өкінішке қарай біз бұған қол жеткізе алмай-ақ қойдық».

Бұл оң пікірлі жарияланымдар мен пікірлер жыл өткен сайын тек қазақстандықтар тарапынан ғана емес, сонымен бірге шетел басшылары, халықаралық ұйымдар, шетелдік БАҚ-тар тарапынан да қанатын кеңге жайып, солардың таңданысы мен шынайы сүйсінісін туғыза бастаған деректердің алғашқы қарлығаштары еді.

1999 жылғы 16 шілденің өзінде ЮНЕСКО жюриінің шешімімен Азиялық-Тынықмұхиттық аймақта Астанаға «Әлем қалалары – бейбітшілік үшін» жоғары наградасын берді.

Таразы басын беріге қарай аударған нағыз шешуші меже 2003 жыл болды. Осы жылдан бастап жарияланымдардың мазмұны таңырқаушылық сипатқа ойыса бастады, пессимистік, ал кейде уытты тілмен берілген бағалар құптаушылық мәнге ауысты.

Мысалы, француздың «Le Figaro» газеті 2003 жылғы 1 қазанда Астана қаласының атына «дала төсіндегі алып елорда» деген теңеу айтты.

Британдық «The Sunday Times» газеті өзінің 2005 жылғы 20 ақпандағы нөмірінде: «астанада жасалып жатқан жұмыстардың ауқымы адам нанғысыз. Оны жүзеге асыру үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болу керек» – деп жазды.

Өзінің 2005 жылғы 16 наурыздағы нөмірінде: «... Егер үміттер ақталса, Астана ХХІ ғасырдағы ең әдемі қалалардың бірі болады» деп мәлімдеген Американың «Los Angeles Times» газеті де сол пікірді ұштай түсті.

Әлемдік жетекші БАҚ-тар айнасында Астана құбылысына ой жіберу, алғашында жатырқай қабылдап, танып-білудің нәтижесінде оны толық мойындауға дейін жету – пісіп-жетілудің заңды кезеңі деп ұққанымыз жөн. Елордамыз бұл кезеңнен ертелі-кеш өтуі тиіс еді. Осы қалыптасу кезеңін жазып, көрсетушілерді – өзімізді «жөнді-жөнсіз» сынаушылардың бәрін де біз, әрине, кінәламақ емеспіз, керісінше, оларды алғыс сезіммен еске аламыз. Егер әлдебіреулер маған Астананың төңірегінде ешқандай да «ақпараттық соғыс» болған жоқ деп қарсылық білдіріп жатса, мен қуана келісемін: әрине, болған жоқ!

ҰМЫТЫЛМАС МЕРЕКЕ

Елордамыздың алғашқы күнін атап өтудің тап қарсаңында Астананың өңірінде маңызды оқиға болды: ол жаңа атауды иеленді. Қаланың осы кезге дейінгі қалыптасқан атауы – «Ақмола» зиялы қауым мен жұртшылық арасында әртүрлі пікірлер айтылуына себеп болғандықтан, астананың атын өзгертудің орынды-орынсыздығы туралы мәселе туындады.

Баспасөз беттерінде жазушылардың, тіл мамандары мен тарихшылардың қатысуымен пікірталас орын алды. Президент бұл айтысқа зейін қоя назар салып отырды. Оның пікірінше, елорданың аты әртүрлі ұғымдарға жол бермейтіндей болуы керек, сондықтан да ол қаланы Астана деп атауды ұсынды. Оның қазақша мағынасы «аста-

на» дегенді білдіреді. 1998 жылғы 6 мамырда «Ақмола қаласын Астана қаласы деп атау туралы» Президент Жарлығы шықты.

Сонымен бірге мереке қарсаңындағы сапырылыс та қыза түсті. Осы қарбалас күндерде Елбасы бірнеше үлкен жиындар өткізді. Олардың күн тәртібінде Қазақстан Республикасының елордасы ретінде Астана қаласының халықаралық тұсаукесерін өткізу туралы мәселе тұрды. Нұрсұлтан Әбішұлы мұндайда әдеттегідей қолына жобаларды, графиктерді, карталар мен кестелерді ұстай отырып, қалаға келіп кіргеннен бастап, қонақтарды шығарып салуға дейінгі мерекені ұйымдастырудың бүкіл ұңғыл-шұңғылын талдады.

Президенттің жіті назарынан бір де бір деталь, бір де бір мәселе қалыс қалмады. Әуежай мен вокзалдың дайындығынан бастап, жүретін жол бойындағы сызықтар, Есілдің жағалауы мен жасыл желектердің ахуалы, көшелерді жарықтандыру, Конгресс-холдың жағдайы, университеттің, стадион мен қонақ үйлердің дайындығы, шақырылатын әртістердің тізімі, көрсетілетін театрландырылған қойылымдардың сценарийлері, кітаптар мен кәдесыйларды шығару, батпақты құрғату мен масаларды жоюға дейінгінің бәрі де ескерілді...

Астанадағы жаңалықтардың бәрі «Потемкин деревняларын» салумен шектеледі деген ойдан шығарылған сөздер жалған болып шықты. Тек Астананың тұсаукесерінің өзіне ғана жүздеген миллион доллардың инвестициясы жұмсалған 47 объекті салынып бітті, оның үстіне, соның бәрі мемлекеттік қазынаның қатысынсыз атқарылды. Сол уақыттан бастап Н.Ә. Назарбаевтың шапағатты қолымен жыл сайын қала күніне, мүмкіндігінше оны да күтпей, бірнеше объектілерді салтанатты түрде ашып отыру игі дәстүрге айналды.

Мәселен, 5-8 маусым аралығында Президент Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионды, «Қиял әлемі» балалар паркін, «Астана-Комфорт» қонақ үйін және боулинг орталығын ашты. 9 маусым күні таңертең Елбасымыз Президенттік мәдениет орталығының алдына болашақ Отан қорғаушылар монументінің іргетасын қалап, ауқымды сөз сөйледі.

Осы арада «Отан Ана» монументінің орны басқа маңда еді ғой» деп ойлап отырған біреулердің күмәнінің алдын алу үшін мен мына жайтты айта кетсем бе деймін. Бәрі дұрыс, алғашында, ескерткішті Республика даңғылының бойына, «Самал» шағын ауданының қарсы бетіне орнату көзделген болатын. Бірақ содан кейін бұл шешім қайта қаралып, 2001 жылғы 9 мамырда кешен қазіргі тұрған орнында салтанатты түрде ашылды. Астананың әкімгерлік жолмен емес, ақылмен салынып жатқандығының бұл да бір көрінісі. Астана – әлдекімдердің нұсқауымен емес, біздің өз тағдырымызды өзіміз шешіп, оны өз қалауымызбен, өз талғамымызға сай салып жатқандығымыздың дәлелі. Жасыратыны жоқ, Астанада қайта қараудың, қайта бөлудің, қайта жылжытудың, қайта атаудың мұндай мысалдары аз емес. Егер қаламыз бен мемлекетіміздің даму қисыны, Қазақстан халқының мүдделері талап етсе, мұндай ақылға қонымды жаңартулар, жетілдірулер мен жақсартулар алдағы кезде де бола беретін шығар.

Сол аралықта мерекеге қатысу үшін Түркияның Президенті Сүлейман Демирель, Әзірбайжан Президенті Гейдар Әлиев, Өзбекстан Президенті Ислам Каримов, Украина Президенті Леонид Кучма, Қырғызстан Президенті Асқар Ақаевтар келді.

Астананың құрметті қонақтарының қатарында Тәжікстанның Премьер-министрі Яхье Азимов, Арменияның Премьер-министрі Армен Дарбинян, Түркіменстан Мәжілісінің төрағасы Сахат Мурадов, Беларусь Премьер-министрінің орынбасары Геннадий Новицкий, Молдованың вице-премьері Николай Андронник, Грузияның мемлекеттік министрі Николай Лекишвили, Ислам Конференциясы ұйымының бас хатшысы Азеддин Лараки мен Экономикалық ықпалдастық ұйымының бас хатшысы Ондер Озар болды.

Астанаға Ресей Федерациясының ТМД-дағы өкілетті өкілі Иван Рыбкин бастаған қомақты Ресей делегациясы келді. Делегацияның құрамында сондай-ақ Татарстан Президенті Минтимер Шаймиев, Саха Республикасының (Якутия) Президенті Михаил Николаев, Кемерово облысының губернаторы Аман Төлеев, Мәскеу мен Санкт-Петербург қалалары мэрияларының өкілдері де болды.

Тұсаукесерді көрсетуге әлемдегі барлық жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері болып саналатын 300-ге тарта журналистер тіркелді.

Сөйтіп, астананың ресми тұсаукесері өтетін 1998 жылдың 10 маусымы күні де келіп жетті.

Салтанатты жиналыста қонақтардың арасынан алғашқы болып түрік елінің басшысы С. Демирель сөз алды. Ол қазіргі әлемдегі алғашқы орындарға сенімді түрде ұмтылып отырған Қазақстанның табыстарына терең баға берді. Одан кейін құттықтаған И.Ә. Каримов «біздің астаналарымыздың арасы алшақтай түскенімен, бірақ жүрегіміз бірге» деп қуақылана сөйледі. Ол «астананы ауыструға байланысты жауапкершілікті өзіне алған Нұрсұлтан Назарбаевтың ерлігін» атап өтіп, келешек ұрпақтар мұны лайықты бағалайтынына сенім білдірді. «Нұрсұлтан Назарбаевтың таңдауы дұрыс болғанын» айтқан Л.Д. Кучма да сол ойды қуаттады. Г.Ә. Әлиев «Қазақстанның бұрын өз астанасын өзі таңдауға мүмкіндігі болмағанын» еске салды, сондықтан да ол әкімшілік орталығын Астанаға көшіру «Қазақстан тәуелсіздігінің ең жарқын нәтижесі» деп бағалады. А.А. Ақаев Астананы бейнелі түрде «Еуразия Пальмирасы» және «ұлы даланың қасиетті мекені» деп атады, сонымен бірге «Екі астанасы бар Қазақстан өркендемегенде кім өркендесін?» – деген әзіл айтты.

Қайта сайланған Қазақстан Президентін ұлықтау рәсімін көрсету үшін Астанаға 2005 жылы келген белгілі Ресей журналисі В. Кондратьев сол жақ жағалауда жаңадан салынған Президент Резиденциясының атауына түсінік бере отырып, өз репортажында Қазақстанның рәміздік түрде де, іс жүзінде де әйгілі Жошы мен Бату империясының даңқын мұра етіп алған алғашқы қазақ хандарының қуаты мен айбынын қалпына келтіргеніне

назар аударар кетті. «Ақорда мен Алтын орда шын мәнінде мазмұны ортақ атаулар», – деп нақтылай түсті ол өз репортажында.

Ресей Федерациясының ТМД-дағы өкілі И. Рыбкин, ҚХР коммуникациялар министрі Хуан Чженьдун, ресми делегациялар басшылары А. Дарбинян (Армения), Г. Новицкий (Беларусь), Н. Лекишвили (Грузия), Н. Андронник (Молдова), Я. Азимов (Тәжікстан), С. Мурадов (Түркіменстан), А. Төлеев (РФ Кемерово облысы), тағы басқалар өз мемлекеттерінің басшылары мен өздері өкілеттік ететін республикалардың атынан құттықтау телеграммаларын жария етіп, игі тілектерін жеткізді.

Осы салтанатқа байланысты Мәскеу мен Бүкіл Русьтің патриархы Алексий II құттықтау жіберді. Оның жолдауында Қазақстанның ықыласты ықпалдастықтың үлгісі болып отырғаны, сонымен бірге алыс және жақын шет елдермен ұдайы ұлғайып келе жатқан байланыстарда сенімді серіктес болып табылатыны айтылған.

Салтанатты жиналыс Қазақстан өнер шеберлерінің және ханзада Чарльздің британдық королева оркестрінің үлкен концертімен аяқталды. Кешкісін көрермендерге лық толы Орталық стадионда театрландырылған қойылым болды, ол аяқталған соң думан қызығы қазіргі әкімдік ғимаратының алдындағы алаңға ойысты. Онда қазақстандық және әлемдік эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт болды.

Тұсаукесер мәдени бағдарламасының бір ерекшелігі – ол ресми салтанаттың декоративті-көңіл көтеру қосымшасы ретінде емес, таланттардың өнерін тамашалау және өнер шеберлерінің елімізге және астанаға тартуы, мәдениет қайраткерлерінің шығармашылық есебі, көпшілікке кеңінен танымал өнер тарландарының шеберлік сыныбы, жаңа әрі келешегі бар шығармашылық идеялары мен жобалардың жәрмеңкесі ретінде ойластырылды. Бұл тұжырымымыздың нақты мысалдары өте көп. Менің мына бір пікіріммен әркім-ақ келісер деймін. Егер Астананың көпшілікке арналған бағдарламасында Әбіш Кекілбаевтың таңғажайып табыспен өткен тарихи драмасы – «Абылай хан» спектаклі ғана қойылып, өзге ештеңе ұсынылмаса, тіпті, соның өзінде де сол бағдарлама жоғары деп бағалауға лайық еді. Сол күндері ұйымдастырылған бейнелеу өнері көрмелері де өз мүмкіндігін танытып, уақыт өте келе сонысын дәлелдеді. Сол кезде жас болған Сембіғали Смағұлов сияқты талантты суретшілер қазір, мәселен, «Қазақ елі» тәрізді панорамалы тарихи монументтің жобасын жасап, мемлекеттік тапсырысты орындауда.

Тұтасымен алғанда, тұсаукесер бағдарламасы түрлі мәдени іс-шаралармен қамтылған болатын. Көрмелер, байқаулар, жәрмеңкелер, театрландырылған көрсетілімдер, Алматының Астанадағы мәдениет күндері, спорт жарыстары, мерекелік шерулер мен халық серуені, гала-концерт – осы іс-шаралардың бәрі де Қазақстан мен оның жас астанасының үлкен экономикалық, ғылыми және мәдени мүмкіндігін ашуға бағытталған болатын.

Қабылдауларды ұйымдастыру және іс-шараларды өткізудің деңгейі мен сапасы көпшілікті риза етті. Кейбір олқылықтарды еске алатын

болсақ, қонақтар бұған: «Несі бар, Мәскеу де бірден тұрғызылған жоқ...» – деп, түсіністікпен қарады.

Сол бір сиқырлы түні Астананың есімі бейнелеп айтқанда да, өз атымен атағанда да нағыз ғарыштық биікке көтеріліп еді деуге болады. Өйткені, халықаралық ғарыш станциясының экипажы Астанамен тікелей телесеанс байланысына шықты. Корабль командирі, Қазақстан мен Ресейдің қаһарманы, халқымыздың даңқты перзенті, ұшқыш-ғарышкер Талғат Мұсабаев алыстағы орбитадан Мемлекет басшысына, Астанаға және бүкіл Қазақстанға сәлем жолдады.

Нұрсұлтан Әбішұлы Астана тұрғындарымен және қонақтарымен, бүкіл Қазақстан халқымен бірге астананың ең алғашқы, нәзік әрі жан толқытарлық таң шапағын қарсы алып еді.

Ешкімнің үйлеріне қайтқысы келмеді. Ешкім де мерекенің тарқағанын қаламады.

Себебі, бұл астананың алғашқы таңы еді... Одан кейін міндетті түрде қажырлы әрі қызу еңбекке толы күндер мен апталар, айлар мен жылдар келуге тиіс болатын.

Астананың халықаралық тұсаукесері өткен 1998 жыл – елорданың алғашқы таңын атқызып қана қоймай, үлкен қазақстандық жолдың сарты – 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асырудың басы да болды. Сондықтан да мен осы мақаланы Президенттің «Қазақстан жолы» кітабынан алынған мына бір сөздермен аяқтасам ба деймін. «Біз жаңа астананың негізін салдық... Бұл – Киплингтің айтқанына қарамастан, Шығыс пен Батыс болып бірге тұтасқан қала. Бұл – бостандық туралы ежелден далалық арман мекен еткен қала. Бұл – біздің 15 жылғы жолымыз бастап әкелген және бүгінде осы жол енді ғана басталатын қала. Бұл – біздің жол, Қазақстан жолы».



ДАНА МЕН ҚАЛА

Орал Мұхамеджанов

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы.

Елорда мен Елбасы – егіз ұғым. Арқадағы Астана мен оны салған Азаматтың аты қатар аталады, қатар қастерленеді. Астананың елордалық «өтілі» тағы бір жылға көбейді. Қалалық, республикалық, халықаралық ауқымдағы аса маңызды оқиғаларға толы болып өткен уақыт елорданың қалыптасуының, елдің және Елбасының арасындағы ғажайып байланысты бұрынғыдан да айшықты аша түсті.

Қала да бейне-бір жанды ағза сияқты. Ол да дүниеге келеді, өседі, кәметке толады. Астананың қалыптасуы – өз бойына талай бірізді кезеңдерді қамтитын тарихи үдеріс. Ол кезеңдерді әлемнің барлық әйгілі қалалары бастан кешкен. Әйтсе де, Астананың олардан түбегейлі ерекшелігі болды: біздің елордамыздың бұл жолды қысқа мерзімде, былайша айтқанда экстернмен өтуіне тура келді. Басқадай жол да жоқ-ты. Әкімшілік орталықты көшіруді ұзақ жылдарға созып жіберу қаржыны шайып алуға соқтырып, бұл үдерістің жеріне жетпей қалуы да мүмкін еді. Ең бастысы, астананы бір қаладан бір қалаға әйтеуір ауыстыра салу ешқашан мақсаттың өзі болған емес. Бұл істегі түпкі міндет әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси оқиғалардың барысына елеулі түрде ықпал етуге мүмкіндік беретін тірек нүктесін табуға тіреліп тұрған-ды.

Астананы ауыстыру идеясы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ойында сонау 90-шы жылдардың басында пісіп-жетілген еді, енді, бүгін өткен жылдар биігінен көз тастағанымызда, біз сол шешімді жалғыз ғана дұрыс шешімге айналдырған тарихи оқиғалардың ой қисынын көре аламыз. Сол кезеңде экономикалық, инфрақұрылымдық, әлеуметтік дағдарыс барынша асқынып тұрған болатын.

Қатар қиыстырып қарасақ, Қазақстан ол тұста Астананың құрылысы жаңа басталып жатқан сол жағалауын еске салғандай еді. Конституциялық-мемлекеттік құрылымның «тіреуіш дінгектері» мықтап қағылып, осы заманғы нарық экономикасының іргетасы қаланған, әлеуметтік дамудың бас желілері төселіп, сыртқы әлеммен байланыстың коммуникациялары жолға қойылған болатын. Жұмыс белгіленген бағытта жүріп жат-

ты, алайда, өзгерістердің қиын-қыстау кезеңінде, кез келген құрылыс алаңындағы сияқты, жағдай жайсыздау еді, ең бастысы, «қасбеттердің», яғни көзге көрініп тұрған нәтиженің болмауы дүдәмал күйге түсіретін.

Қоғамды батыл жобаның төңірегіне топтастыру қажет болды, оның табысқа жетуі, ішкі және сыртқы жағдаяттардың қаталдығына қарамастан, елдің асқаралы асуларды ала алатынын көрсетуге тиісті еді. Ұлттың рухын жаңа биікке көтеретін, сонымен бірге, көрнекті күйде көзге түсетіндей, нақты мазмұнға толы кеуделі бағдар қажет етілді. Халықтың көңіл-күй ауанын дәл сезіне отырып, Президент кейіннен шын мәнінде аңсар тұтарлықтай болып шыққан нұсқаны таба білді. Жаңа астананың құрылысы материалдық күш пен рухани серпілістің ілуде бір кездесетін үздік үйлесімі болып шықты.

Осы артықшылықтарды пайдалану үшін астананы дәл осылайша – тез әрі батыл көшіру қажет еді. Сөз бар ма, мұндай стратегия белгілі бір тәуекелмен түйісіп жататын. Шынында да, егер Астананың салынуы тығырыққа тірелгендей болса, алда күтіп отырған артықшылықтар орасан орашолоқтықтарға орын босатар еді. Бұл тандаудың жауапкершілік жүгін көзге елестетудің өзі оңай емес, оны Мемлекет басшысы, әрине, дәл пайымдады да. Ақиқаттың басы ашылар шақ туды.

Шынтуайтында, Нұрсұлтан Назарбаев сол кездің өзінде ұлттың көшбасшысы ретінде қалыптасқан болатын. Өйткені, көшбасшылықтың басты сипаты да жаңа қуатты идеяны ұсынудан, онымен адамдарды жігерлендіруден, сөйтіп, оны халықпен бірге жүзеге асыра білуден танылады ғой.

Ал бұл үшін барып тұрған алапат қуат жұмсау қажет еді. Астананы елдің ортасына ауыстыру керектігіне жұрттың көзін жеткізумен қиындықтар біте қалған жоқ, қайта олар жаңадан басталды. Астананың тұсаукесері алдындағы газеттер тігінділерін бүгін ақтарып қарар болсақ, тәй-тәй басқан елорданың ертеңіне орай айтылған сынның, күдік-күмән мен түңіле-торыға айтылған болжамдардың көптігіне көз жеткіземіз. Тіпті қала дамуының келешегіне онша көп күмән келтірмегендердің өзі оның болашағын онша бай-қуатты етіп суреттей қоймайтын. Мысалы, қаланың құрылыс көкжиегі бірнеше бизнес-орталықтармен және автокөлік жолдарымен ғана байланыстырылды. Мұның өзі түсінікті де, өйткені, сонау 90-шы жылдардың аяғында кейін жүзеге асырылған реформалардың арқасында қол жеткен қуатты экономикалық және әлеуметтік өрлеуді көзге дәл елестете қоятын адамдар аз да еді.

«Қазіргі Астана – Сіздің ұлтыңыздың ерік-жігерінің, жаңаруы мен жұмылуының символы» – Франция премьер-министрі Франсуа Фийон Қазақстанға сапары кезінде Елбасымызға осылай деді. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мунның бағасы мынандай: «Астананың ажары – жаңа Қазақстанның бедерлі бейнесі. Бұл қала әртүрлі

этносқа жататын, әртүрлі дін ұстанатын бір ұлт ретінде үйлесімді өмір сүретін адамдардың ортақ үйі, ол өңірдегі ең қарқынды дамыған және экономикалық жағынан табысты қалаға айналған».

Саяси қайраткерлердің Астананың дамуы мен бүкіл елдің дамуының парапарлығын бірауыздан айтатыны неліктен? Олай болатыны, қазірдің өзінде бүкіл әлемдік қоғамдастыққа мына жайдың басы ашық: Астананың асқақтауында Қазақстан өркендеуінің өрнегі тұр. Астанада атымен жаңадан салынған, көрген жанды қайран қалдыратын сол жағалау мен ең үздік үлгі-қалыптар бойынша жаңғыртылып жатқан ескі бөлік өзара жарасым тапқан. Қазақстанда да солай: біздің елімізде бұрынғы жетістіктерді қиратпай, оларды жаңғырта отырып, ортақ модельге үйлесімді етіп, жаңа мемлекет құрудың сәті түсті. Нұрсұлтан Назарбаевтың осынау бірегей ұстанымы Астананың да, бүкіл Қазақстанның да табысына жол ашар кілтке айналды.

Қала бет-бейнесінің қалай өзгергенін бағалауға мүмкіндік беретін объективті өлшемдер кешені болады. Ең алдымен, өмір сүруге жайлылығы. Астананың қазақстандықтар үшін тартымды орынға айналғанының даусыз дәлелі қала халқының серпінді өсуі, қазірдің өзінде елорда тұрғындарының саны көптеген сарапшылар 2030 жылы ғана жетеді деген межеге жақындап қалды. Астана мәртебесін алғалы бері елордада бала туу 80 пайызға жуық өсті!

Құрылыстың бұрын-соңды болып көрмеген қарқыны тұрғындарды осы заманғы пәтерлермен, мектептермен, ауруханалармен, әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді анағұрлым арттыруға мүмкіндік берді. Қалада медицина кешені құрылды, ол халықаралық деңгейдегі өз қызметін тек елорда тұрғындарына ғана емес, бүкіл қазақстандықтарға көрсетеді. Оқу орындарының ұдайы өсуі Астананың елдің білім беру және ғылыми-зерттеу орталығы ретіндегі рөлін арттыра түсті, олардың арасында Назарбаев Университеті ерекше орын алады. Астаналықтардың мәдени, шығармашылық, спорттық әлеуетін арттыруға барлық жағдай жасалған.

Қала дамуының ендігі бір объективті өлшемі – экономикалық тұрғыдан өзін-өзі қамтамасыз етуі. Соңғы он жылдың ішінде қаланың ішкі жалпы өнімінің көлемі 50 есеге жуық өсті, Астананың елдің ІЖӨ-сіндегі үлесі бір жарым пайыздан он пайызға артты, инвестициялар 30 есе көбейді. Астананың құрылыс секторы отандық өнеркәсіптің серпінділігін қамтамасыз етті, ал бүгінде елорда инновациялық жобалардың түйіскен жеріне айналып, бүкіл экономикаға қарқын беріп отыр.

Егер біз тек ірі қала, серпінді дамып келе жатқан қала жайында ғана емес, елорда жайында айтатын болсақ, онда нышанды оқиғалар сынды өлшемді де міндетті түрде ауызға алуға тиіспіз. Астана елеулі халықаралық форумдар өтетін орынға айналды. Олардың арасында Астана Деклараци-

ясы қабылданған ЕҚЫҰ-ның тарихи Саммиті бар. Ислам Ынтымақтастық Ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің сессиясында қабылданған құжат та осындай атқа ие болды. Елордамызда күні кеше аяқталған бұл іргелі іс-шара да тарихи деп аталды, өйткені Қазақстан астанасында ұйымның жаңа атауы мен жаңа эмблемасы жөнінде шешім қабылданды.

Астана Бүкіләлемдік Ислам экономикалық форумын, аса беделді халықаралық құрылымдардың бірі болып табылатын Шанхай ынтымақтастық ұйымының мерейтойлық саммитін қабылдады. Біздің жас астанамызда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі сияқты теңдесі жоқ оқиғалар дүниеге келді. Оның үстіне, Астана әлемдік деңгейдегі мәдени және спорттық іс-шараларды өзіне тартып тұратын орынға айналуда. Бұл орайда қысқы Азиада-2011-ді еске алудың өзі жеткілікті.

Нышанды сәулет нысандарының да маңызы ерекше, оларсыз қала көшбасшылық сипатқа ие бола алмайды. Астанадағы ондай нысандарды санап шығудың өзі біраз уақытты алады. Бір-бірімен қосыла келгенде олар дала төсінде орнаған елорданың барлық қонақтары қадір тұтатын қаланың өзгеге ұқсамайтын төл бейнесін құрайды. «Астана-Бәйтерек» монументі мен Бейбітшілік және келісім сарайы сияқты айшықты ғимараттар аса көрнекті жетістіктер қатарына қосылады», деп атап өтті Еуропа Одағының сыртқы саясат мәселелері және еуропалық көршілік саясат бойынша комиссары Бенита Ферреро-Валднер. «Астананың орасан ірі әрі осы заманғы жаңа ғимараттары архитектураның халықаралық әлемінде әңгіме тақырыбы болып келеді», дейді Гаага қаласының мэрі Йозиас ван Аартсен.

Осынау объективті өлшемдер Астананың тек әкімшілік орталық ретінде ғана емес, ел жүрегі ретінде де табысты қалыптасқанын даусыз дәлелдейді. Бұған осындағы әрбір іске Президенттің тер төге тынымсыз басшылық жасауының арқасында қол жетті. Елбасы идеяларды ойлап тауып, іске қосумен шектеліп қалмай, әрбір нысанды жеке қамқорлығына алды, жаңа астананы жас баладай мәпелеп, оның негізгі өлшем-қалыптарға сай болуын қамдады.

Елбасының ерік-жігерімен қалада түбірлі әлемдік үдерістерге қатыстылық ауаны қалыптасты. Мұның өзі сондайлық табиғи түрде жүзеге асты, өйткені Қазақстанның өзі де өңірлік және халықаралық оқиғалардың пассионарлық қатысушысы ретінде таныла білді. Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі үшін саясаткер ретінде әлемдік ауқымдағы қайраткерге айналу кезеңі туды.

Мемлекет басшысының тағдыры жаңа астанамен жымдаса өрілген, сондықтан да Елбасының халықаралық аренадағы аса биік беделі Астананың жаһандық қалалардың азын-аулақ таңдаулы тобына қосылуға деген ұмтылысына негіз қалайды. Бұл арада тиісті инфрақұрылымның бо-

луы және халықаралық іс-шаралардың белсенді өтуі сияқты өлшемдерден басқа да өлшемдер қажет болады. Жаһандық қала дегеніміз – әлемдегі саяси үдерістерге ықпал ететін шешімдер қабылданатын мекен, ол мемлекеттер мен өңірлер арасындағы коммуникацияның дәнекершісі, халықаралық ақпараттық-басқару-шылық құрылымның бедерлі белгісі.

Әлемге әйгілі жазушы Пауло Коэльоның: «Мен қазірдің өзінде Астананы дала төсінде жайқала өсіп келе жатқан гүлге теңей аламын. Қазақстанның жаңа астанасы мына дүниенің мәңгі тоқтамас көшпелілері мен дәруіштеріне жаңғырудың қандайлық маңызды екенін еске салып тұратын болады», деген сөзін келтірудің орайы бар.

Астананы жаһандық қала ретінде қалыптастыру мақсаты, бәлкім, қол жетпестей көрінер, алайда, бір кездерде бұл жерде тәуелсіз Қазақстанның астанасын салу идеясы да осындай болып көрінбеп пе еді?

Әркімді әрқашан өз орнына қоятын Тарих өзіне мәрмәрдан, қоладан, тіпті алтыннан ескерткіш тұрғызған көсемдерді біледі. Сонымен бірге, өздерінің келешекті көздеген шешімдері мен батыл қадамдары, өздері тұрғызған мектептері мен университеттері, театрлары мен стадиондары, көпірлері мен жолдары арқылы аттарын мәңгілікке қалдырған адамзаттың ұлы перзенттері де бар. Осының бәрі бір қаланың бойына тоғысып, ондағы төселген әрбір тас оны жасаушының қамқорлығымен қаланып, оның рух қуатының бір бөлшегін танытып тұратыны да болады.





ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ АСТАНАСЫ

Мырзатай Жолдасбеков

*ҚР Президенттік мәдениет орталығының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Елдің елдігін, мемлекеттің мәртебесін айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдар тарих толқынында шыңдалып, уақыт тезіне төтеп беретін дәрежеге көтерілу арқылы қалыптасады. Мәселен, мемлекеттің рәміздері - Туы, Елтаңбасы, Гимні - бір сәтте ғайыптан пайда бола қалған жоқ, сан ғасырларды артта қалдырып орнықты. Бұлар - мемлекеттің кешегісін, бүгінін және ертеңін, алға тартқан көшін көз алдыға келтірумен қатар ел азаматтарына сасқанда - сабыр, жол таппай абдырағанда ақыл қосатын қасиетті де құдіретті күштер. Міне, осындай баға жетпес байлықтың бірегейі мемлекеттің астанасы екені әркімге мәлім болса керек.

Тарихқа көз жүгіртсең, әлемнің небір керемет деген, аңызға айналған елордаларының көпшілігінің іргетасын тұрғызып, негізін қалағандар сол елдің байырғы ұрпақтары емес, жаулап алушы елдер мен отаршылдар екендігіне таңғаласың әрі жаның түршігеді. Мәселен, «әлемнің астанасы» деп дүйім жұрт тамсанатын Парижды да француздар өздері салмаған. Біздің заманымызға дейінгі елуінші жылдар шамасында (53 жыл) Юлий Цезарь жаулап алынған халықтардың өкілдері үшін Лютецияны (Париждің ежелгі атауы) тұрғызған болатын. Осындайда біздің Астанамыздың қасиетті топырағын алғаш қоныс қылып, ошағын тұтатқан өз бабаларымыз екеніне Тәңірге мың қайтара тәубе келтіресің.

Тегінде, мемлекеттің астанасын әспеттеу, оған айрықша мәртебе беру ықылым заманнан келе жатқан дәстүр. Италияндықтар: «Барлық жолдар Римде тоғысады», десе, француздар: «Данышпандар провинцияда туып, Парижде көз жұмады», дейді, ал орыстар: «Мәскеу бірден салына қалған жоқ», дегенді айтады. Арғы атамыз ер түркілер де елорданың қадір-қасиетін жазбай таныған. Күлтегін ескерткішінде байырғы түркілердің құт мекені Өтүкен ерекше ықыласпен ауызға алынады. «Түрк қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ», деп жазылған ескерткіштің кіші жазуында. «Елді ұстайтын жер осы Өтүкен қойнауы еді», деген жолдарды да оқуға болады сол ескерткіштен. Кіші жазудағы Өтүкенге қатысты соңғы ойтолғау жантебіренерлік: «Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігіңді сақтайсың сен. Сонда түрк халқы тоқ». дейді. Байырғы түркілердің мұрагері - қазақ халқы негізінен көшпелі шаруашылық-мәдени типті ұстанғанмен елордасын ардақтап, мәртебелеуде ешкімнен

кенже қалған емес. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек сұлтандар алғашқыда Шу бойына Ордасын тіккенмен, қым-қиғаш тартыстардан кейін XVI ғасырдың аяғынан XVIII ғасырдың басына дейін еліміздің астанасы ретінде Түркістан мен Ташкент қалалары Отан тарихында айрықша орын алды. Тіпті әр жүздің кіші хандары пайда болғанда да хандықтың орталығы саяси-әкімшілік құрылым ретінде бағаланды. Бұқар жыраудың мұрасынан жеткен мына толғау соның айғағы:

*Бағаналы орда, басты орда,
Байсал орда қонған жұрт,
Мамырласып, ел болып,
Байсалды жайлау толған жұрт,
Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.*

Қазақ елі Ресейге бодан болғаннан кейін де осы дәстүр жалғаса берді. Мәселен, Бөкей Ордасының ханы Жәңгір 1827 жылы өзінің ставкасын Нарын құмындағы Жасқұс деген жерге тігеді. Мұнда қысқа мерзім ішінде жүзге жуық ағаш үй салынып, алғашқы қазақ мектебі шаңырақ көтергені, 12 бидің басын қосқан Хан кеңесі мәжіліс құрғаны тарихтан белгілі.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, кейбір басылымдарда қазақ елінің ұзына бойғы тарихында мұнша астанасы болған деген пайымдаулар төбе көрсетіп қалады. Менің ойымша, мәселе астаналардың санында емес. Мәселенің түйіні - қоғамдық санада, халықтың дүниетанымында астана, елорда ұғымының темірқазықтай орнығып қалғаны немесе қалмағанында. Біздің мемлекеттігіміздің тарихы, елтануымыздың бастауы тереңде жатқанын айғақтайтын өлшемдердің бірі - осы. Біз білетін арғы-бергі тарихта Елорда Хан Ордасы ретінде Тараз, Баласағұн, Сарайшық, Сығанақ, Түркістан, Қозыбасы аталады. Соңғы бір ғасырдың бедерінде Қазақстан төртінші (Орынбор-Қызылорда-Алматы-Астана) астанаға көшіп отыр.

Қазақстан астаналарының отарлық және тоталитарлық кезеңдердегі тағдырына ойшолу жасағанда айрықша көзге түсетін екі ерекшелікті аңғарамыз. Олардың бірі хандық биліктің жойылуымен XIX ғ. басында елорда тарихының үзілуі, екіншісі кеңестік Қазақстан астаналары тағдырының Мәскеуден анықталып, шешілуі. Бірақ, елордасы жайлы сана мен таным халық зердесіне мәңгілікке орныққан болатын. Оны халқымыз басынан кешкен заманның аласапыран дауылы да өшіре алған жоқ.

1991 жылдың желтоқсанында азаттық таңы атысымен көп ұзамай қатқабат міндеттер алдан шықса да жас мемлекеттің астанасы қайда болу керек деген сұрақтың күн тәртібіне қойылуы қиянатқа толы өткеннің өтеуін қайтару ғана емес, отанымыздың ырғақты дамуын қамтамасыз етуге пәрменді ықпал жасау үшін еді.

Елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясын көтерген де, оны жан-жақты негіздеген де, сонысымен қалың көпшіліктің қолдауына ие болған

ұлы тұлға – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Барша қазақстандықтарды елең еткізген ұсыныс алғаш рет 1994 жылы осы кісінің аузымен айтылды. Іле-шала қолға алынған шаруалар, жүзеге асқан сан-салалы шаралар көзі қарақты оқырманға аян ғой деп ойлаймын. Оларға егжей-тегжейлі тоқтап жатпай-ақ, басты-басты дегендерін айтар болсақ, 1995 жылдың қыркүйегінде Президенттің «Қазақстан Республикасының Астанасы туралы» жарлығы жарияланды. 1997 жылы Алматыдан Ақмолаға мемлекеттік рәміздер - Ту мен Елтаңбас жеткізілді, жаңа астана ресми түрде жалпақ әлемге жария етілді. 1998 жылы Астананың тұсау кесер рәсімі өтіп, алыс-жақын шетелдерден келген мемлекет басшылары мен мәртебелі қонақтар адам сенгісіз қысқа мерзім ішінде Еуразия құрлығының төрінде жаңа үлгідегі еңсегей бойлы елорданың пайда болғанына қайран қалды.

Содан бері он үш жылдай уақыт өтті. Тарих үшін қас қағым ғана сәтте Елордамызда жаңа ғимараттар, тұрғын үйлер, театрлар, спорт кешендері бой көтерді, кең даңғылдар мен көшелер қайта түледі, жүздеген мың жұмыс орындары ашылды. Бір сөзбен айтқанда, Астанамыз Қазақстанның жаңаруы мен жаңғыруының, жасаруы мен жасампаздығының символына айналды. Елорданың келбетіндегі оң өзгерістерді қуана қабылдай отырып, осының бәріне басалқалық жасап, жан бітірген, түп атасынан батыр туған Елбасының сұңғыла көрегендігі мен тәуекелшіл батылдығына қайран қалмасқа болмайды.

Нұрсұлтан Назарбаев - арман қуған тұлға. Арман қуатыны - Назарбаевтың бүгінгідей күрделі кезеңдерде тек қазіргінің қамқарекетімен қалып қоймай, алдағы асқар асуларға құлаш ұрып, алаш арыстарының арманын аласартпай келеді. Астана деген айшықты ат алған Арқадағы жаңа байтағымыз - соның бір мысалы.

Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы қазақтың қасиетті бір өңірі - Сарыарқаның төріне, тоғыз жолдың торабына тігілді. Ұланғайыр ұлы даланың тарихи иесі бір халық - қазақ халқы екендігі, ол халық өзінің қолына бірнеше ғасырдан кейін қайта тиген тәуелсіздіктен енді ешқашан айырылмауға бекінгендігі, енді ешкімге де тілін, дінін, жерін қорлатып қоймайтыны айдай әлемге артық айқайсыз айшықты айтылды.

Шындығында, осыдан он жеті жыл бұрын Елбасы астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыруды ұсынғанда жұрттың бәрі бірдей қуанды, толық сенді, қолдады дей алмаймын. Алғашында сенімсіздікпен қарағандардың қатарында өзім де болғанымды жасырмаймын. Бұл шешімнің қаншалықты көрегенділік екенін кейін ғана сезініп, түсіндік көбіміз. Президент астана ауыстырудың саяси мән-маңызын халқынан жасырған жоқ. «Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін - аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дарқан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала - Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай болды». Президент осылай айтқан. Бұдан артық қалай айтсын енді! Осындайларды айтқызбай ұқсақ қой, айтқызбасақ қой, шіркін...

Менің бір таңғалатыным – Елбасының тәуекелшілдігі. Ел тұралап, жалақы ала алмай отырған кезде, қарттар зейнетақыға, студенттер шәкіртақыға айлап қолдарын жеткізе алмай жүрген шақта, Нұрсұлтан Назарбаев Астананы Арқаға көшірді. Біразымыз оған қарсы болдық. «Нұреке-ау, халқыңның ыңыршағы айналып отыр. Тым асықпа», - дедік. Ол кісі бәрібір дегенін істеді. «Осы Астана түбімізге жетеді-ау» деген де ойлар болды. Қазір қарасаңыз, сол кезде еліміздің кең байтақ, қара топырақты, шұрайлы өңірлеріне көз тігушілер көп болған екен. Оның үстіне айналасы он жылдың ішінде Астананың өзі тәңірдің бұқасы секілді қамытын мойнына іліп алып, Қазақстанның экономикасын алға сүйреп келеді. Біз, мәселен, қала салғанды көрдік, үй салдық. Ал астана салғанды көрген жоқ едік, оны да көрдік.

Шын мәнінде, жаңа Астана терең тарихымызды оятып, елдің рухын дүр сілкіндірді, бұл ілгергі үміт пен келешек мүмкіндіктің көзін ашу үшін жасалған батыл қадам еді.

Ең бастысы – Ата тарихымызды жаңғыртуда. Күлтегін жазуының жеткізілуі, қаланың іргесінен мыңжылдық шежіресі бар Ақжол кентінің ашылуы рухымызды бір серпілтіп тастаса, дала даналары Керей мен Жәнібек хандарға, Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге, Кенесары ханға, Абайға, Жамбылға, Бауыржанға, Әлияға орнатылған ескерткіштер жүгенсіздіктен мәңгүрттен жаздаған санамызды тазартуға тартқан асыл арнадай көрінеді. Ақорда, Бәйтерек, Қазақ елі, Ханшатыр ғимараттары өзінің қайталанбас сәулетімен қазақ халқының бай дүниетанымын күллі әлемге паш етіп тұрғандай. Қазақстанның жаңа елордасы экономикалық және саяси құрылымдар орталығы және халықаралық маңызды бастамалардың жүзеге асқан жері. Жаңа дүниежүзілік тарихқа Астана Әлемдік және дәстүрлі дін басыларының бірінші съезінің өткен жері ретінде енді. ЕҚЫҰ-ның саммиті, қысқы Азиада ойындары, ШЫҰ-ның 10 жылдық мерейтойлық саммиті мен Ислам конференциясы ұйымының жиындары табыспен өтті.

Елорда бүгінде ертегідегі Алпамыстай күн санап көз алдымызда өсіп келеді. Мәселен, 2001 жылы бекіткен Астананың даму жоспарында қала халқының саны 2030 жылы 600-800 мың болады деп межеленген еді. *Елорда халқы бүгіннің өзінде 700 мыңнан асып отыр. Халқымен бірге аумағы да өсіп келеді. Дүние есігін ашқан нәрестелердің арасында қазақтар — 76,9%, орыстар — 11,9%, украиндер — 1,8%, немістер 1,6%-ды құрайды екен. Демек, бас қалада қаракөз сәбилер көбейіп отыр. Бұл – 65,2 пайыз деген сөз. Шүкір, қала қазақыланып келеді.* Бұл жайында Астананың бас архитекторы Н.Назарбаев: «Ақмола қаласының бұрын Қазақстан экономикасына қосатын үлесі бір процент қана еді. Енді қазір жалпы өнім 20 есеге өсті. Халқы үш есеге өсті. Мұнда қазақ халқының үлесі басқа қалаларға

қарағанда басымырақ. Яғни, Қазақстандағы қазағы көп қаланың біреуі Астана болды», – деген болатын.

Жақсы ма, жаман ба, бізде біраз жасқа келдік. Соңғы жылдары тағдырым Астанаға ауды. Бұрынғы Целиноград кезінде де бұл қалада бірнеше мәрте болғанмын. Шолақ байталдың құйрығындай қысқа екі-ақ көшесі болатын. Белуарынан батпаққа батқан үйлерден бірен-саран қазақты көрсек қуанушы едік. Кейінірек Ақмоланың Астана атанған шағында да қызмет бабымен жиі келіп тұрдық. Шындығында, таңертең келсек кешке Алматыға қайтқымыз келіп тұратын. Бүгінде Астанаға әбден бауыр басып қалдық. Сыртқа шықсақ Астананы сағынатынды шығардық. «Бірте-бірте Астана, Барады Мырзатайланып» деп ақын Қайрат Жұмағалиев жырлағандай, хал-қадірімізше Астананың қазақылануына, оның руханияты мен мәдениетіне қызмет етіп келеміз.

Бүгінде мен басқарып отырған Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы Астана руханиятының қарашаңырағына айналды десем артық айтқандық болмас. Мұндай мәдениет орталықтары әлемнің біршама елдерінде бар. Олардың қатарында Америкадағы Кеннеди және Франциядағы Джордж Помпиду орталықтарын атауға болады. Әдепкіде халық санасында музей ретінде ғана қалыптасқан бұл Орталық қазіргі таңда мәдениет пен өнердің, білім мен ғылымның шын мәніндегі қарашаңырағына айналып үлгерді. Орталық бес түрлі бағытта жемісті қызмет атқаруда. Олар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тарихы музейі, Қазақстан Республикасы мемлекеттілігі және Президенттік институтын зерттеу ғылыми зертханасы, Әмбебап кітапхана, Концерт залы қызметі мен «Ұлттық дәстүрлер театры», «Мәдени мұра» журналы.

Мен Президенттің шақыртуымен 2006 жылы ақпан айында Орталыққа директор болып келе сала Елбасы тапсырмасын орындауды қолға алдым. Елімізде тұңғыш рет музей жұмысын қайта жасақтау мен мемлекет тарихы музейін құрудың концепциясы жасалып, оны Елбасының өзі мақұлдады. Аталған концепцияны 2008 жылдан жүзеге асыра бастадық. Нәтежиесінде Орталық музейі жүйеленді. Көрме залдары реконструкцияланды, реэкспозицияланды, «Жаңа заманның – жаңа тарихы» деп аталатын тәуелсіз мемлекетіміздің мұражайы қалыптасты. Мұражай Елбасының өзінің қатысуымен 2008 жылдың 29 маусымы күні ашылды.

Соңғы төрт жылда Орталық музейінің қорына қазақ тарихына қатысты аса құнды мұралар жинақтала бастады. Олар: Абылай ханның алтын зерлі қамқа тоны, қаз дауысты Қазыбек бидің шапаны, Шығыс Қазақстандағы Берел қорғанынан табылған, осыдан 2500 жыл бұрын салтанат құрған сақ патшасының асыл бұйымдары, Батыс түрк қағанатының ғажап ескерткіштері – бәрі де бүгінде осы Орталықтың музейін байытып әрі ажарландырып тұр.

Орталық музейінде «Тәуелсіз Қазақстан және оның негізін қалаушы Н.Ә. Назарбаев», «Қасиет», И.Тасмағанбетовтың жеке коллекциясынан дайындалған «Қазақ әлемі» көрме залдары жаңадан жасақталды. 2007 жылы Орталық музейі қорынан «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті» қоры құрылған болатын. Осы қордың негізінде

ұйымдастырылған «Елбасы және Елорда», «Астананың кешегісі мен бүгінгісі» көрмелері жұртшылықтың үлкен қызығушылығын туғызуда.

Ақтөбе қаласында 2008 жылы Президенттер Н.Назарбаев пен Д.Медведев барып ашқан «Нұр Ғасыр» мешітінің макеті музей қорына алынды. Сол секілді Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші Тоқболат Тоғысбаевтың қазақтың кемеңгер билері – Төле-Қазыбек-Әйтеке портреттерінің триптихы және қазақ хандығы дәуіріне қатысты аса құнды мұра – итальян суретшісі Джузеппе Кастильонидің «Қазақтардың Цин Императорына сәйгүлік сыйлауы» картинасы негізінде салынған өнер туындысы Орталықтың музей қорына сыйға алынып, халқымыздың рухани қазынасына қосылған қымбат жәдігерлер болып отыр.

2005 жылы қазақ қазақ болғалы өз тарихында тұңғыш рет Ақ Орда ашылғанда Елбасының арнайы шақыртуымен Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбек үшеуіміз ел атынан сол Ақ Орданы ашып, менің Елбасына бата бергенім көпшілікке аян. Сол тарихи оқиғаның куәсі ретіндегі Елбасы сыйлаған үш тарихи шапанды да, өмір бойы жиған байлығым – бай кітапханамды да, шет ел басшылары сыйға тартқан асыл, құнды мүліктерді де ел, ұрпақ пайдалансын деп осы Орталыққа сыйға тапсырып отырмын.

Орталықтың негізгі көрме залы 2008 жылы күрделі жөндеуден өткізілген болатын. Бүгінгі таңда бұл көрме залы өзінің салтанаты жағынан әлемдік талаптарға жауап беретін Астанадағы бірден-бір көрме залы болып отыр.

Президенттік мәдениет орталығы соңғы үш жылда ғылыми жұмыспен де табысты айналысып келеді. 2007 жылы Орталықта қазақ мемлекеттілігінің тарихы және тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құрылу және қалыптасу тәжірибесін саралау, сондай-ақ Елбасы Н.Назарбаевтың мемлекет орнатудағы көшбасшылық ролін насихаттау мақсатында ғылыми зертхана құрылған болатын. Үш жылдың ішінде ғылыми зертхана оқырман қауымды жаңа туындылармен қуантуда.

Қазіргі таңда Елбасының қолдауымен жүзеге аса бастаған маңызды жобалардың бірі - «Қазақстан Республикасы. Тәуелсіздік шежіресі» дерекнамалық көптомдықтарының 29 кітабы жарық көріп отыр. Мұнда – Қазақстан Республикасының 1991 жылғы тәуелсіздік алғалы бергі қабылданған ресми құжаттары мен шешімдері рет-ретімен беріліп, «Тәуелсіздік шежіресі», «Елмен сырласу», «Елбасы жолдады – Елі қолдады», «Әлем Қазақстан туралы», «Әлем Президент туралы» деген атпен үздіксіз жалғаса бермекші. Бұл ғажайып серия – тәуелсіз Отан тарихын білемін деушілерге өте қажетті және ешқашан аяқталмайтын, үнемі үздіксіз жалғаса беретін серия болғалы тұр, сөйтіп уақыт өте келе өз алдына байтақ кітапханаға айналады деген ниеттеміз.

Орталықтың кітапханасы Астана қаласындағы кітап қорына бай кітапханаларының бірінен саналады. Кітапханадағы кітап қорының жалпы саны – 603 000 дананы құрайды.

Президентіміз Н.Назарбаевтың осы Орталықта «Ұлттық дәстүрлер театрын» құру жөніндегі 2000 жылы берген тапсырмасы да 2007 жылы жүзеге асты. Театр сахнасынан «Ұлбике», «Алпамыс», «Абылай аманаты», «Бәйтерек», «Қазақ жырының Хан тәңірі», «Абаймен сырласу», «Әсет пен Дәнеш», «Бұлбұл еді, дүлдүл еді Кенекең» секілді жұртшылықтың жүрегіне жол тапқан спектакльдер мен шығармашылық кештер көрсетілді. «Бәйтерек» спектаклінің премьерасын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев келіп тамашалап, алғысын білдірді.

Орталықтың концерт залы – ұлт зиялыларының, ел азаматтарының кештерін жоғары деңгейде ұйымдастыратын, жұртшылық ізденіп келетін рухани орын. Мұнда «Қазақ жырының Хан Тәңірі» деген атпен М.Мақатаев шығармашылығы жайында, «Әсет пен Дәнеш», «Абаймен сырласу» сондай-ақ К.Әзірбаев, Ә.Тәжібаев, М.Дулатов, Б.Момышұлы, Ш.Мұртаза, Ш.Айтматов, О.Сүлейменовтердің өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-музыкалық кештер болып өтті.

Аз ғана уақыттың ішінде атқарылған осындай игілікті жұмыстардың арқасында бүгінде Президенттік мәдениет орталығы Елбасы армандағандай, көпшілік күткендей, Астанамыздың, Отанымыздың шын мәніндегі рухани Ордасына, ресми іссапармен келген шет ел басшылары тамашалайтын бірден-бір қасиетті шаңыраққа айналды.

Қысқасы, бұл Орталық Елорданың рухани шаһарға айналуына талмай қызмет етуде.

Астана – тәуелсіздіктің төл қаласы.

Астана – ұлт рухының құдіретті шарайнасы. Ол мемлекетіміздің биік мәртебесі, жоғары дәрежесі, бақ- берекесі, елдік пен тұтастық – бірліктің тұтқасы, дербестігіміздің дара тумасы.

Астананың бас архитекторы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жарғақ құлағы жастыққа тимей әлемді шарлап күндіз-түні туған халқының қамында жүрген азамат. Кім келіп, кім кетпеген кең дүниеде, талай қирап, талай тұрған ақсарайда, талай үзіліп, талай түзелген, сөйтіп жалғасып келе жатқан қазақ тарихында не бір көсем мен кемеңгер, шешен мен дана, абыздар мен ғұламалар, жақсы мен жайсаңдар өмір сүрді, олардың талайы дегеніне жете алмады. Сан мың ұрпақ жетпеген асыл арманға Нұрсұлтан Назарбаев жетті; жалғыз жеткен жоқ, ел-жұртымен бірге жетті, бәрімізді жеткізді; шекараны бекітті, Қазақстанын тез түзеп, әлемдік қауымдастықтың санатына қосты, екі мың жылдықтың тоғысында еңселі Ақорда тұрғызды; тізерлеген халқын тік тұрғызды, жығылған туын қайта тіктеді.

Күні кеше ғана байтақ даласы қара түнек қамауға айналған, қалың қазақтың тілі байланған ұлы мекен енді тәуелсіз елдің құт-мекеніне, ырысты жеріне, ал оның аяулы астанасы әлем танып мойындаған қалаға айналды. Астанадан әлемдік идеялар шығып жүзеге аса бастады. Сондықтан да Астана тек Қазақстанның ғана емес, Еуразияның Астанасына айналсын деп тілейік.

Асқақтай берсін Астана! Дәуірлей берсін жас қала!

Менің Астанаам!






Астана ғажайыптары



«Тамырларым - тереңде, бұтақтарым - биікте...»



«ҚазМұнайГаз» ғимараты



«Астана триумфы» тұрғын үй кешені



Тәуелсіздік көшесінің көрінісі



«Солтүстік шұғыласы»



«Арғы жағы Есілдің, бергі жағы...»



Қаланың күретамыры



Алматыдан несі кем?!




Хан түсетін «Хан Шатыр»




Көк желек - қаланың көркі



Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын...



Сары күз... сары үйлер... сағынысыт...



Есілдегі тыныштық...



Күз оралды тағы да...



Қасқайыт тұр хан-бабам



Кешқұрым



Тербе мені, ақ кеме!



«Нұр-Астана» мешіті




Сығанақ көшесіндегі «Пекин-палас» ғимараты



Көкпен тілдескен «Қазақстан Темір жолының» ғимараты



Жағалаудағы қыдырыс



Асқақтаған Астана



Дипломатиялық қалашық



Астана аспанға ұмтылады...



АСТАНАҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Айткен Джонатан

Ұлыбританияның белгілі жазушысы, қоғам қайраткері

Джонатан Айткеннің ағылшын тілінде жарық көрген «Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамы» атты кітабы ағылшын тілді оқырмандар арасында бірден кең таралып кетті. Орыс тіліндегі аудармасы ресейліктермен қатар, кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте өз тәуелсіздіктерін жариялаған жас мемлекеттердің елдері үшін де бір кездегі ортақ тағдырлы адамдар ретінде мейлінше мол мағлұмат ұсынғаны даусыз.

Ал, осы топырақтың төл түлегі туралы толымды толғаудың ана тіліміздегі нұсқасының қазақстандықтарды да бей-жай қалдырмайтындағы тағы ақиқат. Бестселлер бейнелі де шынайы әрі философиялық түйіндеулермен жазылған. Кітапта әлемнің қазіргі кездегі қызмет басындағы аса жеңістері мен жеңілістері және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы ғана емес, сонымен бірге КСРО-ның соңғы жылдарындағы драматизм мен ТМД елдерінің жаңа тарихына байланысты көптеген жайлар әдемі әңгімеленеді.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл қалаға еңбегін сіңіріп қана қойған жоқ, ол оған бүкіл жан-тәнін салды... «Астана оның төл перзенті» деп берік сеніммен айтуға болады». Ресей Президенті Дмитрий Медведев 2008 жылғы шілдеде Қазақстан астанасының 10 жылдығын мерекелеуге байланысты мемлекет басшылары сөйлеген кезде осылай деді. Қабылдауларды, салтанатты рәсімдерді, ескерткіштер ашылуларын, мерекелік отшашу мен мәдени шараларды қоса алғанда, мерекелеу жеті күннен астам уақытқа созылды. **Оған 750 мыңнан астам қала тұрғындары мен мың-мыңдаған қазақстандық және шетелдік қонақтар қатысты, арасында осы кітаптың авторы да болды.** Алайда мерейтойдағы ахуал салтанаттың көп қырларының бірі ғана еді. Көптеген сұхбаттасулар кезінде ел үшін бұл мерекенің нені білдіретіні жөнінде едәуір ауқымды пікіралысулар бой көрсетіп жатты.

Астана дегеніміз не өзі – XXI ғасырдағы осы заманғы мемлекет елордасының лайықты көрінісі ме? Инфрақұрылымы тозған, халқының саны көбейіп кеткен бұрынғы астананы ауыстырудың қажеттілігі ме? Еуразиядағы жаңа стратегиялық қиылысу бұрышы ма? Салынып бітпеген өте қымбат офистік және тұрғын үй ғимараттарының жиынтығы ма? Қазақстанның билік құрылымдарын қатерлі-ау дейтін басқыншылардың

шекараларынан мейлінше алысырақ орналастыруға арналған қауіпсіз қорған ба? Болашақтағы заманауи өндіріс пен көлік байланыстары үшін өңірлік торап па? Қазақстанның дала төсіндегі тарихы мен мәдениетінің рухани бастауларына қайтып оралу ма? Осылардың ішіндегі біреуі ме, әлде осы аталғандардың ешқайсысы да емес пе?

Жоғарыда қойылған сұрақтардың мәнісі Назарбаевқа жақсы таныс, себебі, 18 жылдық Президенттік кезеңінде басқа ешбір жоба Қазақстанның жаңа астанасын салу мен дамытудай оның басын ауыртып, күш-қуаты мен назарын баураған емес. Осыдан мынаны пайымдауға болады: Астананың не екендігін, оның өмірге келуіне не себеп болғанын, қалай салынғанын және елдің келешегі үшін қандай мәні бар екендігін білудің Нұрсұлтан Назарбаевтың өзін түсіну үшін де зор маңызы бар.

Астана әлем елордаларының ішіндегі ең әдеттегіден өзгеше әрі таңғажайыптарының бірі. Ол тосын жаңалықтарға толы. Егер бір топ шетелдіктердің көздерін байлап, сонда апарып, көздерін ашып: «Қалай ойлайсыздар, сіздер қай жердесіздер?», - деп сұрай қалса олардың жауабы «ертегілер елінде» немесе «әлдебір фильмнің декорацияларында» дегеннен басталып, содан соң елдер мен құрлықтар жөніндегі жорамалдар кетуі мүмкін. Себебі, көз жетер көкжиекті нысаны мен ауқымы, сұлбасы мен түр-түсі, дәстүрі мен траекториялары мүлде әр алуан экзотикалық ғимараттар қоршап жатыр, тұрақтылық еш жерде де жоқ, ал тосындық барлық жерде көзге ұрады. Жобалардың әр алуандығынан бір таңқаларлығы – оның бастауында әрдайым жобалаушылар мен сәулетшілерге нұсқау беріп, түр-түсінің реңін танып, көптеген маңызды ғимараттардың кескіндемесін салып, бүкіл қаланың тұжырымдамасын жасаған бір негізгі бастамашының болуы. Ол бастамашы Назарбаев болатын.

Астананың басты салушысы рөліндегі Назарбаев ойларының тереңіне бойлау үшін орталық бульвардың жүрегінен орын тепкен биіктігі 97 метрлік «Бәйтеректі» алайық. Президенттің қолымен сызылған нобайда модерндік стильдегі өмір ағашы Бәйтерек салынған, оның ұшар басында аңыздық Самұрық құс тапқан алтын жұмыртқа туралы қазақ ертегісін бейнелейтін шыны кеңістік пен алтын шар бар. «Бәйтерек» шарының ішіндегі шолу тұғырнамасынан қаланың Есіл өзені бөліп тұрған сол жағалауы мен оң жағалауы секторларының панорамасын көруге болады. Оң жағалау Ескі қала деп аталады, патшалық және коммунистік режімдер тұсындағы ғимараттардың бір шоғыры болмаса, бүгінде онда ескіден қалғаны өте аз. Назарбаевтың жаңа астананы толыққанды көруі тап осы сол жағалаудан байқалады, себебі, мұндағы әр ғимарат 1998 жылы жаңа астана ашылған сәттен бастап салынды деуге болады.

Астананың қазіргі құрылыстарының ішіндегі ең ескілеу үлгідегісі американдық Ақ үйге ұқсас көшірме өнім – Ақорда Президент Сарайы. Рас, көлемі одан едәуір үлкен, ашық көгілдір күмбезі мен төбесінде инеге ұқсас шпилі бар. Назарбаев Ақордадағы кабинетінен қарағанда, өзеннің арғы бетінен Бейбітшілік пен келісім сарайы деп аталатын Норман Фостер жобалаған биіктігі 100 метрлік Пирамиданы көреді. Алайда осы бейбітшілік пен келісім деген сөздерді сол жағалаудың архитектурасына байланысты қолдана алмайсың, себебі, түрлі ғимараттар мен көк тіреген

үйлердің стилі мен мазмұны өзара үйлеспейді. Олардың арасында стақан тәріздес, алтын түстес, жылтыр қағазға оралған әйгілі балмұздақты еске салатын, жергілікті халық «эскимо» деп атайтын екі дөңгелек мұнара; сұр-жасыл жұмыртқа нысанындағы ұлттық мұрағат ғимараты; қыша түстес халықаралық бизнес орталығы; Мәскеу мемлекеттік университетінің көшірмесі дейтіндей, ұшар басы бұлттарға барып жоғалатын, кеңестік стильдегі 5000 пәтерлі алып тұрғын үй; жұрттың бәрі «оттық» деп атайтын, айнала шынылары мен төбесінде тәжі бар көп қабатты ғимарат; цирк және фестивальдық топтар өнер көрсететін беймәлім ұшатын объекті тәріздес ғарыш кемесі; кеме пішіндес 3000 орындық концерт залы; араб мешіті; министрліктердің терезе жақтаулары алтын түстес алып ғимараттары; парламенттің жоғарғы және төменгі палаталарының үйлері бар. Қарапайымынан бастап, таңқаларлық әртүрлі дәстүрлер мен стильдердегі биік үйлердің тізбегі көрген жанның көз жауын алады.

Бұл қалыптан тыс метрополияда көптеген үйлеспейтін үйлесімдер бар екендігіне қарамастан, осынау қарама-қарсы түстер мен сынақтар тірі қаланың жалпы сипатын береді. Астана – жас, тұла бойы бұла күшке толы қала, оның тұрғындарының орташа жасы 32-ні құрайды. Егер жазда келуші саябақтарда қыдырыстап, «қуғын-сүргін құрбандары» немесе «жоңғар басқыншыларымен күрескен жауынгерлер» сияқты тақырыптарға арналған еңселі ескерткіштердің жанынан өтіп бара жатып, айналасындағы адамдардың көптеген тілде сөйлесетінін естісе, мұның өзі оған Вавилон мұнарасын есіне салғандай болар еді. Дүкендер мен супермаркеттерден де осыны байқайсыз, онда да әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген тауарлардың алуан түрлілігі жергілікті архитектура сияқты экзотикалы. Алайда астана – мәдениеттердің қақтығысы емес, кірігуі. Осында келіп, астанада бірге тұрып жатқан халықтар ұлттардың тұтас калейдоскопына ұқсайды. Қазақстан азаматтарының тек 55 пайызы ғана қазақтар. Өзгелері 100-ден астам этникалық топтарға жатады, олардың ішіндегі саны жағынан көптері орыстар, украиндар, өзбектер, кәрістер, немістер, ұйғырлар, чешендер, поляктар, қырым татарлары, түріктер, гректер, парсылар, қырғыздар, түркмендер мен қытайлар. Астананың өзгеше жаңалығы сол – олардың бәрін де өз үйіндегідей сезінуіне мүмкіндік береді.

Бірақ ол үй қай жерде? Астана – елдің Еуропа мен Азиядағы ең алыс қашықтықта немесе оқшау орналасқан орталығы. Жақын маңайда ештеңе жоқ. Оңтүстік-шығысқа қарай ұшу сізді 1200 шықырымнан кейін Алматыға алып барады. Егер батысқа қарай ұшсаңыз, астанадан шамамен 1600 шақырым жердегі алғашқы ірі қала мұнай өнеркәсібінің орталығы Атырау болды. Солтүстікте терістік-шығыс жақтағы Сібірден өзге ештеңе жоқ. Солтүстік-батысқа ұсталған бағыт Мәскеуге алып барады, бұл шамамен 3 сағат ұшатын жерде. Осылардың ортасында жазық және таулы жайылымдардың алып кеңістігі – қазақ көшпенділерінің байырғы мекені деп есептелетін Ұлы Сарыарқа даласы көсіліп жатыр. Қазақстан дербес мемлекет атанған осыдан 20 жылдай бұрын мұндай алыс жатқан әрі қонақжай емес жерде жаңа астана тұрғызу мүмкін емес деп есептелуі ғажап емес еді. Назарбаев бұған не үшін барды?

Елдің жаңа астанасын салу идеясы Назарбаевтың басына романтикалық жағдайларда келді. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін бірнеше айдан соң ол терістіктегі Ақмола қаласына ресми сапармен барған. Бұл артта қалған облыс орталығы кеңестік кезеңде даланың жүрегі – Есіл өзенінің жағасына орналасқан ауылшаруашылық өңірдің әкімшілік орталығы және теміржол торабы болатын. Президенттің маршруты қаланың аянышты халдегі көпірі арқылы өтетін; Назарбаев буырқанған су ағынын көру үшін тоқтады. Қазақтар Есіл деп атайтын өзеннің суына ойлана көз тастай тұрып, ол соларға өмір, көрік пен күш-қуат сыйлайтын өзендердің жағаларына орналасқан түрлі елдердің астаналарын есіне түсіре басталы. Ол Мәскеу өзеніндегі Мәскеу, Невадағы Санкт-Петербург, Темзадағы Лондон, Сенадағы Париж туралы ойлады. Үйіне қайтар жолда Жайық өзеніндегі Атыраудың, Сырдариядағы Қызылорданың, Тобылдағы Қостанайдың, Ертістегі Павлодардың көріністерін есіне алды. Осы қалалар мен солардың жағалауларының келбеті зердесіне оралған сайын Назарбаев Есіл өзенінің жағасындағы Ақмолада дала халқының жарқыраған жаңа астанасы туралы армандай бастады.

Романтикалық арман бойды билегенмен, оны практика жүзінде іске асыру туралы тіпті дауыстап еске алуға да болмайтын еді. Бұл ұстамдылығы дұрыс та болып шықты. 1992 жылы Қазақстанды экономикалық күйзеліс билеп-төстеп тұрды. Халық өзінің жеке қаржы дағдарысын шешумен арпалысып жатты, ол кезде еңбекақы берілмек тұрмақ, жинаған жеке қаржыларын жоғалтқан зейнеткерлер үшін тіпті тегін тамақтандыру пункттерін ашу қажет болды. Сол бір қиын-қыстау кезеңде Назарбаев дәстүрлі астананы Алматыдан бұйығы Ақмолаға ауыстыру туралы идеясын жұртшылық алдында жария етсе, оны тәлкекке айналдырған болар еді. Кейінірек ол өз арманының мезгілсіз пайда болғанын мойындады: «Менің бұл туралы бір сөз айтуға да батылым бармады, себебі, ол кезде біздің экономикамыз мұндайды тіпті жоспарлауға да қабілетсіз еді». Соған қарамастан, Президенттің арманы мен жоспары өз кеңесшілерімен жеке әңгімелер шеңберінде болса да қала берді.

Назарбаевтың ми шабуылы тәуелсіз мемлекеттің астанасы ретінде Алматының түзетуге келмейтін кемшіліктері белгілі болғаннан кейін басталды. Көңіл ауаны тұрғысынан алғанда, Президент осы қалаға матулы еді. Ол бұл қаланың сұлулығын, көп ұлтты мәдениетін, қайнап жататын тіршілігін және оны Алатаудың алқа тәріздес шыңдары қоршап жататыны үшін ұнататын. Алайда сол таулар Алматыны кеңейтуге бөгесін еді. Қаланың халқы қазірдің өзінде шегінен асып көбейіп, саны 1,5 миллионнан асқан, сондықтан келешек өсу үшін орын қалмады. Төбе құйқанды шымырлататын автомобиль тығындары қаланы оның маңайымен бірге түгін мен ысқа бөктіріп, ондағы газбен ластану Орта Азиядағы ең елеулі проблемаға айналды. Әуежай орталыққа жақын орналысты, оны жиі-жиі тұман тұмшалап тұрды. Манхэттен мен Гонконгтің үлгісі бойынша биіктік бағытымен өсуге мүмкіндік бар еді, бірақ бұл өңірде жер сілкінісі қаупі бар болғандықтан, Алматыда зәулім ғимараттар салу тым қымбатқа түсетін. Қалай болғанда да, құрылысқа арналған жаңа қоғамдық ғимараттарды

салу үшін жер жоқ дегенді аңғартатын. «Егеменді мемлекет атанған соң, бұрын қажет болып көрмеген жаңа әкімшілік ғимараттарға зәру едік, - деп еске алады ол. – Мәселен, Парламент, Жоғарғы сот, Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі мен шетел елшіліктері сияқты, басқа да мекемелердің ғимараттарына зәру едік».

Осы жағдаяттарды ескере келе, Назарбаев өзінің Алматыға деген ыстық сезімін серпіп, астананы елдің басқа өңіріне ауыстыру керек дегенді айтып салды. Бірақ қайда?

Қазіргі әлеуметтік құрылымға футуристік ұмтылыс Қазақстанның тарихы мен мәдениеті туралы ретроспективтік қиялдаулармен ұштасып жатты. Назарбаев үшін ешқандай тек-тамырлары жоқ астана жасанды нәрсе сияқты болып көрінді. Сол себепті, елдің орталық бөлігіне орналасқан, даланың жүрегінде таулары бой созып жататын Ұлытаудың үміткерлігіне кәдімгідей-ақ байсалды мән берілді. «Ерте замандарда елдің түкпір-түкпірінен, батыстан, оңтүстіктен және шығыстан қазақ ру-тайпалары Ұлытауға жиналатын. Қазақ ұлты осында тұтасқан», - деп есептейді Президент.

Қазақ көшпенділердің кездесу орны Назарбаевты романтикалық түйсікке шақырды, алайда қаладан іс жүзінде ештеңе қалмағандықтан, көп ұзамай Ұлытау астанаға үміткерлер тізімінен сызылды. Қазақ хандығы көне астанасының жалғыз ізі ретінде тек тайпалар қыстауларының орындары қоршаған топырақ үйінділері ғана қалыпты. Бір кездері көптеген түйе мен жылқы керуендері жүрген сүрлеу бойынша, олардың орнына тас жол, темір жол сияқты бүгінгі көлік инфрақұрылымы пайда болмапты.

Ұлытаудан кейін Қарағандыға да елеулі мән беріле қаралды. Оның оралыққа орналасуы Назарбаевқа ұнайтын. Сондай-ақ оған осы қаламен жеке байланысы да ұнайтын, жас кезінде оны «Жер кіндігі» санайтын. Ол Қарағандыда үйленді, өз балаларын тәрбиеледі, болат құю зауытында жұмыс істеді және комсомол жетекшісі ретінде қызмет баспалдағымен жоғары өрледі. Бірақ қалада жақын маңда көмір шахталарының болуына байланысты, суға және жердің шөгуіне қатысты елеулі проблемалардың бар екені мәлім болды. Осы проблемалар Қарағандыны тізімнен сызғызды.

Қарағандының терістік жағында жетпіс миль жерде қазақ тарихында Ақжол, Ақмола, Целиноград және тағы да Ақмола атанған қала орналасқан. Х ғасырдың өзінде Ақжол аумағы ислам суретшілері мен қолөнершілерінің орталығы болған. Археологиялық қазбалар сол кездің кірпіш күйдіретін пештерін, сондай-ақ түрлі таблицалар, зират басына қойылған плиталар мен мешіттердің бай әшекейлерін тапты.

1990-шы жылдардың басында ұлтаралық араздықты болдырмай Назарбаевтың басты басымдықтарының бірі болды. Жас мемлекет үшін жұртшылықты халық тығыз тұратын оңтүстіктен агроөнеркәсіпті солтүстік пен елдің орталық бөлігінің кең даласына ішкі қоныс аударуға ынталандырудың маңызы бұдан кем емес еді. Назарбаев сонымен бірге ел орталығын ескі кеңестік төрешіл мәдениеттен аулақтатып, астананы қазақтар негізінен орыс тілінде сөйлейтін халықпен араласып кетіп жатқан облыстарға көшірген жөн деп тапты. Ақмоланың ХХ ғасырда екінші астанаға үміткер ретінде қаралуының бұл да бір себебі еді.

Ақмоланың келешегі туралы сыбыс 1993 жылдың екінші жартысында таратылды. Ол сыбыстар қалаға Назарбаев жеті рет тосыннан келіп кеткеннен кейін пайда болды. Жергілікті тұрғындар көшелерді аралап, Есілдің жағасымен қыдырыстап, қаланың танымал тұрғындарымен тосын кездесулер өткізіп жүрген өз Президенттерін көруге көздері үйренді. Назарбаев Кеңес Одағы тарағаннан кейін Қазақстанға енген еркін нарық пен кәсіпкерлік әлеміне батыл араласа бастаған, әсіресе жас бизнесмендермен рахаттана әңгімелесетін. Сондай кәсіпкерлердің бірі Цесна тобы сауда-құрылыс компаниясының негізін қалаушы Әділбек Жақсыбеков еді.

Жергілікті журналист Президенттен оның реформаларын жеделдету үшін Ақмоланың іскерлер қауымдастығы не істеу керек деген сұрақ қойды. «Ол үкіметпен және парламентпен бірлесе жұмыс істеп, маған реформаларды ілгерілетуге көмектесуі керек», - деп жауап берді Назарбаев.

Осы мәлімдеменің күні – тәуелсіздік алғаннан кейін небәрі жиырма ай өткенде – «үкіметпен және парламентпен бірлесе жұмыс істеуге» күтпеген жерден шақыру Президент ойының қалай жұмыс істеп жатқандығына қызғылықты бағдар сілтейді. Ақмола бизнесмендері Қазақстан үкіметінен іс жүзінде де, географиялық тұрғыдан да өте шалғайда жатыр еді. Оңтүстікке қарай 1200 шақырым қашықтыққа орналасқан Алматы саяси, мәдени және экономикалық артықшылықтар тұрғысынан алып қарағанда, дала үшін бөгде әлем сияқты көрінетін. Назарбаев өзіне осы екі дүниені біріктіру міндетін қойғаны туралы үндей қоймайды. Оның Ақмоладағы өмірге деген қызығушылығы өз барлауының бір бөлігі болатын. Ол болашақ астана ретінде қалаға өз бағасын берді. Оған солтүстік жас бизнесмендердің жаңа ұрпағының көзқарастары ұнады. Ол Жақсыбековтен және басқа да көптеген адамдардан жергілікті және облыстық көлік коммуникациялары туралы сұрастырды. Жолдар жақсы болып шықты. Хрущевтің тың жерлерді игеру жөніндегі ауқымды жобасының нәтижесінде Ақмола дүниенің төрт бұрышының қалаларымен байланыс орнатып, темір және автомобиль жолдарының торабына айналған. Бәлкім, дамыған көлік желісі таразы басын Ақмолаға аударған шешуші практикалық фактор болған да шығар. Алайда таңдау жасауға бәрінен де бұрын Назарбаевтың стратегиялық ой-мақсаттары әсер етті.

«Бізге Қазақстанды геосаяси көзқарас тұрғысынан нығайту керек еді, — деп түсіндіреді Назарбаев, — астана Еуразия құрлығының ортасында болып, еуропалық және азиялық дәстүрлердің тоғысына айналуы тиіс». Мұндай ниет оның отандастарының ойлау кеңістігінен әлдеқайда алыс жатқан болатын, 1990-шы жылдардың басында Президент сияқты геосаяси категориялармен ойлайтын немесе «Еуразия құрлығы» терминін қолданатын Қазақстан азаматтарының саны санаулы еді. Ақмоланың өзі алыста жатқан, келешегі жоқ жергілікті қалашық болатын. Оның тұрғындары өмір сүру үшін күнделікті проблемалармен алысып, геосаясат немесе басқа халықтардың мәдениетімен кірігу туралы тіпті ойлай да бермейтін. Олар Назарбаевтың астананы далаға көшіру туралы басқа стратегиялық уәжіне де енжар қарар ма еді. Бірақ ол уәж қауіпсіздік

туралы ойларға негізделген болатын. «Мінсіз көзқарас тұрғысынан алғанда, тәуелсіз елдің астанасы оның сыртқы шекараларынан біршама қашық әрі елдің ортасында орналасуы тиіс», — деп есептеді ол. Теория жүзінде Президенттің пікірі дұрыс еді, бірақ нақты өмірде Ақмоланы әлдебір күшті шетелдік басқыншыдан қорғауға болады екен деген долбар 1990 жылдардың басында қоғам тарапынан түсіністікпен қабылданбайтын.

Назарбаевтың үшінші стратегиялық уәжі дамуға арналған қуатында болатын, себебі, ол елдің жаңа астанасы Қазақстанның қиюы қашқан экономикасына серпін беретініне сенді. Мұндай көзқарасты Ақмоладағы банктер мен құрылыс компаниялары қолдады, бірақ Алматының іскерлік ортасын солтүстіктегі алып құрылыстың жобасы не себепті қуанышқа бөлей қоймағанын түсінуге болады, мұның өзі елдің өздеріне тиесілі ресурстарын бөліп әкетуі мүмкін еді.

Үкіметтік орталықты Ақмолаға көшіруге байланысты күмәншілдіктің мұндай көздерін Назарбаев, әрине, жақсы білді. Олар едәуір сақ саясаткерді біршама күте тұруға мәжбүрлей алатын еді. Бірақ жан дүниесінде шешім қабылданып қойған соң, мұндай толқу Президенттің мінезіне жат болатын. Сондықтан, 1994 жылғы 6 шілдеде, өзінің 54 жасқа толған туған күнінде Назарбаев Парламентте ел астанасының Алматыдан Ақмолаға ауыстырылатыны туралы ресми түрде хабарлады.

Астананы көшіруге Парламенттің келісімін қиындықпен, тіпті, саяси ептілік пен айла-шарғыларды қолдану арқылы алған Назарбаев қолдауға ие болу үшін нәтижелерге тез жетуге ұмтылып, жедел іс-әрекетке көшті. Ол министрлер кабинетіне 1994 жылдың аяғына дейін Ақмолаға қатысты техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді, сондай-ақ астананы сонда көшірудің мерзімін белгілеуді бұйырды. 1995 жылғы 15 қыркүйекте ол «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» жарлық шығарды, сол бойынша үкіметтің негізгі орталық ведомстволарын Ақмолаға көшіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылды. Бақытқа қарай, бұл жарлық қазақ электоратының оның жаңа Конституциясын 91 пайыз басым дауыспен мақұлдаған шешуші сеніміне ие болғаннан кейін небәрі екі аптадан кейін жарық көрді.

Қазақстанның ішінде де, оның сыртында да көптеген бақылаушылар астананы көшіру бұрын-соңды кезде жүзеге асатынына сенбеді. Жобаға қатысты жергіліктілерге қарағанда, шетелдік күмәнданушылардың саны едәуір көп әрі тілдері де уытты болды. Мұндай сенімсіздікпен күресу үшін Назарбаев Қазақстан сыртқы істер министрлігіне елшілер мен басқа дипломатиялық өкілдіктер үшін Ақмола бойынша VIP-саяхат ұйымдастыруды тапсырды. Сапар сәтсіз болды.

Саяхат 1995 жылдың желтоқсанының суық таңында басталды. Ақмола әуежайының ойқы-шойқы жолағына селкілдеп барып қонған жоғары мәртебелі қонақтарды қалаға алып барды. Жергілікті жол бастаушылардың

көбі, сірә, өз қаласы үшін жаңа дәуірдің басталып келе жатқанын сезіне қоймаған болулары керек, себебі, олар саяхаттың алғашқы сағаттарында арасында Лениннің ескерткіші, социалистік еңбек ерлерінің портреттері мен тың игерушілердің ізашарлары құрметіне тұғырға орнатылған тракторы бар кеңестік монументтерді көрсетті.

Ақмоланың көріксіз көшелері мен тозығы жеткен үйлері дипломаттарға оңды әсер қалдырмады. Назарбаевтың ауқымды ой-жоспарына олардың көңілсіз шүбәсі даладан соққан өңменіңнен өтетін желден қорғайтын жылы киімнің жетіспеушілігінен одан әрмен үдей түсті. Бірқатар қонақтар, әсіресе ыстық елдердің өкілдері суықтан тісі тісіне тимей, қалтырай тоңды. Иранның елшісі өзімен бірге құлақшын алуды ескермегендіктен, суықтан бүрсең қақты деуге болады. Американдық елші Элизабет Джоунстың да шляпасы болмай шықты. Топ Есіл өзеніне жақындаған кезде оның тері құлақшынын жел жұлып әкетті. Өздерінің кісілігін көрсеткісі, жоқ әлде, бойларына қан жүргізгісі келді ме, дипломаттардың біразы қаланы қызықтауды сайқымазаққа айналдырып, жағалауды бойлап бас киімді қуа жөнелді.

Жоғары мәртебелі қонақтардың көпшілігі Назарбаевтың Ақмола туралы арманы орындалмайды деген байыпты қорытындыға келді. «Елшілердің ешқайсысы да астананы көшіру жоспарларының таяу келешекте жүзеге асатынына сенбеді, — деп еске алады құрметті қонақтарды ертіп жүрген Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаев. — Менің уәждерім шүбәлі езу тартумен, инфрақұрылым мен климат тұрғысынан алғанда, қала жарамсыз деген суық ескертулермен қарсы алынды».

Астананы көшіру туралы жоспарларын жергілікті және шетелдік күмәнданушылардың сынауы Назарбаевты мазасыздандырса да, ол мұны ешқашан сыртқа көрсеткен емес. Оның көзқарасы «тек қана алға» болды.

Жаңа астана үшін жауапкершілікті Назарбаев Президент ретінде ғана емес, оның меншік иесі сияқты алды. Ол қала құрылысы және үкіметті сонда көшіру жөнінде ықпалды Мемлекеттік комиссия құрғанымен, комиссияның әр мүшесі көп ұзамай өздерінің тікелей Назарбаевқа бағынатынын, ол әр жобаны тәптіштеп өзі қадағалайтынын сезінді. Алғашқыкүндерден бастап оның жіті назараударуы тек әкімшенеуіктерді ғана емес, құрылыс жетекшілері мен жұмысшыларды да таңырқатты. Бастапқы жеті қабатты үйлердің бірінің іргетасын құю кестесінің бұзылуына жол берілген тұста, Назарбаев құрылысқа түнде тек күзетімен ғана келді. Жеті түнде іргетас түсетін қазылған жерді өзі өлшеп көрді. Қазба жұмыстарының мэрияның жазбаша есебінде көрсетілгендегіден едәуір аз аумаққа жүргізілгені анықталғанда, ашуланғаннан түтігіп кетті. Келесі күні таңертең Назарбаев барлық шенеуіктер мен құрылыс алаңының басшыларын өз кабинетіне жинап алып, сілікпесін шығарды. Бұдан кейін өзіндік айрықша жұмыстар бойынша кешігулер мен ішкі дау-дамай қайталанған емес. Күрделі климат жағдайларына қарамастан, құрылыс дер кезінде аяқталды.

Құрылыстың алғашқы легіне атсалысқан көптеген мердігерлер Ақмоладағы ауа райының жағдайларына байланысты қатты алаңдады.

Қала жазда ыстық әрі желкем, ал қыс Мәскеудегідей суық, оны әйгілі қарлы борандар одан әрі қиындата түседі. Көп ұзамай, **1996 жылдың Жаңа жылынан кейін Назарбаев негізгі құрылыс орындарын аралап көрді. Температура Цельсий бойынша 30 градустан төмен болатын, қатты жел соғып тұрды. Президент ауа райының нашарлығына байланысты шағымдарды, көңілтолмаушылық пен сылтауларды құлағына ілмеді. «Бұл осы жер үшін қалыпты ауа райы, — деді ол. — Бұл біздің отанымыз бен біздің ата-бабаларымыздың ауа райы. Мұнда тұрған ештеңе жоқ! Біз проблемаларды шешіп, құрылысты кесте бойынша аяқтауымыз керек».**

Алдына өзі қойған мүмкін еместей көрінетін межеге қол жеткізуі үшін ол басты орындаушыларға нақты қолдау көрсетіп отырса да, өзіне бағыныстылардан мүмкін еместі талап ету Назарбаевтың үйреншікті әдетіне айналды. Кесте Президенттің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» жарлығымен бекітілген болатын. Онда жаңа астана өзінің мәртебесіне 1997 жылғы 10 желтоқсанда ие болып, ал оның ресми ашылуы 1998 жылдың 10 маусымына белгіленіп еді. Бұл екі дата да Президентті қолдап жүретін шенеуніктердің өздері үшін де мүмкін еместей көрінген. Солардың бірі, сол кезде Астананы көшіру жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары болып істеген Фарид Галимов өз астанасын Боннан Берлинге көшіру үшін он жыл қажет болды және үкіметті жергілікті шағын қалашықтан ірі қалаға көшіргендіктен, олар дұрыс жолды таңдады. Біз ірі қаладан шағын қалаға кетіп дұрыс істемей отырмыз. Соған қарамастан, біздің Президентіміз астананы екі жылға жетер-жетпес уақытта көшіруді талап етіп, тұрып алды. Және оның ерік күші барлық қарсылықтар мен кедергілерді бұзып-жарып шықты. Нәтижесінде әлемдегі бірде бір астана осындай қысқа мерзімде көшірілген емес».

Саяси ерік күшінен басқа қаржылай тапқырлық та талап етілді. Назарбаев жеңілдетілген пайызбен шетел үкіметтерінің, атап айтқанда, Сауд Арабиясының, БАӘ, Катардың, Түркияның, Италия мен Жапонияның гранттарымен және несиелерімен қамтамасыз етті. Сондай-ақ ол шетел компанияларынан ақшалай немесе заттай қайырымдылық көмек алуға тырысты.

Назарбаевтың мұндай проблемалардың шешімін табудағы тапқырлығы соншалықты, жергілікті бизнес иелері егер ол Президенттік қызметін жоғалтса, халықаралық жобалардың қаржы менеджері жұмысын оп-оңай табар еді деп әзілдейтін. Мәселен, Ақмоланы электрмен қамтамасыз етуде дағдарыс орын алған кезде оны шешудің жалғыз жолы өз генераторы бар үлкен кірме еншілес жаңа станса салу еді. Өкінішке қарай, бюджетте жобаға ақша болмай шықты. Назарбаев жылу-электр қуатымен қамтамасыз ететін компания құруды ұсынды. Ол «Эксимбанктен» 150 миллион доллар несие алып, осындай станса салып, оны өз тұтынушыларынан жиналатын қаржының есебінен бірнеше жыл бойы төлеуі керек еді. Бұл жоба жедел жүзеге асырылды.

Телефон желілері жетіспеушілігінің проблемасын шешуде де осы іспеттес жаңалық қолданылды. Кеңестік дәуірден мұраға қалып, әліге дейін монополиялық тәжірибенің құрсауында болып келген «Қазтелеком»

компаниясы сұранысты қанағаттандыру үшін жеткілікті дәрежеде тез қимылдай алмады. Назарбаев бәсекелестер шақыруды ұсынды. Нарыққа бағдар ұстаған бір компания сол арада-ақ жаңа жүйеге инвестициялар ұсынды. Бір жылға жетпей Ақмола елдегі ең жақсы телефон жүйесінің иесі болып шыға келді.

Әйтсе-дағы жұмыс барысының салтанатты беткі келбеті мен нақты іске асуының арасында елеулі айырмашылық болғандықтан, 1997-1998 жылдың қысқы мезгілінде сенім қажеттілікке айналды. 1997 жылғы 8 қарашада Назарбаев қаланы ел астанасы ретінде ресми түрде ашты. Суық желдің өтінде тұрып ол Президент резиденциясының көгілдір күмбезінің үстіне ұлттық туды көтеруді бұйырды. Содан кейін әсерлі сөз сөйледі: «Ақмола біздің рухани байлығымыздың, біздің қасиетті дәстүрлеріміздің орталығына айналды. Оның миссиясын ерік-күштің рухы мен қайсарлықты талап ететін биік шыңға шығумен салыстыруға болады».

Назарбаев жаңа әкімді — қала мәрін тағайындады. Жаңа әкім осыдан төрт жыл бұрын Президент осы қалаға танысу сапарын жасаған кезде жақсы әсер қалдырған жігерлі кәсіпкер Әділбек Жақсыбеков болды. Назарбаевтың өз тағайындалушысына айтқан сөздері ол үшін жаңалық болды: «Қазір қаланың дамуы үшін нарықтық экономиканың әдістері керек, — деді ол. — Жоғары стандарттар, тез орындау және тиімділік — басымдықтар осылар... Менің Ақмолаға қалай қарайтынымды сіз білесіз. Мені дұшпанға таба етпеуіңізді, сатпауыңызды өтінемін. Біз толық сеніммен жұмыс істейміз. Бірақ мен сізді бәрі үшін жауап беруге мәжбүрлеймін».

Ақмоланы шалғайда мүлгіп жатқан қалашықтан халықаралық астанаға айналдыру үшін маңызды стратегиялық шешімдер қабылдау қажет еді. Алғашқы рәміздік қадамдардың бірі қаланың атын өзгерту болды. Орыс тілді баспасөз қала атауының дәл мағынасы Ақ мола немесе Қатал қыс дегенді білдіруі тым сәйкес келе қоймайды немесе, керісінше, өте сәйкес келеді деп түсіндірді. Кейбір адамдардың зердесінде Ақмола тек қатал климат ретінде ғана емес, сондай-ақ түрмелік лагерлер, жер аудару, маса, экономикалық бүліншілік және басқа да келеңсіз құбылыстар ретінде де елес беретін. Назарбаев өткеннен толық қол ұзу керектігін сезінді. Қаланы Сарыарқа, дала кіндігі Есіл (өзеннің атауымен), тіпті Нұрсұлтан деп те атау ұсынылды. Назарбаевтың өзі Астана атауын ұсынды. Қазақ тілінде бұл сөздің қыранның самғауын немесе қанат байлап болашаққа бет алуды аңғартатын мағынасы бар. Алайда Назарбаев оны лингвистикалық импликацияларына қарап таңдаған жоқ. Бұл сөз орыс тіліне наңпа-нақ «астана» деп аударылады. Бірақ Назарбаев «астананың аталуы мінсіз — нақты, айтуға жеңіл, барлық тілдерде де түсінікті» деп, өзінің таңдауын батыл түрде қорғады. **Бірнеше аптадан кейін Президент жарлығымен Қазақстан Республикасы астанасының атауы ресми түрде Астана деп өзгертілді.**

Жергілікті жерде болса, өзен жағалаулары ең ірі стратегиялық мәселеге айналды. Бұрынғы Целиноград пен бұрынғы Ақмола Есіл өзенінің солтүстік оң жағалауына салынған болатын. Сол жақ немесе оңтүстік жағалауда тұрғындар аз еді, шағын саябақ пен қаланы оңтүстіктегі

далалық жазықтардан бөліп тұратын бірнеше жол ғана бар болатын. Көпшіліктің пікірі қала құрылысы негізінен инфрақұрылым, тұрғын үйлер мен қызметтік және қоғамдық ғимараттардың тұтас жүйесі қазірдің өзінде бар оң жақ жағалауды қоныстандыру есебінен жүргізуге бейім тұрды.

Назарбаев көпшіліктің пікірімен келіспеді. Көп адамдар үшін Есіл шағын ғана қызықсыз өзен, ал батпақты сол жағалауы құрылыс үшін жарамсыз болып көрінгенімен, Президенттің пікірі басқаша еді. Ол Есілдің сұлулығы мен оның бос жатқан сол жақ жағалауы үшін мүмкіндіктерді байқады. Оның алғашқы арманы 1998 жылғы наурыздың суық таңында, Назарбаев әкім Әділбек Жақсыбековпен Астананы аралаған көп сапарларының бірінде көрініс берді. Сол шешім қабылдау сәтін әкім былайша суреттейді:

«Біз «Самал» тұрғын үй ауданын көруге бардық та, содан кейін Есілді бойлап қыдырдық. Президент плашы желге желбіреп, өзінің күзетінен, кеңесшілері мен сәулетшілерден алда жүріп отырды. Сол жерде ол кез келген өзенді де қызықтап, тамашалауға болады, кез келген астананың өзен жағасына орналасатындай жолы бола бермейді, өзенге қарайтын көріністің артықшылықтарын тапса, пайдаланбау ақымақтық болар еді дегенді айтты. Содан кейін ол ротондалармен көркемделген, серуендеуге арналған кең алаңқайлары бар әсем жағалау салуды ұсынды. «Бұл қаланы өте көркейтеді», — деді ол. Біз бұл идея төңірегінде ойланыңқырап, үндемей қалдық. Содан кейін Президент Назарбаев: «Бізде сондай жағалау болады. Құрылысты тұсаукесер күніне аяқтау керек», — деп батыл мәлімдеді.

Тұсаукесер күніне дейін тым аз, небәрі үш ай ғана қалып еді. Бірақ бұл кезге дейін қалада 80 ірі құрылыс компаниялары жұмыс істеп, оларда 15000-нан астам жұмысшылар еңбек етіп жатты. Біздің алдымызға Назарбаевтың тапсырмасы бойынша ені алты метр етіп жобаланған жағалауды салу міндеті қойылды. Бұл жоба Есілдің жағасына төселетін ұзындығы 15 шаршы километрден асатын тас блоктарды қажет етті. Жұмыстар тәулік бойы жүргізілді, материалдар жүйесіз жеткізілді, жұмыс қарқыны адам төзгісіздей болды. Жобаның ауқымдылығына және құрылыстың кеш басталғанына қарап, оның уақтылы аяқталатыны сенімсіздеу көрінген.

1998 жылдың 10 шілдедегі тұсаукесер күні жақындаған сайын шамадан тыс қарқынмен жұмыс істеген тек мемлекеттік мердігерлер ғана емес еді. Сол уақытқа дейін жекеменшік құрылыс салушылар да өз жобаларын аяқтаулары тиіс еді. Сондықтан 1998 жылдың көктемінде көптеген ірі және ұсақ құрылыс келісімдері аяқталуға жақындады. Олардың ауқымы жанармай құятын бекеттерден бастап, боулингке арналған залдарды, автомобиль дүкендерінің витриналарын, қонақ үйлерді, сауда орталықтары мен тұрғын үйлерді қамтитын. Мемлекеттік және жекеменшік құрылыс ұйымдарының осындай жанталасқан құрылыс әрекетінің нәтижесінде Астана алып құрылыс алаңына айналып, онда жұмыс тәулігіне 24 сағат бойы толық қарқынымен жүргізіліп жатты. Уатқыш балғалар мен қысым бұрғыларының гүрсілі, компрессорлар

мен электрогенераторлардың ышқынысы, 2000-нан астам ауыр машиналар, бульдозерлер мен экскаваторлар двигательдерінің дарылы алып әрі үнсіз жатқан даланы бұған дейін ешқашан естілмеген шулы жаңғырыққа бөледі.

Осындай жанталасқан әбігершілікке қарамастан, тұсаукесер күні кейінге қалдырылады екен деген сыбыс тарады. Көптеген мердігерлер өз міндеттерін орындауды аяқтау үшін уақыт керек деген уәжбен тұсаукесер уақытын кейінге ысыруды қалады. Назарбаев бұл туралы тіпті естігісі де келмеді. 1998 жылдың сәуірі мен мамырында жұмысшылар мен инженерлердің алдында сөз сөйлеп, оларды тапсырмаларды уақытында орындауға шақырып, құрылыс алаңдарына апта сайын баруын жиілетті. «Сонысы арқылы ол көп жеке ықпалын тигізді, — деп еске алады Назарбаевқа сапарлары кезінде жиі еріп жүретін Владимир Ни.

10 маусым тұсаукесері күні қарсаңындағы сағаттарда болған шымылдық сыртындағы драмалық оқиғалардың ішіндегі ең әсерлі табысы ауа райын өзгерту болып шықты. Әдеттегі жағдайда мұның бәрі Құдайдың қолында болса да, бұл жолы ауа райын өзгертуді Қазақстан Президенті өз қолына алды. Ауа райын болжаушы мамандардан Астанаға атмосфералық нөсер төніп келеді және ашылу салтанатын қатты жаңбыр бұзады дегенді естіген соң, Назарбаев көмекке Ресей ауа райын бақылау агенттігін шақырды. Оның ұшақтары найзағайлы бұлттарды көктей ұша жүріп, арнайы экологиялық таза иодты күміс пен құрғақ азот қоспасын шашты. Әдіс өз жемісін берді. Жаңбырдың көп бөлігін риза болған фермерлердің астықты алқаптарына төгіп, атмосфералық көшкін Астанадан көп миль алыста сейіліп жатты.

Ал бұл мезгілде астананың көшелерінде парадтар, шерулер, құйылған сөздер, бұралған билер, рәсімдер мен мерекелік шаттықтың бәрі де бар қарқынымен қызып жатты. Басты оқиғалардың бірі ғарышпен орнатылған «телекөпір» болды. Ол қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаевқа бейнебайланыс арнасы арқылы «Мир» стансасынан (Байқоңырдан ұшырылған) Президент Назарабаевпен сөйлесіп, оны Астана тойының ашылуымен құттықтауға мүмкіндік берді.

Тұсаукесердің мәресі әсерлі эстрадалық концерт еді. Бүкіл әлемнің белгілі әншілері ән шырқады. Алайда бәрін жолда қалдырған трио кәсіби әншілер емес, Украина, Қырғызстан және Қазақстан Президенттері болды. Леонид Кучма, Асқар Ақаев және Нұрсұлтан Назарбаев күтпеген жерден сахнаға шығып, украинның әйгілі «Ты ж мене пидманула» («Сен мені алдап кеттің») әнін бірден шырқай жөнелді. «Ты ж мене пидманула-ны» Днепродзержинскідегі студент кезінде жаттап алған Назарбаев украин әнін мүдірмей айтты. Өз елінің кең тараған әнінің сөзін ұмытып қалып, көпшілікті қатты күлкіге кенелткен Украина Президенті Леонид Кучма туралы бұлай деуге болмайтын еді. Қалай дегенде де, ән айтқан үш Президент онсыз да мерекелі кешті одан әрмен көңілді ете түсті.

Он жыл бойы, 1998-2008 жылдарда Астанада өсу кезеңі айқалды. Назарбаевтың басшылығымен Есілдің сол жағалауы батпақтан метрополияға айналды. Құрылыс бағдарламасында елеулі орын әлеуметтік объектілерге, атап айтқанда, «госпитальдық

кластер» деген атпен белгілі алты жаңа ауруханалық кешендерге берілді, олар кардиология, бала тууға көмектесу, жедел және травматологиялық көмек, нейрохирургия, педиатрия және жалпы терапия саласына арнап қазіргі заманғы медициналық қызмет көрсетуге арналды. Әрине, қазақ даласында Майо Клиникасы сияқтыны құру қымбат тірлік еді, бірақ Назарбаев ең соңғы үлгідегі медициналық орталықтың жабдықталуы Орталық Азия мен бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының пациенттері үшін магнит болады деп ойлады. Алайда, құрылыс бағдарламасында өнеркәсіп объектілерінің болмауы бірден көзге түсетін. Назарбаевтың шешімі осындай еді — астананы «ақ жағалылардың» және таза экологияның қаласы ету болды. Ал бизнес пен коммерцияның барлық түрлері Астананы дамытудың бағдарламасында кең өріс алды. Сондықтан астана құрылысы бюджетінің жартысын жекеменшік сектор қаржыландырғанына таңырқауға болмас. Инвесторлар, компаниялар, банктер Астананы дала Эльдорадосына айналдырып, ай сайын дерлік бірінен бірі өтерлік зәулім ғимараттар салуға жарыса лап қойды.

Назарбаев қаланың өсуіне жіті басшылық жасады. Оның басты міндеті құрылыс қарқынын демеп отыру болып көрінген. Ол жапон сәулетшісі Кишо Курокаваға сеніп тапсырған бас жоспардың мұқият қамқоршысы болды. Осы белгілі сәулетші елордаға тартымды инновацияның тақырыптық атмосферасын берді. Астана жыл мезгіліне байланысты құбылып тұратын көңіл-күй қаласына айналды. Ол көктемде күту қарсаңындағыдай әрі мазасыз. Жазда ыстық әрі тынымсыз. Қалың қар жататын қарашадан бастап наурызға дейін тыныш та әсем. Есілдегі конькимен сырғанаушылар мен суық жұлдызды түндер Астанада Ганс Христиан Андерсеннің ертегі еліндей әсер қалдырады.

2008 жылғы шілденің алғашқы аптасында Астананың 10 жылдығын мерекелеу салтанаты болды. Мерекелеудің алғашқы бөлігінде мыңдаған жастар көшелерде көңіл көтерді, жағалаудағы дыбыс күшейткіштерден шыққан музыкаға биледі, ашық аспан астындағы кафелерде сусын ішті және автомобильдердің сигналдарын дуылдатты. Нағыз мерекелік ахуал ойламаған жерден болып жатты, көтеріңкі көңіл-күй көрігін ашық киім киген, барлық іс-шаралардың ортасында жүрген топ-топ балалар қыздырды. 5-7 шілдедегі мереке күндері Астана сөз жоқ бақытты өмір сүретін халықтық елорда ретінде көрінді.

6 шілдеде Назарбаев өзінің 68 жасқа толуын атап өтті, сондықтан, көп рәсімдер сөзсіз оның өзіне және Астананы тұрғызушы ретіндегі іс-әрекеттерінің жылнамасына қатысты болып жатты. Үлкен пирамидада келген мемлекет басшылары сөз сөйледі. Биіктігі 100 фут монументті ашу кезінде жоңғар басқыншыларын талқандаған ортағасырлық қазақ жауынгерлері шайқасының болмысын көрсетті. Ұлттық оркестр көне халықтық әуендерге тіл бітірді, талантты орындаушылар домбырамен ән шырқады. Өзге іс-шаралардың арасында мерекелік отшашу, спорттық фестиваль мен әсерлі эстрадалық концерт бар еді. Қызықты іс-шаралар кезінде нан және өзге де негізгі азық-түлік тағамдары жартылай бағамен сатылып жатты. Бұл ірі супермаркеттердің мереке күндеріндегі

жұртшылыққа сыйлары болатын. Назарбаев барлық негізгі іс-шараларға қатысты, солардың көпшілігінде құттықтау сөз сөйледі.

«Сіздер — сынақтар мен үміттер кезеңінде менің жанымда болған көзге көрінбейтін майданның жауынгерлерісіздер», — қатысып отырғандарға Президент осылай деді. Оларды жылу қатып қалып, электр қуатын беруде іркілістер болып тұрған алғашқы кездегі қиындықтар туралы көңілсіз әзілдермен сергітіп алған Назарбаев Астананың болашағы туралы шабыттана әңгімеледі. Оны «ежелгі далада тұрғызылған әлемнің ең жас астаналарының бірі... елдің геосаяси орталығы... ғаламдық конфессияаралық диалогтың жүрегі... Еуразияның тоғысы» деп мадақтады. Содан кейін оған астананы салуға көмектескен өзінің отбасына және көптеген достарына өзінің ризашылығын білдірді. Бұл — әзілі аузынан түспейтін, сонымен бірге Астанаға жан-жүрегімен берілген Назарбаев еді. Бұл маңызды саяси сөз сөйлеу болғанымен, осы шағын ортада жылы көңіл-күй ауанын орнықтырған, жүректен шыққан лебіз болатын. Содан кейін сөзбен айтып жеткізуге келе бермейтін көңіл толқытарлық сәт орын алды. Назарбаев залдың би биленетін ортасына шығып, американ саясаткерлері айтатындай, «жұртшылықтың көңілін аулады». Алайда мерекенің осы ең соңғы іс-шараларының бірі туралы айтқанда, жұртшылық Президенттің көңілін аулады деген дұрысырақ болар еді. Протокол жайына қалды. Қатысушылар бірінен кейін бірі, топ-топ болып мемлекет басшысын құшағына қысып, қолын алып жатты. Бұл жүрек тебіренерлік көрініс еді. Әрине, Назарбаев жұртшылықты риза етуге тырысты, бірақ қатысушылардың бәрі де мұның шын көңілден шыққанын білді. Олар тойлап жатқан Астананың тарихи жетістіктері де шынайы еді.

Кешкі астан кейін Назарбаев сол жағалаудағы екі алтын мұнараның — «эскимоның» ортасында өтетін осы күннің ең есте қаларлық әрі ерекше оқиғасына айналған әдеттегіден өзгеше концертке қатысуға аттанды. Жоғары классиканы (ұлттық симфониялық оркестрдің орындауындағы Штраустың «Аққу көлі» балеті) қазақ фольклоры (жігіттер биі мен домбыраның ғажайып күй-әуені) мен Батыстың танымал әндері («Опера елесі» және Уитни Хьюстон) алмастырды. Бірақ концерт аяқталуға жақындағанда Президент ақырын шығып кетті. Бұл жоспарланбаған кету тіпті жанындағы ресми адамдар үшін де күтілмеген жайт болды. Әдеттегі көмекшілері мен күзетінен құтылған Назарбаев алаңға шықты. Түн ортасындағы жылы ауамен және 6 шілдеде астананың аспан күмбезін жұмсақ нұрға бөлеп тұрған жаңа туған әсем айдың сәулесімен жаны рахаттанған ол алаңда қыдырып жүргендермен, әсіресе студенттермен әңгімелесіп, әзілдесті. Осы қарапайым әрі кездейсоқ болған жүздесуден кейін көлігін шақыртып, кетті де қалды. Жанында еріп жүргендерді таңырқатып, ол күтпеген жерден өзін қала сыртына алып баруды өтінді. Назарбаев Астананың 10 жылдығы мерекесінен кейінгі атар таңды сонда — Сарыарқаның ұлы даласында, өз халқы мен ата-бабаларының жүрегінде қарсы алғысы келді.



ЕЛБАСЫНЫҢ ТАРИХИ ЕРЛІГІ

Алдан Смайыл

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Тарих! Заман! Қоғам! Халық! Төрт құдірет! Адамзатқа, оның бүгінгі мен ертеңіне үкім айтуға бәрінің де құзыры жетеді. Тарих-төреші, заман-сыншы, қоғам-мінші, халық-таразы. Тамыры тереңге кететін шешімін осы төртеуінен сауып алған ел адаспақ емес. Жадында өткен дәуірлер жаңғырығып, көкірегінде уақыттың тәлімі күмбірлеген ұрпақтың темірқазық бағытын табатыны да анық.

Қазақстан, оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өткеннің есесі, бүгіннің есендігі үшін қазіргінің де, таяу және алыс келешектің де тағдыры тебіреніп, түн ұйқысын төрт бөлгені әмбеге аян. Ғаламның жағасынан алған азуы алты қарыс державаның шаңырағы ортасына түсіп, мәңгілік делінген идеялардың астан-кестені шыққанда, қоғамдық сананың безбенінде үміттер мен күдіктер кезек теңселді. Дәл осы тұста, қазақ есімді қарабайыр халыққа сын сағаты туғанда – ұлттық даналық пен қаһармандықтың асқақ рухы сол халықтың тағдырына жауапты азаматының ерік-жігерінде қайта жаңғырықты.

Елбасының сол кездегі ой-тұжырымдарына үңілсеңіз, ата жұрты үшін қабырғасы қайысқан, туған жері үшін жанын шүберекке түйген ұлдың жүрек лүпілінде тебіренесіз.

Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат – қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.

Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай қасиетті халықтың, осы елдегі сан түрлі ұлттың баласының басын қосып басшылығына жүру тұрмақ, қосын тігіп, қосшылығында жүрудің өзі жаныңды тербейтін бақыт емес пе?!

Артымда асқар Алатаудай, алып Арқадай, айдынды Атыраудай айналайын Алашым тұрғанда.... қандай қиындықтан қайтармын.

Қазақстанның бүгінгі төрткүл дүниені өзіне қаратқан жеңістерінің негізінде ел Президентінің туған топырағына қылаусыз арналған осынау перзенттік махаббаты жатқандығы күн мен айдай ақиқат. Өтпелі жылдардың қатпарлы қиындықтары мен азаматтар санасындағы толқұларды сарапқа салар болсаңыз, халықтың тағдырына жауапты тұлғаның қайратына-қайрат, жігеріне – жігер қосқан да сол сүйіспеншілік екендігіне көз жеткізе түссіз.

Жаратылыстың тылсымы көп, адамның өзгелер түгілі өзін өзі түсінуі қиынның қиыны. Қазанат көңіл қанатты ойларға кез келгенде бауырын жазбай жатып барлығыады. Бүгінді-ертеңге, ертеңді-болашаққа адастырмай, жақсылықта жалғастыратын терең пайымдар көптің көкейіне қонғанша уақыт та, төзім де керек. Мезгілінен жылдар бойы озық кеткен кең тынысты, заманалық идеялар өзіне күрес үстінде жол ашады. Президенттің астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру жөніндегі ұсынысы нақ осындай халді басынан кешірді.

Елбасының бұл идеяны алғаш рет көпшілікке Жоғарғы Кеңестің 1994 жылғы 6-шы шілдеде өткен таңертеңгілік пленарлық мәжілісінде жариялағаны белгілі. Сол жылы түрлі басылымдарда тар шеңбердегі, жергілікті мүдделері күйттеген пікірлер шыға бастады. Бірі астананы ауыстыру елді экономикалық тұралату деп даурықты, екіншілері оның астарынан республика басшылығының сол кездегі әлеуметтік-шаруашылық қиындықтардан халықтың назарын аударып әкетуің амалын іздеп әуреленді. Қайсыбір саяси топтар ашық қарсылыққа көшіп, жекелеген ұлт өкілдерінің этникалық жөнсіз талаптарын ұлардай шулатты. Кереге-уығы шашылып қалған одақтың қайта тірілетіндігінен үміттілер Ақмоланың бас қала болуы сол үміттің отын бір жола өшіреді деп үрейленді. Әсіре ұлтшылдардың шаһарды астана көшіп келмей тұрғанда славян тектестердің ордасы етіп үлгерейік деген айғайын да естідік. Осы ниеттегі тағы бір шоғыр қаланы тың игерушілердің меншігі деп жариялап, оның тағдырын солар шешеді деп ұрандады.

Ақмоланың байырғы тұрғыны ретінде мен осы көп шуылдың бәріне куәлін. Сол тұста шаһар тұрғындарының 17 пайызын ғана құрайтын ағайынның өтпелі кезеңде қалжырай бастаған қаланың қоңыртөбел кейпіне қарап күрсініп қоятыны да есімде. Олар архитектуралық жағынан жүдеу облыс орталығын астанаға айналдыру үшін көп тер төгу керек екенін ойлап, Президент алған бетінен қайтып қалмас па екен деп әредік күдіктенуші еді.

Зерделі ел астананы Алматыдан Арқаға көшірудің мақсат-мұратын Президент түгелдей жайып салмаса да сезді, сондықтан да кейбір қазақ зиялыларының бұл идеяға қарсы пікірлері қатты қынжылтатын. Қашанда тас түскен жеріне ауыр, ұлттық мүдделердің ауыздықталуынан тоқсаныншы жылдарға дейін ырыла алмаған жүрт өз төлінің қайсыбірі халықтың рухына араша болатын қадамды қателік деп жатса, қалай қажымасын. Ал мұндай қаракеттер төл ойының тарихи ұтқырлығы мен

өміршендігіне түбегейлі көз жеткізген жанды сілкіндірмей тұра алмас еді. Президент 1994 жылы 2-ші қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында астананы елдің орталығына көшіру «салмақты саяси маңызы зор, бүкіл қазақ халқы мен күллі Қазақстанның түпкілікті мүддесін қорғай отырып, асықпай атқарылатын келелі мәселе» дей келіп, ширығып сала бергенді. «Кейбір тұмсығының астынан әрідегіні көрмей, байбалам салуға асығатын саясатшыларға, мұны келесі ғасырға қалдыру керек деп теріс пікір таратушыларға, ел қамынан гөрі қоғамдағы «өз мені» мен келесі болатын сайлаудың жай-күйінен әрі аспайтындарға халықтың өзі тойтарыс береді деп ойлаймын».

Халық өзінің Президентін, оның алдағы таяу болашақты ғана емес, ғасырларды ойлаған кемеңгерлігін құптады. Тегінде халықтың төл атауы – даналық. Даналықтың синонимі – халықтың көрегендігі дарыған тұлға. Екеуі де мәңгілік тарихтың еншісіне айналатын кие. Осы қос қасиет тоғысқанда, заманалық жасампаздық қайнарланады, қиындық жігерді жаниды, қайшылықтар қайрап салады. Бұған кеше мен бүгіннен дәйек көп. Қазақ ғұмырнамасы, шүкір, елді ел еткен, етек-жеңін кең еткен дәурлік кемеңгерлерге кенде емес. Сар даланы Ұлы Далаға айналдырған Мөде, «Төбеңнен тәңірі баспаса, астыңнан жер айырылмаса, Түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды» - деп елжіреп өткен Күлтегін, Үш Жүздің басын қосып, бір тудың астында ажарландырған Әз Тәуке, айбынды Абылай... Осы ұлылар дәстүрінің көш-керуенін азаттық сапарында сағын сындырмай соза тартқан: «Жаратқан ием бізге бәрін қазақтың пейіліне сай етіп берген. Жер де берген, кен де берген, сол жерге, сол кенге ие бола алар ел де берген, сол елдің еңсесін түсірмейтін ер де берген. Тек тіл – көзден сақтасын, көп көрсетпесін» - деп тілеген, «Азаматтық жолы – азапты, тәуелсіздік жолы – тәуекел» - деп тастүлектей түйілген Нұрсұлтан...

Қазақ асылдарының қай-қайсы да астаналық рухты ұлттық рухтың байрағы етіпті. Күлтегін үшін Өтүкен бүкіл түркі ұлысының темірқазығы еді. Қыпшақ билеушілері Сығанақты қасиет тұтты. Ақ Орда хандары Сауанның қақпасынан енерде аттан түсіп, тізе бүккен деседі. Хазрет – и – Түркістан деп дәріптелген әулие қала салтанатты астанадан рухани ордаға айналды. 1243 жылы ту көтерген Сарай-Беркенің даңқы өткенді құрметтей білетіндердің жүрегін әлі күнге жылытады. Бұлардың бәрі өз дәуірінің алтын шаңырағы болатын.

Әз Тәуке ордасын ел кіндігі деп Арқаға, Ақмоланың жанына, Есіл мен Нұра қос арнаны бұрып келіп, сыңғыр-сыңғыр тілдесетін тұсқа тігіпті. Содан бері төрт ғасыр өтіп, бесінші ғасыр көк дөненін көлденең тартып отыр. Осынау ғасырда Ұлы Даланың өз таңдауы өз қолында болған, көсегесі көгерген дәуірлері кезек алайын деген шығар, абыздар үні, асылдар қайраты жаңа ерік-жігермен қайта жаңғырықты.

«XXI ғасырдың табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сары-арқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда

Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадыр-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас-жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайық болайық»!

Президент Арқадағы астананы ресми жариялаған бұл күн қазақ ғасырларының дәстүрлі ұлағатын, тарихы тар жолды тайғақ кешкен елдің арман-аңсауын төрткүл дүниеге осылай паш етті.

1997 жыл, 10 желтоқсан – Алты Алаш атанған ежелгі халықтың ғұмырнамасына ұлттық мақтанышпен жазылған еңселі күн.

Сол күні Қазақстан телеарнасында осы салтанатты оқиға туралы хабар жасадық. Телеоператорлар қаладан түсіріп әкелген бейне көріністер ажарлы еді. Бір-бірін құттықтаған елдің жүзінен қуаныш нұры есетін. Орталық алаңдағы сол шат-шадыман көпке көз салған қарияның жанырында мөлтілдеген жас. Талайды көрген, ұлттық ар-намысы көкірегінде талай қыз-қыз қайнаған, үміті мен күдігі сан жылдар итжығысқан қарт атажұртының оз қолы аузына жеткенін көруге жазған хаққа, туған елінің көсегесін көгерте алған ұлға елжіреп тұрып егілген шығар.

Әлем мемлекеттерінің тарихына үңілсек, астаналар идеясы мен ұлттық идеяның бітеқайнасып жатқанын көреміз. Ататүріктің тұғырлы екі идеясы болғаны белгілі, олар – бүкілхалықтық бірлік және халықты жетілдіру. Бұрынғы империялық құдіреттен айырылып, рухани және экономикалық тоқырауға ұшыраған, өркениеттің жалғыз дінгегі дін ғана болып қалған, елді анархиялық дөрекілік жайлай бастаған кезеңде осы екі мұратты жүзеге асыру ауадай қажет еді. Ататүрік оларды астананы Анкараға көшіру идеясының өзегіне айналдыра білді, жаңа орталық ұлттық өрлеу мен бірлік ұранын асқақтатты, кіндік шаһар түрік жасампаздығының символы ретінде насихатталды. Қазақстанда да астаналар ауысуы дәл осындай бүкілхалықтық жаңғыру мен ұлттық серпіліс үшін жүзеге асырылды. Алыс-жақын елдердің бәріне бас шайқатқан бұл жойқын қадамның мәнін Президенттің шым-шымдап ашуының басты себебі сонда еді, ол ұлттық стратегиялық идеяның түп қазығы болатын.

«Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар, - деген еді Елбасы осы байлам алғаш жария етілгеннен кейін төрт жыл өткен соң республиканың шығармашылық, ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде. -Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дархан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала – Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай».



Жасыл желекті Астана



Орынбор көшесі

2002 жылы өткен халықаралық байқауында жасалған тұжырым. Еуропа-Азия сәулетшілері бас қосқан осы алқалы жиында Астана қаласының бас жобасы архитектура ілімінің оқулығына енетін жаңалық делінді.

Сонда бұл қандай тың шешім? Оның дем берушілері кімдер?

Жапонның әлемге әйгілі архитекторы Кисе Куракава 2001 жылы «Известия» газетіне берген қысқа сұхбатында қазақ астанасы сәулетінің философиялық идеясын республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың айқындағанын айтады.

Бұл идеяның мәні мынада: қала жан-жағына қисапсыз жайылатын мегаполиске айналмауы керек. Кезінде грек ахитекторы Доксиадис болжаған, маңайындағы шағын шаһарларды жұтып алатын, кеңістікке еркін құлаш жаятын, ұдайы ұлғаю үстінде болатын экумегополистік сыйпаттан да аулақ тұруы қажет. Әлем астаналары мен өндірісті қалалары басынан кешіріп жатқан тұрғындар тығыздығының салқыны да еспегені жөн. Статистикалық деректерге қарасақ, бұл ХХІ ғасырда тізгінсіз кеткен құбылысқа айналып отыр. 1800 жылы жұмыр жерде халқының саны 100 мыңға жететін 50 қала болыпты. 1900 жылы жүздеген шаһар осындай деңгейге көтерілген. Ал 2000 жылы планета халқының 60 пайызы қалаларға шоғырланды. Қазіргі күнде Стамбул, Токио, Мехико секілді алыптар миллиондаған тұрғынға ауыз су тауып бере алмай, құжынаған көліктің түтініне қақалып, әр сүйем сайын үй салып алқынумен отыр. Олармен салыстырғанда киіктің құралайындай ғана Алматының өзі экологиялық қиындықтарды әупірімдеп бастан кешіруде.

Президент идеясы осы қолайсыздықтарды айналып өтудің жолдарын тауып, қаланы архитектуралық өнердің құрылыс арқылы өмірге келетін жансыз нысаны емес, адаммен, қоршаған ортамен қас қағым сайын байланыста болатын тірі организм деп қарауды талап етті. Бұл қалалар тарихында бұрын-соңды болмаған күрделі міндет еді. Астананың бас жоспарына жарияланған халықаралық байқауға қатысқан әлемнің үздік қырық сәулетші тұйыққа тірелді. Римнің атақты архитекторы Витрувийдің үш қасиеті – беріктік, қолайлылық пен әдемілікке сүйенген бірқатар жобаға алғашқы беттен көңіл толмады. 1993 жылы сәулетшілердің халықаралық конгресінде қабылданған «Афина хартиясы» жариялаған негізгі шарттар: еңбек, тұрғын үй, демалыс және көлік мәселелері шешімін табатын жобалар лайықты бағасын алғанымен, экологиялық талапқа келгенде тоқырай берді. Жобалар авторлары Оскар Нимейер салған Бразилиа, Ле Корбюзье тұрғызған Чандигарх қалаларын көлденең тартумен тоқталды.

Сәулетшілер осылай сан тарау ағымдарды ұсынумен болды. ХХ ғасырдың ірі табысы деп есептелетін О. Перренің қаңқалық құрылымдарды, темір мен құйма тас, стандартқа бейілділік секілді тәсілдерін арқау еткен еңбектерге ілтифат білдірілді, бірақ оны тұтастай пайдалануға болмайтын еді. ХХІ ғасырда құрылыс материалдарының жаңа түрлері көбейетіні ескеріліп, қала жобасының уақыт барысында соларға сай өзгерісте болатындығы айтылды. Әлемдік сәулет өнері осылай талданып, талай ой-идея талғам таразысында бағын сынады. Америка

білгірі Ф. Райттың органикалық архитектура атанған жаңалығына дейін назардан тыс қалған жоқ. Оның осы әдісімен салынған Пенсальваниядағы «Су үстіндегі үйі» мен Нью-Йорктегі «Гуггенхейм музейі» жаһан кереметі саналатын.

Президент идеясының шешімін тапқан Кисе Куракава болды. Ол қала құрылысын экологияландыру бағытын ұстана отырып, оған табиғи философиялық астар бере алды. Атақты сәулетшінің өз сөзімен айтсақ, шаһар мен табиғат тірі организмдер ретінде бірі екіншісіне үстемдік етпей, өзара үйлесімділікте болуы қарастырылды. Тіпті бірін бірі толықтыруына қол жеткізуі де ойда тұрды. Куракава «Өмір принципі» деген ат берген бұл жоба Елбасының көңілінен шықты, сөйтіп архитектура әлемінде ХХІ ғасыр жаңалығы болып табылған тың шешімнің ғұмыры басталды.

Сәулет өнерінен хабары бар адамның Астана келбетінен танытын өзгешелігі жалғыз бұл емес. Президент жаһан астаналарында болып жүріп байқаған, ой елегінен өткізіп, ұлттық талғаммен байытқан архитектуралық үлгілер зерделі көзге жиі түсер еді. Соның бірі «Думан» океанариумы болса, екіншісі - кондоминиум тұрғын кешендері.

Алғашқы осындай құрылыс Нью-Йорктегі Дакота ықшам ауданында ХХ ғасырдың бас кезінде салыныпты. Оны ә дегеннен-ақ іскерлер жайлап алған. Содан бері мұнда «уақытты бағалайтындар бірге тұруы керек» деген қағида қалыптасқан.

Сонда қазіргі елдің талғамынан шыққан «кондоминиум» дегеніміз не?

Ол – ірі қалалардың архитектуралық және әлеуметтік—тұрмыстық мүмкіндіктерін молынан игерген сәулет өнерінің туындысы. Сыртай қарағанда, таңдап салынған зәулім отельдерге ұқсас. Күзеті, ресторандары мен бассейндері, спорт залдары, сервис қызметі түгелдей қарастырылған қазіргі заманғы әмбебап ғимарат.

Ресей астанасы – Мәскеудегі «Көгілдір желкен» кондоминиумында әр пәтердің 50 шаршы метр тұрғын емес кеңістігі бар. Оны еркін дем алуға жарата аласың. Ал пәтеріңнен шықсаң, аквабақ пен боулингтің қызығы күтіп тұрады. Ресторан мен спорт залының есігі де ашық. Қонақ келсе, кешеннің құрамындағы отель, автотұрақ, сауда галереясы, шағын кафелердің қызметі дайын.

Астана Президенттің ықпалымен қалалар тұрмысы мен сәулетінің осы жетістігін игеруге батыл кірісті, елорданың алғашқы кондоминиумы – «Солтүстік тәжі» шаңырақ көтерді. Көрген көзді таң қалдырып – «Триумф» тұрғын кешені бой түзеді.

Батыстағы әлеуметтік статистиканың зерттемейтіні жоқ. Іскерлер мен мемлекеттік қызметкерлердің арасында жүргізілген зерттеу олардың жеке коттеждерден гөрі кондоминиумдерді қалайтынын көрсеткен. Мұның себебі түсінікті. Ақпарат тасқыны таудан құлаған селдей ағындаған заманда уақыт тапшы. Мемлекеттік жұмыстың немесе бизнестің қатқабатында басқа шаруаға – коммуналдық төлемдерге жүгіруге, банкке

баруға, бір мезгіл спортпен шұғылдануға, баланы мектепке не бақшаға жетелеуге үлгеру қиынның қиыны. Ал кондоминиумда бұлар түгелдей иегінің астында.

Осының бәрі Батыс қалаларының мэриаттарына кондоминиум – жаңа мыңжылдықтың таңдауы дегізіп отыр. Астана болса, оны күннен күнге еркін игеруде.

Елорда жайлы, Президенттің қазақтың алтын шаңырағына сіңірген теңдессіз еңбегі жайлы әңгімені әрі қарай да ұзақ шерте алар едік. Халықтың даналығын, туған топырағының кемеңгерлігі мен көрегендігін, тарихи тұлғалардың қаһармандығы мен табандылығын бойына мол сіңірген дәуірлік қайраткер туралы, оның төл перзенті – Астана туралы бүгінгі толқын да, ертеңгі буын да сан толғанары хақ. **Халық – Президент – Астана бір бірінен ажырағысыз егіз ұғымдар. Халықтың мәңгіліктігі қаншалық айқын болса, сол халықтың тәуелсіздігін баянды еткен асылы мен елдің еңсесін көтерген, әлемге олжа салдырған, ұлттық мақтанына айналған Астананың да тарих төрінен табылатыны соншалық аян.**

III

Әуежайдан түскен жолаушы қалаға бет алғанда кеңістікке тап болады. Шығысында Майбалыққа қарай созылатын, батысында атақты Бес шалқарға талпынатын ен жазық – атақты Сарыарқа осы екен-ау деп бір толғанып қалуға жарайды.

Осыдан соң жолаушы көңіл қазақтың шаңырақ қаласын көргенше асығады. Ғасырлар тоғысында жұлдызы жанған шаһар қарсы алдында қол бұлғап баурап бара жатады. Даңғыл жол ұшқыр көліктің бауырында жазылып, көсіліп сала береді. Кенет, ертегі келбеттеніп ұшар биігі күн сәулесінде жүз құбылған заңғар жанарында жадырайды. Даңқы алысқа кеткен «Астана – Бәйтерек» жақындаған сайын ажарланады. «XXI ғасырдың жаһандық аламанына ат қосқан жампоз елдің еңсесі биік, мерейі үстем болғай!» - дейді тебіреніп.

Президент қиялынан қанаттанған Бәйтерек - Рух ғарышқа талпынады. Тегеуріні қатты заманға рухы асқақтар жарасады ғой.

Ай көрікті Астана







«Нұр-Отандықтар» осында жұмыс жасайды



«Нұржол» гүлзары



Салтанат Сарайы



Самал шағын ауданы




Ақ көгершін, көгершін!



Көз ұшындағы көрікті мекен



Сыңғырлаған сұлудай...



«Самұрұқ-Қазына» әл-ауқат қорының ғимараты



Архитектураның алуан стилі Астанада тоғысады



Министрліктер үйі



СОНЫДАН САЛҒАН СОҚПАҚ ЖОЛ

Сансызбай Есілов

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Үшінші мыңжылдыққа Қазақстан жасампаз жоспарлары және бастамалары бар жаңа буын мемлекет ретінде аяқ басты.

Еліміз негізгі мемлекеттілік институттарды қалыптастырып, саяси реформаларды және экономиканың нарық жолына өтуін ойдағыдай жүзеге асыра отырып, тиімділігі ұзақ мерзімді болашаққа бағытталған батыл стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асыруды қолға алды.

Осылардың ішінде, республика астанасын Астанаға көшіру - ең шамшыл жобалардың бірі болды десек асыра айтпаған болар едік.

Бүгінде «нольдiк» нүктеден бастап қазiрге дейiнгi қомақты дәуiрнама кезеңiне талдау жасай отырып, ғаламды таңдандырған Астананың бой көтеруiнiң куәгерi ғана емес, Елорданың дамуының тiкелей қатысушысы болғанымды зор мақтаныш санаймын.

Астана – менiң отаным, туған жерiм. Осы киелi жердiң түлегi ретiнде менiң тағдырымда ұмытылмайтын iз қалдырған жасампаз iстер «көшiнде» болғаным үшiн өзiмдi шексiз бақытты сезiнемiн. Кешегi Қараөткел-Ақмоланың тәуелсiз Қазақстанның болашағы жарқын Елордасы – Астана болғандығы да менiң жүрегiме терең қуаныш сезiмiн ұялатады! Астананың даңқы асқақтай берсiн әрдайым!

1994 жылы Жоғарғы Кеңес Президенттiң бастамасымен астананы Целиноград (Ақмола) қаласына көшiру туралы шешiм қабылдағанда Елбасының осы ойын көпшiлiк шүбәмен қабылдап едi. Шынын айту керек, мен де тiптi осы мүмкiн болар ма екен деген күмәндi ойда болып едiм. Бiрақ, «таңдау» туған қалама түскенiне iшiмнен қуандым да. Ол кезде мен бiрқатар есейген жаста едiм және ойлағанымызды жүзеге асыра алсақ, бұл қатардағы облыс орталығының тұрғындары үшiн үлкен бетбұрыс оқиға болатынын түсiндiм.

Ис-әрекеттi бастау жөнiндегi алғашқы дабылдар 1993 жылы келiп түсе бастады. Сол кездерi мен облыс әкiмiнiң орынбасары және Мемлекеттiк мүлiк және жекешелендiру жөнiндегi аумақтық комитет төрағасы қызметiнде жүрiп, Алматы қаласына кезектi iс сапарға бардым.

Сол кездегi вице-премьер және Мемлекеттiк мүлiк комитетiнiң төрағасы Жаныбек Кәрiмжанов, маған былай дедi: «Байқа! Әлi

жекешелендірілмеген ғимараттар мен жайларды қорда ұстауға байланысты жұмыстың бәрін бақылауда ұста! Тақау арада көпшілік халықты орналастыру қажет болады».

Мен үшін бұл Президенттің елес болып көріне бастаған бастамасының шындыққа сай келетінін дәлелдейтін ең бірінші «арнайы» өкім болды. Сондай қорды біз құрдық та.

1997 жылғы желтоқсан айының басында жаңа астананың бірінші әкімі Әділбек Жақсыбеков мені өзінің орынбасары лауазымына жұмысқа шақырды. Сол кезеңде мемлекеттік органдарды Алматыдан Астана қаласына көшіру жұмыстары белсенді жүріп жатты. Шындығында, тынымсыз әрі жедел атқаруды қажет ететін жұмыстар жеткілікті болды. Жағдай қыстың қатаң болуымен және Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымының өте сұрықсыз күйде болуымен де күрделене берді.

Шын мәнінде, қаланың ТЭЦ-1 және ТЭЦ-2 басты екі жылу көздерінің де әрең «тыныстап» тұрған кезі еді. Сондықтан, ең бірінші мақсат - астананы жылумен, сумен, электр қуатымен қамтамасыз ету болатын. «Желпуіш тәрізді өшіру» деп аталған электр қуатын өшірулер көпшіліктің есінде болар деп ойлаймын. Басқа не істей алатын едік? Электр қуаты мен жылу апатты жағдайда жетіспеуші еді. Біз қалалық электр желілерінің директоры Валерий Кушнарненкомен тәуліктік және сағаттық режимдегі кестені жасадық.

Ең алдымен, үздіксіз жеткізіп тұруды талап ететін объектілердің қабілеттілігін қамтамасыз ету қажет болды. Әрине, мұқтаж болғандықтан қолданылған бұл шара тұрғындар тарапынан да, Астанаға бірінші болып көшіп келген және суық жатақханалар мен қонақ үйлерде тұруға мәжбүр болған шенеуніктер тарапынан да реніштер туғызды. Жылу және электр тапшылығымен бірге, сумен үздіксіз жабдықтау жұмыстары да мардымсыз болды. Су арнасының инженерлік желілері мен барлық инфрақұрылымы апатты жағдайда болды және кәсіпорын банкроттық жағдайдың шегінде тұрды. Ол аздай, жұмыскерлерге уақытында еңбекақылары төленбеді.

Тұтынушылар үшін бұл ауыр кезең болды: егер адам жұмыстан үйіне келгенде үйі суық, жарық пен су ажыратылған болса, қандай көңіл-күй болуы мүмкін? Билікке қандай көзқарас қалыптасады? Осы көңілсіз жағдайды біз өз басымызбен сездік.

Бірақ барлық мәселелерді тез арада шешіп, бір уақытта меңгеру мүмкін емес еді. Біздің барлық қиындықтарымыз жөнінде Елбасы өте жақсы хабардар болатын, сондықтан да жаңа астананы «игеру» тетіктерін егжей-тегжейіне дейін өзінің күнделікті қатаң бақылауда ұстады. Әрине, бізге ескертулер жасап, істің мән-жайын байыптап, мәселелерді шешу үшін нақты шаралар қолданып, ұдайы жәрдемдесіп отырды.

Түйінін тез арада шешуді қажет ететін мәселелер аз болмады. Біз бірнеше доңғалақты тракторлары мен су тасушы машиналары ғана бар, яғни, іс жүзінде, техникасыз қалалық коммуналдық шаруашылығын қабылдап алдық. Коммуналды шаруашылықты шұғыл аяғына тұрғызу үшін қаражат тапшы болды. Сонымен бірге, қалада автомашиналар саны

көбейе бастады, Целиноград қаласы үшін жобаланған көшелер енді астана талаптарына сай келмеді. Кептелістер мен тежеулер пайда болды. Қысты күні жолдарды қар басып қалса, көктемде шалғай көшелердегі лай су орталыққа қарай лек-легімен ағып жатты.

Бір күні, қаланы дамыту жөніндегі дәстүрлі мәжіліс кезінде Президент қала әкімдігін жолдың жаяу жүргінші бөлігіндегі батпақ үшін өте қатты сынға алды. Жауын суының ағып кетуіне арналған канализацияның болмауын айтпағанда, Астананың кейбір орталық көшелерінің өзінде жолдар мүлде асфальтталмаған болса, батпақ қайдан болмасын! Елбасы бізді микроавтобусқа отырғызды да, қаланың барлық нүктелерін аралап, көзбен көру үшін «экскурсияға» алып шықты. Мәселені сол жерде зерделеп алып, Астанаға қажетті көмек көрсету және ықпал ету, соның ішінде, қаржылық көмек көрсету жөнінде Қаржы министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға тапсырма берді. Бұл аз уақыт ішінде адамдардың қолайлы әрі жайлы жағдайда өмір сүруіне мүмкіндік туғызды және тек қаланың орталығын ғана емес, сонымен бірге шет аймақтарын да абаттандыруға мүмкіндік жасады.

Өмірден алынған тағы да бір мысал. Бір күні кешке қарай маған Әділбек Жақсыбеков телефон шалып, қалалық су арнасы директорымен бірге Тельман насосты стансасына шұғыл жетуімді бұйырды. Біз «ұша жөнелдік»...

Түсініктеме үшін: станса Есіл өзені мен Нұра - Есіл арнасы түйісетін жерде орналасқан, және ТЭЦ-2 сумен қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетеді. Кезінде бұл арна техникалық мақсатта пайдалану үшін жоспарланған болатын. Бірақ, онда сынап қалдықтары анықталған соң, ол ойдан бас тартуға мәжбүр болдық.

Президент келді. Біз жағдайды болғандай баяндап бердік. Ол кісі сөзімізді бөлмей тыңдады да: «Бәрін түбегейлі өзгерту қажет, шұғыл шара қолдану керек» деді. 1999 жылы Елбасының Жапон еліне барған сапарында, осы елдің үкіметі Астананың сумен жабдықтау және канализация желілерін қайта құру және жөндеуге жеңілдетілген қаражат бөлді.

Ағымдағы жылы осы ауқымды жоба аяқталмақ. Астананы үздіксіз және сапалы сумен қамтамасыз ету мәселесі шешілді. Астананың инфрақұрылымын кеңейту бойынша басқа да шаралар жүзеге асырылды: алғаш рет Қазақстанда тәуелсіздік жылдары біз қуаты 120 мегаватт турбогенераторын іске қостық. Бүгінгі күні ТЭЦ-1 және ТЭЦ-2 қайт құру және ТЭЦ-3 салу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

13 жыл ішінде халқы үш есеге көбейген қала стилі бойынша танымастай болып өзгерді. Мен мұндай бағаны қаланың тұрақты тұрғыны ретінде объективті түрде бере отырып, оған салыстырмалы жағдайда көз жеткізуге де болады деп ойлаймын. Кешегі облыс орталығы болған Ақмоланың бүгінде Елорда дәрежесін иеленген Астанадан айырмашылығы жер мен көктей. Бұған қазақстандықтар ғана емес, шетелдіктер де куә. Өң мен түстей аралықта көкке өрлеген Астананың даму қарқынына, арудай ажарына таң қалмайтындар жоқтың қасы.

Бірқатар шенеуніктер Астанаға отбасынсыз өздері ғана келген 1997 жылдың қысы тағы да еске түседі. Тамақтандыру мәселесі шұғыл шешім қабылдауды қажет етті. Түскі тамақ офистерде ішілді. Бірақ кешкі тамақтанатын орын табу қажет болды. Сол кездері Астанада бірнеше мейрамханалар және кіші-гірім кафелер ғана жұмыс істейтін.

Астананың алғашқы тұсаукесер тойын өткізу қарсаңында бұл мәселе төңірегінде ойлану қажет болды. Мені, сол кезде де қала әкімі Әділбек Жақсыбековтің орынбасары қызметін атқарып жүрген едім, әкім өзіне шақырып алды да, 1 маусымға дейін жеке меншік капиталдарды шоғырландыру жөнінде тапсырма берді: шұғыл түрде, тиісті деңгейдегі 20-30 шақты қызмет көрсету, дем алу және ойын-сауық өткізу объектілерін ашуды тапсырды.

«Бұл қашанға дейін жалғаса бермек? Біздің бизнесмендер алып ұйқыға кеткендей күй кешуде. Ешкімнің ешнәрсемен шаруасы жоқ», - деді Әділбек Рыскелдіұлы.

Тапсырма түсінікті болды. Оны орындау қажет. Кәсіпкерлерді жинап алып, «шарықтау шегін» анықтай бастадық: неге жекешелендірілген объектілер «әрекетсіздік» күйде? Барлығын өте жоғары сыныптық күйге келтірейік! Ең басты уәж: сіздер үшін бұл үлкен мүмкіндік екенін түсініңіздер. Қала өседі, көрсетілетін қызметтер сұранысқа ие болады. Бүгін шығарған шығындарыңызды, салған капиталдарыңызды сіздер көп пайдамен қайтып аласыздар!

Көптеген бизнесмендер біздің үндеуімізге қабыл алды және оған өкінген де жоқ. Бүгінгі күні Астанада халыққа қызмет көрсету саласының үлкен игі өзгерістерге қол жеткізгендігі айқын.

Жыл өткен сайын астанамыз өте көркем, байсалды қалаға айналуда. Егер сыртқы факторлар туралы айтатын болсақ, мен айтып өткен болатынмын, қала мемлекеттілігіміздің және тәуелсіздігіміздің нышанына айналды, әлемге танымал Қазақстанның інжуі деңгейіне көтерілді. Астананың халқының қолайлы өмір сүруіне бағытталған әлеуметтік индикаторлары неғұрлым жоғары. Астана ауысқан кезеңнен бастап қаланың бюджеті 9-10 миллиард теңгеден бастап 250 миллиард теңгеге дейін өсті! Тағы да бір жағымды индикатор - аймақтық жалпы өнім! Ол 1997 жылы 60,5 миллиард теңгеге теңелді. Бүгін 1,8 триллион теңгені құрайды! Отыз есеге дерлік көтерілген.

Бұл Астананың тек астана ретінде ғана қалыптаспағанының айқын дәлелі. Қала үлес салмағы ел экономикасының 8,5% құрайтын сүбелі экономикалық әлеуетке ие болды. Ал осындай процестегі кіші бизнестің үлесі 43% жуық шаманы құрайды. Мұндай көрсеткіштерге аймақтардың кез келгені қол жеткізе бермейді!

Бірақ, Елбасы үнемі айтып жүрген тағы да бір өте маңызды жайт бар: нақ осы жас астанада жаңа әлеуметтік генотип – тәуелсіз Қазақстанның азаматы қалыптасады. Астана тұрғындары еліміздің басқа қалаларының тұрғындарынан ділдік, тәрбие, салт-дәстүр және мінез-құлық мәнері жағынан ерекшеленіп тұруы тиіс. Олар өз қалаларын сүюі, оның

тағдырына немқұрайды қарамаулары қажет. Париждік тұрғындар - Париж қаласын, москвалықтар - Москва қаласын қалай мақтан тұтса, астаналықтар да Астананы айрықша ардақтаулары керек.

Мұндай сезім қалыптасып үлгерді деп айтуға да болады. Гүлжайнаған қаланың көшелерін бойлап келе жатқаныңда, тұрғындардың жүздерінен бұдан он жыл бұрынғыдан ерекше жарқын да жайдары, жігерлі де қайсар кейіптерді байқауға болады. Ал қала қонақтарының таңқалысында да, мақтаншында да шек жоқ.

Бірақ – жаңа тұлғаның қалыптасуы – басқа мақсаттардың ішіндегі ең ұзақ уақытты талап ететін, ең күрделі құбылыс десе де болады. Атап айтқанда, оның жүзеге асуы біздің қаланы шындығында да тартымды және елеулі ете алады. Біздің барлығымыз, белгілі қанатты сөзге ұқсас «Астана көз жасыңа сенбейді, бірақ табандылыққа сенеді!» дегенді басшылыққа ала отырып осы бағытта жұмыс жасауымыз қажет.

Әңгімемді Қазақстан республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» атты кітабының тұсаукесерінде айтқан сөзімен аяқтағым келеді: «Астананы көшіру қажеттілігі жөніндегі ойға түпкілікті тоқтай келе, мен, шынымен, барлығын тәуекелге қоятынымды, сөзсіз түсіндім: өзімнің саяси мансабымды, және тіпті мүмкін өмірімді де. Әрине, қайғылы жағдайдағы өмір соңын емес, философиялық мағынада – ел Президенті ретінде қоғам алдындағы өмірлік міндетімді орындай алмауымды». Жиырманшы ғасырдың аяқталу кезеңінде біз өз тарихымызда тұңғыш рет, елдің ұлттық мүдделерін негізге ала отырып, тәуелсіз Қазақстанның астанасын қай жерде тұрғызатынымыз жөнінде шешім қабылдауымыздың үлкен саяси және рухани мағынасы болды және болады да. Бұл егеменді елдің еркін және тәуелсіз халқының еркін бейнелейді».

Жасай бер мәңгілік, еркін елдің Елордасы!



АЛТЫН ОРДА — АСТАНА

Уәлихан Қалижан

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты

Алыс-жақын сапарлардан еліңе оралғанда ең әуелі ұшақ төмендей бастағанда қызыл-жасыл шамдары жарқыраған қаланы көресің. Бұл жай ғана қала емес, Қазақстанның әлемге саясатын тарататын бас қаласы – Астанасы. Бұл қаланы бейне бір жұмақтың қақпасы секілді қабылдайсың. Әр сапарда жүрегіңе орнықтырып алып кетесің. Өйткені Астана бейне – бір ертегідегі қала сипатты. Анау құс жолы биігінен қарасаң Астана ғажайып жаһұтқа ұқсайды. Өйткені мұндай қаланы көрген де арманда, көрмеген де арманда. Шындығы осы.

... Ақмола – Целиноград – Ақмоланың кешегі кейпі көз алдымда. Сарыарқаның сауырындағы аймақтық қалалардың ішінде ерекше бір статусы да жоқ болатын. Бірақ ежелгі тарихы бай қаланың алтын көмбесі бар еді. Ол өзінің ашылуын ұзақ күтіп жатты...

Тәуелсіздік, егемендік қазақ тарихын ғана емес, қазақ санасын да өзгертті. Кешегі Мәскеудің соқыр ішегіндей болған Қазақстан дүр сілкінді. Ескі жүйенің жамылғысын сыпырып тастады. Осындайда көңілге бір әфсана оралады. «Бір топ қойды бір қасқыр басқарса, қойдың бәрі қасқыр болып шыға келеді». Әлдебір оқырмандардың астарлы сөз іздеп, халықты қойға балап отыр деп ойламауын сұраймын. Бұл бейнелі сөздің астарында кешегі Абылай, Әбілқайыр, Хан Кене, бүгінгі Назарбаев тұр. Өйткені бұл тұлғалар қазақты бодандықтан босатып, өз алды мемлекет құруды мақсат етті. Найза мен қылыш, садақ пен шоқпар ұстанған халық зеңбірекке, бақайшығына дейін қаруланған патша армиясына қарсы шықты.

Ар аманатын арқалап, қалың қазағының тәуелсіз мемлекетін құрып, егемендік көк байрағын желбіретуді Алла Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдырына жазды. Ал Назарбаевқа Алланың нұры бекерден бекер түсе ме? Өйткені ол болмыс-бітіммен, ұлттық рухымен өзіне жүктелген міндетті алып шыға алатын тарих таңдаған тұлға-ды. Сондықтан да халық Нұрсұлтанның соңына ерді, өз тағдырын сеніп тапсырды. Осылай жиырма жылдың ішінде Қазақстан барыс тұлғалы ірі мемлекетке, халқы құлдық психологиядан арылып, еңсесі көтерілген елдің тұтқасына айналды.

Нұрсұлтан Назарбаев Елорданы Сарыарқаның төсіне көшіру идеясын көтергенде мұны ешкім түсінген жоқ және мұны құрғақ қиялға балады. Әрі жаңа ғана егемендігін алған, экономикасы тұралап қалған мемлекет

қалай құлан түзде қала салмақ? Бұлай ойлаудың өзі мүмкін емес сияқты көрінетін. Әрине, бүгінгі күннің биігінен айту да, айшықты Астананың көркін айтып мақтану да оңай. Бірақ мәселенің түп-төркініне үңілсек, бұл жерде Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ке-ремет ерік-жігерінің арқасында ғана, әуелгі идеяның шынайы шындыққа айналғанының куәсі болдық. Және сондай куәгерлердің қатарына өзімді де қосар едім. Өйткені Астананың Сарыарқа төсіне қоныс аударуының барлық өткелдерінің ішінде болдым, қолдадым, дауыс бердім. Мұны өзіме биік мәртебе санаймын.

Анықтап айтар болсам, мен ол кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі XIII шақырылымының депутаты болатынмын.

Жоғарғы Кеңестің Мәжілісі басталды. Төрде – Нұрсұлтан Назарбаев. Шілденің 6-сы. Нүрекеңнің туған күні, 1994 жыл. Дүр қол шапалақтап, туған күніне орай құрмет көрсеттік. Сөзді Нұрсұлтан Әбішұлы алды. Президент астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөнінде Жоғарғы Кеңестің қаулысын қабылдауды сұрады. Тып-тыныш зал гу-гу-ге ұласты да кетті. 300-ден астам депутат бар-ды. Олардың арасында кімдер жоқ дейсің? Славян қозғалысының өкілдері, әсіре ұлттық топтардың мүшелері, оған әртүрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерін қосыңыз. Олар Ақмоланың сазды топырағы, алты ай қысы, инфрақұрылымдардың жоққа тән екендігі мен сансыз жатаған үйлері бар аймақтық қаланың астанаға лайық еместігін және республиканың қаржылық қалтасы таяз екенін алға тартты. Қайта-қайта сөз алғандардың легі көбейді. Бірақ Президент те, сол кездегі Жоғарғы Кеңестің төрағасы Әбіш Кекілбаев та пікірталасты күштеп, регламентпен жаппады. Сондай қарсы пікір айтушылардың алдыңғы шебінде кешегі жалынды комсомол, көңілжықпас бауырым Серік Әбдірахманов та болды. Бірақ оқиғаның алдын орай айта кетейін, кейін Астанада Серік Әбдірахманов баяғы сөзін қайтып алатынын, шы-нында Назарбаев мырзаның бұл идеясы уақыттан озған көрегендік болған екен деп ағынан жарылды. Азамат деп осыны айт.

Хош. Сонымен пікірталас түске дейін созылды. Ақыры зал ішінен депутаттардың бірі: «Бүгін Президенттің туған күні ғой. Оған лайықты сыйымыз болсын, Президент ұсынысын қолдайық», - деп пікір тастады. Уәлі сөз еді. Ә.Кекілбай дауысқа салып жіберді. Ұсыныс көпшілік дауыс-пен қабылданды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев рахмет айтып, жаңа астананы салуға бюджеттен қаржы бөлінбейтінін, ол бизнес қауымдастығы мен әлем демеушілерінің көмегімен бой көтеретінін айтты.

Астананы көшіру туралы Жоғарғы Кеңес арнайы қаулы қабылдап қолдағанымен, бұл «бүгін-ертең» болады деп ешкім ойлаған жоқ. Өйткені тарихи тәжірибе көз алдымызда өтіп жатты. Боннан астананы Берлинге ауыстыру үшін немістер ондаған жылдарды жоспарлаған. Сондықтан да ешкім таяу жылдарда астана ауысады деп ойламады да.

Нұрсұлтан Назарбаев неге Алматыдан астананы Ақмолаға көшіруге бекем бел байлады? Алатау бар қазақтың құтқанасына айналып еді ғой. Оның мәнін де, мәнісін де бүгін ұққандаймын. Н.Назарбаев Коммунистік жүйенің сана мен болмысқа батпандап енген идеологиясының мысқылдап шығатынын білді. Оны қатерлі ісік тәрізді сылып тастау

қажет-ті. Сондықтан да жаңа Астана – жаңа идеология. Ол бар қазақтың, барлық қазақстандықтардың басын қосатын, егемендік пен тәуелсіздіктің тұрлаулы саясатын бастайтын алтын шаңырақ болуға тиіс-ті. Енді бір жағынан ұланғайыр қазақ даласына көз тігушілер де, «үй ішінен үй тіккісі келетіндер» де, болмаса кертіп алып, «асап» қойғысы келетін сепаратистер де, көрші мемлекеттер де бар-ды. Мемлекетті құраушы ұлттың Орталық, Солтүстік, Шығыс аймақтарда аз қоныстануы белгілі бір жағдайда ұлттық қақтығыстарға ұласып кетуі де ғажап емес-ті. Міне, осының бәрін алдын болжайтын, мәнін ойлайтын – Н.Назарбаевтың көрегендігінің жемісі екендігін қазір «ескішілдер де», «жаңашылдар да» түсінді...

Иә, Нұрсұлтан Назарбаев істің адамы. Қаулы бар да, оның орындалуы бар. Қалың жұрт Алматыдан Ақмолаға ауысатын кезеңнің қай кезде басталатынын білген жоқ. Бірақ уақыт жылжып үш жылдың жүзі өте шықты. Халық тыншығандай, көшуді ұмытқандай еді. Бірақ арнайы комиссия жұмыс істеп жатты. Мемлекеттік органдарды қоныстандыру, жатақханаларды уақытша пайдалану мәселелері орайластырылып қойылды.

1996 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне бас редактор болып бекідім. Елбасының шетелге ресми сапарларын жазатын журналистік қауымдастықтың қатарына қосылдым. Сондай сапарлардың бірі экватордың аржағындағы Тасмания аралындағы бесінші құрлық – Австралияға сапар еді. Бұл сапарды айтып отырғаным, ол астананы Ақмолаға ауыстыруға тікелей қатысы бар. Неге дейсіздер ғой?! Айтайын.

Тарихында 5 рет астанасын өзгерткен ел – Австралия. Сидней, Аделаида, Брисбен, Кернс, Канберра. 1911 жылы мемлекет Парламент шешіміне сәйкес 2,4 мың шаршы километр жер алып, жаңа қаланың құрылыс жобасына конкурс ұйымдастырады. Сөйтіп, 1913 жылы аборигендердің «жиналу орны» деген сөзінен Канберра қаласы бой көтереді. Ол 300 мың адамға лайықталған гүл-қала. Әр астана ерекше экономикалық, мәдени дамуымен көз тартады. Яғни, астаналардың ауысуы сол аймақтың экономикасын нығайтып, іргелі индустрия орын тебеді. Бұл өз кезегінде халықтың әл-ауқатын күрт көтерген үрдіс болыпты.

Осы қаланы көргенде Нұрсұлтан Назарбаев «Міне, біздің астанамыз осындай гүл-қала, асқақ қала болады» деді. Мен сол сәтте Нұрсұлтан Әбішұлынан мөлтек сұхбат алып тұрғанмын. Президент сол кездегі Үкімет басшысына «Көшті бастау керек» деп тапсырма берді. Ал сол жылдың қазанында мемлекеттік қызметкерлердің алғашқы легі поезға отырып, Ақмолаға жол тартты. Ұлы көш басталды!

Президент те ата-қоныс Алматыдан Ақмолаға қарай ресми аттанды. Алматы әуе-жайы нөпір халық. Күздің қара суығын да ешкім елер емес. Сонда Н.Ә.Назарбаев «Алатауға симай бара жатқан жоқпыз, Алатауды қимай бара жатырмыз» деп ұлы тауға басын иіп, қоштасқан-ды. Біріміз күрсіндік, біріміз жыладық, біріміз қуандық. «Мәлім, беймәлім қаланың тағдыры не болар екен?», - деп ойлағанымыз рас-ты. Бірақ аз уақыттың ішінде Ақмола ажарына ажар қосып, гүлденіп те, түрленіп те шыға келді.

...Н.Ә.Назарбаевтың Малайзияға ресми сапары еді. Ресми кездесулер,

екіжақты мемлекетаралық құжаттарға қолқойылып жатты. Көп жұмыстың арасында Н.Ә.Назарбаев барған елдің тарихи және мәдени орындарын міндетті түрде көріп кетуге тырысады. Бұл жолы да Елбасы Куала-Лумпурдағы Океанариумды тамашалады. Тамашалады деуім жетімсіздеу болар, Н.Назарбаев океанариумның жұмыс істеу принциптерін, мұндағы теңіз «тұрғындарының» түрлері мен түстерін, оның алып жатқан көлемін сұрап, қағазына түртіп алып жатты. Жан-жағымыздан, үстімізден ары-бері ағылып жатқан сансыз балық түрлеріне қызыға қарады, балаша қуанып, ұзақ көз ала алмай тұрды. Сыртқа шыққан соң «Қазақстанның жаңа астанасында да осындай «Океанариум» болады, газетіңе осылай жаза бер» деді жымыып...

Нұраға айтқан сол океанариум бүгін «Думан» ойын-сауық отауының ішінде жұмыс істеп тұр. Теңіз көрмеген қазақ баласы бір кездері Президент тамсана қараған Куала-Лумпурдағы Океанариумды енді Қазақстанда отырып-ақ тамашалай алады.

Иә, мұндайда бірін айтып, біріне кетесің. Сонымен баспасөзде Ақмола атауына байланысты көп пікірталас жүрді. «Мола» деген сөз сан-саққа жүгіртілді. Орынды да, орынсыз да, бәтуалы да, бәтуасыз да деректер келтірілді. Бірақ ежелгі Бозоқ қаласының үстіне салынған Ақмоланың бекет, қамал сынды мән-мағынасы бар екендігі де алға тартылды. Дегенмен, түлеген Қазақстанның асқақ рухына сай атау қажеттігін бәрі де мойындаған. Бірақ қалай атау керек? Ақыры Астана деген ауыз толтырып айтарлық сөзге тоқтадық. Тоқтадық деп отырғаным, мен ол кезде республикалық ономастикалық комиссияның мүшесі едім. Мынандай уәж айтылды: «столица – астана, ал қазақшасында Елорда – Астана». Осылай ұғым да сақталады, жаңа қаланың аты да айшықты болмақ. Мұны Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынды. Уәлі сөзге бәріміз жығылдық. Осылай ономастика комиссиясының шешіміне қол қойдық та, ертесіне, Президент жарлығы шықты. Міне, осылай мен де, Елорданы көшіруге орай Жоғарғы Кеңесте қолдап дауыс беріп, «көшті бастау керек» деген сөзді оқырманға алғашқылардың бірі болып жеткізген журналистердің қатарына қосылып, әрі Ақмоланы Астана деп өзгерту туралы ономастикалық комиссияның шешіміне қол қойғанымды ерекше мақтан етемін. Мұндай тарихи оқиғалардың ішінде болып қана қоймай, оған қатысты болудың өзі де әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт қой.

Астананы айтқанда Президент қаласы екенін бәріміз мақтанш сезімімен айтамыз. Заманауи сәулет өнерінің үлгісі боларлық ғажайып құрылыстарды санамай-ақ қояйын. Өйткені Астана Еуропалық та, Шығыстық та қала. Ұлттық реңкі де мол. Ал осы сүйріктей сұлу қаланың мықты болуы үшін қызмет істеген адамдар бар емес пе? Солар туралы да екі-үш ауыз сөз айтқан абзал болар.

...Ақмола – Астананың бірінші мэрі - **Әділбек Жақсыбеков**. Ол Ақмола өлкесінің тумасы. Ел жағдайын да, жер жағдайын да жетік біледі. Ең ауыр сынды белі қайыспай көтерген осы атпал азамат. Әділбек Жақсыбековтің кезінде қала қаз тұрды. Барлық мемлекеттік органдар көшірілді. Алғашқы мекен-жайлар салынды. Қаланың болашақ даму архитектурникасы орнықты. Бұл күнде Әділбек Жақсыбеков Қорғаныс министрі.

Одан кейін Елорда әкімі болып **Темірхан Досмұхамедов** тағайындалды. Бұл азамат та қала басқаруда өзінің бар қажыр-қайраты мен ақыл-парасатын тиімді пайдаланды. Енді ғана еңсесін тіктеп келе жатқан жас Астананың салауатты өмір салтын ұстануына мейлінше барлық жағдайда жасаған Темірхан Мыңайдарұлы бүгінде Туризм және спорт министрі қызметін абыроймен атқарып жүр.

Өмірзақ Шүкеевтің тұсында Астана қазақылана бастады. Ресми тілдегі жарнамалар мемлекеттік тілге көшті. Қазақ мектептері көбейді. Асфальттың астынан сығымдалып шығып жататын саздар азайып, ұлттық реңк көбейді. Бір сөзбен айтқанда ұлттық құрам өзгеріп, бір кездері бар болғаны 27 пайыз қазақ тұратын қаланың 70 пайыздан астамы мемлекеттің атауын беріп тұрған ұлттың үлесіне ауды. Көше атаулары қазақыланып, ұлттық бизнес нышандары көбейді. Қазір Өмірзақ Шүкеев Үкімет басшысының бірінші орынбасары.

Асқар Мамин де барлық мүмкіндігін іске жұмылдырып жұмыс істеген бизнестің өкілі. Ол «Қазақстан Республикасының астанасының мәртебесі туралы» Заң жобасының қабылдануына ерекше еңбек сіңірді. Әр депутатпен кездесіп, ұсыныстарды екшеп, түсіндіріп, жанын сала еңбектенді. Қаладағы ең басты көелердің бірінен саналатын Республика даңғылындағы көрінісі сұрықсыз барлық үйлердің сырты қайрадан күрделі жөндеуден өткізіліп, ұлттық өрнектермен әрлендіріліп, бүгінгі заманғы сәулет өнерімен астасып, көз қуантарлық әсем келбетке енді. Қала құрылысы мен экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосқан Асқар Мамин бүгінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның президенті.

Үлкен өмір мектебінен өткен **Иманғали Тасмағамбетовтің** үлесіне де аз салмақ тиген жоқ. Кешегі Президент әкімшілігінің басшысы, облыс әкімі, Үкімет басшысы, Алматы қаласының әкімі сынды сындарлы жолдардан өткен қала мэрі үшін жауапты да, салмақты жұмыстар жеткілікті-ді. Ең алдымен И.Тасмағамбетов өз алдындағы әріптестерінің жұмысын абыроймен алға жылжытты. Астананың ұлттық реңкі өсе түсті, тарихи атаулар көшелерге, бақтар мен бауларға беріле бастады. «Әуені» көп құрылыстар Елбасы көмегімен пайдалануға берілді. Астананың 10 жылдық мерекесі таңғаларлық шоулармен есте сақталды.

ЕҚЫҰ Астана саммиті жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті. Оған Азия ойындарының спорт кешендері мен оның ашылу және жабылу салтанатын қосыңыз. Иманы бар Иманғалидың қолтаңбасы жарқырап көрініп тұр. Ол өзінің Назарбаевтың «өнімі» екенін қалтқысыз дәлелдеп келе жатқан іскер тұлға.

...Бүгінгі Астана қандай?! Әлем картасында ең жас Елорда болса да жаһандық саяси-экономикалық мәселелерді шешетін бас қалалардың біріне айналды. Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүрегін жарып шыққан, түн ұйқысын төрт бөлдірген Астана – қазақтың қасиетті Алтын ордасы, Елбесігі, Жерұйығы!



АСТАНА – ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ ҚАЛА

Бауыржан Смаилов

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Мен Ақмола өңірінің азаматымын. Бұл өңір – қазақтың киелі жерлерінің бірі. Қай заманда да өзен-көлдің жағасында мекендер болатыны анық. Есілді жағалай ел қонған. Ұлан-ғайыр даламыздың бір шетінен екінші жағына қатынаған керуендер Есіл өзенінің осы Ақмола тұсынан өтетін болған. Оны ел-жұрт Қараөткел деп атаған екен. Тарихта «Қараөткел базары», «Қараөткел қымызы» деген сөз тіркестері содан қалған. Базар деген тек сауда-саттық орны болмаған. Заманында Қараөткел базары жиынтойдың, ойын-сауықтың да орталығы болған. Әйгілі Балуан Шолақтар небір мықтылармен белдескен екен. Өзінің сүйіктісі Ғалияны осы базардан кездестірген көрінеді. Қиыла қымыз ұсынған Ғалияға Балуан Шолақ ғашық болып, атақты «Ғалия» әнін шығарған.

Қоғам және мемлекет қайраткері, ақын Сәкен Сейфуллин де Ақмола қаласында тұрып, жұмыс істеген. 1930 жылдары теміржол тартылып, поезд қатынасы іске қосылған қала Сарыарқа өңірінде ауыл шаруашылығы мен индустрияның дамуына айрықша үлес қосты. Ал 1960 жылдары Тың өлкесінің орталығы болған соң, облысқа да, қалаға да КСРО-ның әр аймағынан тың игерушілер көшіп келді. Астықты өңір қарқынды дамыды. Алайда, **сол кездегі солақай саясаттың әсерінен ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз «жетім баланың» күйін кешті.** Қалада №4 бір-ақ қазақ мектебі болды. Тікелей Мәскеуге бағынған Тың өлкесі тек бір-ақ тілде сөйлеп, коммунизмге тезірек жетуге асықты. Ұлттық кадрлар лауазымды қызметтерге тағайындалмады. 1961 жылы қала атауы Целиноград болып өзгертілді. Тек тәуелсіздік таңы атқан соң, осы қалада тұратын ұлт зиялыларының тоқтаусыз жүргізген күрестерінің арқасында 1990 жылдардың басында Ақмола қаласы болып, өз атауын қайтып алды.

Қазақстан жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алады. Осы орайда егемен ел болған тұсымызда мемлекетіміздің астанасы ұлан-ғайыр жеріміздің орталығында болуы қажеттігі басты мәселелердің біріне айналды. Алатау баурайындағы сұлу да көрікті Алматы қаласының ел аумағының шетінде орналасқанын жас та, кәрі де жиі айтып жүрді. Тәуелсіз ел өз таңдауын жасауы қажет болды.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халықтың көкейіндегі ойын бірден ұғынып, өзінің де көптен бері ойланып-толғанып жүргенін, ел орталығын ауыстыру үшін зерттеу жұмыстары жүзеге асырылғанын айтты. 1994 жылы 6 шілде күні Жоғарғы Кеңестің депутаттары алдында астананы Алматыдан Ақмола қаласына көшіру туралы өзінің тарихи шешімін жария етті! Президенттің бастамасы талай адамды таңғалдырды. Елбасы астаналарға қойылар 32 түрлі талап тұрғысынан пайымдап-зерделеуден кейін, Есіл өзенінің бойында, тоғыз жолдың торабында орналасқан Ақмола қаласына таңдау жасалғанын жеткізді. Ол кезде Елбасының бұл бастамасы жылдам жүзеге асытынына сенген адамдар да аз болды. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссия құрып, тиісті мемлекеттік органдарға бірден тапсырма берді. Мемлекет басшысының Жарлығымен Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. 1998 жылғы 6 мамырдағы ҚР Президентінің Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілді. Сол жылдан бастап Астана әлемдегі саяси маңызды оқиғалар өтетін орталыққа айнала бастады. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астанаға «Әлем қаласы» деген жоғары атақ берілді.

Ол кезде қазіргі Сол жағалаудағы бірде-бір ғимарат жоқ еді. Әуежайға бара жатқан жолда саяжайларды көретін едік. «Заречный» кеңшарының картоп егетін алқабы болды. Сондай-ақ ДОСААФ мектебі бар еді. Жаңа ғасырдың басында әуелі ҚР Көлік және коммуникация министрлігі мен «Қазмұнайгаз» АҚ-ның ғимараттары бой көтерді. Содан кейін 2003-2004 жылдары «Бәйтерек» кешені, Ақ Орда, Үкімет Үйі, Мәжіліс үйі және басқа да сәулетті ғимараттар сап түзеді. Ал бүгінгі таңда Сол жағалауда ондаған әкімшілік нысандар, кеңселер, мыңдаған тұрғын үйлер салынғанын көріп отырмыз. 2001-2011 жылдар ішінде осынша жаңа нысандар салынды дегенге шетелдіктер де сене алмай, таңданыстарын білдіреді. «Мына үйді қашан салып тастаған?» деп кейде өзіміз де таңқалып тұрамыз.

Елімізде Астана қаласының көркеюімен бірге облыс, аудан орталықтары да, жеке қалалар да жаңартылды. Елордадан басталған жаңару дәстүрі жалғасын тапты.

Астананың өркендеуіне мемлекетіміздің саяси-экономикалық өрлеуі ықпал етті. Сонымен қатар шетелдік инвестицияның құйылуы бас қаламыздың ажарлы әрі заманауи дамуына игі әсерін тигізді. Атақты жапон архитекторы Кисе Курокава Астананың бас жоспарын сызып берді. Шетелден келген мәртебелі меймандар да, өз азаматтарымыз да Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Астананың бас сәулетшісі деп айтып жүр. Шынымен де, Елбасы Астананың бас жоспарын үнемі назарда ұстап, қай жерде қандай ғимараттар салынуға тиісті екенін қала басшылығына ескертіп отырады. Бір жолы қара түсті әйнекпен көмкерілген зәулім ғимараттарды салмау керектігін айтып, жобадан алып тастағанын да жақсы білеміз.

Қоғам да, мемлекет те, қала да қарқынды даму үстінде. Сондықтан Кисе Курокаваның жоспарын Елбасымыздың тапсырмасы бойынша Қазақстан сәулетшілері одан әрі жетілдірді. Бас жоспарға бірқатар өзгерістер мен тың жаңалықтар енді. Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде Астана келбеті – ұлт келбеті екенін, Астанамыз қай жағынан қарағанда да кісі қызығарлықтай, Шығыстың да, Батыстың да айшықтарын қатар қабыстырған қалаға айналып келе жатқанын айтты.

Астана қаласын әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытудың 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған «Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» мемлекеттік бағдарламасы толықтай жүзеге асырылды. 2001 жылы 29 маусымда Мемлекет басшысы «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Астана қаласын көркейтуде, әсіресе, Есіл өзенінің Сол жағалауындағы әкімшілік ғимараттарының құрылыстарын қарқынды жүргізуде бұл Жарлықтың рөлі айрықша болды.

Сарыарқа төсінде орналасқан Елордамыздың қыста боранды, жазда желі көп болатыны көптен бері айтылып келе жатқан еді. Осы мәселені Елбасы түбегейлі шешуді қолға алды. Және қаланың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының бастамасымен «Жасыл аймақ» мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Астана қаласының аумағына жасыл-желек егілді. Күні кеше отырғызылған жас талдар қазір қалың орманға айналды. Өткен жылы жергілікті климатқа бейімделген аң-құстар жіберілді. Жасыл орманды аралап көрген Елбасы: «Мен Астана төңірегіндегі жасанды орманды жыл сайын аралаймын. Аралаған сайын көңілім қуанышқа толады. Біз келер ұрпаққа жасыл орманға оранған әдемі ел қалдыруымыз керек. Тәуелсіздігімізді орнаттық, мемлекетті нығайтып жатырмыз. Қазақстанды әлемге таныттық. Енді өзімізге, халыққа жайлы, таза, ауасы денсаулыққа шипасын тигізетін Қазақстан жасауымыз керек», - деді.

Бүкіл еліміз бойынша жас талдар отырғызу ісі қолға алынды. Әрбір өңірде «Жасыл ел» жастар ұйымы құрылып, жұмыс істеуде. Бұл игі іс те Астанадан бастау алды. Келешекте Астана төңірегіндегі орманды алқап Бурабай орманына барып қосылады.

Соңғы жылдары Елордамыз әлем назарын өзіне аударды. 2008 жыл еліміз үшін тарихи-мәдени маңызды оқиғаларға толы болды. Ерке Есілдің жағасындағы, Сарыарқаның төсіндегі ару Астанамыздың 10 жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өтті. Әлемнің көптеген елдерінен келген қонақтар Елорданың сымбаты мен сұлулығына тамсана қарады. Болашағына қызыға көз салды. Барлық меймандар ізгі тілектерін айтты.

Астана әлемдік үнқатысу орталығы рөлін атқарып келеді. Үш рет, атап айтқанда, 2003, 2006, 2009 жылдары Әлемдік діндер көшбасшыларының съезі болып өтті.

Ал 2010 жылы ТМД елдері ішінен Қазақстанның бірінші болып ЕҚЫҰ-

ға төрағалық етуі – сәтті атқарылған ауқымды істердің бірі. Астанада өткен ЕҚЫҰ-ның жаңа ғасырдағы Саммиті мемлекет басшыларының дүниежүзіндегі маңызды кездесуі ретінде тарихта қалды. Елордамызда 56 мемлекеттің басшысы, көптеген халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің жетекшілері, танымал саясаткерлер бас қосып, ғаламдық проблемаларды талқыға салды. Астана Саммитінде жылдар бойы ЕҚЫҰ шеңберінде қордаланған проблемалар мен қарама-қайшылықтарға жан-жақты талдау жасалды. Осы Саммитте ЕҚЫҰ-ның бірінші өлшемі аясында әлем қауіпсіздігіне баса назар аударылды. Елорда төрінде өткен ЕҚЫҰ Саммитінде **Астана Декларациясы бірауыздан қабылданды**. Астана Саммиті тек қана Қазақстан тарихында емес, әлемдік шежіреде мәңгілікке жазылып қалғаны анық.

2011 жылғы 27-28 сәуірде Астана қаласында Әзірбайжан Республикасы Милли Меджлисі, Қазақстан Республикасы Парламенті, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші, Түркия Республикасы Ұлы Ұлттық Мәжілісі делегацияларының қатысуымен Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының II пленарлық отырысы өтті. Соның қорытындысында **Астана Декларациясы бірауыздан қабылданды**.

Биыл Қазақстан Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ) төрағалық жасады. Қазақстан осы міндетті атқару барысында Ислам әлемі мен Батыс арасындағы үнқатысуды жақындастыруға басты назар аударды. 28-30 маусым күндері Астанада өткен аталған ИЫҰ-ның Сыртқы істер министрлерінің 38-ші кеңесінде Қазақстан елінің бастамасы бойынша Ислам Конференциясы Ұйымының атауы өзгертіліп, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы деген атауға ие болды. Сонымен қатар осы ұйымның жаңа белгісі (логатипі) қабылданды.

Астанада бұлардан басқа да халықаралық кеңестер, семинарлар мен конференциялар жиі өтіп жүр.

Сөйтіп, **барша қазақтың арманы орындалып, Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи шешімімен Сарыарқа төсіне қонған, ХХІ ғасырға жаңа атаумен енген Астана дүниежүзіндегі сәулетті қалалардың біріне айналып келеді**.

«Еуразия жүрегінде» атты кітабында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстан – еуразиялық мемлекет, оның жаңа астанасы алып Еуразия құрлығының географиялық орталықтарының бірі. Тәуелсіз Қазақстанның астанасы етіп Ақмоланы таңдауда маңызы кем болмаған айқындаушы факторлардың бірі – бұл қала келе-келе осы орасан зор құрлықтың қуатты байланыстырушы орталығына айналатындығы еді. Жаңа ғасырда даму үстіндегі еуразиялық кеңістіктің экономикалық, технологиялық, ақпараттық ағыны біздің жаңа астана арқылы өтетін болады» деген ой-толғамын жазыпты. Шынымен де Астана – Еуразияның жүрегі, Қазақстанның еңселі Елордасы.

Елордамыздың бүгінгі мен ғажайып болашағы жолында еселі еңбек сіңіріп, абыройлы қызметімен халықтың алғысына бөленіп жүрген азаматтарымыз аз емес. Өздерінің еңбектегі жетістіктері арқылы

Қазақстанның барлық тұрғыны да Астананың және мемлекетіміздің өркендеуіне үлес қосуда.

Астана мен үшін айрықша ыстық қала. Өзім Ақмола облысы, Астрахан ауданының Жарсуат ауылында дүниеге келдім. 1984 жылдан бері бұрынғы Ақмола, қазіргі Астана қаласында тұрамын. 1991 жылы Целиноград ауыл шаруашылық институтын (қазіргі Сәкен Сейфуллин атындағы Агроуниверситет) «экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірдім. Яғни, қызығы мол студенттік шағым осы қалада өтті. Достарды да, өмірлік жарымды да осы қалада таптым. Балаларым да осы қалада дүниеге келді.

Біраз жыл Астанада еңбек етіп, қалалық мәслихатқа екі мәрте депутат болып сайландым. Көп жыл құрылыс компаниясына басшылық жасадым, сол кезде қаланың инфрақұрылымын дамытуға атсалысып, сапалы автокөлік жолдарын және сәулетті ғимараттарды салу арқылы Елордамыздың көркеюіне үлесімді қостым. 2007 жылы IV сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясының тізімі бойынша депутат болып сайландым.

Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына 20 жыл толады. Тарих үшін бұл бір сәттік оқиға секілді. Осы қысқа мерзімде мемлекетіміз орасан зор жетістіктерге жетіп, әлем елдері алдында үлкен беделге ие болды. Қазақ елінің қарышты дамуы, осындай белестерді бағындаруы – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың даналығы, сұңғыла саясаткер екендігі. Елдің де, Елбасымыздың да игі бастамалары әлемдік қоғамдастықта қолдауға ие болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы «Еуразия жүрегінде» атты кітабында біздің Астана сәулет өнерінің жауһар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштерге, алуан гүлдермен өрнектелген бау-бақшаға оранған, Шығыс пен Батыстың ең озық рухани құндылықтарын талғаммен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналатынына бек сенімді екенін жазды.

Астана – Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен бой көтерген жаңа ғасырдың сәулетті қаласы! Әлем назарындағы Астанамыз алдағы уақытта бұдан да көрі көркейе түсетініне кәміл сенемін. Бүгінде Астана – саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелер бойынша түрлі кездесулер өтетін Еуразия кеңістігінің орталығы. Бұл қала келешекте де маңызды басқосулардың, ірі халықаралық шаралардың өтетін орталығы бола беретініне ешқандай күмәнім жоқ.

Астана — достық қаласы











АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, АСТАНА!

Жұмагүл Саухат

*БАҚ саласындағы Президент Грантының иегері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

Сарыарқа! Ұлытауды ойға бөктірген, сұлу Көкше келіп тілдескен, Есілдей есіліп, Нұрадай нұрланған ұлы дала... Атам қазаққа тұлпардың тынысын берген төрт құбыласы тең болмаса да төрт құбылаға олжа салып жатқан Сарыарқа атты ұлан-байтақ өңірдің ортасында Алты Алаш ту көтеріп, орда тігіп, Астана деп айшықты ат қойып, рухы мен бүгінін демдеген, айбатымен ертеңіне сенген жас та ғұмырлы шаһар тұр. Оған тарихтың сонау ғұн заманынан белгілі Есіл-Нұра өңіріне қазақ даласының кіндігі болу бақыты бұйырған.

Ғасырдан ғасыр асып көне дүниеге көз салсақ, Ақмола аталған Нұра жағасындағы жазық даланың түйілген бұлшық етіндей болған Тайтөбе ежелгі ғұндардың ата қонысына айналғанға ұқсайды. Осы төбенің ұшар басына олар берік қамал салған, қамалдың атын Ақмола қойған. Ақ – батыс, мола – қорған ұғымын білдірген. Тарихи дәлелденген осы дерекке жүгінсек, өткен күн мен бүгінгі астананың арасын халық үшін аса қымбат, қасиетті ұғым жалғастырып жатыр. Ол – ата-бабаларымыздың Қараөткел топырағына әлімсақтан ел қорғаны ретінде үмітпен қарағаны, соған ұмтылғаны, Есіл-Нұра аймағының қазақ жерінің алтын ордасы болуға бағзыдан лайықтығы.

Ақмолаға табан тіреген ғұндардың шаңырағы шайқалмағандығы, сырттан жау алмағаны белгілі.

Ақмолаға ту тіккен бүгінгі елдің еңсесі биіктей түскені, бар ғаламға терезесі тең қарағаны анық.

Астана аталған арқадағы Ақ Орданың халықтың қалауы, заманның таңдауы болғаны хақ.

Ертеден бергі тарихы қазақтың тағдырымен терең тамырласып жатқан осы асқақ қала кезінде айбынды ғұннан, кемеңгер Тәукеден, қазақтың қамал қорғаны атанған Қанжығалы қарт Бөгенбайдан, қаһарлы хан Кеңеден соң ұлттық қаны ұзақ жылдар сұйылып барып, Қазақстан атты еңселі елдің астанасы боларын сірә да сезді ме екен?! Кім білген, бәлкім сезген де болар. Ақмола аты астана ұғымына телініп, әредікте айтылып та жүрген ғой.

Тарихты таразыласақ, Ақмоланың астанаға лайық екеніне сонау ХІХ ғасырда-ақ назар аударыла бастапты. Осы ғасырдың 30-жылдары Арқа өңіріне арнайы тапсырмамен статистикалық мәліметтер жинауға келген заты поляк зерттеуші Адольф Янушкевич: “Ақмола елдің орталығы болуға жарайтын жер”, - деп жазған екен. Дүниеге еуропалық зерделікпен қарайтын ғалым бұл байламға келгенде қазақ ұлысының жағрапиялық және саяси-экономикалық жағдайына барлау жасаған болар.

Қаланың астанаға лайық екеніне тоқталған қайраткердің бірі – Сәкен Сейфуллин еді. 1922 жылы Қазақ Автономиялы Республикасының астанасы Орынбор болған кезде: “Қазақстанның астанасы болуға лайық бірден-бір қала – Ақмола”, - деп түйіп айтқан.

Бұдан кейін Ақмолаға көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаев көңіл бөледі. “Ғылым академиясын Ақмолада салу керек” – деп ой тастайды. Ғұлама ағамыздың осы арқылы нені меңзеп тұрғаны айтпаса да түсінікті.

Әңгіме астана туралы болған соң, қазақта көне заманнан бері қанша астана болды екен деген сауалдың қылаң беретіні белгілі. Оларды санап беріп жаңалық ашпасақ та, еске сала кеткеніміз орынды секілді. Астаналар – тарих, ол да бір әлем.

Ғалымдар бөлкім бұдан да әріден бастар, біз білетін көне астана Х ғасырдағы – Сығанақ. Ол ұлы Қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болды.

Бұдан кейін ХІІІ ғасырда Ақ Орданың астанасы атанған Сауран туралы дерек көп. Ол тарихта өзінің даңқын қалдырған қасиетті шаһар.

Бұлардың ішінде ғұмыры ең ұзағы халықтың әр ұрпағының шексіз махаббатына бөленіп, әлі күнге табындырып келе жатқан – атақты Түркістан. ХІІ-ХІҮ ғасырларда түркілердің діни орталығы болды. Хозрет-и-Түркістан атанды. Рузбехан оны «Түркістан билеушілерінің орталығы» деп жазды.

Астананың шежіресін сүзе келгенде Алтын Орданың бас қаласы Сарай Берке туралы да айтылып келеді. Оның дәуірлеген тұсы – 1243 жылдар.

Ал бергі тарихқа жүгінсек, Орынбордан соң Қызылорда бой көтереді.

Сыр бойындағы бұл қалаға 1926-1929 жылдарда бақ қонды. Осы қала астана болған тұста, яғни 1926 жылы Мәскеуден арнайы келген үкімет комиссиясы жергілікті экономикалық және табиғи жағдайға байланысты Қазақстан астанасын Алматыға көшіру жөнінде ұсыныс жасайды. 1926 жылы 29 қазанда РСФСР үкіметі бұл ұсынысты қабыл алады. Осы байламмен 1927 жылғы 2 наурызда Қазақ АССР-ның үкіметі орталық Алматыға көшірілсін деген қаулы қабылдайды да, оны 1927 жылғы 27 наурызда Советтердің бүкілқазақстандық ҮІ съезі бекітеді. Осы ұзақ дайындық ақыры 1929 жылғы 19 мамырда жүзеге асады да, астана Қызылордадан Алматыға көшіріледі.

Осыдан дәл 66 жыл өткенде Ақмоланың астанаға лайық екендігі туралы тағы да ой өрілді. Бұл жолы жай тілек, жадағай жұмыс түрінде емес, нақты шешім ретінде нық айтылды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылғы 25 қыркүйекте Ақмоланы астана ету жөнінде Заң күші бар жарлыққа қол қойды. Ал жаңа астананың өмірге ресми келген күні 1997 жылғы 10 желтоқсан. Астананың тұсаукесерін дүбірлетіп өткізген күн 1998 жылдың 10-маусымы.

Сөйтіп, алты Алаштың арайлы арманы ақиқатқа айналды. Ақиқат – Ай мен Күннің сәулесіне нұрланған Астана қаласы болып, адамзаттың назарында нұрланды.

Бүгінде айбынымыз асып, мерейіміз тасып “Астана” деп жар салудамыз. Ал шын мәніндегі әлемдік үлгідегі астана атану үшін не қажет? 1991 жылы Парижде француз экономисті Ж. Фабардың “Интернационалдық қала дегеніміз не?” деген баяндамасы баспа-сөзде жарық көрді. Мұндағы “интернационалдық” сөзі халықаралық қала, алыс-жақынға бірдей жағдайлы астана ұғымын білдіретін еді.

Міне, осы Фабардың және басқа қалалар мамандарының қойған талабы бойынша қазіргі заманғы астана болу үшін мынандай бес артықшылыққа ие болу керек екен.

Біріншіден, астананың халқы білімділігі мен біліктілігі жағынан жоғары деңгейде болып, халықаралық, экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстарға кеңінен қатысуы керек.

Екіншіден, көрсетілген тұрмыстық қызмет, оның ішіндегі банк, телекоммуникация байланысы халықаралық талапқа сай болуға тиіс.

Үшіншіден, халықаралық конгресс, конференциялар, фестивальдар мен көрмелер өткізілуге мүмкіндік беретін мейманханалар салынуы қажет.

Төртіншіден, астананы әлем мемлекеттерімен ұдайы іскерлік байланыста ұстайтын шетел өкілдері тұрақты тұрып, жұмыс істеуі керек.

Бесіншіден, қаланың жақсы дамыған іскерлік, мәдени және демалып, көңіл көтеретін орталық бөлігі болуы шарт.

Осы айтылған талаптар тұрғысынан келгенде зерттеу жүргізілген 165 қаланың ішінде бірінші орында Лондон, екінші орында аты әйгілі Париж тұр. Ал көрген көз тамсанып айтатын Марсель мен Вена, Неаполь 28-орынға зорға ілігіпті.

Әлемдік талғам осындай қатал. Бұл талғамның жыл санап өсіп бара жатқаны және бар. Жапония, АҚШ, Германия секілді айбарлы елдердің астаналары аталмауы көп жағдайды аңғартса керек. Соған қарасақ, қазақ астанасының әлемдік деңгейге көтерілуіне уақыт та, қыруар еңбек те қажет. Қуанарлығы – астана шаңырақ көтерді, талпынысы шексіз, қадамы қауырт.

Нақтылап айтсақ, Елбасының Жарлығымен Есілдің сол жағалуында “Астана – жаңа қала” арнайы экономикалық аймағы құрылып, ол 2002 жылдың қаңтарынан жұмыс істей бастады. Бағдарлама бойынша мұнда

2007 жылға дейін 238,6 млрд. теңге күрделі қаржы игерілсе, 2010 жылдың қорытындысы бойынша 976,6 млрд теңге тартылды. Қазіргі уақытта АЭА аумағы 7092,9 га құрайды, ал бұл дегеніңіз алғашқы аумақтан 5 есе көп. Оның аумағы басында 1 052 га құраған еді. Аймақ құрылған күннен бастап оның қарауына 269 нысан өтті, оның ішінде 80 инженерлік-транспорттық инфрақұрылым, 65 тұрғын үй, 65 әлеуметтік-тұрмыстық мағынадағы объектілер, 32 әкімшілік ғимараттар және 23 өндірістік нысандар бар. Бүгінде бұлардың екі жүзден астамы ел игілігіне тапсырылып үлгерді. Міне, осының барлығы қаншалықты қыруар күш пен қайратты қажет ететінін ойлай беріңіз.

Иә, тарихты білу ғанибет. Оны сезіну перзенттік парыз. Сол мәңгілік тарихқа куә болу, куә болып қана қоймай, оны жасауға қатысу – ұлы бақыт. **Астаналықтар осындай бақыт иелері. Мұндай мерей жалғыз аталған қала жұртшылығына ғана емес, барлық қазақстандықтарға ортақ. Ал сол бақыттың тұғыры – туған еліміз бен жеріміздің тәуелсіздігі.**

Соған тоқталсақ, жаңа астана – ең алдымен тәуелсіздік астанасы.

Көкірегінде қоңыр домбыра күмбірлеп, бауырында әулие-қобыз күңіреніп, кең пейілі көкке жұпар шашқан көктемнің самалындай құшағында ондаған ұлт мейіріміне бөленіп, мерейі тасыған Астана - Қазақ елінің берекелі һәм бейбітшіл жан дүниесінің жарқылы.

Президентіміздің тұңғышындай тұмарлы Бас орда тағдыры талай тастақ жолдан өткен Алаштың айбынын асырып, адамзатқа қазақты ақпейіл, ақ жүрегіндей айқара құшағын ашып, өзгеге ұқсамас өзіндік сәулетімен таңдай қақтырып, тамаша келбетімен бас игізді.

Құс қанаты талатын алып даланың жүрек тұсында халқының сан салалы талайының күрмеулі жібін тарқатып отырған Астана бүгінгі таңда әлемнің мақтанышына айналған ажарлы астаналар мен көрікті қалалардың көшіндегі алдыңғы лекті асқақ қалпымен бастап барады.

Төрткүл дүниенің қай бұрышынан қарасаң да өз бойына ғана тән таңдауы бөлек табиғатымен аспанмен тілдескен Астана көзіңе атқан таңдай көрінеді.

Жер бетіндегі әсемдік пен әдемілік, сәулет пен тыныштық символы саналатын астаналар саусақпен санарлық. Соның ішінде Құлагердей алға мойнын созып, көңілдің көк дөненіндей жылдам дамып, халқының мақтанышына айналған қаланың бірі емес, бірегейі – атыңнан айналайын, Астана!

Кең-байтақ Қазақ елінің кеуде тұсында жұлдыздай жарқылдап, Есілдің бойында ерекше қалпымен елең еткізген еңсесі биік Елорда, бүгінде төрт құбыладан таңдана қараған төрткүл дүниені тамсанта бер мәңгілік!



ҚАЗАҚ ҚАЛА САЛҒАНДА...

Жолтай Жұмат

жазушы

Сөйтіп, Қазақ елінің жаңа орталығы – Астананың он екі жылдығы да тойланып, алға қарай қадам бастық. Осынау ондаған жылдың биігінен өткенге ой жібере қарасақ, әңгімеге тиек етер елеулі оқиғалар, жадымызда жүрер жәйттер көп екен.

Оймен барлап қарасаңыз, қазақ елі өзінің қала құрылысын салуды әріден-ақ бастаған. «Біздің жұрт көшпенді ел еді, қала салу кейінірек басталды» деп келте түйін жасау орынсыз-ақ. Қазақ қай кезде де қала сала білген, неше түрлі әсем ғимараттар тұрғыза алған. Оған тірі тарих куә. Өткен өмір куә!

Көне Отырар, Түркістан, Тараз, Атырау, Орал, Ақмешіт, т.б. қалалардың іргетасы баяғыда-ақ қаланған жоқ па еді! Ал, оған дейінгі тарихи ескерткіштер, ғажап ғимараттар да ондап, жүздеп саналады.

Бұл ненің белгісі? Әрине, қазақ топырағында архитектуралық өнер ерте бастан-ақ дамыған, өркен жайған.

Қазақ ұлтының астаналары болған қалалар туралы аз жазылған жоқ. Әсіресе, Түркістан, Қызылорда, Алматы жайында бірқатар тарихи еңбектер дүниеге келді. Бұлар-астаналар, тарихтан еш сызып тастауға болмайтын ғажайып қалалар. Осы күні шетелден келген қонақтар Түркістанның тарихи орнын жоғары бағалап сөз етсе, Алматының әсем келбетіне таңдай қаға, таң қалады. Алматы расында да көркі келіскен, архитектурасы әсем, ғажап қала.

Ал, енді бүгінгі Астана ше? Қазіргі Елордамыздың арғы-бергі тарихи не дейді?...

Өткен тарихтан белгілі, осы Ақмола аймағы ілгеріде Абылай ханның табаны тиген, беріде Кенесары хан жауынгерлік ерліктер көрсеткен аймақ. Ол туралы тарихшыларымыз бірқатар еңбектер жазды. Тіпті осы күні Ақмола төсінде атақты хан Кенесарының ат үстінде айбындана қарап тұрған ескерткіші орнатылғаны да белгілі бір заңдылыққа саяды. Ол тектен-тек Астана ортасынан ойып орын алған жоқ. Сосын... Абылай хан да, Кенесары да Астанада үлкен көше атын иеленіп отыр. Бұл да өз ретінде өте орынды шара деуіміз керек.

Бұл Ақмола ХХ ғасырда басынан не құқайды кешірмеді дейсіз! 1937-38 жылдардағы нәубет өз алдына бөлек әңгіме. Ол-баршаға ортақ ұлы қайғы ғой.

Ақмола кешегі Кеңестік жүйе кезінде өз атынан айрылып, Целиноград аталды. Оның осылай аталуына тікелей ықпал етуші - Н.Хрущев. Тіпті сол Н.Хрущев 1960 жылдары осы өлкені тың өлкесі деп атап, Қазақстанның төрт облысының басын біріктіріп, оны тікелей Мәскеуге бағындыруды да жоспарлап үлгеріпті. Бұл туралы да тарихшы-зерттеушілеріміз аз жазып жүрген жоқ. Әсіресе, сол жылдардан Орталық партия комитетін басқарған мемлекет қайраткері Д.Қонаевтың естелік кітабында бұл туралы егжей-тегжейлі жазылды да.

«Тың өлкесін құру идеясы» неге жүзеге аспады? Н.Хрущев неге бұл ойын аяқтап шыға алмады? Осы сауалға әр кезде әртүрлі саясатшылар, тарихшылар, журналистер үнемі жауап іздеумен келеді. Әркім әртүрлі ой айтады. Бірқатар жазбаларда Д.Қонаевтың үзілді-кесілді қарсылығын байқаған соң орталық өз ойынан айныды дейді. Ал, енді бір жазбаларда... сол кездегі Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшеневтің батыл түрде қарсы шығуынан делінеді. Ол туралы мынадай дерек бар. 1960 жылдың күз айында Ж.Тәшенев шұғыл түрде Целиноградқа ұшып келеді. Сол кездегі Целиноград өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Соколов екеуі жеке кабинетте ұзақ сөйлесіпті. Соколовқа «сен неге келесі жылдың қаржы-бюджет мәліметтерін бізге, Госпланға бермей жатырсың» деп сауал қойғанда, ол «біз енді орталыққа, Мәскеуге ақпарат береміз» депті. Міне, осы әңгіме үстінде Ж.Тәшенев Соколовқа «Өлке Ресейге берілмейді, ал сені керек болса 24 сағат ішінде қазақ жерінен қуып жіберемін» деген ашулы сөзін айтыпты.

Көп деректерде осы бір азаматтың - Ж.Тәшеневтің өте батыл, жүректі жігіт болғаны айтылады. Сол уақытта ол небәрі 45-46 жастағы жігіт екен. Туған елінің тағдыры таразы басына түскенде осылай өте тәуекел әңгімеге баруы қайсарлық көрсетуі оның өткірлігін, ұлтын сүйгендігін паш ете алады.

Ұлтын сүйген азамат Ж.Тәшеневтің есімін ардақтау, оған тиісінше маңыз беру – елдігімізді көрсететін фактор. Оның есімін қастерлей отырып, біз бүгінгі ұрпақты батыл болуға, өр болуға һәм қайсар мінезді болуға тәрбиелеген болар едік. Ж.Тәшенев-бейбіт өмірдің батыры!

Осы ретте айта кетуіміз керек, Ж.Тәшенев Совминді басқарған кезде Орталық Партия комитетінде Д.Қонаев отырды. Ол екеуі бұл шаруаны ақылдаспай істеуі мүмкін бе? Біздіңше, жоқ. Ал, енді әңгіменің аяғы ушыға түсіп, Орталықта үлкен әңгімеге өзек болса, ол енді сол уақыттағы саяси жағдай. Ж.Тәшеневті орнынан алғызуға Н.Хрущевтің тікелей өзі нұсқау беруі де күмән тудырмайды. Өйткені ол кезде Целиноград оның үнемі бақылауында болған өлке. Демек, Соколов Тәшеневтің сөзін сол қалпында, сол күні-ақ Хрущевке жеткізгені шындыққа саяды.

Ең бастысы - осыдан кейін Н.Хрущев өзінің асығыс түрде өлкені Мәскеуге қаратуға, оны Қазақстаннан дереу бөліп әкетемін деген өктем

ой, орынсыз идеясынан ылажсыз, уақытша болса да, бас тартқаны рас.

Ақмола дегенде, XX ғасырдағы ең алдымен еске түсетін ірі оқиғалар осылар.

Сөйтіп, Целиноград өлке болып та біраз жыл өмір сүрген. Одан соң қайтадан облыс орталығына айналды.

Ал, 1979 жылы... осы Целиноград қаласының орталығында тағы бір дүмпу болды. Алаңға жастар шықты. Бұлар кімдер? Не үшін шықты?

Бір сөзбен айтқанда, осындағы неміс ұлты өз автономиясын құрмақ болды.

Қазақ елі ішінде «үй ішінен үй тікпек» болды. Ол да өз кезеңімен тарих қойнауына енді. Оны да уақыт өз орнына қойды.

Целиноград қайтадан Ақмола атанып, өз бағытымен өсіп-өркендеді. Бұл тың аймағы, астықты өңір. Ақмола өңірінде өсіп-өнген астық елімізден тыс жерлерге де жетті. Қазақстанның атын шығарды.

Ал, XX ғасырдың аяқ шенінде осы тарихи қала ұлтың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей ұсынуымен қазақ елінің астанасы атанды.

Алматыдан жаңа астанаға - Ақмола өңіріне көшу аяқ астынан туындаған ой емес. Бұл біраз уақыт ойланған, толғанған шаруа. Бұл әлденеше рет талқыға түсіп, сосын барып қабылданған шешім.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің тарихи Жарлығына қол қоярға дейін еліміздің барша зиялы қауымының ой-пікірін білді. Әлденеше рет бұл туралы пікір алысулар өткізді. Мерзімдік басылым беттерінде бұның қажеттігі туралы аз жазылған жоқ. Теледидар арқылы да әлденеше хабар берілді. Қазақ елінің жазушылары, ғалымдары һәм зиялы қауымы бұл ниетке көптеп үн қосты. Әртүрлі ойлар мен пікірлер айтылды. Біреулері астананы Ақмолаға ауыстыру өте дұрыс және жылдам арада жүзеге асыру керек десе, енді біреулері «қажет нәрсе, бірақ асықпаған мақұл» десті. Ең бастысы - бәрінің де пікірі бір арнаға тоғысып жатты: «Көшу керек! Көшіру қажет!..»

Ақыр соңында Елбасы өзінің тарихи Жарлығына қол қойды.

Осы Жарлық жарыққа шыққан соң елімізде ірі қозғалыс байқалды. Халқымыз дүр сілкінді. Енді ел назары Ақмола қаласына біржола ауды.

Ресми түрде көшу 1997 жылдың 10 желтоқсаны күні жүзеге асты. Сол күні Алматыдан Ақмолаға арнайы поезд аттанды. Оның ішінде еліміздің зиялы қауымы қайраткерлер, ғалымдар, саясаткерлер бар болатын. Сол күнгі астананы ресми түрде Ақмолаға көшіру барлық теледидарлар мен радиодан қайта-қайта берілді. Газет-журналдар шуласа жазды. Қысқасы, еліміздің жаңа астанасы елді елеңдетіп қана қойған жоқ, қайта жаңа серпін, күш, қуат ала келгендей болды.

Ал, арада 5-6 ай өткенде Елбасымыз Ақмола атын жаңаша атауды ұсынды. Сөйтіп, екінші бір Жарлық дүниеге келді. Ол жарлық - Қазақстан Республикасының астанасы — Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы — Астана қаласы деп қайта атау туралы болатын.

Бұл Жарлық расында да тарихи жарлық болып тарих қойнауына енді. Осы күннен бастап барша әлем зиялылары қазақ елінің бас қаласы Астана деп таныды. Астана ел жүрегіне тез жол тапқан, жаңа әрі жасампаз қала ретінде қабылданды.

Қазір қазақ жұрты Астана атауына әбден-ақ үйреніп алды. Бүгінгі жас ұрпақ өзінің болашақ арманын осы қаламен байланыстырады. «Біз Астанаданбыз» деп кеуде кере, үлкен сеніммен айта алады.

Астана қаласының жаңа жобасына 1998 жылы Халықаралық байқау жарияланғанын да атап айту ләзім. Бұл байқауға қатысуға ниет білдірушелер де көп болды. Алайда, соның ішінен жапон архитекторы Кишо Курокаваның жобасы жеңіп шықты. Сөйтіп, Жапон архитекторы жаңа қаланың Бас жоспарын жасау құқығына ие болды.

Кишо Курокаваның аты 1960 жылдары жарқырап шықты. Ол симвиозм және метоболизм бағытын негіздеген, өзіндік қолтаңбасы бар архитектор есебінде әлемге танылған адам. К.Курокава 1962 жылы өзінің «Kisho Kurokawa Architect Associates» деген жеке бюросын ашты. Бұл күнде оның филиалы Токио, Осака, Нагос, Астана, Куала-Лумпур, Пекин, Калифорния, Санкт-Петербург секілді қалаларда орналасқан.

Оның негізгі идеясы – құрылыста жаңашылдық пен экологиялық тазалық қатар жүріп отыруы керек. Архитектор біздің Елордамыз Астана үшін де соны жүзеге асырмақ болды. Біраз ойы жүзеге асты да. Бірақ, арман жеткізген бе!

Талантты архитектор 2007 жылы бұл фәниден озды.

Бүгінгі аршындап өркен жая, тез-тез өсіп келе жатқан Елордамыз жайлы ой толғай бастасақ, тілімізге еріксіз еркіндік сөзі түседі. Бәріне бастау болған сол тәуелсіздік...

Еліміз ғасырлар бойы аңсаған бостандықты, тәуелсіздікті 1991 жылы қолына түсірді. Қылышынан қан тамған алып КСРО құлады. Компартия тарқады. Әркім бет-бетімен... Әркім білгенін істеп жатыр. Міне, осы тұста қазақ елі өзінің жарқын жолын таңдады. Ол жол тәуелсіздік жолы еді.

Біздің халық үшін 1991 жыл осындай тарихи оқиғамен есте қалып, ел жүрегіне жазылған болса, ал енді 1997 жыл да тарихи дата. Міне, осы жылы ел-жұрт өз таңдауын жасады. Жаңа астананы таңдады.

Ерекше қадап айтарлығы – Тәуелсіздікті бізге тарих сыйласа, ал Астананы өзіміз таңдадық. Ұлт кеудесіндегі талайдан тұншыққан үнге құлақ астық.

Демек, ХХ ғасыр аяғындағы осы екі жыл әрдайым аталып отырғаны ләзім.

Елордамыз Астана бас-аяғы он екі жылда өте қарқынды өсті. Көшелер мен ғимараттар кісі танымастай өзгерді. Аз уақыт ішінде үлкен-үлкен мәдени орындар, сәулетті кварталдар пайда болды. Оны баяғыда, ертегіде ғана елестетуші едік қой. Мұндай ғимараттар тек ертегі елінде болушы еді. Ал, Астанада... сондай ертегі өмір жүріп жатқандай.

Астанада осы күні Президенттің мәдениет орталығы, Бейбітшілік және

келісім сарайы, Салтанат Сарайы, Конгресс-хол, К.Байсейітова атындағы опера және балет театры, Жастар сарайы... жарқырап көрінеді. Қала қонақтарын өзіне шақырады.

Ол ол ма, соңғы уақытта Астанаға «кіші мұхит» көшіп келді. Оны әуелі Океанариум деп, содан кейін «Думан» орталығы деп атады.

Ол ол ма, мұнда қазір қаншама кітапханалар, кітап дүкендері, әртүрлі мәдени орындар бар десеңізші.

Оның бергі жағында нешеме көз тартар қонақүйлер, мейрамханалар да тез-тез бой көтерді. Көшелер мен даңғылдар пайда болды.

Ол ол ма, соңғы жылдары мұнда ел рухын көтеретін символды бейне – Астана-Бәйтерек дүниеге келді. Бәйтерек – ол ел айбары, ел еңсесі. «Біздің халық Бәйтеректей еңселі ел» дегенді байқатып тұрғандай.

Жобаның идеясын Н.Назарбаевтың өзі ұсынып, оны архитекторлар-А.Рүстембеков, А.Оспанов, М.Базарбаевтар жүзеге асырды. Өте күрделі ғимаратты отандық компаниялар – «Имстальком» және «Казэлектромонтаж» кәсіпорындары қысқа мерзімде орындап шықты. 2002 жылдың 30 тамызында монументтің тұсауы кесілді. Темірден жасалған жалпы діңінің биіктігі – 105 метр, салмағы – 1000 тоннадан асады. Ұшар басында шар тәрізді ұя 500 қада діңгекке байланған. Шардың диаметрі – 22 метр, салмағы – 300 тонна.

Бәйтеректі ойға алсақ, есімізге әрнәрсе түседі.

Бәйтеректі айта бастасақ, неге екенін қайдам, осы жаңа Астанадағы мәдениет жайы еріксіз тілге орала береді. Астананы ең алдымен көрікті етіп көрсететін алғышарт – ол қаланың көркем келбеті һәм мәдени ахуалы! Олай болса, «Бәйтерек» арқылы қазақ жұрты сол мәдениетке, сол әсем келбетті қала тұрғызуға ұмтылып жатқаны да рас.

Бәйтерек!

Дана қазақ Бәйтеректі ең алып дараққа теліген: оның еңсесі биік, көлеңкесі мол, ауқымы үлкен; оның сырты айбатты, өзегі қайратты, діңі мықты; оның жапырағы желекті, бұтағы мығым...

Сол бәйтерек не ықылым замандардан бері сөзбен сурет салған қай ақынның да өлең-жырына арқау болған. Кісінің мықтылығын марапаттап, соны көрсете суреттемек болса, «бәйтеректей қайратты» деп жырлаған. Кісінің тұрақты-тектілігін айтып, соны білдірмек болса «бәйтеректей тұғырлым» деп төгілткен.

Сол бәйтерек... кейінгі бір уақыттарда көзден де, көңілден де әртүрлі себептермен (бейдауа уақыт ағыны, түрлі қоғамы өзгерістер, тағысын-тағылар) таса болып, есімізге әредік қана түсе бастап қалғандай ма еді. Бәйтерек ағашы ғана емес, бәйтерек ұғымы да көңілден өше бастағандай ма еді... Құдай-ау, бәйтерек тұрмақ, біз тіпті бәйтеректей ұл-қыздарымызды да қадірлеуді, қастерлеуді ұмыта жаздаған кездеріміз ше...

Бірақ бір нәрсенің басы ашық еді. Ол бәйтеректей биіктік, бәйтеректей беріктік іспетті қасиеті бар халқымыздың қадір-қасиеті тұрғанда ол

бәрібір естен шықпас дегенбіз. Сөйтсек, сенім бізді алдамапты. Бәйтерек-көңіл халқымыз өз бәйтерегін жүрегінде әрдайым әлдилеп келе жатыр екен. Оны қасиеттеп ұстап, көңіл төрінен орын беріп отырған екен. Сол бәйтерек ақыры елордамызда Астанада әуелей бой көтеріп, биіктен маңғаз бейнесімен жаңа қалаға көз тастаған сәтте ел рухы да, жер рухы да бірден көтеріліп қалғандай болған.

Бәйтеректің қаланың қақ ортасында бой көтеруі расында да рухты бірге көтерді. Бәйтерек бәрімізге де өзгеше шабыт берді.

Бәйтерек ұғымы қолына қалам ұстаған ағайындарды да өзгеше шабытқа бөледі.

Ең алдымен – «Бәйтерек» деген түрлі-түсті суретті кітап жазылды. Оның жобасын – ғалым ағамыз Мырзатай Жолдасбековтің өзі қолға алып, жасады. Сосын «Бәйтерек» деген поэма туды. Оның авторы – ақын Несіпбек Айтұлы.

Осы екі аралықта қаламы жүрдек қаламгер Дүкенбай Досжанның «Ақорда» деген роман жазылып, ол баспа жүзін көрді. (Әрине, оның көркемдік деңгейі туралы әңгіме келер күндер еншісіндегі шаруа.)

Бұдан соң «Астана-қазақтың шаңырақ қаласы» деген кітап құрастырылды. Оның ұйымдастырушысы – жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Алдан Смайыл. «Жыр арқауы - Астана», «ХІҮ-ХІХ ғғ. және ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы Астананың тарихы», «Астана сәулеті» кітаптарын да сол Алдан Смайыл қолдап, жарыққа шығарды. Бұл еңбектердің бәрі де «Астана жазушыларының кітапханасы» сериясына негіз қалады.

«Бәйтеректің» жанында тұрып, күншығысқа қарасаңыз, көз алдыңызды ғажап ғимарат - «Ақорда» көлбейді.

Ақорда-айбар! Ол елбола алғанымыздың, ұлтболып ұйыса білгеніміздің шын бейнесі! Онда еліміздің ең негізгі құжаттары қабылданып, ең сыйлы қонақтар еларалық мәмілеге келеді.

Бұл әсем ғимараттың жобасын жасаушылар – еліміздің белгілі сәулетшілері Байғұтты Тортай және Арапбай Тортай.

Ақорданың сәулетті болуы – ұлттық нақышпен жетілдіріле, толықтырыла дүние жүзінің ең үздік архитектуралық жетістіктері есепке алынып, жасалынғандығында деуіміз керек. Жоба авторларының Европаның бірнеше қалаларында болып, тәжірибе алмасып қайтуы-өзінің оң нәтижесін берді.

Айбарлы Ақордаға көз салып тұрып, одан сәл әрірек бой түзеген жаңа ғимарат - «Пирамиданы» да көресіз. Мұны жобалаушы - әлемде аты бар архитектор Норман Фостер. Сөз ретінде айта кетейік, қазір аяқталуға жақындаған «Хан шатыры» да сол Норман Фостер еншісінде.

Жалпы жаңа қала құрылысының тез әрі жылдам жүзеге асуына әрі оның көркем де келісті болуына отандық сәулеткерлер Шоқан Матайбеков, Серік және Қайрат Рүстембеков, Жандарбек Мәлібеков, Нұрмахан Тоқаев, Байғұтты Тортай, т.б. ерекше үлес қосқанын атап өту ләзім.

Әңгіме – Бәйтеректен басталып кетті-ау! Елорда төсіндегі «Бәйтерек»

расында да жарқырап, тұлғаланып, түрленіп бара жатыр. Ол - әсем Астанаға айбар беріп тұр. Расында да осы күні екіншісі Астана десе дереу Бәйтеректі сөз ете бастайды. Бәйтерек - Елорданың айбары екені даусыз шындық.

Қазір Астананың нұрлы болашағы сол алып Бәйтеректің дәл түбінен мен мұндалап, қол бұлғайтындай. Сол Бәйтеректің аймағында осы күндері қызу, қарқынды жұмыс жүріп жатыр. Ол - жаңа қала құрылысы. Жаңа Астананың алғашқы бой түзей бастауы, жаңа күндерге адымдап алға баса бастауы...

Қала архитектурасының бас жоспарына үңілсеңіз таң қаласыз. Егер сол бас жоспардағы қала дәл сол әсем күйінде осында бой көтерсе, онда ғаламат қала боларына сене беріңіз.

Дүние жүзі елдері тарихында Астаналардың көшуі, өзгертілуі заңды құбылыс. Ол уақыт тудырған әртүрлі қоғамдық - саяси жағдайларға байланысты болып тұратын жәйт. Олай болса, біздің Астанамыз да бір жерден екінші жерге көшіп жатса, ол табиғи құбылыс деуіміз керек.

Сонымен бірге, егер Астана бүгін қанатын кеңге жайып, көркейе бастаса, мұнда осы өңір халқы топтаса бастаса бұл жақсылық белгісі. Осы күні Түркістан бүкіл исі мұсылман елдерінің рухани астанасы деп те айтыла бастады. Мұндай сөз тектен-тек айтылмаса керек-ті. Шамасы қасиетті мекенге қоныс тепкен қаланың қасиетін, шапағатын ескеретін болар... Алматы Алматы боп, әсем де әдемі қалпында қала бермек. Қызылорда да астана мәртебесінен айрылған соң, жүдеп-жадап кеткен жоқ. Бір облыс орталығы. Қазақ топырағындағы тәп-тәуір қалалардың бірі.

Екінші жағынан Астана қаншама көркейе түссе, әлем соншалық оған құлақ түреді. Бұл - ең бастысы егемен еліміздің Астанасы. Тәуелсіз елдің Елордасы.

Олай болса тәуелсіздік туын желбіретіп тұрған жаңа, жас қалаға тек сәттілік тілеу парыз болар.

«Қазақ қала сала білген бе?...»

Әрине, қазақ қала сала білген. Тіпті архитектуралық әсемдік тұрғысында бұл қазақ әлеммен таласа да алады. Елдік бейнемізді айқындайтын сұлу нақышты, сәулет-суретті өз дәрежесінде айта білу керек, жеткізе білу керек. Ұлт сәулеткерлері мұнымен тоқталып қалмақ емес. Алда жоспар көп. Әлі де талай-талай әсем ғимараттар дүниеге келетініне бүгінгі ниет пен әрекет куә! Сұлу қалада серуен құрып, сәлемдесіп жүруге жазғай! Бүгінгі тілек осы!



АСТАНАМЫЗДЫ АЯЛАЙ БІЛЕЙІК

Әбдімүтәл Әлібеков

журналист

Ақмоланың қазақ елінің астанасы болуға лайықты екенін кезінде халқымыздың бірқатар біртуар ұлдары айтып-ақ кеткен. Ал тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сол арыстарымыздың арманын іске асырып, аз жылда Арқа төсінде арудай әсем қаланың бой көтеруінің басты ұйымдастырушысы бола білді.

Осыдан небәрі оншақты жыл ғана бұрын астананы ауыстыру жайы жаңа сөз бола бастаған кезде: «Жөні түзу бір көшесі жоқ, жазда шаңы басылмайтын, көктем мен күзде батпақтан арылмайтын Ақмола қалай астана болады?!»- деп аң-таң қалған кісіні өз көзіммен көріп едім.

Әрине, бұйра-бұйра құм мен тау-тастың әр шаршы метрін өлермендікпен кәдеге жаратып, қала салып, өмір сүріп отырған қайсыбір жанкешті өзге халықтың жеріне өз аяғымен барып көрмеген, ол тұрмақ, Құдай кең байтақ жеріне қоса, өзге қазынасын да аямаған Қазақстанымыздың өзін толық танып білмеген жанға неге олай сөйлейсіз деп айтудың өзі жөнсіз де шығар. Оның есесіне, бүгінде Астанаға жолы түскен өзге жұрт өкілдерінің де, өз отандастарымыздың да қаланың кескін-келбетіне сүйсініп, таңырқап, тамсанбайтындары кемде-кем. Өз қабілет-қарымын игілікке жұмсаса, адамның шын мәнінде құдірет екендігінің, көз — қорқақ, қол — батыр екендігінің, бүгінгі басты бір белгісі — нақ осы біздің Астанамыз дер едік.

Астана халқының саны осы жылдарда екі есеге жуық өсті. Бүгінде қала тұрғындарының 60 пайызын өз қандастарымыз құрап отыр. Бұл осыдан 15-20 жылдай бұрын қиялымызға қонақтай бермейтін деректер екені даусыз. Оның үстіне, басқа алуан астарын былай қойғанда, жаңа елордамызды көркейту арқылы біз ең алдымен ұлт ретінде жеке ел болып, тең атаның ұлы ретінде өзгелермен тереземіз тең болып, солармен тығыз қарым- қатынаста өмір сүре алатындығымызды, өзгені сыйлай алатындығымызды, өзімізді өзгеге сыйлата алатындығымызды, тіпті, құнт қойсақ, көркі көз қызықтырарға жайып қала сала алатындығымызды іс жүзінде дәлелдей алдық. Бүгінде бұрынғы «бұлар біздің арқамызда ғана сауат ашып, ел болып, адам болып отыр» деп астам сөйлейтіндердің де үндері өшті.

«Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасын қабылдап, өзімізге барыс сипатты ел болу ниетін мақсат етіп қойғанымызда, мұнымызға да күле қараушылар өз ішімізден де, сыртымыздан да табылып еді. Шүкір, бүгінде ол тыйылды. Тыйылдырған

– Қазақстанның қазіргі экономикалық даму беталысы, Елбасымыздың сара саясаты.

Мәселен, біз білетін Ресей Ресей болғалы біздің қазақтан бірдеңені үйренуге болады-ау деп ойлайтындай ел емес сияқты еді. Бүгінде осы жақын көршіміздің экономист ғалымдары Қазақстанның тәжірибесіне үңіліп, тыныс – тіршілігіне құрметпен зер сала бастады. Басылым беттерінен ара –тұра тіпті «Қазақстандық керемет» деген сөздерді де естіп қалып жүрміз. Лайым, осының бәрі баянды бола бергей!

Дегенмен, бүгінгі Астананы еске алсаң, көкдөнең көңілің құрғыр қиялыңды өткен ғасырдың 80- ші жылдарындағы дамыған социализм деген атауға ие болған кешегі кеңестік кезеңге еріксіз жетелей жөнелетіні бар.

Он шақты жыл республикалық басты басылымдардың бірінде қызмет атқарара жүріп, Ақмола облысына (ол кезде Целиноград аталатын) ұдайы егін орағы науқаны тұсында жолым түскен екен. Ол кезде егін орағы - еңбек майданы саналатын еді ғой. Сондықтан орталық және жергілікті басқару органдарының күш – жігері негізінен осы жауапты жиын – терін науқанын ұйымшылдықпен өткізуге жұмылдыратын. Барлық іс – шаралар алаулатып – жалаулатып жүріп атқарылатын.

Бұл науқаннан мектеп оқушылары да, студенттер де, құқық қорғау органдары мен әскери бөлімшелер де, түрлі бюджеттік мекемелердің қызметкерлері де, тіпті, көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері де, қойшы әйтеуір, ешкім де шет қалмайтын. Бір егін ғана емес, еліміздің түрлі аймақтарындағы мақта, қызылша, картоп пен жеміс-жидек жинау, мал төлдету мен жүн қырқу науқандары да негізінен осы ізбен атқарылатын. «Жерден өнген жерде қалмасын!», «Алқапта - масақ, масақта - дән қалмасын!» деп, жаппай ұрандатып, дабылдатын кезіміз де, міне, сол тұс.

Соның бәрі жаман ба еді?

Қоғам мүшелерінің еңбекке етене болып өсуіне жасалған жағдайды жаман деуге аузымыз бара қоймас. Әйтседе, енді мына қызыққа қараңыз: сөйтіп, кернейлетіп – сырнайлатып жүріп өндірген астығымыздың мөлшері бүгінгі орақ науқанының болып өткенін біреу біліп, біреу білмей де қалып жататын кездегі өнімнің ар жақ-бер жағы ғана болып шығады екен!.. Сол жылдары жаппай шулап жүріп, бір миллиард пұттың төңірегінде астық жинасақ, сол шамалас өнімді бүгінде фермерлердің өздері - ақ көбіне ың-шыңсыз жинап алып жатады. Өйткені, бүгінде еңбек те өзінікі, табыс та өзінікі.

Шындықтың бетіне тура қарар болсақ, расында да, тереңге тартар тарихы бар демесек, орталық алаңның төңірегінен архитектуралық кешенді еске салатын бірер-ескілі жаңалы қоғамдық ғимараттарды айтпасақ, Ақмоланың өзге көз тоқтатарлық көрікті несі бар еді? Әрине, мұны ол кезде тек осы Ақмолаға ғана көрініс еді деп те айта алмасақ керек.

Өз басым бұрынғы Одақтың аумағын азды-көпті араладым десе де, шет елдерде көп болған жан емеспін. Сондықтан әлемдегі ірі қалалардың бүгінде қандай қарқынмен дамып жатқандығынан көп хабардармын деп айта алмаймын. Жиі барып келіп жататындар көршіміз Қытайдың Үрімжі қаласының ғаламат қарқынмен салынып жатқанына

таңдай қағып жатады. Бір жарым миллиардқа жуық халқы бар, әлемдегі алып мемлекеттердің бірінен саналатын Қытайдың жөні де, ауқымы да басқа, әрине. Ал қазақ даласының қазірге дейінгі тарихы Астанадай зор қарқынмен салынған өзге қаланы білмесе керек.

Әлемнің қайсыбір мемлекеттері үшін зор қарқынмен қала салмақ тұрмақ, бейбіт жағдайда ұйықтап оянудың өзі мұң болып тұрғанын ескерсек, қоғамымыздағы осы тыныштық пен саяси тұрақтылықтың қадір қасиеті қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Себебі, осы тыныштық пен жасампаз еңбектің, халқымыздың ынтымақ-бірлігінің нәтижесінде ғана бұрынғы облыс орталығы көз алдымызда қауызын ашқан гүлдей құлпырып сала береді. Жаңа технологиялар қолданып, жаңа құрылыс материалдары пайдаланып салынған сан алуан архитектуралық кешендер өмірге келіп, зәулім ғимараттар бой көтерді. Ал жылда тұтас ықшам аудандар еңсе тіктеп, кең де тұзу көшелер мен даңғылдар, көпірлер мен саябақтар, ескерткіштер пайда болды. Жұрт тоқтап, тамақтанатын, көңіл көтеріп, тынығатын, сауда жасайтын орындардың қатары да жыл санап көбейіп келеді. Тек алғашқы жылдары егілген көшеттердің өзі де бүгінде жапырақ жая жайқалып, қаламыздың көркіне жаңа айшықтар қосып үлгерді. Біз жыл сайын үлкенді - кішілі онға тарта скверлерді қатарға қосып отырған өзге қай қаланы білеміз? Ал қаланың келешек дидары тіпті ғаламат!

Әрине, қазіргі біткен іске көңілі толмайтын күңкілшілдер барын білеміз. Бірақ мың бос күңкілден нақты істелген бір іс артық. Жұмыс болған жерде кемшіліксіз болмайды. «Көш жүре түзеледі». Кезі келгенде олар да жөніне келе жатар. Ең бастысы осы еңбек ырғағымыздан жаңылмай, қарқынды еселей түсуді ойлауымыз керек.

Өйткені, жаңалықты күн сайын сезініп, ұдайы жаңа биіктерге қол созып өмір сүрген қызықты да мазмұнды екені анық. Бүгінде қаланың сол жақ жағалауындағы жаңа алаңға бара қалсаңыз, қашан да жұмыс істеп жатқан адамдардың дауыстары мен қаптаған техниканың белгісі. Осы еңбек тынысы бүгінде елімнің барлық аймақтарына тән деуге болады. Еліміздің күш- қуатын жылына 10 пайызға жуық еселеп отырған да, міне, осы еңбек, осы қарқын!

Бүгінде кешкісін Бәйтеректің жанына барсаңыз, мұнда кімдер ұшыраспайды дейсіз! Топ-тобымен түрлі тілдерде сөйлеп жүрген шетелдік туристерді де, балаларымен бірге серуендеп жүрген ата-аналарды да, Астанада тұратын туыстарына қонаққа келіп, жаңа әкімшілік орталығының сәулетіне сүйсініп жүрген көнекөз қарияларды да, сүйгенімен сыр шертісіп жүрген жастарда да жолықтырасыз мұнда. Солардың өзара әңгімелерінен «Астана! Назарбаев!» деген сөздерді жиі естисіз. Әрине, бүгінде бұл екі ұғымды бір-бірінен бөліп қарау мүмкін де емес.

Елбасымыз шынында да өзінің өміршең идеясы арқылы халқымызды ұлы істерге жұмылдырып, бүгінде бүкіл әлемнің назарына іліге бастаған әсем Астананың негізін берік қалап берді. Ал ендігі жерде оны одан әрі көркейтіп, абаттандырып, аялап ұстай білу- астаналықтарға - мына өзімізге сын.

Астана іргесін ұлғайтқан сайын, тұрғындар саны көбейіп, білім мен өнер ұяларының қатары артып, ұлт зиялыларының қарасы молая түсуімен бірге, әрине, қала тұрғындары мәдениетінің деңгейі де біртіндеп биіктеп келе жатқанын көріп жүрміз. Бәрі бірдей көңілімізден шығып жатпаса да, көптеген тағылымды шаралар атқарылуда. Ұлттық өнер ұжымдарының концерттеріне, танымал ақын жазушыларымыздың шығармашылық кештеріне халық көп жиналатын болып жүр. Онда көшелі әңгімелер айтылады. Ана тіліміздегі білім ошақтарының саны да ұлғайып, қаламыз біртіндеп қазақыланып келеді. Осының бәрі бірте - бірте өсіп келе жатқан ұрпаққа оң ықпалын тигізеріне күмәнданғың келмейді.

Бірақ көп болып ойласып, қолға алатын проблемалық мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі Астананың әрбір тұрғының өз қаласының шынайы патриоты етіп тәрбиелеу дер едім. Біз елордамызды өзіміз өмір сүріп, еңбек ететін қала деп қана емес, шын мәнінде еліміздің мақтанышы деп ұғынуымыз керек. Астанада тұру мақтаныш қана емес, үлкен жауапкершілік те екенін түсінуге тиіспіз. Сонда ғана біз оған шын мәнінде жанашырлық көзбен қарап, тазалығын сақтауға, оның әрбір тасын қастерлеп, қала мүлкінің (ал бұл білгенге әрқайсымыздың өз мүлкіміз ғой) бүлінбеуіне қамқорлық танытатын боламыз.

Ашығын айтар болсақ, әзірге көбіміздің тарапымыздан осы жанашырлық жағы жетіспей жатады. Сол себепті де қала басшылығының орасан күш жігер жұмсауына қарамастан, бізде көп қабатты тұрғын үйлердің дәліздері мен аулаларын таза ұстауда, қала мүлкіне жанаршылықпен қарауда енжарлықтың табы байқалып қалады. Мүжілген жиектастарды, аулалар мен скверлерге орнатылған шамдар мен шынылары шағылған автобус аялдамаларын көргенде еріксіз қынжылуға тура келеді.

Мәселен, «әл - Фараби» ықшам ауданы - қаладағы қазіргі заман үлгісінде салынған, тұрмысқа ең қолайлы аудандардың бірі. Соның сәнді электр бағандарының басындағы шамдардың көбін тиісті мекеме жыл сайын қайта ілуге мәжбүр. Кімдер, қай уақытта сындырып тастайтынын білмей, айран - асыр боласың. Өз мүлкімізге, өзге замандастарымыздың еңбегіне деген мұндай енжарлық пен өшпенділіктің қайдан пайда болатынына қайран қаласың.

Осы шағын ауданның оңтүстік шығыс жақ тұсына о баста әсем де жарық шыны аялдама орнатылған болатын. Бірер күннен кейін-ақ оның қабырғасы мен қаңылтыр шатырын әлдекімдер бұзып әкетті. Амал жоқ, оның орнына енді түнерген қаңылтыр аялдама үйшігі орнатылды. Бұдан қайсымыз ұттық..

Мұндай мысалдар аз емес. Әрине, солардың бәрі де ертелі кеш қалпына келтіріліп жатады. Бірақ соның бәрі қала бюджетіне қосымша шығын әкеледі. Ал қаламыздың тағы бір игілігінің атқарылуы тежеліп, кешеуілдей түседі деген сөз.

Сол бұзақылықтарды жасайтын балалар мен жасөспірімдер сырттан келмейді ғой. Бәрі де өз балаларымыз емес пе? Соларға дұрыс тәрбие беріп, ненің не екенін дер кезінде ұғындырып отырсақ, мұндай жағдайлар көп орын алмас еді. Өркениетті саналатын елдерде көшені лаптап, көпшілік мүлкін қиратпақ тұрмақ, телефон үйшігінде ұдайы

тұратын анықтамалық кітапшаны бүлдіріп кету де ешкімнің ойына келмейді деп естиміз. Ал осы неге біздің қолымыздан келмейді?

Ата-ананың айтуы кемшін бе?

Бұрын біз мектепте оқыған кезімізде мұғалімдер әр сабағының бісмілдасын оқушыларға тағылым айтудан бастаушы еді. Бүгінде бұл үрдіс ұмыт қалған ба, жоқ әлде, шәкірттер ұстаздың айтқанына шынымен-ақ құлақ аспай ма? Әйтеуір, түсініксіз бір жай бар екені анық.

Осындайда менің ойымнан сонау 70-ші жылдардың ортасындағы студенттік шағымызда басымыздан өткен бір оқиға кетпейді. Ленинград қаласында (қазіргі Санкт - Петербург) оқып жүрген бір топ қазақ жастары демалыс күндердің бірінде Балтық бойы республикаларын аралауға барғанбыз. Көне Вильнюстің оймақтай әсем көшелерін қызыға тамашалап жүргенбіз. Сөйтіп келе жатып, қасымыздағы темекі тартатын серіктеріміздің бірі шылымының тұқылын жерге тастай салыпты. Кенет, артымыздан естілген «Молодой человек» деген әйелдің зілді дауысы бәрімізді артымызға жалт қаратқан.

Ол қасымыздағы серігімізге жақын келді де:

- Қане, ал анау жерге тастаған тұқылыңды! Ал да анау тұрған қоқыс жәшігіне апарып сал! Бұл - сенің Азияң емес! - дегені.

Сөйтсек, ол артымызда келе жатып, темекі тұқылын қайсымыздың тастағанымызды байқап қалыпты. Содан соң ерінбей, желкелеп отырып, жолдасымызға айтқанын істетті.

Әрине, оның әсіресе соңғы сөздері сүйегімізден өтіп кеткендей болғаны рас. Вильнюстік ханым шынында да ашумен сабасынан шығыңқырап кетті. Бірақ, соған қарамастан, өз басым вильнюстік әйелдің сол қылығын әр кезде ризалықпен еске алуға мәжбүрмін. Себебі, ол өз қаласын шын сүйетін, нағыз патриот жан еді. Ал бұл құрметтеуге лайық қасиет деп ойлаймын.

Ал біз Астанамыздың тазалығы үшін баршамыз болып күресіп жүрміз бе? Олай деп айту қиын шығар, сірә. Өкінішке орай, көшеде қақырынып, түкіру, темекінің тұқылы мен қорабын, босаған сусынның ыдыстарын кез келген жерге тастай салу біздің көп замандастарымыз үшін етіміз өліп кеткен, үйреншікті жайт саналады.

Астана тазалығы жағынан қазірдің өзінде еліміздің өзге көп қалаларына үлгі болаларлық деңгейде екені даусыз. Бірақ оны расында да әлемдегі ең алдыңғы қатарлы қалалардың қатарынан көргіміз келсе, өзімізге қойылатын талапты да күшейте түскеніміз мақұл.

Сондай - ақ жеке көліктердің көбейген тұсында машинаны ауланың әр жеріне қоя салу, жиекшелердің кез келген тұсын бұзып жарып, өзінше жол салып жүре беру, жаңадан отырғызылған ағаш көшеттерін жайпап тастау сияқты жаман қылықтар да абыройымызды арттырмаса керек.

Бұдан былай Отанымыздың түкпір - түкпірінен ғана емес, алыс - жақын шет елдерден де қонақтар ағылып келіп жататын елордамызды ХХІ ғасырдың шын мәніндегі үлгілі қаласына айналдыру - бәріміздің ортақ борышымыз ғой деп ойлаймын. Бұл орайда бәріміз де Елбасымыздың қанаттас қолдаушысы болуға міндеттіміз.

Ару Астанамызды аялай білейік, ағайын!

*Н. Ә. Назарбаев,
Қазақстан Республикасының Президенті*

**Астана – Отанымыздың жүрегі,
Тәуелсіздігіміздің тірегі.**




**Тарихымыздың жалғасы, өміршең
істеріміздің арнасы, бұдан былай да жаңа
Астанада жалғасын таба беруі тиіс.**



**Жаңа Астана – тәуелсіз Қазақстан үшін
жарқын келешектің нышаны.**



**Астана – мемлекет дидары, халық мерейі,
күллі әлем атын енді жаттай бастаған
жаңа Астана біздің жас мемлекетімізге де-
ген назарды арттыра түсері сөзсіз. Оның
біз жетпек биіктердей өрелі, біз орнатпақ
қоғамдай тартымды болып көркейіп өсуі
жолында күш-жігерді аямаймыз. Біздің
жаңа Астананы, жаңа Астананың бізді ұятқа
қалдырмайтынына нық сенімдіміз.**



БӨЛІМ



**БАҒЫ ЖАНҒАН
БАС ҚАЛА**



ЕҢСЕСІ БИІК ЕЛОРДА

Иманғали Тасмағамбетов

Астана қаласының әкімі

«Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге мал толтырсам деп едім». Махамбет ақынның осы жыр жолдары ойға оралып отыр. Алтай мен Атыраудың арасындағы қыран ұшса қанаты талатын, құлан жортса тұяғы тозатын алып даланың төсіне ел қондыру, жағалай қонған сол елге мал толтыру арғы-бергідегі ата-бабаларымыздың баршасының аңсаған арманы еді. Сан түрлі себептермен ол арман орындалмай келді. Мұның басты себебі тәуелсіздігіміздің қолға тимеуі болатын. Егемен ел атанып, көк байрағымызды көк жүзіне желбіреткеннен кейін Елбасымыз алдымен кен-байтақ даламызға ел иесінің, жер киесінің орайлы орналасуын ойластырды.

Осыдан дәл 16 жыл бұрын, 1994 жылдың 6 шілдесінде республика астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстыру жөніндегі ұсынысын Парламент талқылауына шығарды. Шешім қабылдаттырды. Иә, Парламент астана ауыстыру жөнінде шешім қабылдағанда осы идеяны қолдағандардың өзі бәрі бірдей Елбасы ұсынысының халық тағдырын, тәуелсіздік тағдырын шешетіндей тарихи мән-маңызын толық түсініп, өзегінен өткізе қойды, жүрегіне жеткізе қойды деп айту әділдікке онша жанаспас еді. Депутаттар шешіміне олардың Елбасына қалтқысыз құрметі, елді бастаған ерге сенімі де әсер еткені анық. Мұны дәл сол кезде толық түсіну оңай да болмайтын.

Еліміз жасампаздық жұмыстан гөрі жан бағудың қамына көбірек бас қатырып тұрған кезең. Адамдар айлап айлық алмайтын, зейнетақы мен шәкіртақы үздік-создық, оның өзінде там-тұмдап төленетін сол қилы кезеңде астана ауыстыру, бүкіл қажетті инфрақұрылымды қайта жасап шығу, шын мәнінде жаңа қала салу деген нағыз фантастикалық идеяның өзі сияқты көрінетін. Ойымдағыны ірікпей айтатын табиғи мінезіме басып, астананы көшіруге байланысты көңілімдегі күдік-күмәнімді бір айтып қалғанымда Нұрсұлтан Әбішұлының маған не дегенін осыдан 2 жыл бұрын осы «Егемен Қазақстан» басшысына берген сұхбатымда келтіргенмін. Қайталай кетейін. «Сен ондайды қой», деген еді сонда Президент. «Біз мынандай территорияға елдің бір шетінен қарап отырып, ие бола алмай қалуымыз да мүмкін. Арқада, солтүстік облыстарда демографиялық ахуалды қалайда өзгертуіміз керек. Мына елдің негізгі

иесі кім екенін бүкіл әлем білуге тиіс. Елдің иесі елдің қиыр-қиырына бірдей қарап отыруға тиіс. Тым болмаса соны түсінсендерші. Экономиканы ел орталығынан басқарған тиімді. Ақмола тоғыз жолдың торабында тұр, облыстардың астанамен байланысы да оңайлайды» деп бастап, біраз жайды түсіндірген. «Бұл мен үшін емес, бұл ел үшін керек, елдің ертеңі үшін керек, мұның мәнін қазіргі адамдар толық ұғар-ұқпас, бірақ болашақ ұрпақтарымыз ұғатын болады», деген сонда Елбасы.

Мұның мәнін қазіргі адамдардың өзі толық ұғып үлгерді деудің реті бар Астананың алғашқы мүшелінің тұсында.

Иә, бүгінде астана ауыстыру экономикалық шешім немесе қоғамдық-саяси қадам ғана еместігі, бұл тіпті мемлекет құру тетігі идеологиясына түзету енгізу ғана еместігі, мұның өзі идеяларды жаңартудың, тәуелсіз мемлекеттің тарихи «Менін» айқындаудың дәл өзі екендігін барша жұрт біліп болды. Елбасының талай шешімін талай қырынан сынға алып жататындардың өзі қазір астана ауыстырғанымыз қате шешім дегенді ауызға алмайды. Ауызға алса күлкіге қаларын олар да біледі. Астана – бүгінде бүкіл әлем мойындаған ақиқат.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті–Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саяси қолтаңбасының басты сипаттарының бірі – қашанда стратегиялық тұрғыдан ойлауы. Сол ойластырғанын нақты іске айналдыра алатын қасиеті. «Астана» жобасы бәрінен бұрын Қазақстан халқының алға ұмтылуын ұйымдастырған ұлы жұмылдырғыш қуатқа ие екендігімен ерекше бағалы. Жаңа астана Қазақстанның жаңа символына, тәуелсіздіктің жүйелік атрибуттарының біріне айналуға, кешегі кеңестік кезеңмен қоштасуға берік бел байлағанымыздың белгісі болуға тиісті еді. Солай болды да.

Астана феномені әлі де толық ой елегінен өткізілді деу қиын. Мысалы, саясаттануда, экономикада реформалар «төменде» туындап, алдымен халықтың өз ішінде пісіп-жетілуі керек, сонда ғана олар өміршең болады делінеді. Негізінен солай екені рас. Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың астана ауыстыру реформасы «жоғарыда», жоғарыда болғанда да бір адамның ғана ойында пісіп-жетілді ғой, алғашқы кезде бұл идеяны тіпті Президент айналасының өзі де толық түсініп, толық қолдай қойған жоқ қой. Демек, ұлт тағдырының тізгінін қолға алған, халқының қалтқысыз сеніміне ие болған көшбасшы бастаса реформалар «жоғарыдан» да жемісті жүргізіледі. Жалпы, Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқару тәжірибесінде қасаң қалыптардың құрсауын талқандайтын талай тұстар бар.

Соның бірі де, бірегейі де – қазір жасампаздық жұмысымыздың жақсы жемісіне, жарқын жеңісіне айналған Астана. Жалпыұлттық идеяның салтанатына айналған Астана. Ел ордасын ауыстыру жөнінде шешім қабылданғаннан 5-ақ жыл өткенде, Астананың халықаралық тұсаукесерінен 1-ақ жыл өткенде әлем танып, ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атанып үлгерген Астана. Бұл атақ планетамызда аз уақыттың аясында әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда тамаша табыстарға қол жеткізген, ұлтаралық, конфессияаралық келісімді нығайта білген қалаларға беріледі.

Цифрларды сөйлетіп көрейікші. Халықаралық тұсаукесері өткен 1998 жылы халқының саны небәрі 200 мың адамдық Астанада қазір 700 мыңға жуық адам тұрады. 1997 жылы осындағы өңірлік жалпы өнімнің көлемі 300 миллион доллардан аспаса, өткен жылы бұл көрсеткіш 9 миллиард АҚШ долларына жетті. Қаржыландырудың барлық көздерінен салынған тұрғын үй құрылысының көлемі 1 миллион 260 мың шаршы метрге барды, мұның өзі 1998 жылғы көрсеткіштен 10 есе артық. Сол жылы кәсіпкерлік салада шағын бизнестің небәрі 7716 субъектісі болса, қазір олардың саны 74700 бірлікті құрайды, демек бұл көрсеткіш те 10 есе артық. Шағын және орта кәсіпкерлік өнімінің көлемі 300 миллиард теңгеге жетіп, 1998 жылғыдан 11 есе асып түсті. Дамудың мұндай қарқынын сіз әлемнің бірде-бір елінің астанасынан таба алмайсыз. «Астана бүкіл Қазақстан дамуының локомотивіне айналуы керек» деген Елбасы сөзі дәл келді. Астана құрылысына елдің 71 қаласы, 432 құрылыс компаниясы атсалысты, құрылыс материалдарын 135 зауыт жеткізіп беріп тұрды.

Астана біздің халқымыздың өз күшіне сенімін нығайтты. Астана Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен қолға алынған қандай жобаның да жүзеге асатынына күмән қалдырмады.

Елорданы Алматыдан Арқа төсіне ауыстырудың саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да, экологиялық тұрғыдан да, географиялық тұрғыдан да толық ақтағандығы талассыз. Бірнеше жыл Алматы әкімі қызметін атқарған адам ретінде мен тау баурайындағы қазаншұңқырда қалған Алматының дамуы қандайлық факторлармен тежеліп тұрғанын жақсы білемін. Алматының экологиялық жағдайынан барша жұрт хабардар. Елорданы ірі көлік-коммуникациялық торапқа, елдің индустриялық-өнеркәсіптік, аграрлық және шаруашылық өмірінің эпицентріне көшіру бүкіл Қазақстан аумағындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістерді әлдеқайда тиімді және жедел басқарып отыратындай жағдай жасағанын қазір түсіндіріп жатудың өзі артық. Қаламыз бүгінде Қазақстандағы ғылыми-техникалық прогрестің қозғаушы күші ретінде индустриялық-инновациялық жаңару бағдарламасының түйінді стратегиялық белгісіне айналған.

Есілдің екі жағын қатар жайлап жатқан аяулы Астанамыз осы заманғы жоғары технологиялық ғимараттар тұрғызылған сәулет стилімен де сүйсіндіреді. Қала келбетінде ұлттық бояу мен еуропалық үрдістер жақсы жарасым тапқан. Кисе Курокава, Норман Фостер сияқты осы заманның талассыз ұлы сәулетшілерінің қанатты қиялынан қалыптасып жатқан асыл Астана Мемлекет басшысы идеясын материалдық жүзеге асуының келісті көрінісі ретінде жүрек тебірентеді.

Астананың болашағы да жарқын. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 17 наурыздағы Жарлығымен қаланың 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуының стратегиялық жоспары бекітілген. Қазіргі таңда қала өнеркәсібін өркендету, елорданың инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытында көп жұмыс атқарылуда. «Астана – жаңа қала» аталатын арнаулы экономикалық аймақ осындағы жаңа әкімшілік-іскерлік орталықты құру мен Индустриялық паркте жаңа өндіріс орындарын

ашуды көздейді. Ондағы 6 мың гектардан астам аумақта 256 нысан тіркелген. 2009 жылы жаңа орталықтың аумағында шетелдік инвесторлар қаржыландыратын «Абу Даби Плаза» және «Central Park» кешендерінің жобалары басталды. Индустрияландырудың өңірлік картасына сэндвич панельдер шығаратын зауыт («Кровля НС» ЖШС), жиһаз фабрикасы («Ақ Нұр» ЖШС), көкөніс қоймасы («Астанапром» ЖШС) сияқты жобалар енгізілген.

Біздің жоспарларымыз ауқымды. 2015 жылға қарай Астана бәсекеге қабілетті экономикасы, тартымды бизнес-ортасы бар қалаға, инновациялық дамуы мен қуатты кадрлық әлеуеті бар экономикалық орталыққа, тұрғындар үшін, ел азаматтары мен туристер үшін нағыз тартымды мекенге айналады.

Болашақта Астананың Еуразия континентінің орталығы ретіндегі тарихи мәртебесін сақтау үшін оның алдында мынадай міндеттер тұр және сол міндеттерге сәйкес шаһар дамуының келесі бағыттары айқындалған:

бірінші – елорданың дағдарыстан кейінгі табысты дамуы;

екінші – жедел индустрияландыру жолымен экономиканың тез қарқынмен әрараптандырылуы;

үшінші – елордадағы адам ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

төртінші – қала тұрғындарын сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету;

бесінші – қаланың тұрақты дамуы үшін елордалықтардың бірлігін нығайта түсу және қоғамның топтасқандығын қамтамасыз ету.

Қала экономикасын дамытуда оны жедел әрараптандыру міндеті тұр, брэндтік өнімдер шығаратын бірлескен жаңа кәсіпорындар құру жоспарланған. Оның кейбіреулері қазірдің өзінде салынып жатыр.

Бұл мақсаттарды іске асыруға бағытталған шаралар елордада іскерлік ахуалды дамыту үшін қолайлы орта құру арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне қолдау көрсетуді қамтиды.

АЭА-ның құрылыс аймағы аумағында Ұлттық ғарыш агенттігі «Жинау-сынақ кешені» жобасын іске асыруды бастамақ, оның негізінде осы заманғы спутниктер жиналатын болады. Биыл «Химфарм» АҚ-тың «Фармацевтикалық фабрикасын», «Астана ЭкоСтандарттың» жылыжай кешенін салуды бастау жоспарланған. Құрылыста инновацияларды, ғылыми-зерттеу нәтижелерін пайдалануға артықшылық жасалады, бұл жаңашылдықтар тұрғын үй салу саласында жаңа технологиялар әзірлеуге бағытталады.

Астанада халықаралық стандарттарға бейімделген білім алудың сапалық жаңа деңгейіне көшу қамтамасыз етілетін болады. Қазірдің өзінде жұмыс істеп үлгерген «Назарбаев интеллектуалды мектептері» жобасының аясында халықаралық деңгейдегі «Назарбаев университеті» ашылды. Жаңа университет арқауында, Елбасының биылғы Жолдауында айтылғандай, үш ғылыми орталық құрылады. Мұның өзі «Болашақ» бағдарламасы бойынша кейбір саладағы кадрларды шетел университеттерінде емес, өзімізде дайындауға жағдай жасайды.

Денсаулық сақтау саласында Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей қамқорлығымен және қатысуымен ашылған медициналық қызмет орталықтары әлемнің дамыған елдерінен еш кем соқпайтын кластердің құрылуына жол ашты. Қазір елордада бұрын бізде ешқашан жасалмаған операциялар жасау мүмкіндігі туды.

Инженерлік инфрақұрылымды дамытуда оларды түбегейлі жаңғырту, жаңа энергия көздерін салу және жөндеу шаралары қолға алынып, сол арқылы елорда энергия тапшылығы проблемасын түбегейлі шешпек. Бұл мақсатқа жету үшін ТЭЦ-1-ді реконструкциялау, ТЭЦ-2-ні кеңейту жалғасып, үшінші жылу-энергия орталығын салу басталады. Соның негізінде коммуналдық шаруашылық нысандары, сумен жабдықтау жүйесі дамиды болады. Тұтынушыларға үздіксіз сапалы су, жылу және электр энергиясын беру қамтамасыз етіліп, олардың шығыны барынша азаяды. Жаңбыр суы канализациясын және тазарту құрылғыларын салу бүкіл қала аумағында басталып, қаланың абаттандырылуы жоғары деңгейге көтерілді.

Елорданың алғашқы кезеңі мен мүшел жасқа қадам басқан қазіргі шағын салыстырар болсақ, қаланың орасан қарқынмен өскендігін байқау қиын емес. Мұндай өскелеңдікке көз сүйсініп, көңіл қуанатындығы анық. Сонымен қатар қала тұрғындары сұранысының толық қанағаттандырылмай отырған кейбір жақтарын да білемін. Техникалық тұрғыдан қарайтын болсақ, солардың ішінде сапалы көлік қызметіне деген сұраныстың барған сайын өсіп отырғаны және оның толық мәнінде өтелмей отырғаны, сонымен қатар адами тұрғыдан келгенде ата-аналардың балабақшаларға, мектептерге деген талап-тілегінің орындалмай келе жатқаны жаныма қатты батады.

Өзіміз де ата-анамыз, сондықтан екінші мәселеден бастайық. Бұрынғы провинциялық қалада мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің жетіспеушілігі байқала бермесе, осы жылдары қала тұрғындары санының 3 еседен астамға көбеюі бұл проблеманы барынша өткір қойғандығы сөзсіз. Былтырғы жылғы Елбасы тапсырмасына дейін де кейбір шаралар қолға алынған болатын. Ал нақты міндет қойылған соң бұл шаруаны қолға мықтап алдық. Шынын айтсам, кейбір тапсырмаларды қуана жүріп орындайтының бар. Дәл сондай жәйт осы балабақшаларды ашуға байланысты болып отыр. Енді бірер жылда жұртшылықтың өтініштері көп ретте қанағаттандырылатынына сенімдімін.

Көлік жүйесін техникалық дамыту мәселесі көшелер мен көлік инфрақұрылымының нысандарын, қаладағы көліктер жай-күйінің жақсарғанын және олардың жүруін, халықтың автомобильденуін ескере отырып, түбегейлі мақсатты шаралар қабылдау арқылы шешілуі тиіс. Қала көшелеріндегі қозғалысты ұйымдастыру мен басқаруды нағыз өнер деуге болады. Кез келген адам баратын жеріне ең қолайлы маршрутты таңдап, тезірек жетуді ойлайтыны белгілі. Ал енді сол жерге бірнеше маршрутпен барынша аз уақытта жету мүмкіндігі болса тіпті жақсы ғой. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін 23 көлік жолайрығын, 156 шақырым автомобиль жолдарын төсеу мен реконструкциялау, 25 жерасты және жерүсті жүргіншілер

өткелдерін салу арқылы жүзеге асырмақпыз. Сәулет және қала құрылысы басқармасы мен «Астана қаласының бас жоспары ғылыми-зерттеу жобалау институты» МҚК бірлесіп, Астана қаласының 2040 жылға дейінгі көлік стратегиясын әзірлеуді бастады. Мұнда тіпті ғимараттар мен үйлердің құрылысын қала көшелері желісінің мүмкіндіктерін негізге ала отырып салу айқындалған. Қазірдің өзінде атқарылған шаралар арқылы Астана көшелеріндегі жүрісті реттеу және өткізу қабілетін арттыру мүмкін болды.

Қысы суық, жазы ыстық, жауын-шашыны да аз емес қала көшелерін асфальттаудың да мәселелері жетіп артылады. Қазіргі кезде қиыршық тастар негізгі каркас болып, оның аралығы ұсақталған құммен және целлюлоза минералдық ұнтағымен араластырылған битуммен толтырылады.

Қазір елордада жолаушылар тасымалы көліктің төрт түрімен жүзеге асырылады. Олар – автомобиль, темір жол, әуе және су көліктері. Ал қаланың серпінді дамуы және жол инфрақұрылымы дамуының төмен қарқыны осы заманғы инновациялық жедел жүрісті көлік жүйесінің қажеттігін туындатып отыр. Шаһарды дамытудың бас жоспарына сәйкес «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі» жобасын іске асыру қолға алынды. Бұл жобада эстакадалық нұсқадағы жедел жүрісті жеңіл рельсті көлік жүйесін салу көзделіп отыр. Осы мақсатқа сәйкес былтырғы жылы Астана қаласының әкімдігі мен француздың «Альстом» компаниясы арасында жаңа көлік жүйесі жобасын әзірлеу мен қаржыландыруға байланысты меморандумға қол қойылды. Қазіргі кезде Францияның Экономика министрлігінің грантына «Egis BCEOM International» компаниясы ұзындығы 27,9 шақырым шеңбер жол жобасының бірінші кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету енгізуде.

Елордаға жоғары дәрежедегі басшылар жиі келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол мәртебелі меймандардың қала құрылысына қатысты инвестиция салу, нақты мәселелерге сол елдердің компанияларын тарту ісін үнемі назарда ұстайды. Мәселен, былтырғы жылы Астанаға ат басын тіреген Франция Президенті Николя Саркозидің сапары да сондай тұрғыда пайдалы болды. Жоғарыда айтқан шаралар сол негізде жүргізілгені белгілі.

Астанаға сапармен келген Ресей, Қытай, Түркия, араб елдері басшыларының қала құрылысына атсалысқанын мақтанышпен айта аламыз. Бұл тұрғыда Сенат пен Мәжіліс ғимараттарының, орталық мешіттің, басқа да кешендердің тұрғызылғанын атауға болады.

Астананың салынуы және қарыштап дамуы Қазақстанға ғана емес, басқа да шет мемлекеттерге пайдалы болып отырғанын атап өткен жөн. Қазіргі нарық заманында салынған инвестиция оны салған ел үшін пайда келтіретінін ұмытуға болмайды. Бұл орайда Астана инвестициялық форумының да тиімділігі зор. Ал осы жылдың 7 маусымында «Astana Invest 2010» халықаралық инвестициялық форум болды. Бұл шара қолайлы инвестициялық ахуалды жақсартуға және Астана экономикасына тартылған отандық және шетелдік инвестициялар ағынын одан әрі ынталандыруға, Қазақстан елордасының әлемдік рыноктағы имиджін

ілгерілетуге арналған. Форумға қатысқан әлеуетті инвесторлар Астанада бизнес жүргізудің экономикалық, құқықтық және басқа жағдайларын зерттеп, инвестициялық жобалардың тұсаукесері барысында қаланың инвестициялық әлеуетімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Форумда жалпы құны 7 млрд. долларлық 113 жобаның тұсаукесері өтті. Оның 51 жобасы құрылыс нысандары болса, 42 жоба кәсіпорындарға, 20 жоба мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке арналған. Қорытындысында жалпы сомасы 2 млрд. долларлық 8 меморандумға қол қойылды, 3 меморандум бойынша қазіргі кезде несиелік келісім-шарт жасалуда. Шетелдік капиталға орасан зор құрылыстар жүргізіп, кәсіпорындарды іске қосу бүкіл әлемде орныққан үрдіс. Астана әкімдігі алдағы кезде де бұл бағыттағы шараларды жалғастыра беретін болады.

Шаһар экономикасын дамытудың бір жолы оның имиджін көтеріп, туристік әлеуетін арттыру деп білеміз. Қазіргі кезде еліміздің барлық өңірлерінен асқақ Астананы тамашалауға келушілер көбейіп отыр. Сол секілді шет елдерден келушілерді көптеп қызықтыру да маңызды саналады. Қаланың мұндай келбетін айшықтай түсуге оның әуежайынан, қонақ үйлерінен бастап барлық қызмет түрлері әсер ететінін жақсы білеміз. Біз үшін қаланың атын әлемге жайып отырған «Астана» велошабандоздарынан, «Барыс» хоккей клубынан, үздік баскетбол клубынан бастап өнер саласындағы майталмандарымызды қоса алғанда бәрі де қызмет ететіндігі сөзсіз.

Өзінің мүшел жасына толған Астананың қалай өркендеп, қалай даму керектігін жақсы білеміз. Мұны елорданы тұрғызушы, оның бас сәулеткері Нұрсұлтан Әбішұлы әрдайым есімізге салып отырады. Еліміз тәуелсіздік алып, Қазақстанның төрт бұрышындағы облыс атаулары арқылы елдің тұтас аумағын белгілеген кезден бастап Елбасымыздың күндіз ой-санасында, түнде түсінде көретін елордасын сол мақсат-міндеттерге сәйкес өркендете білсек, бұл олжадан келгеніміз. Қазіргі барлық қызметіміз сол мақсатқа бағындырылған.

Елорда мен Елбасы егіз ұғымға айналғалы да талай уақыт болды. Бүгінде халқымыз елорданы Елбасының ерен ерлігі, елінің ертеңін ойлап жасаған ұлы шешімі деп біледі. Сол үшін де құрмет тұтады. Астана ауыстыру туралы шешім кезінде Елбасының туған күнінде қабылданған. Бұл – ұлы күн.

Бұл күн біздің халқымызға ғасырлар бойғы өкінішінің өтеуіндей етіп Нұрсұлтан Назарбаевты сыйлады. Бұл күн біздің халқымызға тәуелсіздіктің тамаша табысына айналған тамаша шешімді сыйлады.

Өркениетті әлемде мұндай даталар бөлекше ардақталады. Мысалы, АҚШ-та елдің тұңғыш президенті Джордж Вашингтон туған күн – 22 ақпан Президент күні – мемлекеттік мереке ретінде аталады. Біздің елімізде де 6 шілденің бүкілхалықтық мереке болып белгіленуінде әрі жарасымды заңдылық, әрі ғажайып тарихи әділеттілік жатыр.



АЙҒА ТАҚҚАН АЛҚАДАЙ ӘЗ АСТАНА

*Аспан мен жердің арасын Хақ Аллама келіп сүйді де,
Сарыарқадай далама Есіл мен Нұра сағасын қос бұрым етіп түйді де!
Тарихтан тартып үзілмес алтын арқауын,
Алаш деп атап, жұрт қылды, міне, атадан туған алтауын.
Намысты қылды, шалысты қылды, ел болып олар ту тікті!
Астана салып, асқақтай дамып, аспанға қарай ұмтылды!*

Әбу-Асқар Мекешұлы

журналист

Құдайдың қолдауымен, Елбасының жолдауымен, халықтың маңдай терімен Сарыарқаның сайын даласында асқақтай бой көтерген аяулы Астанамыз мүшелге толып, кемелге келіп, керегесін кеңге салатын шағына да жетіпті. Мыңжылдық маңызы бар, бабамыздың басыбайлы бағы болған Бозоқтардың жалғасы, Кенесары атамыздың жан алып, жан берісіп, шайқасып, қан төгісіп қорғап қалған Ақмоласының алтын сынығы, кеше ғана Кеңес Үкіметінен қалған көмескі ғана бір белгі – Целиноград қаласы, бүгінде, міне, Астана деген атына заты сай, басына бағы сай, еліміздің ертеңі, ұлтымыздың ұраны, халқымыздың қазынасы, Қазақстанның астанасы!

Кең дала төсін көсілте керген, Есіл бұрымын есілте өрген, көркімен көзді еріксіз тартқан, күллі халықтың арманын артқан осынау ғажап қай қала десең, ол біздің әсем Астана! Ол біздің мәңгі бас қала!

Жиырмамыншы ғасыр тарих сахнасынан сырғып түсуге санаулы жылдар қалған кезде, жалпақ әлемді өзіне жалт қаратқан жас Елорда жаңа заманның еңселі есігін айқара ашты. Бұрынғы Ақмоланың қорап-қорап құрылыстары мен кеңестік стильде салына салған көптеген қалалардан ешбір ерекшелігі жоқ сыртқы келбеті қуыршақтың қабыршағы секілді сыпырылып түсе бастады да, оның астынан неше түрлі ғажайып құбылыстарымен көздің жауын алатын әдемі көбелек іспеттес айдай ару Астана түлеп шыға келді.

Содан бері бір мүшел ғана өтсе де, астраномиялық жылдамдықпен асқақтай дамып келе жатқан Астанамыз үлкен бір тарихи кезеңді артқа тастағандай. Халқының саны жағынан да, аумағы жөнінен де бірнеше есе

«есейіп» үлгерген Елорданы екі ай көрмеген адамның өзі аузын ашып, тандайын тақылдата тамашалап жүргенін талай көрдік.

Астананың айшықтары ай санап артып, күн санап көбейіп келеді. Есіле аққан ерке Есілдің екі жағасын көмкерген құрылыс қарқыны бір сәтке де бәсеңдер емес. Керісінше, физиканың үдеу заңдылығын үзбей орындайтын үлкен отарбадай уақыт өткен сайын қарқынын қатайтып келе жатыр. Немесе бір сәтке де тоқтап қалмай, мәңгі ұлғайып отыратын он сегіз мың ғаламдай қанатын кеңге жаюда... Мейлі қандай теңеу айтсаң да, айға таққан алқадай жарасып-ақ тұр емес пе?!

Әлемді аузына қаратқан азуы алты қарыс алып шаһарлардың қайсысын мысалға келтірсең де, сол қаланың символы ретінде аттары қатар аталатын ғажайып ғимараты немесе маңызды мәдени монументі болады. Мәселен, Парижді ойға алсаң – Эйфель мұнарасы, Лондон десең – Биг-Бэн, Нью-Йорк болса – Азаттық ескерткіші, Римді атасаң – Коллизей деп кете береді. «Жер бетіндегі ең жас астаналардың бірі» деген атаққа лайық Елордамызға осындай бір символдық ғимараттың керектігі әу бастан-ақ белгілі болып еді. Дәл осындай ниетпен іргетасы қаланған **«Бәйтеректі»** қазіргі таңда еңбектеген жастан еңкейген кәріге дейін білмейтін пенде жоқ. Өйткені, «Бәйтеректің» біз үшін маңызы зор! Астанаға ат басын тіреген қонақтар ең алдымен осы монументке бас сұғатыны – айтқанымыздың айғағы. Некесін қидырған жас жұбайлар да міндетті түрде «Бәйтеректің» басына шығып, өмірлеріндегі ең маңызды, еш ұмытылмас шақтарын осы ғимаратпен ұштастырады. Бәлкім, бүгін көтерген шаңырағымыздың діңгегі дәл осы «Бәйтеректей» берік әрі биік болсын деп ырымдайтын шығар. Өз «Бәйтерегіміз» осы Бәйтеректен нәр алып өссін дейтін болар... Не де болса, билік басындағылардың қоғамдық пікірді қарға тамырлы қазақтың өмірлік ағашы – Бәйтерекпен ұштастыра білгені болашақ ұрпақтың алғысын алар айтулы іс екені ақиқат. Аңыздардан арқау болған, абыздардан бастау алған, самұрыққа пана болып, тамырларын тереңге, бұтақтарын биікке жайған алып «Бәйтерек» қайда десең, дәл осынау Астананың қақ төрінен орын тепкен.

Осыдан он шақты жыл бұрын, сол жағалау жылан жалағандай батпақты балшық болып жатқан кезде, ең алғашқылардың бірі болып іргетасы қаланып, қазығы қағылған құрылыс нысаны **«Думан»** ойын-сауық орталығы болатын. Бәлкім «көргендер де арманда, көрмеген де арманда» деген айшықты тіркес осы сияқты ғажайыптарға қаратылып айтылса керек?! Олай дейтініміз, Астананың тұрғылықты тұрғындары да, қыдырып келген қонақтары да демалу үшін **«Думанға»** қарай ағылатыны әмбеге аян. Бұл орталықты аралағанда жай ғана демалып қоймай, жан-дүниенді ләззатқа бөлейтін, танымдық көкжиегіңді кеңейте түсетін құдіретін сезінбеу де мүмкін емес.

Содан бері сол жағалауда алты Алаштың айбынындай болып Ақордамыз шаңырағын тіктеді. Қазақ деген қыран халықтың қос қанатындай **Сенат** пен **Мәжіліс** те асқақтай бой көтерді. Кең пейілі ақ дастархандай жайылып жатқан дархан халықтың мөлдіреген бағын бойына тұндырған аппақ кеседей болып **Министрліктер үйі** де алыстан менмұндалайды. Осылармен үндесе түсіп, біте қайнасып **Жоғары**

соттың ғимараты да өз алдына жеке отау құрып, ордаға айналды. Төрт құбыласын теңестірген Қазақстанның құтты ордасындай **Тәуелсіздік Сарайы** шартараптан жиналған мүйізі қарағайдай мемлекет басшыларын ұялмай қарсы алатын, Астана Саммитіндей абыройлы жиналыстарды абдырамай өткізетін мерейлі мақтанышымызға айналып үлгерді.


Астананың 10 жылдық мерейтойы қарсаңында Президенттің өз қолымен ашқан **«Қазақ елі»** монументінің маңызы зор. Бұл ескерткіш те атына заты сай болып, күллі қазақ еліне рух дәнегін егеді әлі. Өйткені оның өміршеңдігі ұшар басындағы самұрықтың бейнесінде өріліп, өрнектелген! Қазақтың ұлылығы алып құстың аманында ұлықтала беретіні аңыздарға арқау етіліп, бүгінгіге де жетіп отыр.

«Қазақ ханшайымы» ескерткіші де жаңа ғасыр архитектурасынан айтарлықтай орын алды. Апай төсі алты қанат ақ ордадай алып бұқаның үстіндегі әжет ханшайымның елім деген әрбір қазақстандықтың жүрегінде батырлық пен қаһармандықты қалыптастыра түсетінін ескерткіш қасынан әр өткен сайын сезінбей кету мүмкін емес. Мүсінші қолымен өн бойына өрілген пәлсапалық тұжырым да таңданбасқа лаж қалдырмайды. Еліміздің өткені мен бүгінін ұштастырып, қарыштай дамыған Қазақстанның қазіргі жағдайын паш ететін, өгіздің орасан күші мен барыстың асқан ұшқырлығын, Томирестей аналарымыздың нәзіктік нәрімен көктеп өскен қайсарлық рухын дәріптейтін бұл ескерткіш қаламыздың тағы да бір көзайымына айналары сөзсіз!

Әлемдік деңгейде әдеміленіп салынған әуежайымыз да бір төбе әңгіме! Шетелден шіреніп келген небір шенеуніктер де табаны қазақ топырағына тие салысымен батыс пен шығыс сәулетін бойына қос бұрым етіп түйген салтанатты сарайдың сәніне тәнті болып, осынау көрікті мекенді, осынау шырайлы шаһарды одан ары аралай түсуге құлшынады. Қалаға кіреберістегі алтын күмбездері аспанмен таласып, ақ мұнаралары бұлттармен араласқан **ақшаңқан мешіт** – **«Нұр-Астанаға»** бір бас имей өтпейді. Бұл да болса біздің мұсылман ел екенімізді, Алласынан ақ үмітін үзбеген мүмін халық екенімізді санасына сіңіре түсетіні сөзсіз! Одан ары аяқ басса, көркімен көздің жауын алған, сәнімен елден сауын алған, **хан түсетін ордадай, ғарышпен жалғап жерімді, «Хан шатыр» шығар алдынан.** Тамырын тарихынан қопсытпаған, көшпендінің рухын жатшытпаған, шаңыраққа қарап-ақ дүниенің тылсымын ұққан бабалар заманы мен ғарышқа қарыштай ұмтылған жаңа заманды байланыстырып тұрған бұл ғажап ғимарат та Астананы әлемге әйгілейді әлі.

Атын атап, түсін түстей жөнелсек, бірінен бірі өткен салтанатты сарайлар мен ғаламаттай ғимараттардың қайсыбірін айта береміз. Таңды таңға ұрып, түнді түнге жалғап жырласаң да жағың талып, таңдайың кепкенше тоқтамауға барсың.

Осындай бақты бұйыртқан, өз еркімізбен астана салып, өз көзімізбен көзайым болғызған айналайын Тәуелсіздігіме мың шүкір! Мың өліп, мың тірілсе де, сан жылап, сан сүрінсе де, жауына басы иілмеген, тізесі дірілдеп бүгілмеген қазақ деген халқымнан айналайын! Сан сынаққа салса да, отқа да, суға малса да, тура жолдан тайдырмай, мейіріне алған, а, Құдай, жар бола гөр бір өзің!



Бұдан былай және ғасырдан-
ғасырға, осында, ұлан-байтақ
елдің кіндігінде халық
тағдыры үшін өміршең
тағдыры бар шешімдер
қабылданатын болады. Бұл
жерде Отанымыздың жүрегі
соғуда. Осы жерден Қазақстан
Үшінші мыңжылдықтың
табалдырығында өзінің тари-
хи тағдырын айқындайтын
болады.

Нұрсұлтан Назарбаев
Желтоқсан, 1997 жыл





АҚОРДА

Ақорда деген айшықты атауымен қазақ тарихын бүгінгі заманмен ұштастырып тұрған осынау алтын шаңырақ ел архитектурасының шыңы десе болғандай. Ресми тілде Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы делінетін әсем де салтанатты ғимарат – сәулетшілердің тілімен айтқанда, жаңа әкімшілік орталықтың жинақтаушы тұғыры. Ол осындағы барлық құрылыстардың ансамблін ортақ идеяға бағындырады, мемлекеттік маңыз береді, салтанатын асырады. Композициялық кеңдігі мен сыр-сипатының әмбебаптығы (Шығыс пен Батыс архитектураларының озық үлгілерін бойына мол сіңіруі) өзінен өзге ғимараттардан барынша асқақтатып тұрады, сонымен бірге оларды мазмұн жағынан толықтырады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, ақорда Бәйтерек мұнарасымен ұлттық дәстүрлі нақышпен әдемі үйлесім тапқан. Бірі – халықтың ұшқыр қиялындай, бірі – сабырлы, салқын ақылындай.

Ақордамен осындай үйлесімдікке аланың сол қанатын көмкеріп тұрған Жоғарғы сот үйі мен Бәйтеректің тұсындағы Сыртқы істер министрлігінің үйі де ие. Бұлардың бәрін тұтастандыратын ортақ қасиет – Шығыстың сәулет сарыны. Арқа кешінің жайма-шуағында, дүние-ғалам ұлы сабырын тапқан шақта осы бір ғажайып ғимараттардан көне әуеннің қоңыр сазы ескендей болады.

Ақорда осындай жылылығымен, ұлттық дәстүрлі кеңдігімен бірге мемлекеттік айбын мен қуатқа ие. Оның кескін-келбетіне сәулет өнерінің тілімен Ұлы Даланың тегеуріні мен даналығы, мәңгілігінің нышандары жазылған. Өткенге көз салсақ, айшықты құрылыстар арқылы халықтың ішкі бұлқынысын, ерік-жігерін аңғарту қазақ жерінде көнеден бар дәстүр. Белгілі бір наным-сенімдерді білдіретін тәңірлік сипаттағы құрылыстар көшпенділер ат басын тіреген өңірлердің бәрінде тұрғызылған. Ал Шыңғыс ханға айбынды сарайлар асқақтайтын. Байырғы сәулетшілер мағынаны ауқым арқылы емес, жинақылық арқылы білдіруге тырысқан және соған қол жеткізген.

Ақорда сәулеті қарастырылғанда осының бәрі көңілде тұрды, ғасырларды дәстүрлер арқылы жалғастыру ойластырылды. Ол байырғы әрі барынша осы заманғы ғимарат болуға тиіс делінді.

Резиденция өзіне ең таяу деген құрылыстардан 300 метр жерде биіктігі 6 метр жасанды жотаның үстінде оқшау тұр. Негізгі кескін ретінде классикалық текшелік нысан таңдалып алынған. Ғимарат қабырғалары сіңірілген үстындар арқылы салтанатты реңге ие болады, сырт қарағанда әрі салмақты, әрі жеңіл.

Ақорданың аумақты да еңселі күмбезі көксеңгірленіп, Арқа аспанымен астасып жатыр. Көк күмбез ата-бабалардың ежелден санаға сіңген қасиетті құдірет күші – ғарыштың символы. Жалпы аспан идеясы, заңғарлық пен мәңгілікке құштарлық идеясы ғимараттың бүкіл болмысына тән. Нақтырақ айтқанда, Қазақ мемлекеттігі мәңгілігінің белгісіндей баурайды.

Күмбездің ұшар биігінде Жер шары мүсінделген, одан жоғарыда қанатын жайып жіберген қыран. Жер шарын сұр жебе көтеріп тұр. Жебе тарихтың талай тар жол, тай ғақ кешуін бастан кешірген халықтың қаһармандығын, айбаты мен сұңқар сестілігін, мұқалмас жігерін білдірсе, жұмыр жер адамзаттың алтын ұясы ұғымын ұқтырады. Жер-ана ардағың да, қасиетің де, қастерлің де, ол сондықтан да бәрінен биік қойылған. Ал кеңістікке қалқыған қыран – тәуелсіз елдің, еңсесін тіктеген қазақ ұлысының кең әлемге еркін құлаш ұрған шағы.

Көк күмбезден аңғарылатын сыр да терең, ол әлгінде айтылған баянмен шектелмейді. Асылында күмбез жебе арқылы “Алтын адамның” дулығын көз алдыға әкеледі. Дулыға – үзілмей келе жатқан ерліктің қуатты нышаны, ол әрі қорғаның, әрі айбының, қаһармандық мұрасы.

Осының бәрін жинақтасақ, Ақорда ғасырлардың ұлағатын баян етіп, дәстүрлерді тоғыстырып, тарихты бүгінгі күнмен ерекше жарастырып тұр. Ғимараттың бүкіл болмыс-бітімімен көкірегі ояу қазіргі толқын тың стильді – еуразиялық архитектуралық қолтаңбаны тани алар еді. Шығыстың сеулет үлгісімен фасадтар арқылы жарасымдылық тапқан бұл стильді басқаша атау мүмкін емес. Осы жағынан келгенде Ақорда Қазақстанда жаңа сәулет бағытын тудыра алатын аса құнды архитектуралық туынды.

Ғимараттың ішкі нақыштары туралы ұзақ баяндауға болады, біз кейбір ерекшеліктерімен шектелейік. Бірінші қабаттағы орталық холл 3000 шаршы метрді алып жатыр. Осы бөлікте 400 орында банкет залы мен қысқы бақ орналасқан. Еденге түрлі түсті гранит төселген, одан қазақ ою-өрнегінің ғажайыптарын танысың. Ал қысқы бақ мәрмәрмен көмкеріліп көз жауын алады, осы сұлулықты әсем бұрқақ одан әрі аруландырып, Шығыстың ертегі әлеміне жетелейді.

Үшінші қабаттағы Шығыс залында да нақ осындай нәзік те салтанатты көркемдік бар. Түрлі гүлдермен өрнектелген кеңістік киіз үй түрінде сомдалған. Қымбат ағаштан жазылған еден түркі шеберінің қолынан шыққан қалы кілемдей айшықты. Ортадағы дөңгелек үстел алтын жалатқан қоламен жиектеліп, өз алдына салтанат құрады. Мәрмәр қабырғалар да ұлттық өрнекке толы.

Жинақтап айтсақ, Ақорданың ішкі сәулеті де ұлттық өнер мен дәстүрге бай.

Ғимараттың құрылысы 2001 жылдың маусым айында басталған болатын. Құрылысты жүргізу құқығын отандық және шетелдік компаниялар қатысқан тендерде Германияның “Kruger ErdBau GmbH” фирмасы жеңіп алған еді. Ақорданың сәулет жобасын жасаған да осы компанияның архитекторлары.





БӘЙТЕРЕК



Әлемде ұқсастығы жоқ «Астана-Бәйтерек» ғимаратын салу идеясының иесі Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Бәйтерек – көк пен жерді байланыстырушы берік тұғыр, олардың арасындағы алтын көпір.

Аңызға сүйенсек, Бәйтеректің ең төменгі тұсында, яғни қараңғылық патшалығында зұлым аждаһа – Айдаһар өмір сүреді де, ең биік шыңында әлемге қанатымен жақсылық нұрын сепкен алып құс – Самұрық мекендейді. Жыл сайын Самұрық Бәйтерек басындағы ұясына жұмыртқа салады да, балаларына жем іздеуге алыс сапарға аттанады. Жамандыққа жаны құмар аждаһа Самұрық құспен бетпе-бет шайқасуға тайсақтайда да, осы уақыт аралығында қараңғы түнектен шығып, Самұрықтың Бәйтерек басындағы ұясына өрмелеп көтеріліп, балапандардың бірін де қалдырмай жеп кетіп жүреді. Ұяға жаһан кезіп, мәңгілік өмірдің суын іздеп жүріп кезіккен қаһарман Батыр Самұрық балапандарын жегелі жатқан Айдаһарды ерлікпен өлтіріп, балапандар ажалдан арашалап қалады. Жыл сайын балапандарын қорек қылған аждаһаның аузында балапандарым тағы да кетті-ау деп қайғырып келе жатқан Самұрық

бәйтерекке жеткенде ғажайыпқа тап болады. Тірі қалған қызыл шақа, сары ауыз балапандары болса Батырдың ерлігін жарыса, шуылдаса жеткізеді. Жылдар бойы аңсап күткен арманы орындалған Самұрық Батырға көмектесіп, жасаған жақсылығын жақсылықпен қайтарады. Құзар шыңдағы жақсылық әлемін жауыздықтың басып-жаншуына жол бермеген Батыр елрігі – қазақ халқында Жақсылықтың жер бетіне де жетіп, кеңінен қанат жаюымен сипатталады. Осы тұста туындар ой Бәйтерек – Жақсылықтың Шаңырағы, Жақсылықты таратушы, жер бетіндегі барлық жақсылықтың бастауы, түп негізі. Бәйтеректің тамыры тереңге жайылған сайын жер бетінде жақсылық атаулы көбейе түсіп, бүкіл тіршілік иелері жақсы өмірге қадам басады. Міне, осындай аңыз бен ақиқатқа құрылған Елордадағы Бәйтерек – бостандық таңына асыққан, осы жолда ер етігімен су қуешкен, ат ауыздығымен су ішкен қиыншылық замандарды, еркіндік үшін күрестерді басынан өткерген талай ерлердің ерлігінің арқасында жеткен қазақ халқының арманын, Қазақстанның Тәуелсіздігін дәріптей отырып, оны зеңгір көк төсіне алып ұшқан, елімізге өмір нұрын сеуіп, жамандықты қанатымен жасқаған Самұрығымыз іспетті.

Бәйтерек – бір өзіне жақсылықты, елдікті, қаһармандықты, даму мен шарықтауды, адалдық пен мейірімділікті, бауырына сан ұлт пен ұлысты басқан Арда Алаштың тағдыры, Қазақ елі тарих сахнасында, әлем картасында пайда болғаннан бергі қазақ ұлтының өткерген қуанышы мен мұңы, қиыншылығы мен шаттығы, тағдыр таразысында басынан кешкен, бір арнада тоғысқан мың сан қилы ғұмыры.

Өн бойына жақсылық тұнған, тек Астана ғана емес, Қазақстанның тамырына, берік діңгегіне айналған Бәйтерек – сан ғасырлық тарихымыздан сыр шерткен, күннің сүйген шуағынан нәр алып, Еліміздің атын әрбір қазақстандық азаматтың жүрегіне жеткізген даңғыл жолымыз.

Ертегі мен шындықты, миф пен тарихты, аңыз бен әфсананы, елдік пен ерлікті сабақтастыра отырып қалаған кемеңгер Елбасымыз тұрғызған Бәйтерек – Отанымыздың жүрегі. Ал Елбасы – Тәуелсіздігіміздің кепілі, Ел қорғаны.

Қанатын қаққанда боран тұрған, кірпігінен қар, көзінен жаңбыр жауған, тұяғы тиген жерін ойып түскен алып Самұрықты қайыспай көтерген Бәйтерек – бүкіл қазақ халқының ғұмырын бейнелейтін салт-дәстүріміздің, тұрмыс-тіршілігіміздің, санамыздың, пәлсафалық ой-орамдарымыздың, рухани өрлеу мен ұлттық құндылықтарымыздың нышаны. Осы жағынан келгенде, Бәйтеректің маңыздылығы мен мәні, ауқымы, айтар ойы орасан зор.

Дүние жүзіне атағымызды таратып, бар ғаламға құшағын жайған, күн бетінен сүйген, алтынмен аптап, күміспен қаптаған берік Тұғырымыз – Бәйтеректің жіңгегі мықты, тамыры терең, босағасы берік болып, бостандығымыздың кепілі – Елбасымыз аман болғай!

Бәйтерегіміз Қазақстанның жүрегі ғана болып қоймай, бүкіл Орта Азияның жүрегіне айналсын!

... Иә, Бәйтерек – ақиқатқа айналған аңыз...



Күнделікті өмірімізде «Бәйтерек» әр жастағы және әр түрлі ұлт өкілдерін қарсы алады. «Өмір ағашымен» саяхат минутына 90 м. жылдамдықпен «Мицубиси» фирмасының лифтілерінің көмегі арқылы жүргізіледі. Панорамдық лифт арқылы, сәнді, жарық көру залына көтерілгенде, жоғарыдан Қазақстанның жас астанасының қалай дамып, көркейіп жатқандығын тамашалай алады. Көрермендерге ыңғайлы болу үшін, қаланың жаңа мәдени-әкімшілік орталығының макеті жасалған. Мемлекеттік, орыс және шет ел тілдеріндегі саяхаттанушылар Қазақстандық қана емес, алыс және жақын шет ел қонақтарына да көлемді саяхат өткізіп, қызықтыратын сұрақтарына жауап береді. Көрермендер назарына мол ас мәзірі бар кафе-барлар, сонымен қатар көрермендер мен туристерге кешенді тағамдар ұсынылады, банкеттер мен басқа да іс-шаралар өткізіледі. «-4,5» көрсетілімінде ескерткіш заттарын сататын дүңгіршек бар, ол жерден көрермендер «Астана – Бәйтерек» Монумені бейнеленген ескерткіштер, халық шеберлерінің қолөнерлерін, Монумені жайлы ақпараты бар буклеттерді алуына болады. Қызметкерлердің жұмыс киімдері әр қызмет түрлеріне қарай әр түрлі, бірақ барлығы бірдей ұлттық оюлармен нақышталған.

Лифтінің шыны-әйнектері арқылы темір құрылымның мықтылығын көруге болады, оның жалпы салмағы 998 тоннадан асады. Монуменінің биіктігі 105 метр, салмағы 1200 тонна болатын металдық құрылым 499 қадаға орнатылған. Құрылымда диаметрі 22 м. болатын шар орналасқан. Оның жасалуы үшін италяндық үш қабатты темір қатпарлы күшке қарсы тұратын қалыңдығы 5 см. болатын әйнек қолданған. Шардың көлемі 1500 м².

Объектінің құрылысы Ақмола монтаждық фирмасы «Имстальком» көбінесе отандық құрылыс материалдарымен жүргізді. «Бәйтерек» пайда-лануға 2002 жылдың қараша айында, 18 ай бағытталған жұмыстан кейін берілді. Объект автономды электқамтамасыздандырылған.

Монумені сыртынан колонна тәрізді көрінеді. Өмір ағашының жоғарғы жағында «ұяда» алтын шар орналасқан. Түнгі уақытта барлық композиция түрлі түсті шамдармен жарықтанады.

Монумені авторларының құрамында сәулетші С.Базарбаев, инженер – конструктор М.Вайнштейн, жобаның жетекшісі А. Рустемов. «High Tech» стилінде дизайн құрастырушысы «Астана – Жарнама» ЖШС, сәулетші – А.Оспанов.

«Бәйтерек» - өзіндік орнымен және композициялық құрылымымен көшпенділердің космогоникалық ұғынымдарын білдіреді. Көне түрік елдерінің аңыздарының жеткізуі бойынша дүниенің түйіскен жерінде Әлем өзені ағады, ал оның жағасында өмір ағашы – Бәйтерек өседі, тамыры жер астында, ал ұшар басы аспан әлемінде. Ағаш басында қасиетті құс Самұрық ұялайды. Самұрық екі басты – қыран мен адам басы. Жыл

сайын Ағаштың ұшар басында қасиетті Самұрық құсы алтын жұмыртқа – Күнді табады, оны өмір ағашының етегінде тіршілік ететін Айдархан айдаһары жұтып қояды, ол жаз бен қыстың, күн мен түннің алмасуын, мейірімділік пен қатыгездіктің күресін білдіреді.

Сонымен қатар Өмір ағашы адам мен қоғамның эволюцияның үш сатысынан өтуін көрсетеді: туу, өсу мен даму, өркендеу. Өмір ағашымен көтерілу – бұл жоғарыға, аспанға ұмтылуды білдіреді.

89,00 м. белгісінде орналасқан залынан, «құс ұшатын» биіктіктен Астана көрінеді: сол жақ жағалаудың ерекшелігі, оң жақ жағалаудың жайлылығы, қала көшелері мен алаңдарының көркі, құрылыстардың кең қанат жаюы.

Бірақ, ең қызығы «Бәйтеректің» сыртында емес - ішінде. Шыны әйнек «шардың» ішінде тұрып көшпенділердің әлем сезінуін түсіне бастайсың. Киіз үй құрылысы халықтың әлем туралы түсінігін толық көрсетеді. Сонымен қатар, Шаңырақтың қасиеттілігі Шаңыраққа оң қолын қойып ант беру салтымен расталады. Күмбездің тақ ортасында тұрған «Аялы алақан» композициясы арқылы осы салт - дәстүр берілген. Осы композицияның ірге тасы малахитті тайқазаннан тұрады – бұл қазақ халқының жомарттылығын, қонақжайлығын, көңілінің кеңдігін білдіреді. Ол үш тіректе тұр – тәуелсіздік, жасампаз еңбек пен халықтың игілігінде – біздің еліміздің қол жеткізген және де қорғайтын ең басты құндылықтары. Тайқазанға алтын жалатқан ою өрнек «Қошқар мүйіз» сән беріп тұр – бұл ұлттық ою-өрнектің негізгі элементі материалдық игіліктің, тұрақтылық пен шаттықтың белгісі. Осы жерде сактардың атақты «аң стилінде» алтын фрагменттер мен күмістен жасалған барстың басы бар. Осының барлығын жасауға жалпы 2 кг. алтын мен 6 кг. күміс жұмсалды.

«Аялы алақан» композициясының ортасында күміс тұмар орналасқан – үш бұрышты тұмарда Қазақстан Республикасының Президентінің оң қолының таңбасы бар. Бұл Қазақстан халықтарының өздерінің ортақ үйіндегі бейбітшілік пен тыныштықты аялайтынының белгісі. Осы композицияда алтын мен күмістің қолданылуы бекер емес. Алтын – жылы металл, күнді, жарықты, өмір мен игіліктің белгісі, ал күміс – қазақ мәдениетінің дәстүрлі металы, оның қасиетті күші зұлымдылық пен қара күштерден қорғап тазартады.

2003 жылы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жиналған он жеті әлемдік діни конфессиялардың көшбасшылары жиналып әлемде бұрын болмаған диалог құрып, Қазақстан жері мен Қазақстан халқына өз баталарын берді. Олардың ақ тілектері «Бата» атты көркемдік туындыда нақты бейнеленген.

«Бәйтерек» жалпы алғанда тек сәулеттік ескерткіш немесе инженерлік құрылым ғана емес, онда Ұлы Даланың мифтік көп ғасырлы әдет-ғұрпы сақталған. «Бәйтерек» еліміздің өткені мен қазіргісін, болашағын меңзейді... «Бәйтерек» - өсіп келе жатқан мықты жас ағаш секілді тарихи тамырларын сақтап, нық тірекке сүйеніп болашаққа ұмтылған Қазақстан халықтарының бейнесі...

«Бәйтерек» - жас, мықты, өсіп тұрған ағаш, яғни мемлекетімізді білдіреді, ол тереңге кеткен тарихи тамырды, нық қадамы және болашаққа кемелдену ұмтылушылығын, дәл «Астана – Бәйтерек» Монументі барлық әлемдік қауымдастық үшін тәуелсіз Қазақстанның символы болып табылатындығын айқындайды.



Бәйтерек фототілішілер назарында









СЕНАТ. МӘЖІЛІС. ҮКІМЕТ ҮЙІ



Астана аспанына бой созған үш еңселі ғимарат Жаңа қалаға ресми әрі архитектуралық тың рең беріп тұрған дербес композициялық құрылым болып табылады. Дербес дейтініміз – осы үш зәулімнің сәулеті аумақтағы басқа құрылыстарға қай жағынан да ұқсамайды. Сырт қарағанда еңсіз, таудың сүмбіл терегіндей мінсіз тік, ал төменгі бөлігінде баспалдақтармен бийкетіліп, төрт қанатқа бірдей құлаш жайған мұндай кеңсе ғимараттары бұрын бой көтере қойған жоқ-ты. Оларды жұмырлана заңғарланған, ғарыш кемесі іспетті Көлік және коммуникация үйімен де салыстыра алмас едің.

Аталған ғимараттар туралы сөз бола қалса, үшеуі бірдей неге биік деген ой-сауал туындайды да, сол сауалға үштік ұғымы төңірегінде жауап ізделеді.

Үштік тұжырымы түркі-қазақ әлемінде бағзыдан бар. Ол тұжырым – этногенездік үш саладан да, серт киесіндегі үш реттік дәстүрден де, Ай, Жер, Күн үштігінің табиғи құдіретінен де, ұлттық билік тармағының үшеуі болып келетін көне жүйесінен де көрініс табады.

Дара архитектуралық тұрғыдан келсек, Бас алаңнан ажарын аз қабатты ресми ғимараттар емес, еңселі, бір-біріне бітімі жағынан үйлескен құрылыстар ашатын еді. Міне, осындай ұйғарымдардан соң “үш егіз” – Сенат, Мәжіліс, Үкімет үйі өзара жарастырыла салынды.







ЖОҒАРҒЫ СОТ

Президент әкімшілігі Ақорданың оң жақ қанатынан орын тепкен Жоғарғы Соттың жаңа ғимараты алыстан көз тартатын, жаңа астанаға ерекше көрік беріп тұрған сәулет құрылысы. Үкімет, Сенат және Мәжіліс ғимараттарымен бір ансамбльдік кешенде өзіндік сәні мен салтанаты жарасымдылық тапқан әділдіктің ақ отауы.

Жалпы аумағы 18853,6 шаршы метр, төрт қабаттан тұратын бұл ғимараттың құрылысы 2003 жылы сәуір айында басталып, өткен жылдың желтоқсан айының басында барлық жасау жабдығымен дайын болды. 16 желтоқсандағы Тәуелсіздік мерекесі күні Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев келіп, салтанатты түрде ашып берді. Бүгінгі заман үлгісімен жабдықталған бұл ғимарат көркемдігі мен сәулет құрылысы жағынан әлемдік талаптарға сай. ТМД елдеріндегі сот жүйесінің әлі ешқайсысының қолы жетпеген құтты қоныс.

Онда сот өндірісін заман талабына сай жүргізуге арналған кабинеттер барлық ұйымдастыру техникаларымен толық жабдықталған. Кең де жарық бөлмелерге жарасымды қойылған құрал жабдықтар, жиһаздар Жоғарғы соттың судьялары мен оларға қызмет көрсететін аппарат мамандары еркін отырып жұмыс жасауға жақсы мүмкіндік туғызары сөзсіз. Түрлі салада қызмет көрсетуге арналған 300 орынды конференция залы, алқа мәжілістеріне арналған төрт зал және бар.

Босағасы берік бағаналармен бекіген, кіреберістегі табалдырығы текшелене барып көтерілген баспалдақтар ақ отаудай шеңберлене бой түзеген дәлізге ұласады. Дәліздің қақ ортасында дөңгелене салынған, бірнеше шүмегінен мөлдір су аққан «Ақиқат» композициясының монументі орналасқан. Бұл композиция бірнеше компонентті бір идеяға жинақтаған құрылымы ерекше өнер туындысы. Негізінен ақ пен сары түстен құралған металл қоспалары халқымыздың «Алтындай ардақты, күмістей салмақты» бол деген ұғымын білдіреді. Композицияның қарсы бетіндегі асқар тау, оған бедерлеп, шекіп салынған брыс, күн бейнелі адам қазақ елінің мыңдаған жылғы тарихын, рух биіктігін, дәстүр салты мен өнерін бейнелейді. Тізбектелген түйе керуені қазақ ұлысының осы әлетке табандылықпен жеткен төзімділігі мен кемеңгерлігін паш етеді. Түйе өркешіндегі шудаланған қанат тәрізді бедерлер «Алысқа самға, қанатың талмасын!» деген ұғым береді. Асқар таудың ұшар басынан тік түскен үш жолақ, аспан мен жерді жалғаған комета ізі шаңырағымызды шырқау биікке көтерген уық іспетті. Шаңырақтағы шар үстінде көкке талпынған жас нәресте күнәдан мұнтаздай таза періштедей пәктіктің, адалдықтың

бейнесі. әрі халқымыздың «Асқар таудай биік бол!» деген бата тілегін білдіреді. Осы нәресте ақиқат ақиқат композициясын жинақтап тұрған әділет идеясы әділдіктің ақ отауына бірден жарасым беретін символ ретінде таңдап алынған.

Жоғарғы сот ғимаратындағы тағы да бір атап айтар жаңалық «Қазақстан Республикасының құқық тарихы музейінің» ашылуы. Музейге 160 шаршы метр кең бөлме бөлінген. Оның іші музей ережесіне сай жабдықталып, безендірілген. Еліміздің құқық тарихын қамтитын төрт бөлімнен тұрады. Яғни, көне Түркі дәуірінен бастау алатын «Ежелгі замандағы дәстүрлі құқық және билер соты», «Ресей патшасының заңдары және дәстүрлі құқық», «Кеңестік дәуір», «Тәуелсіз Қазақстан» бөліміндегі экспонаттар құқық тарихынан мол мұрағат береді.

Халқымыздың «Би болсын, би түсетін үй болсын» деген қанатты сөздерінің астарында ата бабамыздың шындық үшін ақыл парасатын сарқа жұмсаған, сот ісін әділдікпен атқарған азаматтардың кіршіксіз еңбегіне деген зор құрметтің белгісі жатыр емес пе. Ендеше бұл ғимарат шындық іздеген көпшіліктің мұң мұқтажын шынайы шешіп беретін әділдіктің ақ орауы болмақ.







БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ САРАЙЫ



Барлығы атайтындай, әлемнің сегізінші таңғажайыбы биіктігі 62 метр және негізіндегі ені де сондай түзу пирамида пошымында салынған. Ғимарат өзі жасанды он бес метрлік үйінді үстінде орналасқан. Атақты мэтр, ағылшын сәулетшісі Норман Фостер өзінің жобасы үшін діни жаққа қатысы жоқ пошымды арнайы таңдап алды. Тек осы жер ғана барлық әлемдік дәстүрлі діндер өкілдерінің конфессиялар арасындағы қатынасына қызмет етеді.

Бейбітшілік және келісім пирамидасы – бұл толеранттық идеясының апофе-осі іспеттес, Қазақстан халықтары бірлігіне ескерткіш, оның үйлесімдік пен гуманитарлық құндылықтарға ұмтылуы. Әлемде барлығы уақыттан қорықса, тек уақыт қана пирамидадан қорқады. Ежелгі мысырлықтар солай деп айтқан және өздерінің жұмбаққа толы пирамидаларын тұрғызған, перғауындарының аттарын уақыт және кеңістік аралығында мәңгіге қалдырған. Пирамида, қатты және қырлы,

бізге мәңгіліктің мызғымас символы ретінде жетіп отыр. Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайына ұқсас архитектуралық культті нысан бүкіл әлемде жоқ.

Әрине, әртүрлі діни дәстүрлерді өз шаңырағы астына жинайтын ғимараттар баршылық, бірақ қазақстандық ғибадатхана – бұның олардан өзгешелігі құрылымдық диалогқа арналған бір үлкен алаңның болуы. Әртүрлі әлемдік дәстүрлі діндер өкілдері жиналатын жерде Мәдениет мұражайы, Өркениет университеті, 1500 орындық Опера театры орналастырылғандығы өте орынды. Болат, алюминий, көптеген арнайы шыны құрылымдар, бірегей техникалық идеялар, архитектуралық жаңашылдық – ғимарат шынында да таңғажайыпқа ұқсайды. Панорамалы лифт барлық ниет білдірушілерге жасыл террасалар мен пирамида төбесінен құйылып тұрған жарық ойынына сүйсіне қарауға мүмкіндік береді. Тағы бір қызықты жайт: шыңға жаяу шығуға болады: қазір «Астананың аспалы бақтары» аталатын толқынды баспалдақтары арқылы жүруге тура келеді. Қысқасы, сыртынан қарағанда да көз тоқтатарлық жерлері бар: Фостердің ұлы пирамидасы Есілдің екі жағалауынан да көрінеді. Ал түнде оның шыңы ішінен жанып тұрады.

Бейбітшілік пен келісім сарайын салу идеясы – Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа тиесілі. Бүгінде ол, зорлық-зомбылықтан бас тарту және адамдардың теңдік және сенім символы діни түсініктің ғаламдық орталығына айналды.

Сарайда халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өткізіледі. Мысалға Әлемдік және дәстүрлі діндер басыларының съезі, Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас ассамблеясы. Оған қоса мемлекеттік дәрежедегі шаралар ұйымдастырылады – Конституция Күні, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары.

Сарай шартты түрде көлденеңнен екі бөлікке бөлінген. Оның төменгі қабатының қырық жеті метрі табиғи тастармен қапталған және терезелері жоқ. Рухани конфессиялардың кеңселері бірнеше қабаттарда орналасқан. Сонымен қатар діни басқосуларға арналған жалпы көлемі 1200 шаршы метрді құрайтын төрт зал орналасқан. Сарайда Опералық зал, конференцияларға арналған «Бесік» залы, көрме залы, баспасөз орталығы, Atrium салтанат залы, қысқы бау-бақша, VIP-залдары, кеңсе бөлмелері және Қазақстан халықтары Ассамблеясына арналған мәжіліс-залдары, баспа-орталықтары, мейрамхана, дәмхана бар. «Құланшы» қазіргі заман өнері орталығы және «Шежіре» қазіргі заман өнері галереясы жұмыс істейді.

Сондай-ақ, Сарай ішінде экскурсиялық қызмет жүзеге асырылады. Экскурсиялар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізіледі.

Бейбітшілік және келісім сарайы күмбезіне біз техникадағы соңғы жаңашылдыққа қол жеткізіліп дайындалған бірегей лифтімен көтерілеміз.

Швейцарияның «NSD» компаниясымен дайындалған лифтілер диагональ бойынша Пирамиданың беткейімен қозғалады. Мұндай лифтілер әлемнің үш қаласында Париж, Лас-Вегас және Астанада ғана бар.

ОПЕРА ЗАЛЫ

Бейбітшілік және келісім сарайының мақтанышы - Концерттік опера залы. Өзінің архитектурасы жағынан әлемдік стандарттың талаптарына сай жасалған. Опера залы дыбыс және жарық техникаларының соңғы үлгілерімен жабдықталған. 1357 орынға арналған – партер, бельэтаж, 2 балкон, VIP- секциясы бар. Опера залында күрделі сахна орналасқан, олардың бөліктері бір-біріне тәуелсіз – бас сахна, 2 шеткі бөлік және артқы сахна.

Сахнаның техникалық қамтамасыз етілуі ерекше және күрделі қойылымдарды қоюға мүмкіндік береді. 60 штанкет орналастырылған. Сахнаның алдыңғы жағында 80 орынға арналған оркестр шұңқыры бар. Оркестрлік шұңқырдың 2 тәуелсіз платформасы бар - артқы және алдыңғы – олар қойылымның қажеттілігіне сәйкес түсіріліп, көтеріледі. Оркестрлік шұңқырдың тереңдігі – 2,8 м. 3 қабатта орналасқан 25 гримерлік бөлме бар. Олар айна, дәретхана және жуынатын бөлмелермен жабдықталған.

Опера залының интерьері қызғылт түсте жасалған, алтын түспен әрленген. Залды безендірудегі ең әдемі элемент күн тәріздес жасалған күмбез. Күмбез әйнектерінен өткен күн сәулелері тікелей залға түседі, қажеттілік туған жағдайда терезелер жабылады. Залды концерттер, түрлі конференциялар мен семинарларды өткізу үшін қолдануға болады.

АТРИУМ ЗАЛЫ

Atrium – алаң бойынша ең үлкен зал. Оған салтанатты баспалдақ арқылы көтерілуге болады. Ауданы – 2090 ш.м. Залдың терезелері арқылы түскен күн сәулелері орталығында орналасқан күн тәріздес терезе арқылы Опера залына жарық береді. Витраждық шынының қалыңдығы 4,5 см. Шыны қабаттарының арасында бейбітшілік символы көгершіндер бейнеленген. «Атриум» залының дәл ортасында тұрып, басыңызды жоғары көтерсеңіз көк аспанда күн шуағына бөленіп, ұшып жүрген көгершіндерді көресіздер – бұл Бейбітшілік және келісім сарайының күмбезі - «Бесік» залы.

«БЕСІК»

«Бесік» залы Бейбітшілік және келісім сарайының ең жоғарғы қабаты. Әйнек күмбез ретінде жасалған бұл залдан қарқынды да-

мып келе жатқан әлемдегі ең жас елорда Астана қаласына тамаша көрініс ашылады. Сіздер Қазақстан Республикасы Президентінің резиденция «Ақ Орданы», Үкімет Үйін, Парламенттің екі палатасы Сенат және Мәжіліс, Жоғарғы Сот ғимаратарын, қала символы «Астана-Бәйтерек» монументін, «Қазақ Елі» монументін көруге болады. Қаланың оң және сол жақ жағалауын қосатын Астананың әдемі көпірлерін де тамашалай аласыздар. Бейбітшілік және келісім сарайы мен Президенттің резиденциясы арасында Президенттік саябақ орналасқан.

Шыны күмбезде ашық аспанда күн сәулесіне бөленіп ұшып жүрген көгершіндер бейнеленген. Бұл ағылшын суретшісі Брайн Кларктың туындысы. 130 көгершін – Қазақстан жерінде бірлік пен ынтымақтастықта тату-тәтті өмір сүріп жүрген ұлт өкілдерінің санына сәйкес. Залдың сыйымдылығы 200 адам. Қазіргі заманға сай синхронды аударма техникасымен жабдықталған.

БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ

Баспасөз орталығы ғимараттың 7-ші қабатында орналасқан. Екі залдан тұрады. Әр залға 60-80 адам сыяды. Баспасөз мәжілісін, конференцияларды, семинарларды өткізуге қолайлы.





ТӘУЕЛСІЗДІК САРАЙЫ



Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ресми түрде тұсауын кесіп, есігін ашқан «Тәуелсіздік сарайы» Тәуелсіздік мерекесінің 17 жылдығының қарсаңында ашылған еді. Он жылды ойқастай өтіп, әлемге атын әйгілеп үлгенген жас астананың төрінде ТМД елдерінде салына қоймаған сәулетті Сарай тұрғызу, оны тәу етер жалғыз киеміз – Тәуелсіздікке арнау – Елбасының идеясы еді. Енді, міне, сол ой-арман ақиқатқа айналып, «Қазақ елі» монументінің заңды жалғасы ретінде қазақтың керегесімен қоршалған алып Сарай да шаңырағын тіктеп үлгереді.

Сарайға кіріп келгеннен-ақ аңқи жөнелетін қазақы иіс пен қазіргі заман стилі біте қайнасып, басқаша күйге бөлейді. Мрамор еденге мәнерлеп өрілген ою-өрнек әжеміздің алашасындай жылы әрі жұмсақ сезіледі екен. Жарқ-жұрқ еткен бағандар еңселі фойенің төбесіне барып тіреледі. Сан мыңдаған шырақ ілінген алып аспалы шам әртүрлі түспен құбыла ойнап, төбеңнен шұғыла төгіп тұрғандай. Фойені қақ жарып өтіп, хан Сарайының қақпасындай үлкен есікті айқара ашсаңыз, ат шаптырым алып алаңға тап боласыз.

Бұл – бір мезетте 4 мыңға жуық адам сыйып кететін жиналыс залы. Бұл залдың тағы бір таңғаларлығы – керек кезінде бір тетікті басу арқылы жылжымалы қабырғалар шығарып, төртке бөліп тастауға болады. Сөйтіп, алып бөлmemіз шағын-шағын төрт залға айналады. Акустикасы да за-

манауи технологиямен жабдықталып, соңғы ғылыми жетістіктермен жарақтанған Үлкен зал кез келген Халықаралық дәрежедегі басқосулар мен конференцияларды ұялмай ұйымдастыруға таптырмас орын.

Үлкен залдан шығып, екінші қабатқа көтерілсеңіз, өнер мұражайына енесіз. Ондағы жасыл және сары залдар кез келген адамның көңілін аудармай қоймайды. Табиғат ананың төл реңі болып табылатын жасыл түске малынған этнография залында қазақ халқының тұрмыстық заттары мен музыкалық аспаптары экспонат ретінде қойылған. Ал көркем сурет галереясында қылқалам шеберлерінің қолының туған картиналарға тамсанбай өту тағы мүмкін емес. Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның тарихына жасалған шағын дерекнамадан да көптеген мағлұмат алып, көкірек-көзіңіз ашыла түседі.

Осыдан кейін үшінші қабатқа көтерілсеңіз, «Астана: кеше, бүгін, ертең...» атты тағы да бір керемет көрмеге тап боласыз. Мұнда Елорданың есте жоқ ескі замандардан бастап, бүгінге дейінгі тарихын, қалаберді, келешегі туралы да көп мағлұмат аласыз. Көрмені көзайым қыла жүріп, тағы бір ғажайып жобаны көзіңіз шалады. Ай санап емес, күн санап жетілген Астанамыз алақанға салып қойғандай көз алдыңызға жайылды. Оңтүстік Кореяның «Model Park» деп аталатын компаниясының 600 есе кішірейтіп жасаған Астана макеті Елордамыздың қаншалықты әсем де көркем, сымбатты да сұлу екенін паш ететіндей. Макетке қарап тұрып, сүйікті қалаңды құшағыңа алып, қойныңа басқың келеді.

Макеттен өтіп, алға қарай оза түссеңіз, 4D кинотеатры есігін айқара ашады. Мұнда техниканың соңғы үлгісімен жабдықталған 45 орындық зал орналасқан. Бұл залда Астана туралы және басқа да стереофильмдер көрсетіледі.

Сарайды аралап, шаршап-шалдығып келе жатқанда құшағын жая қарсы алатын 130 орындық дәмхананы айтсаңшы! Ондағы жылы жүзді даяшылар мен олардың буы бұрқыраған ыстық шайы дүниенің барлығын ұмыттырып, жаныңды рахаттандырып жібереді.

Салтанатты Сарайды аралап болып, төменге түссеңіз, бірінші қабаттың оң жақ қапталында 700 орындық мейрамхана жұмыс істейді. Мрамор бағандармен үш бөлікке бөлінген мейрамхана әртүрлі банкеттер, шоу-бағдарламалар, сейшендар мен фуршеттер өткізуге өте қолайлы. Ұзыннан-ұзын созылып жатқан терезеден Сарайдың алдындағы алаң көрінісі ашылып, қонақтарды одан сайын ынтықтыра түседі.

Түптеп келгенде, Тәңірінің тартуындай Тәуелсіздік Сарайы қазақ топырағында бой көтерген ғажайып ғимараттардың маңдайалды мақтаныштарының бірі. Мұндай маңызды мәдениет ошағы арайлы Астананың салтанатты сәні ғана емес, сан ғасырлар өткен соң да Қазақ елінің тарихи тамаша туындысы болып қала бермек!

Тәуелсіздік Сарайының құрылысы 2007 жылдың желтоқсанында басталып, рекордты қысқа мерзімде салынып бітті. «Axis Business Consulting» ЖШС жобалаған нысанды Астананың құрылыс нарығында белсенділік танытқан «Сембол» компаниясы салып шықты. Жоба 12,312 млрд. теңгеге бағаланып отыр. Ғимараттың құрылыс көлемі 353390 текше метрді құраса, жалпы ауданы – 18211 шаршы метр.



ТӨРТ ҚАҚПА

Бүгінгі Астана – тоғыз жолдың торабы, төрт бағыттың түйіскен тұсы, Еуразияның кіндігі. Еліміздің түкпір-түкпірімен ғана емес, алыс-жақын шетелдермен де тығыз байланыс орнатылған нүкте. Мұндағы барлық байланыс тетіктері автомобильдік, әуе, теміржол және телекоммуникация жолдарымен қамтамасыз етілген. Бір сөзбен айтқанда Астана – төрт қақпасы төрт құбыламен байланысқан бақуатты қала.

ӘУЕЖАЙ



Елорданың әуе жолдарын Астана Халықаралық әуежайы уысында ұстап отыр. Дәл осы жерде Еуропа мен Азияны жалғап ұшқан ұшақтардың түйісетін тұсы орналасқан.

Әуежайдың ғимараты жапон сәулетшісі Кишо Курокаваның жобасы бойынша салынған. Автордың жоспары бойынша ғимараттың өзгеше бейнесі батыс пен шығыс мәдениетін бір арнаға тоғыстырып, ортақ үйлесім туғызады. Ал диаметрі 45 метр болатын мөлдір күмбез ұлттық нақышымызды паш етеді.

Астананың әуежайы қазіргі заманғы ең озық автоматтандырылған әуежай құрылғыларымен қамтамасыз етілген. Негізі 1931 жылы қаланған бұл әуежай жуырға дейін шағын ұшақтарға қызмет көрсететін шағын ғана әуе порты болып келді. Ал қазір ол Еуразия континентіндегі ең озық үлгідегі әуежайлардың бірінен саналады. Мұнда ең шағын ұшақтан бастап ең алып әуе кемелеріне де қызмет көрсетіледі. Тәулігіне 40 шақты ұшақ қабылданып, алыс сапарларға аттандырылады.



Елордалық теміржол вокзалы Астананың беткеустар брендтерінің бірі. Астанаға ағылған адамдардың көбісі ең алғашқы қадамдарын осы вокзалдан бастайды. өйткені теміржол қатынасы бүгінде ең кең таралған қатынас құралы болып табылады. Еліміздегі барлық жүкайналымының 70 пайызы, ал жолаушылар айналымының 60 пайызы осы теміржолдың үлесіне тиесілі.

Қазіргі теміржол вокзалы ескі және жаңа ғимарат болып екіге бөлінген. Екеуі де тек өздеріне тән архитектуралық ерекшеліктерімен көзге түседі. Дөңгелене біткен бөліктер мен төрт бұрышты биік бөліктер бір-бірімен жарасымды ансамбль құрады. Оның ең биік бөлігі 7 қабатқа дейін барады. Ғимаратта кассалар, әкімшілік, дүкендер, күту залдары, тіпті, қонақ үйлер мен мейрамханалар орналасқан. Тәуліктік жолаушы қабылдау қабілеті 1800 адамға дейін жетеді.

САПАРЖАЙ

«Сапаржай-Астана» автовокзалы тәулік бойы бір үзіліссіз халықаралық, қалааралық және қала маңына рейстер жөнелтеді. Бүгінде 146 маршрут жолаушыларға қызмет көрсетуде. 60-қа жуық халықаралық және жергілікті компаниялармен келісім-шартқа отырған. Автобустық терминалдың өткізу қабілеті тәулігіне 3000 жолаушыға дейін жетіп жығылады.

Сапаржай ғимаратының жалпы аумағы 600 шаршы метрге жетеді. Онда жолаушыларға қызмет көрсету кассалары, анықтама бюросы, демалыс орындары, күту залдары, дәмхана сияқты жолаушылардың ыңғайына сай қызмет көрсететін орындар бар.



ТЕЛЕКОМ

Бүгінгі күнді телефонсыз және интернетсіз елестету мүмкін емес. Бұл екеуі болмаса, бүкіл әлемнен алшақтап, бөлініп қалғандай күй кешесің. Сондықтан да Астанадағы телеком қызметі тұрғындардың бір-бірімен қарым-қатынаста, байланыста болуын тәулігіне 24 сағат қамтамасыз етуді өз мойнына алған. Қазірдің өзінде қала мен қала маңындағы елді мекендер толығымен сандық телекоммуникацияға көшірілген. Оларға заманауи технологиямен қаруланған соңғы үлгідегі АТС қызмет көрсетеді. Соңғы мәліметтер бойынша Астанада тек телекоммуникация саласында халыққа қызмет көрсететін 50-ден астам мекеме бар.





ЕЛОРДАНЫҢ ДАМУ ФИЛОСОФИЯСЫ

Алдан Смайыл,

жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Елордалар ғұмырнамасының аңсары адамзат тарихының философиясымен үндес. Ал адамзат тарихы әлемге олжа салған талай айбындылар мен қаһарлы да құдіретті империялардың астаналарды атақ-даңқ пен жаһанды жалпағынан басуды көздейтін жойқын идеялардың сесті ошағы етуге ұмтылған небір ғажайып қарекеттерге толы.

Сәулетші Стасикрат Александр Македонскийдің әмірімен Афон тауын заңғар мүсінге айналдырмақ болыпты. Оның қиялындағы мүсін сол қолының алақанына тұтас қаланы сыйғызуға, оң қолының алақанынан тау суы күркірей құлап, етектегі шалқар теңізді шұлатып жатуға тиіс еді. Иерусалимді көркейткендер шаһардың даңқын асырудың қамымен қаланың жанындағы тауда “Жер кіндігі бар”, – деп жар салды. Каирге ғұмыр берген билеушілердің оны қастерлегені соншалық, жер бетінен қалаға лайық ат таба алмай сарсылды. Күнәһар пенделер мекендеген жалғанда кіршіксіз, тәңір дидарлы қасиет қалмаған секілденді, қиялмен шарқ ұрып көкті кезіп кетті, ақыр соңында “Марс” деп әспеттеп тынды. Каир (әл-Каһира) – сол заманғы тілде осы аспан денесінің аты.

Қаланың алғашқы сәулетшілері күн сымбатты фараондар еді. Олар шаһардың тылсымында он сегіз мың ғаламның сыр-құпиясы өрілуін қалады. Осындағы ең зор пирамиданың биіктігін миллиардқа көбейтсең, Жер мен Күннің арақашықтығын білесің. Сол заңғардың параметрі арқылы жаһанда болған барлық соғыстар мен табиғат апаттарының жыл мерзімін анықтайсың. Төс табанының әр қырын екі еселенген биіктік өлшеміне бөлсең, атақты лудольф саны шығады.

Ал мына ғажайыпқа не дейсіз? Ең асқақ пирамиданы салуға жұмсалған тас плиталар Жерорта теңізін айналдыра ені бір метр, биіктігі екі жарым метр бөген тұрғызуға мольнан жетеді. Алты пирамиданың тас кесінділерінен ұзындығы 12 мың шақырым, ені 6 метр жол сала алар едің. Бұл қашықтық Вашингтон мен Мәскеудің арасы.

Аталған ғаламаттар – пирамидалар сәулетшілерінің сүбелісі Джосер Имхотеп фараондар пәрменімен мәңгіліктің мәңгілігі етпек болған алыптардың мындаған таңғажайыптарының кейбірі ғана.

Қалалар даңқы жайлы ежелгі дүние талғамы өзгергенімен, талай да талай аңсатқан еркіндікке кенелген ел жаңа астанасын таңдаған

тұста ұлттық құдірет күші ғасырлар бойғы қысылтаяндардан соң да сарқылмағанын, тыңнан тынысы кең, сәулетті де дәулетті шаһар тұрғыза алатынын әлемге паш етуге құштарланды. Тағдырлы шақта толағай сынды ұланы оны соған қайрап салды.

Сарыарқаның төсіндегі қазақ астанасы философиясының түпкі аңсары да осы еді, жүздеген жылдар қалғыған халық қайнарының жанар тауын қайтадан дүр сілкіндірді. Елорда ұлтты тегінде бар буырқанған қайратымен тастүйін табыстырды, Алаш әлемін айбын кернеді.

Тарих даналығының тәлімі шексіз. Өткенді сұрыптамай, алаламай шежірелеп келіп, жалғанның келмеске кеткен ғасырларынан керегінді ал деп ақыл-пайымыңа жайып тастайды.

Қалалар даңқын әміршілер даңқына балаған талай-талай билеушілер шаһарлар арқылы мәңгіліктен дәметті. Содан шығар, ежелгі Русьтің киелісі – Киев те ардақталу мен асқақтатудан кенде емес еді. “Планеталар үшін Күн қандай айбынды болса, жаһандағы жағалай қалалар үшін Киев сондай құдіретті” деген сенім осы шаһардағы шіркеулерде жиі оқытылатын дұғаға айналған. Спарта әміршілері қаланың беделін қас қақпай қадағалады. Сенат астана тұрғындарының шамадан тыс семіруіне тыйым салды. Ебедейсіздер мен етженділерге жұрт көзінше дүре соғылды. Көрікті де қайраттылар мадақталды. Император Константин кейін Ыстамбұл атанған қаланың шексіз көрікті болуы үшін шыбын жанынан басқаның бәрін сарп етті. Тас қалаушылар мен сәулетшілерді салық атаулының бәрінен босатты. Шіркеулер мен салтанатты ғимараттарды ажарландыруға 60 тонна алтын жұмсалды.

Ғұлама тарих, міне, осылай, ежелгі дүние қалаларына даңғаз даңқ сыйлаған елдердің шаңырақ қалаларды ұлттық рухтың киелі байрағы, халық құдіреттілігі мен жасампаздығының жойқындығы ретінде қарап, айбынын асыруға барын салғанын тамсана баяндайды. Астаналар адам баласының аңсауы мен күш-қуаты тең түскен талай алтын ғасыры болғандығының жарқын айғағы дейді. Елордалар адамзат жадында мәңгі қалған сол жауһар ғасырлардың алмас тұғыры еді дейді. Кіндік шаһарлар мемлекеттер қалыптасуы мен өрлеуінің түп қазық идеяларын шыңдаған алмас тұғырлар екенін тамсана айтады. Ұлыстардың ақыл-ой қуаты мен рухани талғам-танымын астаналар айқындайды деп қайырады.

Қазақ астанасы қайтадан таңдалған шақтың ел мен ел тізгінін ұстаған тұлғаға қандай салмақ салғанын таразыласақ, шаһарлар тарихынан өрілген арман-аңсаулардың Алты Алашқа киелі болған Сарыарқадағы байтақтың ақиқатында шымырлап жатқанын байқай алар едік.

Астана – халық пен халық сенген тұлғаның байламы қылаусыз тоғысқан тұста алынбайтын асу жоқ екендігінің айғағы.

Елорда – ұлыстар мен мемлекеттердің тағдырлы сәттерінде көне халықтың дәуірлерден дәуір оздырып жайнаған даналығы мен кемеңгерлігінің орайлы тұста қайта жаңғыра алатындығының жаһан мойындаған дәлелі.



Астаналар ұлағаты түркі – қазақ ғұмырнамасында да Құс жолындай сайрап жатыр. Бесінші ғасырда Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ астанасы болған Суяб осы дала империяларының айбыны да, айбаты

да еді. 6-7 ғасырда Тараз ат тұяғы жеткен жердің бәріне даңқын асырды. Күлтегін тас ескерткіштерінде Тарбанд, жазба деректерде Испиджаб атымен белгілі Сайрам заманында бірінші қала атанып, айдарынан жел есті. Қыпшақ гаваны атанған Сығанақ көрген көзді сымбатымен сиқырлайтын. 1243 жылы бой көтерген Сарай-Берке бұлардың қай-қайсымен де сәулет жарыстыра алатын. Бәрі де өз дәуірінің таңдауы еді, көшпенділер өркениетінің шырқау шыңындай асқақтайтын. Олар Ұлы Далада толағайланып тұрып, исі түркінің түгелдігін көкседі. Қарлық әулеті Суябтан соң Таласты (көне Тараз) билеген тұста Алтай мен Жетісудың арасында бытыраған өзара дұрдараз ұлыстардың басын қосуға талпынды. Ат үстінде арпалысып жүріп солай жасады да. Ел түбі бірлігіне басып жұмылып жұдырық болғанда, көкжалданып шыға келді.


Мен қарлұқпын, қарлұқпын,

Аспаннан келген жарлықпын! – деп атойлады. Солай бір дәуірлеп, қауымды уақытқа, уақытты қауымға икемдей алғанына айбаттанды.

Содан бері сан ғасыр сарсылды. Содан бергі астаналар аңсары мен қалауын төл жұрт емес, “төре” жұрт таңдады. Ұлт төрден, ұлан өрден дәметпейтін дүрегей дәуір жоталанды.

Сондай да сондай кезеңнен соң кезек алған Астана тәлімі қандай еді?

Бүгінгі қазақ ордасы Алты Алаштың баласына ғасырлар бойы жоғалтқан ұлттық беделін қайтарып берді. Астана бізді осынау ұлы дәуренмен табыстырды. Сақтардан сабақтанған саңлақ ел, Ғұндардан құрақталған құбылалы ел, Көк Түріктен көркем өнген көрікті ел бар ғаламға: “Мен бармын!” – деп жар салды.



Египет мұраларын зерттеушілердің бірі – француз Доминик Денон Менкаура пирамидасынан табылған жазбалардың тілін тауып, мына жолдарды оқиды.

“Пирамидалар тәлімін фараондар белгілейді, пирамидалар египеттіктерді тәрбиелейді”.

Ықылым заманнан жеткен осы пайымнан қазақ Астанасының да мән-мазмұны танылады.

Орда қаланың тағылымын Елбасы анықтады, орда қала елді баталы игіліктерге жұмылдырды.

Астана тұғырлы кезеңде халықты – заманға, заманды халыққа бейімдеді.

Еуразияның кіндігі аласапыранданып жатқан, үміт пен күдік итжығысқан шытырман шақта елім деген тұлға нартәуекелмен осылай дәуір биігінен табылды.



Астана ауысуы арқылы жүзеге асырылатын мұраттар осындай күрделі де шұғыл еді. Сол көп күрделінің бірі қазақ отанының геосаяси қауіпсіздігі болатын. Президент мұны 1998 жылғы наурызда республиканың шығармашылық, ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде жасаған баяндамасында қадап айтты.

“Мыңдаған жылдар бойы ата-бабамыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дархан да-ламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала Алматыда тыныш отыра алмас едік”.

Мен осы қаланың байырғы тұрғыны және сол тұста Целиноград деген атпен белгілі шаһарда өтіп кеткен ғасырдың 90-шы жылдарында болған саяси ағымдардың куәсі ретінде Президент байламының астарында қандай салмақ жатқанын терең пайымдай аламын.

Кеңестер одағы күзгі кәрі теректің қураған жапырағындай ыдыраған тұста қала мен өңір теңіздей толқыды. Қазақ ұлтының тәуелсіздік алуы осыған дейінгі ұзақ ғасырлар ұлттық астамшылықта болған, төл жұртты этностық негізі мен рухын аңсаудан кеткен, аты бар да заты жоқ, тегі бар да тегеуріні жоқ тұғырсыздар деп санаған қауымның шамына тиді. Саны жағынан басымдардың (сол тұста қазақтардың үлес салмағы қалада – 17, облыста – 22 пайыз ғана еді) дүмпуімен құрылған қоғамдық-саяси ұйымдар Ақмола топырағында ұлттық автономияға ие болуды ойлап жанталасты. Целиноград қаласын сол автономияның орталығы етуді көкседі. Осы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін аймақта және қалада референдум ұйымдастырудың қамына кірісті.

“Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен” дегеннің керімен сол дүрмекке Степногор қаласының “бетке ұстарлары” жапыр-жұпыр қосылды. Қалалық совет депутаттары арнайы шақырылған кеңесінде КСРО шеңберіндегі азаматтардың еркін ұлттық дамуы туралы заңына сүйеніп, шаһар аймағында ұлттық-территориялық әкімшілік жүйесін құру жөнінде шешім қабылдады.

Саяси бірлік ретінде танылған сәтінен бастап Қазақстанның Ресеймен конфедерациялық одақта болуын көздеген тағы бір ұйым “Қалалар одағы” дегенді ойлап тапты. Елдің Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Теміртау, Өскемен, Павлодар, Петропавл және Екібастұз секілді ірі өндірістік қалаларын штаб-пәтері Екатеринбургтегі сол одақтың билігіне басы бүтін бермек болды. Ұйым белсенділері шаһарда ығы-жығы өтіп жататын түрлі жиындардың бәріне тіленіп келіп: “Қазақстан мемлекет құрып, жаңа астана салмақ түгілі индустриялық қалаларына ие бола алмайды. Республиканың тауы шағылып, бей-берекеті шығатын күн алыс емес”, – деп жар салып жатты.

Сол бір алмағайып кезеңде: “Ақмоланы тыңгерлер түлетті, оның тағдырын да солар шешеді”, – деген суыт сөздер де жиі естілетін. Ресеймен Қазақстанның арасында жер дауының өршуін аңсап, сынықтан сылтау іздегендер де аз болған жоқ. Ондайлар іште де, сыртта да баршылық еді. Осы ниеттегілер: “Егер көкейдегіміз жүзеге аспаса, біздің сойылымызды соғатын, шекарада сақадай сай тұрған он бір казак армиясы Қазақстанға лап қоюға дайын” деген листовкаларды үсті-үстіне таратты.

Ақмоланың, саяси ағымдардың салқын желі үйіре соққан алаң көңіл қаланың байырғы халқы осы дау-дамайда ұлттық биіктен табылды. Күн өткен сайын өршеленген, қоғамдар алмасуының табиғи заңдылығымен қолдан сусып бара жатқан үстемдікті әрекеттердің қандайынан болса да бас тартпай ұстап қалуға ұмтылған топтың айқай-сүреңі жүректі қасқағым сайын жараласа да сабыр сақтады. Сол ұлы сабырға елдің бағзы

парасат-пайымы, талай да талай тар кезеңді бастан кешірген күрмеуі қиын қаланың астаналық мәртебеге ие болатындығы жайлы сүйінші хабар тұғыр болды. Есіл-Нұра атырабын сол ақпар бір үміт, бір күдікпен тебіренгіп жатқан.

Осынау толғанысқа толы шақтардың дауылынан көктей өтіп, тарихи 1997 жыл да жетті. Ақмола жерінде, ел төрінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті төрткүл дүниеге атажұртының атынан мәлім етті: “Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында, ұлан байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғуда. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады”.

Шаңырақ көтергеніне он жыл толған жаңа астананың ұлттық, мемлекеттік саяси аңсары осынау жүрекжарды лебіздің аясында жаңғырып жатыр.

Халық тың дәуірдің заңғарына талпынды.

Елорда елдік пен ерлікті тұғыр етті.

Астана ұлт тәуелсіздігінің алмас тұғырына айналып, Ұлы Далада Хантәңіріндей асқақтады.



“Астана дегеніміз мемлекеттің орталығы ғана емес, орталық биліктің шоғырлануы да емес. Ол ең алдымен мемлекет дамуының векторларын айқындайтын және қоғамды жаһандық үрдістерге сәйкес құрылымдауға мүмкіндік беретін геосаяси түзілім”.

Елбасы “Еуразия жүрегінде” атты кең тынысты еңбегінде кіндік қаланың мән-мазмұнын осылай түйіндейді. Орда қала аталған мақсат-мұраттарға сай бола отырып, елді өтпелі кезеңнің тар көпірінен тарықтырмай алып шығуға тиіс еді. Астана Арқаға бет түзейді деген сәттен жамырай жөнелген күдіктер мен сан алуан болжам-долбарлардың негізсіз екендігін дәлелдеп, бұл шешімнің Қазақстанды қауырт экономикалық өрлеу жолына бастайтындығын нақтылы нәтижелермен дәйектеуі қажет-ті.

XXI алаөкпе ғасыр қаншалықты ұшқыр болса, кіндік шаһарда айлар мен жылдар желмен жарысатын. Ақыл-ой бауырынан жарады, жаңа елорданың хабары жаһанға тарады, жаһан қазақ даласына таңырқай қарады.

Астананы шартарапқа мәлімдеуге берілген қас-қағым уақыт ағып өте шықты. Күрмеуге келмейтін сол келте уақыт қазақ қоғамын жаңарта да алды, жұмыр жерге жаңғырта да алды.

Тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті: “Бұл – шексіз таусылмас сапардың, Қазақстан Республикасының үздіксіз прогресс пен даму жолының бастауы”, – деп жариялады. Астанада қабылданған Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы экономиканың барлық саласын қала аумағында ғана емес, бүкіл республика бойынша қалыптастыруға жол ашты. Елорданы республика орталығына көшіру туралы шешім барша Қазақстанды қауырт өрлеу жолына түсірді. “Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуіне” айналды.

Астана – мемлекеттің бюджетіне салмақ салмай, қанат жайған әлемдегі елордалардың тұңғышы. Аңыз сынды алыпты ғайыптан жаһандандырған тұлғаның тарихи ерлігі, бас қаласын қайсарлықпен қалыптастырған қазақтың қаһармандығы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жампоз ғасырдағы ұлттық ұмтылысының сындарлы жеңісі.

Шаһар ай санап, жыл санап қуаттанып, толысып келеді. Қаланың құрылысы қауырт басталғаннан бері 2 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция тартылды. Бүгінде шаһарда 432 құрылыс компаниясы жұмыс істеуде. Мұның сыртында 240 шағын кәсіпорын құрылысқа қажетті бұйымдар шығарумен айналысады. Облыстар орталықтарында Астана қарқыны арқылы тоқырау жылдарының қиындығын артқа тастап, қайта жанданған 130-дан астам өндіріс ошақтары өнім көлемін ұлғайтып келеді.

Қазіргі таңда ел ордасында 116333 миллион теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндіріледі. Инвестициялардың жалпы ауқымындағы құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 346737 миллион теңгеге жетті. Тек қана тұрғын үй құрылысына 163963 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалды. Жалпы ауданы 1851 мың шаршы метр 15877 пәтер пайдалануға берілді. Тұрғындар қатары да ұдайы толығып келеді. Астана 600 мыңнан астам адамды бауырына басып отыр.



Астанадағы Бәйтерек ежелгі ирандықтар үшін От храмдары қаншалықты қасиетті болса, қазақ үшін соншалықты ардақты. Ол – біздің тарихымыз, бағзыдан бағы таймай келе жатқан, көкке талпынған, заңғарлыққа күштарландырған дуалы арманымыз, Ұлы Даланың бүгінгі жаһандық ұмтылысы, сенімі мен серпіні. Астананың сәулет арқылы шалқыған ұлттық философиясы.

Елордада Қазақстанның көне дәстүрден тамырланатын символын тұрғызу жөніндегі идеяны Президент 1999 жылы көтерді және оның жобасын да сызып берді. Алыс-жақын елдер архитектураларының көп жобасының ішінен нақ осы нұсқа – “Бәйтерек” идеясы таңдалып алынды.

Бүгінде осынау заңғар аңызды ақиқатпен астастыра асқақтап тұр. Биіктігі 97 метр. Дәл осы жылы Астана жаһанның табалдырығынан атады.

Бәйтеректің архитектуралық шешімі үш буыннан тұрады: бірінші бөлік – жер асты орамы, ол 4-5 метр тереңдікке кеткен. Аңыз тілімен айтсақ, бағзыдағы Көктөбенің астында толқыған мұхитты бейнелейді. Шындығында мұнда балықтар жүзіп жүр, жеті метрлік аквариум су патшалығының моделіндей.

Екінші бөлік арқылы көкке талпынған жұрт қиялдағы алтын жұмыртқаға асығар. Міне, Самұрықтың жарты шар түріндегі ұясы, түрлі реңдегі әйнектер күн көзінде мың құбылады. Көз алдында Ақорда, айдынды Есіл мен сайын дала құлпырады. Өңірі өміріне жарасқан жүзі жарқын елдің келісті келбеті бұлар.


Сол бір ғажайып көріністер қанаттандырған ел Бәйтеректің шырқау шыңына толқыныспен жетеді. “Аялы алақан” композициясының жанында

ұзақ аялдайды. Осында Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің алақаны таңбаланған. Саусағың тисе, қуатты да әсем ән шалқи жөнеледі. Жігерді жанып, Самұрықтай самғаған шағында Шығыс пен Батыс, Оңтүстік пен Солтүстік қосыла думандатқандай болады. Үш бұрышты 1х1х1 көлеміндегі айналы бедер осынау төрт құбыланы түгендеп келіп, қазақ елінің жаһанға ажары ашық екенін әсерлі айғақтайды.

Астана Бәйтеректе тұлғаланған жұртпен бірге Еуразияның төрінен ғаламға жақсылық тілейді. Жанталасқан жаһанды жарасымдылыққа шақырады.

Елорданың адамзатқа айтар аңсары да осы.

Қазақ есімді қазыналы қарттың баласына: “Бәйтерек заңғар барында аласаруға хақың жоқ!” – дер еді.



Астаналардың айбыны күндей күркіреуін ойлаған тарихи тұлғалар мен билеушілердің есімдері тарихқа таңсық емес. Олардың талайы қалалар кескінінде қолтаңбасы қалған сәулетші ретінде де белгілі. Шумер патшасы Шульга, египет фараоны Эхнатон, Рим императоры Адриан, шығыс көкжалы Әмір Темір талғамының жоғарылығымен атақты архитекторлардың өзін сүріндірген. Патшалар аңсауында шек жоқ еді. Әмірші Бидун Жеті қарақшының реңінде жеті қала салмақ болды. Ұлы моғолдардың бірегейі Акбар Үндістанда Аспан қаласын тұрғызсам деп армандады. Алып сарай түрінде тұтас қала сомдауға ұмтылғандар да бар. Император Август кірпіш Римді даңқты империяның атағына сай емес деп

мәрмәрмен көмкерген.

Астаналар мен астаналарға бергісіз жоталы қалалар осылайша тек өздеріне ғана тән дара қасиеттерге ие болып жатты. Хэмингуэй Парижді: “Сенімен мәңгі бірге мейрам!”, – деп қадірледі. Вена сарқылмайтын әуезді музыка атанды. Нью-Йоркті бүгінгі дүние іскерлік қаласы ретінде таниды.

Көріктілігімен, бай тарихымен, басқа да беделімен адамзатқа ортақ болып кеткен қалалар аз ба? Ал бір ұлттың сәулет өнерімен ғана өрілген шаһарлар жоқтың қасы. Мемлекет атаулының бәрі қалалар арқылы ұлттық архитектураны жаһандық озық үлгілермен байытып отырды. Осындай мүмкіндікті қазақ елі жаңа астанасын салу кезінде молынан пайдалана алды.

Елорданың ықтимал жобасын жасауға әлемнің 40 үздік сәулетшісі қатысты. Сол жүзден жүйріктердің ішінен жапондық шебер Кисе Курокава тұлпар шықты. Ол өз жобасын “Әмір қағидаты” деп атады.

Курокаваның шешімі қарапайым әрі өміршең еді. Қала өзін қоршаған ортамен биологиялық үйлесім табуға тиіс. Мұны бәлкім, архитектуралық-экологиялық үндестік дей аламыз. Анығырақ айтсақ, шаһардың құрылысы мен инфрақұрылымы дами келе елеулі экологиялық қиындықтарға кезікпеуі керек.

Атақты сәулетші “Астана” журналына берген сұхбатында осы қағидатты Жапонияның астанасы Токиода жүзеге асыра алмайтындығына қынжылады. Қазіргі заманғы қалаларда әр ғимараттың айтар ойы мен

тәлімі болуы керек екендігіне назар аударады. Олар елдің өткенімен бірге бүгінгі мұрат-мүддесін аңғартып тұрса, ғанибет дейді. Жаһан Астананы, Астана жаһанды жатырқамай, еділ-жайық тілдесе дейді.

Елорда он жылдың ішінде сәтті жүзеге асырылған архитектуралық шешімдер арқылы Батыспен бауырласып, Шығыспен тамырласып үлгерді. Есілдің сол жағалауындағы бітімі бөлек заңғарлар – қазақ елінің Еуропа өркениетін талғаммен тани алатындығының, танып қана қоймай, байырғы түркі мәдениетіне тән сырбаздықпен байыта да алатынының баяны.

Адамзаттың түбі бірлігі ақиқат болса, адам атаулының дәуірлердің сынынан сүрінбей өткен игіліктері баршаға ортақ екені анық қой. Баяғы бағзы ғасырларда Ұлы Далада гүлдеген өркениеттің жаһанға жайылып кеткен ғажайыптарын Астана жаңа заманда, қазақ ұлысының басына бақ қонған шырайлы шағында төрінде түгендесе, бәрекелді десек жарасар.

Елордадағы Пирамиданың төркінін індете іздеген кім бар? Осынау ғаламаттың тамырын ежелгі Египеттен емес, көненің көнесі – Ацтектер әлемінен таратқан археологтар аталған елдің пирамида пішінді құрылыстарды фараондардан бұрын тұрғызғанын дәлелдейді. Адам есімді жаратылыс Еуропада қалғып жатқан кезде Ұлы Даладан Америка құрлығына мұхит кешіп өткен тектестеріміз ғарыш пен жұмыр жердің құпияларын алып пирамидаларда тоғыстырды. Ацтек – Астлан-Өстек аталатын осы қария жұртты ғалымдардың бірі моңғолдардың түп атасы десе, бірі түркі тобына жатқызады. Ұзақ жылдар жүргізілген лингвистикалық зерттеулер ацтектер тілі түркі тіліне мейлінше жақын екенін айғақтап отыр.

Солай болса, осылай екендігіне көзіміз жетсе, пирамида бейнелі құрылыстың Астана топырағында көктеуі көненің жаңғырғаны, өшкеннің жанғаны. Біз елорда Пирамидасын ең алдымен осы ұғымда қабылдап, тек содан соң жаһанға жағалай мәлім Египет алыптарының кейпінде көре алар едік.

Дәстүрлер жалғастығы Астананың бірқатар ғимараттарында бар. Оны, әсіресе, Ақордадан анық танысың.

Осынау айшықты атпен қазақ тарихын бүгінмен ұштастырып тұрған еңселі шаңырақ – елорда сәулетінің шыңы. Ресми тілде Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы делінетін ғимарат, архитекторлардың тілімен айтқанда, жаңа әкімшілік орталығының жинақтаушы тұғыры. Ол осындағы барлық құрылыс ансамблін ортақ идеяға бағындырып, мемлекеттік маңыз береді. Композициялық ауқымдылығы мен сыр-сипатының әмбебаптығы (шығыс пен батыс архитектураларының озық үлгілерін бойына молынан сіңіру) жағынан ел аумағында теңдесі жоқ. Ұлттық мәні мен сән-салтанаты тұрғысынан Бәйтерек заңғарымен әдемі үйлескен. Бірі – халықтың жүзеге асқан аңызындай, бірі – сабырлы салқын ақылындай.

Ақордамен осындай ұлттық мемлекеттік реңде Жоғарғы Сот пен Сыртқы істер, Қорғаныс министрліктерінің ғимараттары да жарасым тапқан. Бұлардың бәрін біріктіретін ортақ қасиет – Ұлы Даланың көнерсе де көмескіленбеген сәулет сарыны. Арқа кешінің жайма шуағында, дүние-ғалам байсал тартқан шағында, осы бір шырайлы шаңырақтардан бағзы әуеннің қоңыр сазы еседі.

Ақорда осындай ұлттық етенелігімен, рухани жылылығымен қымбат. Оның кескін-келбетінде дала даналығы мен ел мәңгілігі сабырмен жазылған. Өткенге қайырылып қарасақ, айшықты құрылыстар арқылы халықтың ішкі бұлқынысын, ерік-жігерін, бүгін мен ертеңін аңғарту қазақ жерінде көнеден бар дәстүр. Белгілі бір наным-сенімдер мен ой-аңсарларды тұспалдап өретін тәңірлік сипаттағы құрылыстар көшпенділер ат басын тіреген жердің бәрінде қалған. Ал Шыңғысханға дейінгі қалалардың төрінде айбынды сарайлар тәкаппарланатын. Байырғы сәулетшілер мағынаны ауқым арқылы емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндей шымырлықпен беруге ұмтылған.

Ақорда сәулетінде осының бәрі ескерілгендей. Ол әрі байырғы, әрі ба-рынша осы заманғы ғимарат. Көрген көзге дара, ең таяу деген құрылыстан 300 метр оқшау тұр. Негізгі кескін ретінде классикалық текшелік форма таңдалған. Маңдай алды колонналар арқылы салтанатты да байсалды. Ата-бабаларымыздан санаға сіңген ғарыш бейнесі – еңселі күмбез көксеңгірленіп, Арқа аспанымен астасқан.

Күмбездің ұшар биігінде жер шары дөңгеленіп, одан әріде дала қыраны қалықтайды. Жұмыр жерді сұр жебе демеп тұр. Жебе – тарихтың ұзына бойында талайды көрген – тозбаған, талай да талай тау суындай тасыған, сабырынан озбаған елдің сұңқар сесі.

Жер-Ана бәрінен жоғары тұрса, адамзаттың алтын бесігін қадірлегеніміз. Көгілдір күмбез көксеңгірленіп көркейсе, жаратқан жар болсын дегеніміз. Сұр жебе сұңқар сестенсе, кеңістік үшін керіскен, телегей үшін тебіскен алмағайыпта айбындана алатынымызды айтқанымыз.

Астана Ақорданы осылай абыздандыра отырып, Алты Алаш пен жаһанға солай дейді. “Астананы армандау бар да, оны іске асыру бар” деген Елбасының орда қаланы жер төрі мен ел көңілінің төріне орнықтыру арқылы қазақ халқының мұңлы ғасырларын жұбатып, дәуренді дәуірлерін жамыратқанын жыр етеді.

“Астана сөзінің өзінде киелі ұғым бар. Ол біздің арман-тілегіміздің нақты жүзеге асуының белгісі. Бұл даланың көгінде талай ондаған жылдар бойы бостандық пен тәуелсіздік идеясы қалықтап жүрген, ол өз жеріне шексіз берілген адамдардан күш-қуат алған”, – деп тамырын тереңнен тартқан жанның тебіренісімен тербеледі.

“Біз астананы мүлде жаңадан салдық. Оны көшіруге байланысты болған қиындықтарды жүрегімізден өткіздік”, – деген толғаныс жүректен жүрекке жеткеніне арайланады.

“Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бір де бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын”, – деген, сол асыл елдің жайсаң ордасын заманның аламан-ныңда оздырған тұлғаның бейнесі Астанамен, осынау киелі байтақпен бірге биіктей беретініне сүйінеді.

Ұлт беделін асқақтатқан жанның ұлтпен бірге жасайтынын мәлімдейді.



БАС ЖОСПАР

Астана қаласын дамыту бас жоспарының I-кезеңіне түзетулер енгізу (2008-2011 жж) жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 73 қаулысымен бекітілген.

Астана қаласын 2030 жылға дейін дамыту бас жоспарын түзетудің мақсаты қала аумағының және оның құрылымдық бөліктерінің функционалды және жоспарлық ұйымдастырудың негізгі жағдайларын анықтау, қаланың тұрақты дамуы және өмір сүрудің қолайлы ортасын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, қазіргі заман талаптарын және жағдайларын ескеріп **бірінші кезектегі және 2030 жылға есептік мерзімге құрылыста** қала қажеттіліктерді қамтамасыз ету.

БАС ЖОСПАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ШЕШІМДЕРІ

Бас жоспарды жобалау қаланың үйлестірілген қажеттіліктерін шешу үшін келесі негізгідей сұрақтарға сүйенеді:

Қала маңы аймағын дамытумен қаланы дамыту ажырамастығы;

Қала тіршілігінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде көлік инфрақұрылымын дамыту;

Қала аумағын игеруде қала құрылысы регламенттерін орнату.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚАЛА МАҢЫ АЙМАҒЫ

30-60 шақырым радиусындағы қала маңы аймағында қала құрылысын арнайы реттеудің аймағы ерекшеленген. Қала құрылысын реттеу және регламенттеудің орнатылған шаралары қалаға іргелес кенттер өсуінің үдерісін тоқтатуға, қала тұрғындарының дем алу орындары үшін елордаға жақын аумақтарда рекреация аймақтарын қалыптастыруға, қаланың орман-саябақ және азық-түлік белдеулерін жасауға мүмкіндік береді.

Қала маңы аумағының жол желісі қаланың көлік-коммуникациялар жүйесімен үйлестірілген. Транзитті көліктің қаланың орталығы арқылы өту мүмкіндігін жою және қалаға келетін автомобильдердің санын азайту мақсатында айналма жолмен бірге магистральді көшелерде ұстап қалатын паркингтер және қоғамдық көлікке отыру аялдамалары қарастырылды. Шығатын жолдардың және қоныстандыру қаңқасының бойында қазіргі заманға сай инфрақұрылымды және жол бойындағы сервисті жасау ұсынылады. Қала шекарасынан 30 км қашықтықта жатқан кенттермен байланысты қала тәртібінде қоғамдық көліктің бағдарлы қозғалысын жасау арқылы қамтамасыз ету жоспарланған. Бұл еңбек маятниктік жосу мәселесін шешуге мүмкіндік береді және осы кенттердің халқына қаланың мәдени-тұрмыстық және әлеуметтік объектілерінде толық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Ерекше қала құрылысы реттеу аймағының шекарасынан қашық жатқан елді-мекендерде қаланың өндірістік-қоймалық аймағынан шығарылатын өндірістерді және кәсіпорындарды, сонымен қатар жаңа индустриалды-инновациялық кластерлерді қалыптастыру жоспарланған.

ҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМДІК-КЕҢІСТІКТІК МОДЕЛІ

Биік қабатты құрылыс, қаланың орталық бөлігінде Сығанақ, Бейсекова, Ақжол көшелері және 14 магистраль шекарасында қалыптастырылады және 8 қаңқа бойынша ландшафтты-рекреациялық аймақтардан жасыл сынарларға қарай қабат саны төмендейді. Қаңқа бойында құрылыс биіктігін төмендету, орталықтан шет аймақтарға қарай қабат санының төмендеуімен сипатталады.

Қаланың орталық бөлігінде бұзылатын өндірістік кәсіпорындардың, коммуналды объектілердің, ескерген аз қабатты тұрғын үйлердің орнына Бас жоспарда қала аумағы шекарасында қала құрылысы-жоспарлық және көлемдік-кеңістік бағдарды нақты қамтамасыз ететін жоғары қабатты (17 қабаттан жоғары) құрылысты салу қарастырылған.

ҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Астана-тәуелсіз Қазақстанның елордасы. Жаңа қала астана ретінде 1997 жылы қалыптасты.

Елорда мәртебесін функциясы бойынша да, маңызы бойынша да қамтамасыз ету үшін жаңа, бірегей, мемлекеттік құрылыстар салу қарастырылуда. Олар:

1. Әкімшілік-қоғамдық ғимараттар:
2. Білім беру объектілері:
3. Спорт-туристік объектілер:
4. Мәдениет объектілері:
5. Рекреациялық объектілер:
6. Көліктік объектілер:

Тұрғын үй құрылысын дамыту үшін бас жоспар аумақтар резервтеп қойды.

Қаланы 4 деңгейде: елордалық (ауылдар арасы), жалпы қалалық, аудандық және жеке (шағын аудандар) кешенді және үйлесімді дамытуға қол жеткізе отырып қызмет көрсету саласын дамыту жоспарланып отыр. Осы кезде қаланың елордалық функциясын дамытуға басымдылық беріледі. Бұл үшін қаланың ескі бөлігіндегі тарихи орамдарды жаңарту және құрылыстың әлеуметтік экономикалық әлеуетін арттыру арқылы, соның ішінде өнеркәсіптік және қоймалық объектілерді шығарып, олардың аумағына бірегей, іскерлік, ақпараттық және сауда-сервистік орталықтар салу арқылы «орталық ядро» аумағын (бірінші орам шеңберіндегі жерлер) қайта жаңғыртуды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Қаланың өсудің негізгі бағыттары бойынша, ірі көліктік магистральдарда бас жоспарда **6 жоспарлық ауданды** ұйымдастыру қарастырылған.

Орталық жоспарлық аудан, үздіксіз қозғалысты жалпы қала маңызындағы магистральді көшелердің ішінде, аумағында қаланың тарихи және жаңа орталықтары бар, Сығанақ даңғылы, Бейсекова даңғылы, 14 автомагистраль және Ақжол көшесі шекарасында орналасқан.

Оңтүстік-Шығыс жоспарлық аудан, темір дол магистралінің оңтүстігіне қарай және Тұран даңғылының шығысына қарай, Сығанақ даңғылы және 14

автомагистраль үздіксіз қозғалысты жалпы қала маңызындағы магистральді көшелерге іршелес орналасқан.

Оңтүстік-Батыс жоспарлық аудан, Есіл өзенінің арнасымен, сонымен қатар Бейсекова, Сығанақ, Тұран даңғылдарымен шектелген.

Солтүстік-Батыс жоспарлық аудан, өзінің шекарасы ретінде Есіл өзенімен, Бейсекова даңғылымен және Өндіріс тас жолымен шектелген.

Солтүстік жоспарлық аудан, Ақжол көшесі, Алаш тас жолы, Өндіріс тас жолы шекарасында орналасқан.

Солтүстік-Шығыс жоспарлық аудан, Алаш тас жолының шығысына қарай және темір жолдың солтүстігіне қарай

30-60 километрлік аймақтан маятникті жосу, қашықтықтан еңбек, сонымен қатар дем алу аймақтарына, саяжайларға қысқа мерзімді сапарлар жүйесі қалыптасқан, **«үш параллель көше»**: **басым бөлігі қоғамдық көлікке арналған бір орталық және екі бүйірлік біржақты қозғалысты** сегіз қаңқалық осьтерді (Қорғалжын, Павлодар, Көкшетау, Қостанай, Қарағанды, Ерейментау, Қосшы, Майбалық) анықтады.

6-жолақты **орталық** жолдың осі бойынша екі жақты қоғамдық қозғалыс үшін екі ерекшеленген жолақ бөлінген, көлік жүртін бөліктің қалған бөлігі автомобильдердің жергілікті өтпесі (қоғамдық көліктің желектері бойында), сонымен қатар тұрақ үшін бөлінген.

Екі **бүйірлік** 3 желекті өтпе бір жақты қозғалысты ұйымдастыру, сәйкесінше қаланың орталығынан және орталыққа арналған желегі бар және осылардың әр қайсысында тұраққа арналған желегі бар.

Көше-жол желісін осылай дамыту кезінде ең басты критерийге жауап бере алады: ол максималды жоғары байланыста, «grid city» манхэттан стандартына сәйкес болуы қажет.

Барлық бағыттарда қаңқалық осьтерді қалыптастыру қолданыстағы көше-жол желісін қолданып және ескеріп жасалған.

Қала және қала маңы бұқаралық көліктің бір түрі – **бағытты автобустармен** қызмет көрсетеді.

Маршрутты желі **«әр түрлі» түсті функционалды түрлерге** боялған (жолаушылар автобус түсімен айырады).

Техникалық жылдамдықты жоғарлату үшін жол қиылыстарындағы **бағдаршамдарға қосымша фазалар** қосылған.

Сонымен қатар, пайдалану жылдамдығын жоғарлатудың басты резервін қолданылады, ерекше конструкциялық аялдама павильондарын (павильон деңгейі автобус салонының деңгейіне шығарылған) және бөлек траптары бар автобустарды қолданумен сәйкес.

Нәтижесінде бұқаралық қоғамдық көлік «сарап бағасы – сапар уақыты» координатында жеке көлік құралдарына бәсекенің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және бұл жүйе үшін мынадай функцияларды жасайды:

- жеке көлігі жоқ қала және қала маңы тұрғындарына қызмет көрсетеді;
- ең жақын автобус терминалынан жаяу қол жетімдігінде орналасқан көп қабатты тұрғын үйлерде тұратын тұрғындарға жеке көлікке жақсы балама бола алады;
- көлік магистральдардан алыс тұрғын аймақтардың ішінде орналасқан коттедж және таунхаус тұрғындары үшін аралас жүйені қолдануды тиімді етеді.

Осылайша **тұрғын үйлердің және еңбек істеу орындарының шоғырлануы** қаланың қаңқалық осьтерінің бойымен созылады.

Көп қабатты құрылысты салу қоғамдық көлік желісінің жаяу жүргіншілердің қол жетімді аймағында ғана мүмкін.

Қала аумағында бағытты қоғамдық автобустан жеңіл рельсті көлікке ауысып отыруға арналған бес терминал жасалады, оның кешеніне бір шатырдың астында көп деңгейлі паркинг және велосипед пункті орналасады.

Параллель бір бағытты көшелер көліктік ауысып отыру түйініне жалғасады және көлік айырылымдары арқылы үздіксіз қозғалысты магистральдармен байланыстырылады.

Үздіксіз қозғалысты кіші айналма магистраль (Ш. Бейсекова көшесі, Ақжол көшес, Сығанақ көшесі, № 14 көше) қаланың орталық бөлігін сақинаға алып, жалпы қала және аудан маңызындағы магистральдарға жалғасып, айырылымдар мен эстакадалар арқылы алты жоспарлық ауданды байланыстырады.

Жеңіл рельсті көліктің - ЖРК - осы терминалдар арқылы өтетін жолдары, елорда тұрғындары мен қонақтары көпшілік баратын басқа объектілерін біріктіреді.

EGIS VCEOM INTERNATIONAL сарапшылар тобының жүргізген болжамы бойынша 2014 жылы күнделікті жолаушылар айналымы 265 000 жолаушыны құрайды. 2040 жылы тәулігіне 434 000 жолаушыны құрайтын болады. Темір жол мен әуежайды қосатын ЖРК-ның бірінші желісі 14 станциядан тұратын қашықтығы 23,9 км құрайды. Құрамдардың аралығы 6,5 минутты құрайды, барлығы 23 құрам қажет.

Бас жоспарды түзетуде меридиалды және ендік бағытта, сонымен қатар «жасыл коридорлар» бойында орналасатын, тұрғын аудандарды, спорт және жалпы білім беретін аймақтарды, парткерді, скверлерді және демалу орындарын байланыстыратын **велобандарды салу және ұйымдастыру** ерекше орынды алады. Веложолдардың бірнеше пішімдері және көше-жол желісінің элементтерімен және құрылымдарымен қиылысу түрлері жасалды. Қыс уақытында велобан жолдары **шаңғы трассалары** болады.

Қалалық қоғамдық көлікке жаяу жүргіншілердің қол жетімді аудандар шегінде көп қабатты құрылыстар, шет жағында тұрғын үй-жайлар және құрылысқа арналған резервті аумақтар орналасады. Қалған аумақтар бас жоспарда **жасыл құрылысқа** арналған. Түрлі бағытта облыс аумағынан қала аумағында парк алабтарын, скверлерді және желекжолдарды қалыптастыратын Щучинск, Боровской, Қорғалжын, Ерейментау, Баянауыл, Қарқаралы табиғи парткердің жасыл сыналары кріеді. Олар қала маңы аумағынан өтіп қаланың орталығына дейін созылады.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

2010 жылдың 1 қаңтарына қаланың тұрғын үй қорының жалпы ауданы 11 434,0 мың шаршы метрді құраған. Бір адамға тұрғын үймен қамтамасыз етілуінің жалпы ауданы – 16,7 шаршы метр.

2030 жылға жаңа тұрғын үй қоры бір адамға тұрғын үймен қамтамасыз етілудің жалпы ауданы 31,0 шаршы метрды, ал тұрғын үй қоры 37 200,0 мың шаршы метрді құрауы тиіс.

2010-2030 жылдары мерзімінде жаңа тұрғын үй құрылысының болжамды көлемі 28 891,6 мың шаршы метрді құрайды.

2010-2030 жылдары кезеңінде Бас жоспарда тозған тұрғын үйлер азаяды, сонымен бірге жоспарлық пайым бойынша 3 125,6 мың шаршы метр бұзылады.

2030 жылға дейін жаңа коттедж (үй-жай) құрылысына 4 730 га (33,1 мың учаске) көлемінде, ал көп пәтерлі құрылысқа 3 720 га жуық аумақты пайдалану қарастырылуда.



БІЛІМ БЕРУ

Қазіргі кезде қалада 66 тұрақты мектепке дейінгі мекеме (соның ішінде республикалық бағынышта - 1) бар, олардың жалпы сыйымдылығы 10 550 орын. Фактілі бұл мектепке дейінгі мекемелерге 14327 бала барады. Жобада балардың мектепке дейінгі мекемелермен қамту 2015 жылы - 69%, ал 2020 жылға қарай – 100% құрайды деп көзделген.

Есептік мерзімнің соңына қарай мектепке дейінгі тәрбиелеу объектілердің жалпы сыйымдылығы 69540 орынды құрайды.

Қалада бірінші кезеңде жалпы сыйымдылығы 22800 орынды құрайтын мектепке дейінгі мекемелерді салу қажет, 2020 жылдың соңына қарай – 23000 орын, ал есептік мерзімнің соңына жобада тағы да 13190 орынды құрайтын мектепке дейінгі мекемелерді салу көзделген.

Қазіргі кезде 84 мектептің 54-де екі және үш ауысымды оқу бағдарламасы жүргізіліп жатыр.

Жобада бір ауысымда толық емес орта біліммен толық қамту және орта білім берудің 75% қамту көзделген. Осыдан есептік мерзімнің соңына қарай жалпы білім беретін мектептердің сыйымдылығы 146,4 мың орынға жетуі тиіс.

Бас жоспардың есептік мерзімінде 2010-2030 жылдары 87,9 мың оқушыны сыйдыратын мектептер салынуы тиіс, оның ішінде 2015 жылдың соңына – 45,2 мың оқушыға, 2020 жылға – 17,5 мың, 2030 жылдың соңына – 25,2 мың оқушыға.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІ

Барлық есептік мерзім ішінде қала бойынша стационарлы мекемелердің сыйымдылығы 9260 кереуетке көбейеді, және қамту деңгейі 100% құрайтын болады. Құрылыстың бірінші кезеңінде 3680 кереуетке стационарлар салынуы тиіс, ал қамту деңгейі нормативті қажеттіліктің 88% құрайды.

Дәрігерлік қабылдауды жүргізетін медициналық мекемелердің желісі 2030 жылдың соңына қарай ауысымда 19800 келушіге көмек көрсету деңгейіне дейін жетеді, соның ішінде бірінші кезеңде - ауысымда 5170 келуші. 2015 жылы қамту деңгейі қазіргі 43%-тен 62%-ке дейін өседі, ал есептік мерзімнің соңына қарай 100%-ке жетеді.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР МЕКЕМЕЛЕРІ

Бас жоспарда мәдениет және өнер мекемелерінің сыйымдылығы, жобалық қажеттілікке дейін қол жеткізіледі деп жоспарлануда. Бас жоспардың есептік мерзімінде қалада сыйымдылығы 4900 орындық үш театр (классикалық опера театры, қазақ және орыс драма театрлары), Қазақстан тарихы мұражайы, аквапарк, аспан астында ашық мұражай салу жоспарланған.

Сонымен бірге, қалада ерекше объектілерді салу жоспарлануда: Оқушылардың шығармашылық сарайы, Сулы-жасыл желекжол, зоопарк, «Ритц-Карлтон» отелі, «Медиаорталық», «Экспо 2017» халықаралық арнайы көрме кешені, «Абу-Даби плаза» кешені, ірі туристтік орталық, «Фристайл» қысқы спорт түрлерінің жабық кешені, Ғарыш орталығы және басқалары.

2010-2030 жылдарға қызмет көрсету мекемелері және кәсіпорындарының жаңа құрылыстағы жалпы көлемінің жалпы ауданы 14700 мың шаршы метрді құрайды. Есептік мерзімнің соңына қарай бір адамға қамтамасыз етілу көрсеткіші қазіргі кездегі 10,3 шаршы метрден 18,2 шаршы метрге дейін өсетін болады.

ҚАЛА АУМАҒЫН АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ

Қаланың ландшафттық-рекреациялық аумағына қалалық ормандар, орманды бақтар және орманды қорғаныс аумақтары, су айдыны, ауыл шаруашылығында қолданылатын жерлер мен пайдаланылатын жерлер, олар парктегі бақтар, бақшалар мен бульвар, қоныстану аумақтарына орналасатын саябақтармен, ашық кеңістіктердің жүйелерін қалыптастырады.

Астана қаласының аумағының ландшафттық-рекреациялық мекемелері жағымды табиғи және елорданың тұрғындарына арналған экологиялық жағдайларды қамтамасыз ететін қала ортасының барлық бөлігін көгалдандыруды балансты дамыту болып табылады.

Елорданы көгалдандырудың тұжырымдамасының бірнеше негізгі бағыттары болады:

1. қаланың табиғи-ландшафттық кешенінің құрамындағы көрініс-рекреация аумақтарының екі түрін белгілеу: көгалдандырылған - рекреация қызметтерінің артықшылық басылымдылығымен, табиғи - экологиялық қызметтерінің артықшылық басылымдылығымен.

2. Табиғи және көгалдандырылған ландшафттар, қалалық ормандар мен орман парктері («Астана орманы» аумағын қоса), бақтары, бульварлар, саябақтары және қала құрылысын көгалдандырудың басқа ұсақ элементтерінің негізінде ландшафтты – рекреациялық жүйесінің бүтіндік жүйесін жасау.

3. Қаланың жоспарлаудағы бөлігіндегі оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс аумақтарында ландшафтты-рекреациялық көгалдандыруды дамыту.

4. Ландшафтты-рекреациялық аумақ құрамында экологиялық тұрақтылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ірі жасыл сілем бөлігін көбейту.

5. Тұрғын үй-азаматтық және ландшафтты-рекреациялық объектілердің құрылысымен бірге қаланың жаңа аймақтарын кешенді игеру.

6. Барлық бағыттар бойынша әдемі қалалық парктік кешендердің құрамалауы бар ағаш мәдениеттерін отырғызудың әдісінің дүниенің бір бөліктерін жасыл сыналарлардың ландшафтты-рекреациялық әлеуетін кезеңді ұзарту.

7. Белгіленген Бас жоспардағы функционалды аймақтандыру мен қала құрылыс регламентіне сәйкес ландшафтты-рекреациялық аймақты дамыту басқармалар процесін ұйымдастыру.

Жалпылай келгенде, кез келген қаланы көгалдандыру жүйесі 3 отырғызылым тобын қамтиды, олар жалпы қолданыс, шектеулі қолданыс және арнайы бағытта.

Жалпы пайдалануға арналған отырғызылым

Жалпы пайдалануға арналған отырғызылым жүйесіне парктер, бақтар, саябақтар, бульварлар, әкімшілік және қоғамдық мекемелер жанындағы көше отырғызылымдары кіреді. Аталып кеткен отырғызылым санаттарының әр біреуі белгілі қызметтік және қала құрылыстық белгілермен сипатталады.

Пайдалануға шектелген отырғызылымдар

Мектептер, колледждер және жоғары оқу орындары жанындағы отырғызылымдар, балалар бақшалар және бөбекханалар отырғызылымы, тұрғын үй шағын аудандары мен көп пәтерлі үйлермен құрылған кварталдардың отырғызылымы, ауруханалар және басқа сауықтыру-профилактикалық мекемелері жанындағы отырғызылымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар жанындағы отырғызылымдар.

Арнайы отырғызылымдар

Көлдің жиегі, тоғандары, су қоймалары және өзендері бойынша қолайсыз табиғат құбылыстары, су қорғаныс аймағы, автомобильдік және темір жолдарын қорғаныштық-жер өңдеу және жер өңдеу тағайындаулары, отырғызылымдардың ластануы, өртке қарсы отырғызылымдар, отырғызылымдары су қоймаларының сулар және қорғаулары булануды азайту үшін басқада құрылған отырғызылымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындардың жанындағы қорғалатын аумақтар.

Астананың қаласын көгалдандыру объектілері бойынша 2010 жылғы 1 қаңтардағы ақпарат 1. 01. 2010 көрсетілген.

Кез келген қаланы көгалдандыру кезінде қаланың көлемі мен климаттық шарттарына байланысты дифференцияланатын көгалдандыру нормалары қолданылады.

Тұрғын үй және қоғамдық аумақтарда орналасатын (бақтар, баулар, саябақтар, саябақтар тағы сол сияқтылар) жалпы пайдаланылатын көгалдандырылған аймақтың көлемі төмендегі есептен алынуы тиіс. (ҚР ҚНЖЕ 3.01-01 Ас- 2007):

- жалпы қалалық парктер - 10 ш.м/адамға;
- тұрғын аудандардың парктері - 6 ш.м/адамға ;
- бульварлар, саябақтар, плазалар, жабылған қысқы саябақтар- 2,5 ш.м/адам;
- бала парктері 2,5 ш.м/адам есебін қабылдау рұқсат етіледі.


Осылай жалпы қалалық отырғызылымдар саны 18,5 ш.м/адам құрайтын болады.

Бас жоспарда белгіленген көптеген жобалар қазірдің өзінде іске асырылуда. Бүгінде Астанада атқарылып жатқан жұмыс қарқыны елорданың жоспарға сай өсіп-өркендеп келе жатқандығының айғағы деп айтуға әбден болады.


Елорданың ертегідей ертеңі








«Хазірет Сұлтан» мешітінің жобасы



Астанадағы жаңа темір жол вокзалы осындай болады



Ұлттық кітапхананың жобасы



Болашақ опера театры

Келешегі кемел саябақ







ӘЛЕМНІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ КЕРЕМЕТІ

Алдан Смайыл

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

XX ғасырдың аяғында қоғамдар ауысқан тұстағы өткір әлеуметтік және шаруашылық қиындықтар кезеңінде Республика Президенті батыл шешім қабылдады. Елбасы тәуекел еткен бұл қадамның саяси-экономикалық маңызы терең еді. Астананы қиырдағы Алматыдан жер кіндігіндегі Ақмолаға көшіру арқылы қазақ тәуелсіздігінің жаңа мүмкіндіктері ашылатын. Мұны сол шақта біреу түсінсе, біреу пайымдай қойған жоқ. Президент тәуекелінің астындағы көрегендікті жылжып өткен жылдар айқындап жатты. Астана бас-аяғы он-он үш жылдың ішінде ел экономикасының қозғаушы күшіне, рухани қуатқа, халық мақтанышына айналды. Елорда арқылы өңірлер бой түзеді, республика көлемінде бұрын-сонды болмаған құрылыс тоқырай бастаған өндірісті қайта жандандырды, жаңа кәсіпорындар бой көтеріп, ел экономикасына миллиардтаған доллар инвестиция құйылды, мыңдаған жұмыс орны ашылды. Республика тоқырау кезеңін артқа тастады. Ежелгі Есілдің жағасында көрікті шаһар қанат жайды, қазақ елі үшінші мыңжылдыққа сай кесек қимылдай алатын, әлемдік өркениетке үлес қоса алатын ел екенін паш етті.

Әрине, саяси-экономикалық маңызы ерекше жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Астаналық талап тым қатаң еді, Президент құрылыстың бұрынғы, әбден сартап болған әдістерінен бас тартуды, осы заманғы технологияны игеруді, архитектуралық үздік шешімдерді талап етті. Қала ХХІ ғасырдың деңгейінде салынуы керек-ті. Онда бой көтеретін әр ғимарат біздерден кейінгі сан ұрпақтың талғамынан шығуға тиіс болатын. Бір сөзбен айтқанда, Астана әлемдік сынға жауап бере алатын, барлық жағынан мінсіз шаһарға айналуы керек еді.

Мұндай күрделі міндет дүниежүзілік архитектуралық және құрылыс мәдениетін меңгергенде ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да Астананың Бас жоспарын айқындауға әлемге танымал дарынды сәулетшілер жұмылдырылды, Еуропаның үздік құрылыс компаниялары тартылды. Олардың тың идеялары мен өндірістік мүмкіндіктері мемлекеттік байқаулар арқылы сыннан өткізіліп, зор жауапкершілікпен сұрыпталды.

Мәселеге алғашқы сәттен нақ осылай. Әлемдік деңгейде қадау Қазақстан астанасын ірі сәулет лабо

ғажап идеялар қазақ топырағында туып, әлемдік архитектура өнерін жаңалықтармен байытып жатты, түрлі елдерде игерілген сәулет стильдері қорытылып зерттелді.

Қаланың архитектуралық келбетін айқындап, сапалық көрсеткіштерін белгілейтін негізгі шығармашылық еңбек – Астананың Бас жоспары. Соған орай оны әзірлеуге айрықша көңіл бөлінді. Жоспардың эскиз-идеясы қызу талқыланған екі байқаудан соң бекітілді. Алғашқы байқауда Қазақстан сәулетшілернің ой-ұсыныстары қаралып, бірқатар ұтымды идеялар іріктеліп алынды, солардың ішінде **КСРО халық архитекторы Қалдыбай Монтақаев** басқарған шығармашылық топтың жоспары қай жағынан да салмақты еді. Алайды бұл жоспардың қала құрылысының осы заманғы жетістіктеріне қаншалықты сай келетінін анықтай түсу қажет болды. Осы мақсатпен әлемдік архитектура шеберлерінің халықаралық байқауы өткізілді. Оған Еуропа, Азия, Америка, Австралия құрлықтарындағы дамыған елдермен бірге Қазақстанның және ТМД мемлекеттерінің сәулетшілері қатысты. Беделді халықаралық қазылар алқасы көрнекті архитектор, әлем таныған дарын **Кишо Курокава** жетекшілік еткен топтың жобалық ұсынысын үздік деп таныды.

Кишо Курокава Астана Астана архитектурасының бүгінгі мен болашағын Симбиоз, Метаболизм және Абстракті символизм идеялары негізінде айқындап берді. Бұл жаңа философиялық доктринаның мәні – қала мен қоршаған экожүйенің өзара үйлесімділігінде. Кишо Курокава қаланы табиғатпен барлық жағынан сіңісетін, оған ешқандай залал келтірмейтін, архитектуралық қабілеті дара әрі белгілі бір маңызға ие, қазіргі заманғы тұрмысқа барлық жағынан сай келетін урбаникалық тірі организм ретінде қарастырылған. Аталған принципті сарапшылар бүгінгі қала құрылысындағы жаңа қадам деп бағалады. Шындығында да, симбиоз принципі Астана мен оның жалғыз су көзі – Есіл өзені үшін, қуаң даланың әлсіз экожүйесі үшін ең ұтымды таңдау еді. Тек осындай жолмен, қала және табиғат үйлесімділігін сақтау жолымен экологиялық талаптар әлемдік мәселеге айналған ХХІ ғасырға лайықты шаһар тұрғызуға болатын еді.

Ұтымды идея анықталған соң Кишо Курокаваға Астана Бас жоспарының жобасын әзірлеу тапсырылды. Қазақстан жағынан жапон сәулетшісіне «Ақ орда» жобалау фирмасы көмек көрсетеді деп шешілді. Фирмаға **Республиканың еңбек сіңірген архитекторы С. Рүстембеков** жетекшілік етті.

Әрине, Астана сәулетіне қатысты шаралар мұнымен шектелмейтін еді, жоспар қаланың территориялық-жобалық даму жүйесінің тұжырымдарын ғана анықтайды. Сол тұжырымдарды нақты жүзеге асыру үшін әр орам мен ықшам аудандардың жобалары жасалуы керек. Басталып кеткен жұмыстың бас айналдырар қарқыны қала құрылысын бір орталықтан реттеуді қамтамасыз ететін орасан зор шығармашылық қызметті, архитектор мен инженер-техник мамандардың біліктілігі мен оралымдылығын талап етті. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсыруымен аталған міндеттерді ше-

шумен және қала құрылысына араласқан түрлі бағыттағы фирмалардың жұмысын үйлестірумен шұғылданатын «Астанабасжоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылып, 2000 жылғы қазан айында іске кірісті. Кәсіпорынның шығармашылық қызметіне тиісті жағдай жасалды, кең макет, көрме және жобалау залдары бар бес қабатты тамаша ғимарат салынды. Жобалау институты аталған бұл шаңырақ осы заманғы техникалық құралдармен толық жабдықталды. Мұның бәрі жапон архитекторының идеяларын жүзеге асыруға тиісті сәулетшілер мен қаладағы ұйымдастыру-басшылық қызметтерінің жемісті еңбек етуіне тиісті ықпал жасады.

Жұмыс қарқыны ерекше еді, аз ғана уақыттың ішінде қаланың қаржы жағдайына сәйкестендірілген құрылыс стратегиясы мен бағдарламасы дайын болды.

Сол кезде тындырылыған ұйымдастыру жұмыстарын қорыта келе үш бағдарламалық кезеңді атап көрсете алар едік.

Бірінші кезең 1998-2001 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңнің алға қойған басты мақсаты икөріксіз облыс орталығын әсем астанаға айналдыру болатын. Соған сәйкес ең алдымен бұрыннан бар әкімшілік үйлерін министрліктер мен түрлі мекемелердің сәулетті кеңселеріне айналдыру қолға алынды, ескі қаладағы бос алаңдарға көп қабатты тұрғын жайлар салынып, оларға қызмет бабымен жаңа астанаға ағылған ел қоныстанды. Қала көшелерін көркейту, мәдени-көпшілік орындарын көбейту шаралары атқарылды.

Аталған кезеңнің сапалық көрсеткіші қандай болғандығын Астанаға ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» атағы беріліп, Мәскеуде өткен «Сәулет-2001» халықаралық фестивалінде «Астанабасжоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ұсынған жобаның Халықаралық архитекторлар академиясының үлкен алтын дипломымен марапатталғандығынан көре аламыз.

Екінші кезең – 2001-2005 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде Есілдің сол жағалауында орын тебуге тиісті Жаңа қаланың орталық ошағын қалыптастырып, Республика Үкіметі 2001 жылғы тамыз айында бекіткен, Кишо Куракаваның шығармашылық тобы әзірлеген ескі қаланы қайта салу жоспарын орындау керек еді. Аса ауқымды бұл шаралар зор көлемдегі қаржыны қажет етті. 2002 жылғы қаңтар айында Елбасы заң күші бар – «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағы ережесін енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Астана құрылысының бұрынғыдан да қарқынды дамуына ерекше ықпал еткен бұл құжат қолайлы инвестициялық ахуал орнықтырып, шетелдер мен отандық компаниялардың қаржысын көптеп таратуға бағытталған болатын.

Осыдан соң, Астана құрылысын қаржыландыруға ынта білдіргендердің қатары көбейді, олар алыстан да, жақыннан да табылды. **Біз қазыргі күнде мынаны айқын айта аламыз – қалада бой көтерген құрылыстардың бәрі, әлеуметтік және жалпы қалалық бағыттағыларын қоспағанда, жеке капиталдың есебінен іске қосылды. Соған орай қала бюджетінің басым бөлігі мектептер мен балалар бақшаларын, әлеуметтік**

құрылыстар мен жолдар тараптарын, магистральді инженерлік жүйелерді салуға жұмсалды.

Қала құрылысына отандық инвесторлардың қосқан үлесі қомақты. «**VI GROUP**», «**ҚУАТ**», «**Базис-А**» компаниялары алғашқы күннен қазірге дейін кең құлашты жұмыс атқарып келеді. Шетелдік фирмаларға тоқталсақ, «**HIGH WILL**» корей, «**Джейлан**», «**Сембол**», «**Окан**», «**Аксель**» **түрік фирмаларының** Астана сәулетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Олар қыруар қаржы жұмсай отырып, осы заманғы көрікті де ыңғайлы тұрғын үйлерді, архитектуралық жағынан мінсіз көптеген ресми ғимараттар мен мәдени-көпшілік орындарын жоғары талапқа сай салып шықты, қала сәулетіне өздерінің қайталанбас қолтаңбаларын қалдырды.

Егер қала ең озық деген архитектуралық идеяларды жүзеге асыру кезінде жаңа дәуірдің талаптарына сай әсем ғимараттарды тұрғыза алса, ХХІ ғасырдың талаптарына жауап бере алады. Ал әлемдік архитектураның озық үлгілеріне барлық сапалық көрсеткіштермен сәйкес келетін құрылыстарды жобалау аса дарынды сәулет шеберлерінің ғана қолынан келеді. Осыған орай, Астана сәулетіне алыс және таяу шетелдердің ең таңдаулы архитекторлары тартылды.

Нарық өмірдің барлық саласына дендеп енген кезеңде шетелдермен, әсіресе дамыған елдермен байланыстың қандай түрін болса да орнату оңай емес. Капиталистік көзқарас бойынша, біздер ойлайтындай, ақша емес, бір кезеңдік пайда емес, идеялар жақындығы мен түпкі нәтиже қымбат.

Өркениетті елдер сәулетшілері Астанамен жан-жақты танысқан соң, қала құрылысының болашағы зор екенін, қазақ ордасына үздік шығармашылық табыстарын әкелу арқылы өздерінің әлемдік беделге ие болатынын білді. Мұны ең алдымен Халықаралық архитекторлар одағының президенті (бүгінде экс-президент) **Василис Сгутас пен Халықаралық архитекторлар академиясының президенті Георгий Стоилов** түсінді. Солардың тікелей көмегімен Астанадағы бірқатар ғимараттар көрнекті сәулетшілердің жобалараы бойынша салынды. Мәселен есімі дүниежүзіне мәшһүр архитектор Норман Фостер елордада бой көтерген Бейбітшілік пен келісім сарайының жоба авторы. Сауда және ойын-сауық орталығы да осы сәулетшінің идеясы.

Италияның белгілі архитекторы **Манфреди Николеттидің** жобасымен 3500 орындық киноконцерт залы салынды. Аталған құрылыстар жоба кезінің өзінде әлем архитекторларының қызығушылығын туғызған еді.

Астана жаңа қала ретінде біршама қалыптасып үлгерді. Енді қала дамуының үшінші кезеңі тұрғындар қатарының қауырт өсуі және елдің өскелеэкономикасымен бірге нығайған Астананың қаржы мүмкіндіктері негізге алынды. Қазақстанның әл-қуаты күтпеген қарқынмен дамиды деп шетел сарапшылары да, бізбен жұмыс істеген көрнекті архитекторлар ойлаған жоқ. Кишо Курокава да Астананың бас жоспарын жасаған кезде құлашын кеңге сілтей алмады. Аталған жоспарда қарастырылған қала құрылысының ауқымы 2010 жылы игеріледі деп есептелсе, ол

көлемге 2002 жылдың өзінде қол жеткізілді. Сондықтан Бас жоспарға жаңа мүмкіндіктерге сәйкес өзгерістер енгізуге тура келді. Қазақстан Менеджмент, экономика және болжау институтының зерттеу тобы қала тұрғындарының 2030 жылға дейінгі өсу көрсеткішін мұғдарлады. Институт көрсеткіштеріне сүйенсек 2030 жылы Астана тұрғындарының саны 1 миллион 200 мың адамға жетеді.

Осы мәліметтерді зерделей келе 2005 жылғы қазан айында қаланы одан әрі дамытудың эскиз идеясына байқау жарияланды. Төрелер алқасы архитектор **Н. Тоқаев** жетекшілік еткен шығармашылық топтың тұжырымдамасын үздік деп тапты. Осы топ жаңа идеялармен байытқан Бас жоспарда қала құрылысының К. Курокава жасаған философиялық-теориялық негіздері тереңдетілді. Табиғат симбиозы мәселелері барынша нақты қарастырылды, көлік тасқынын жолайырықтары арқылы жеңілдетіп, қала іші мен төңірегіндегі жерлерді ұтымды пайдаланудың жолдары көрсетілді. Атап айтарлығы сол, жолайырықтары арқылы тұрғын жай аудандарын жоғары технологиялы инновациялық өндіріс төңіректерінен қашықтатудың мүмкіндіктері айқындалып берілді. Ал алғашқы Бас жоспарда қала құрылысын ғылымға негізделген өндіріс пен зерттеу кластерленіп, технобақтарды құру арқылы дамытуға көңіл бөлінбеген болатын. Тың ойлармен толықтырған жоспарда өндірістік және ғылыми ошақтарға арналған жерлер нақты белгіленген.


Астана идеялары, сәулет тұжырымдамалары, міне осындай. Қала қазірдің өзінде ХХІ ғасыр архитектурасының алып алаңына айналған. Сондықтан да, қария Сарыарқаның төсінде көкке талпынған шаһар жайлы білгісі келетіндер алыста да, шалғайда да жетерлік. Олар үшін Елорда туралы жасалған телефильмдер де, жазылған зерттеу мақалалары да, айтылып жатқан әңгімелер де қымбат. Біз Астананың сәулетін таратып айтатын зерттеу еңбегіне зәру болып келдік. Сол тұрғыдан алғанда, “Астана жазушылары кітапханасының” шығармашылық тобы әзірленген туындының маңызы ерекше. Кітап көпшілік қауымға арналған, қала архитектурасы жөнінде қарапайым тілмен баяндауды мақсат еткен. Десек те, шығармада шаһарда бой көтерген әр ғимарат жайында кәсіби маманның көзімен сөз қозғалады, Астана сәулеті еуропалық үлгілермен сәтті салыстырылады, баға беріледі.

Иә, Астана туралы айту парыз, әңгіме етуге, мақтанышпен мәлімдеуге болатын жетістіктер аз емес. Қала сәулеті әлемдік архитектураның тарихына енетіні даусыз. Осы жерде ХХІ ғасыр сәулет өнерінің ең үздік жетістіктері сыннан өтті, тың идеялар дүниеге келді. Қазіргі заман сұңғылаларымен бірге қазақ архитекторлары да уақыт биігінен танылды. Олардың еңбегі жайлы кеңінен айтылып, ілтипатпен жазылуы керек.


Қала салыну, даму үстінде, жылжып өткен әр жыл жаңа табыстармен қуантады. Ендеше, Елорда жайлы бағаға сірә да нүкте қойылмады...

Астана - жастар қаласы

Жылжы, қайық, осы көлде,
Жыр толтыршы жаныма.
Махаббаттың бесігінде
Тербелейік тағы да.









ЕЛОРДА – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ӨЛШЕМІ



ЕЛОРДА – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ӨЛШЕМІ

Елорданы Сарыарқа төсіндегі Ақмолаға көшірген соң, оны дамыту мәселесі басты назарға алынды. Бүгінде Астананың даму көрсеткіштері – осы қалаға ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріне тартылған миллиардтаған инвестиция, жалпы мемлекет бойынша ашылған көптеген кәсіпорындар мен өндіріс ошақтары, жүз мыңдаған жұмыс орындары... тағы сол сияқты еселі элементтер болып табылады.

Болашаққа бағдар беретін басқа да жоспарлардың ауқымына зер салсақ, 2008-2010 жылдары Астананы кеңейтуге 1,5 триллион теңгеден астам қаржы жұмсалғандығын айта кеткен орынды. Бұл Елорданы дамытуға бөлінген алғашқы 10 жылдық қаржы көлемімен пара-пар екен. Мұның өзі қаламыздағы зәулім ғимараттар мен коммуникацияларды одан әрі дамытып қана қоймай, индустриалдық-инновациялық жобаларды жандандыруға, орта және шағын бизнесті өркендетуге таптырмас тетік. Енді, еңселі елорданы дамыту жолындағы атқарылып жатқан жұмыстарға зер салайық.

ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ, СӘУЛЕТІ ТАРТЫМДЫ

«Астана қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің құрылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. 2000 жылы құрылып, Астана

қаласы әкімінің №3-105 қаулысына сәйкес 2005 жылы ақпанның 18-інде елорданың күрделі құрылыс басқармасы ретінде өз жұмысын бастады. Бұл мекемеге халыққа қызмет көрсету мақсатындағы қаланың коммуналдық жекеменшік нысандарының құрылыс саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру тетіктері жатады. Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауларын басшылыққа алып, Үкімет шешіміне және Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаты шығарған қаулыға сүйенеді. Ал қала құрылысы объектілеріне «Мемлекеттік сатып алу туралы», «ҚР Сәулет және қала құрылысының қызметтері туралы» Заңдарымен басшылық етеді. Мұнда құрылыс пен жобаландыру ішкі істер органдары, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, абаттандыру, мәдениет, дене тәрбиесі және спорт нысандарын дамыту, техника-экономикалық негіздемесінің әзірлемесі дегендей 9 бюджеттік бағдарлама бойынша жүргізіледі.



Есіл өзенінің сол жағалауын жылдам қарқынмен дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті 2001 жылы маусымның 29-ында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы туралы» №645 Жарлығына қол қойған болатын. Содан бері қарай «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын әкімшілендіру басқармасы атқарушы орган болып табылады. Құрылған күнінен бастап аумағында 181 нысан тіркелді. Оның ішінде 69 инженерлік-көлік инфрақұрылым нысандары, 44 тұрғын үй ғимараты, 41 әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы және 27 әкімшілік ғимараттар бар. Қосымша «Шұбар» және «Заречный» шағын аудандары енгізіліп, сондағы үйлерді бұзуға кететін қомақты шығынның өтемақысы ретінде құрылысқа жеңілдіктер беру арқылы инвесторлар тартылды.

Кез келген алып шаһардың ең басты көрсеткіші – халқының саны. Халықтың саны көп болу үшін ең алдымен тұрғын үйлерді көбейту қажет. Әлемдік экономикалық дағдарыс дүмпуінен көптеген елдердің көптеген қалаларында құрылыс қарқыны едәуір бәсеңдеп, қаншама құрылыс компаниялары банкрот болғаны әмбеге аян. Бұл қиыншылық біздің елді де айналып өтпеді. Жекеменшік құрылыс компанияларына үкілі үміттерін

сеніп тапсырған көптеген үлескерлер өкініш өткелінде қалып жатты. Алайда мемлекет осындай проблемалық тұрғын үйлерді өз қолына алып, үлескерлердің үзіле бастаған үмітін тағы да үкіледі. Соңғы үш жылда 4 миллионға жуық шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биылдың өзінде 1,4 млн. ш.м. тұрғын үй халыққа берілмекші. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен үлескерлер мәселесі 95 пайызға өз шешімін тапты, бұл дегеніміз 218 салынбай қалған кешеннің құрылысы қайта қолға алынып, 35 мың үлескерге пәтер кілті табыс етілді деген сөз. Келесі жылға дейін 25 нысандағы 5944 үлескердің мәселесі шешілмекші.

Тұрғын үй құрылысына байланысты тағы бір жағымды жаңалық, Елбасының тапсырмасы бойынша 2011-2014 жылдар аралығында салынуы тиіс тұрғын үй құрылыс бағдарламасы қолға алынды. Бұл бағдарлама аясында тағы да 1 млн. шаршы метр тұрғын үй салынады. Осы бағдарлама аясында «Мыңжылдықтар аллеясы», «Хан Шатыр» кешенінің батыс жағы және Қабанбай батыр даңғылының Әуежай орамынан Сығанақ көшесіне дейінгі жалпы ауданы 5 млн. ш.м. болатын аумақ игерілмек.

Құрылыс саласындағы тағы бір маңызды бағыт әлеуметтік нысандар болып табылады. Астана Елорда статусына ие бола салысымын еліміздің түкпір-түкпірінен ағылған ағайын қаланың астрономиялық жылдамдықпен дамуына әсер етті. Міне, сол кезде тұрғын үй түгілі балабақшалар мен мектептердің, ауруханалар мен басқа да халыққа қажетті нысандардың жетіспеушілігі мықтап байқалды. Жылдар бойғы жоспарлы бағдарламалардың нәтижесінде биыл алғаш рет соңғы 5 жылдағы әлеуметтік нысандарға зәрулік сәл бәсеңдеді. 2010 жылы аталмыш саладағы 18 мың жетіспей тұрған орын 13 мыңға дейін азайтылды. Былтырдың өзінде 5 мыңға жуық оқушылар орны пайдалануға берілді. «100 мектеп» бағдарламасы аясында жоспарланған 7 мектептің 6-ауы алғашқы қоңырауларын сыңғырлатып та үлгерді, енді келесі оқу жылына дейін Ильинка кентіндегі мектеп өз оқушыларына құшағын айқара ашпақ. Ал бұл бағдарлама аясынан тыс тағы да 5 мектептің іргетасы қаланып қойды. 2010 жылы әкімшілік орталықта 1200 орындық № 66 мектеп шаңырағын көтерген болатын.

Балабақшалар да бұрынғыдай емес, астаналық бүлдіршіндерді көптеп тарта бастады. 2010 жылы «Балапан» бағдарламасы бойынша 50 шақты балабақша пайдалануға беріліп, қазір оларда 11 мыңнан астам бүлдіршін тәрбиеленуде. Ал биыл әкімдіктің жоспары бойынша 9095 орынға арналған 33 мектепке дейінгі мекеме қолданысқа беріледі.

Денсаулық сақтау саласында да алға басушылық байқалады. Астанадағы бұрыннан келе жатқан ауруханалардың ғимараты да, ішіндегі құрал-жабдықтары да әбден ескірген. Сондықтан ғимараттарды қайта жөндеуден өткізіп, жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету процестері жүріп жатыр. Сонымен қатар, «100 аурухана» бағдарламасы да ойдағыдай іске асырылуда. Осы бағдарлама аясында 9 нысан салынып жатыр. Оның 2-еуі 2010 жылы толық пайдалануға берілді. 2011 жылдың соңына қарай қалған нысандардың тұсаукесері болады деп жоспарлануда. Аталмыш бағдарламадан тыс 500 қабылдауға арналған амбулаторлық-



емханалық кешеннің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның құрылысы 2012 жылы толық аяқталады.

Сондай-ақ, Елордада Президенттің тікелей тапсырмасымен көптеген айшықты нысандар бой көтеруде. Олардың 6-ауы болашақта Астананың мақтанышына айналатын алып ғимараттар. Атап айтар болсақ, ағылшын үлгісіндегі Хэйли Берри мектебі, мешіт, телерадиокомплекс және оқушылар сарайы сияқты ғажайып ғимараттар биыл толық салынып бітіп, еліміздің 20 жылдық мерейтойына тарту етілмекші.

Иә, қарқын жақсы. Жұмыс үздіксіз атқарылып жатыр. Елімізде талантты сәулетшілер шоғыры қалыптасып қалғанын зор мақтанышпен айта аламыз. Осылай Астананың ажарын ашып, келбетін келістіруге Алматы мен Қарағанды өңірі сәулетшілерінің қосқан үлестері мол. Астаналық сәулетшілер де бүгінгі күн талабының асқақтығына мойынсұнып, қазіргі заманғы қала құрылысының орайын қиюластыра білді. Барлық мамандар да өздерінің кәсіби шеберліктері мен ойлау қабілеттерінің жоғары екендіктерін көрсетті.



Астана феноменін асқақ ұғымда қалыптастыратын бірегей мүмкіндіктердің тіні – оның экономикалық айқын бағыт-бағдары екеніне нық сеніммен қарап үйрендік. Қала дамуының 13 жылы ішінде өзінің аймақтық жалпы өнімін 50 есе, өнеркәсіптік өндірісін 7 есе, сыртқы сауда айналымын 30 есе арттыра келіп, 1, 882 триллион теңге инвестиция тартты.

Елбасы да қала әкімдігіне елорда дамуының маңызын арттырарлық екі міндет жүктеген еді. Соның бірі қаланың негізгі нысанда-

ры мен инфрақұрылымы құрылысын 2011 жылы өтетін Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына дейін аяқтау. Бұл реттегі құрылыс жұмыстары әйгілі жапондық сәулетші Кисе Курокаваның тұжырымдамасы негізінде әзірленген бас жоспар шеңберінде жүргізіліп жатыр. Жалпы, тұжырымдама Курокаваның архитектуралық қала салу теориясының симбиоз, метаболизм және абстрактілік деген үш символизміне сүйенуді көздейді. Қала архитектурасы Астананың әлем алдында Батыс пен Шығыстың түйіскен жеріндегі, христиан әлемі, ислам мен буддизм қауымдастығындағы Еуразиялық материктің географиялық орталығы ретіндегі орнын белгілеп беріп отыр. Оған шындап қолға алынған қарқынды жұмыстардың өзін мысалға алсақ жеткілікті...

Жалпы, 2008 жылдың жаз мезгілінен бері 250 шақырым жолды және 200-ге жуық шамадағы көше мен аулаларды қалпына келтіру, 102 тұрғын үйдегі ортақ пайдалану алаңдарын толық күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары жалғасуда. Онжылдық мерейтой қарсаңында қаладағы 33 ірі құрылыс нысанының 20-дан астамы пайдалануға берілгендігін де ескерте кеткеніміз орынды. Олардың ең маңыздылары – ұлттық құндылығымыздың айқын көрінісі дерлік «Қазақ елі» монументі,



«Халықаралық сауда орталығы», Республикалық нейрохирургия орталығы және диагностикалық орталық, Орынбор мен Сығанақ, Республика даңғылы және Бараев көшелерінің қиылысындағы көлік жолайрықтары, «Солтүстік шұғыла» және «Гранд Алатау» биік тұрғын үй кешендері екені мәлім.

Астана экономикасының құрылыс кешені секторына салынған инвестицияның жиынтық көлемі 5 миллиард АҚШ долларынан асқан. Сол демеудің демімен пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 15 есе-

дей артты. Демек, бұл – жан басына шаққанда ТМД елдері арасындағы ең үздік көрсеткіштердің бірегейі деген сөз.

ИНДУСРИАЛДЫҚ-ИННОВАЦИЯ ИГІЛІГІ

Өткен жылы Елбасының бастамасымен елімізде ҚР үдемелі индустриалдық-инновациялық дамудың 2010-1014 жылдарға арналған бағдарламасы бастау алды. Астана аталған бағдарлама шеңберінде ондаған жоба қолға алынып, – Еліміздің үдемелі индустриалдық-инновациялық даму (ҮИИД) бағдарламасы шеңберінде Астана қаласының индустриаландыру картасы аясында 12 жоба қолға алынды. Оның ішінде 8 жоба республикалық, қалған 4 жоба аймақтық индустриалдандыру картасына енді. Жалпы құны 332,9 млрд теңге болатын бұл жобаларды жүзеге асыру арқылы біз 5500 жаңа жұмыс орынын ашуды көздеп отырмыз. Айта кетерлігі, өткен жылы 2 жоба, тағы 1-еуі биылғы жартыжылдықта жүзеге асырылды. Сондай-ақ жыл соңына дейін тағы үш жоба іске қосылады.

Іске қосылған үш жоба елорда индустриасына нендей үлес қосты әрі ол өнімдердің көлемі қалай? Бұл сұрақтың жауабын тарқатар болсақ, өткен жылы сэндвич панель шығару зауыты іске қосылды. Құны 375 млн. теңгелік жоба елорданың Индустриалдық парк аумағында жұмыс істеп жатыр. 2011 жылдың басында өндірілген өнім көлемі 151 млн теңгені құрады. 25 адам жұмыс істейді. Сэндвич панель – 2-4 айдың ішінде үлкен қойманы құрастыруға мүмкіндік беретін құрылыс материалы. Жалпы, метроның сэндвич панельден салынатыны белгілі. Бұл материал – ҮИИД бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын басқа да жобаларға септігін тигізеді. Тағы бір жоба – көкөніс сақтау қоймасы. Бүгінде қойма бар, бірақ қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Яғни, халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан бұл жоба аймақтық индустриалдық картаға қосылды. Сақтау қоймасынан бөлек, жобада көкөністі қайта өңдеу цехін салу жоспарда бар. Бүгінде картоп өсірушілер ассоциациясымен 2 мың тоннадан астам картоп алуға келісім-шарт шасалды. Жыл соңына дейін тапсырылымын өткіземіз деп отырмыз. Тағы бір жүзеге асырылған жоба – «АБК-Мақсат» ЖШС темір бетонды бұйымдар дайындау зауыты. 97 адамға жұмыс берген бұл зауытта бетон, темір-бетонды бұйымдар мен конструкция дайындалады. Кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Аяқ алысы жаман емес. Шығарған өнімдері қажеттілігімізді өтеуге жарайды. Алдағы уақытта зауыт жобалық қуаты толық орындалған кезде жұмыс екі ауысым бойынша жүретін болады. Сәйкесінше, ондағы адам саны да арта 200-ден арта түспек.

Биыл Астана күнінің алдында Елбасының қатысуымен өткен телекөпірде тағы бір жобаның таныстырылымы өткізілген-ді... Ол – «Стальцинк» ЖШС-нің шеге өнімдерін шығару жобасы болатын. Жобаның мақсаты – күнделікті тұрмысқа қажетті металдан жасалған сым, шегелерді шығару. Сондай-ақ ол құрылыс, өндіріс, машинақұрастыру, вагон құрылысы, жиһаз жасауға да қажетті құрал екені белгілі. Айта кетерлігі, телекөпірде бұл жобаның бірінші бөлігінің тұсауы кесілді. Бүгінде жоба 40 пайызға дайын.



ҮИИД бағдарламасы шеңберінде қолға алынған бұл жобаның ерекшелігі мұндай зауыт Қазақстанда бұрын-соңды болмаған. Алғаш рет Астанада қолға алынды. Сонысымен бізге құнды бұл жоба. Өндіріс қуаты жылына 5808 тонна! Айта кетерлігі, шегеге қажетті шикізат Ресейден сатып алынады. Себебі, елімізде болат шыбық (стальной прут) өндірілмейді. Осыған орай, жоба жетекшілері «Арселлор миттал» компаниясымен келіссөз жүргізді. Ондағы мақсат – болат шыбықтарды өзіміздің елімізде өндіру. Сонда шегеміз 100 пайыз өзімізде өндірілген болады. Алдағы қыркүйек айында немістің «Кернер» фирмасымен келіссөз аяқталып, келісім жасалады. Бұл келісім бүгінде қара түсті болып шығып жатқан шегелерді мырыштауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек жыл соңында дейін 3 жоба іске қосылды. Соның біреуі – жоғарыда атап өткен көкөніс сақтау қоймасы. Енді жылыжай кешеніне келер болсақ, тапсырыс берушісі – «Астана ЭкоСтандарт» ЖШС. Жобаны «Казагрофинанс» финституты қаржыландыра бастады. Жылыжайда жылына израильдік әдіс бойынша 900 тонна қызанақ пен 975 тонна қияр өсіріледі деп отыр. Осы жерде нақтылап өтетін бір мәселе бар. ҮИИД бағдарламасының бір бөлігі – «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы. Соңғысы кәсіпкерлерге қаржылай және қаржылай емес көмек, қолдау көрсетеді. Әлгі жылыжай кешенінің құрылысы осы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде мақұлданып, «Индуриалдық инфрақұрылымды қамтамасыз ету» бағыты бойынша 210,2 млн.теңге қаржы қарастырылды. Осы күні құжат Экономикалық даму және сауда министрлігіне келісімге жолданды. Одан бөлек, сумен қамтамасыз ету және кәріздік жүйесінің құрылысы жолға қойылды. Құрылыс жұмыстары санаулы күннен соң басталады. Соңғы жоба – «Talго» жолаушылар вагонын шығару зауыты. Жоба жетекшісі «Тұлпар» БК ЖШС испандық «Patenres Talго SA» компаниясымен бірлесіп жылына 150 вагон жасап шығаруды көздеп отыр. Бұл жоба еліміздегі жолаушылар вагонының тапшылығын шешуге қомақты үлесін қоспақ.

Мамандардың болжауынша, 2030 жылға қарай қазірдің өзінде 700 мыңнан астам адамды құрайтын Астана халқы 1,2 миллионнан асып түседі екен. Сөйткен жағдайда, жалпы тұтынушылар сұранысы шағын және орта бизнес рентабельділігіне кепілдік береді екен. Онсыз да осы кезге дейін-ақ елордамыз еліміздің шын мәніндегі экономикалық өсім орталығына айналғанын жұрт жақсы біледі. Өйткені, қалада 70 мыңға



жуық шағын кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл салада қызмет атқарушылар саны 8 есеге өскен, яғни шамамен 110 мың адамды құрайды. Қазақстандағы бүкіл аймақтың серпінді қуаты осы орталықтан бастау алуда. Нақты айтқанда, астана ауыстырудың астарындағы экономикалық тиімділік экономиканың мұнай-газ секторынан алынған дивиденттермен салыстырылады. Осы тұрғыда Астанамыз елдегі индустриалдық ерек жобаларды жүзеге асырудағы қуатты күш дерлік рөлін сақтап қалады. Мысалы, мұндағы «Нокиан» компаниясының дөңгелек жасайтын зауыты, «General Electric» локомотив құрастыру кәсіпорыны, «Ниссан» көлік жинақтау зауыты және «Ланкастер групп Қазақстан» АҚ-ның жартылай кристалды кремний шығару кәсіпорыны ел экономикасының «өне бойындағы» басым бағыттар екендігін аңғартады. 2010 жылға дейінгі жоспар бойынша, аталған жобаларға тартылған инвестиция көлемі 2 миллиард доллардан асқан болатын. Бұл өндіріс қуаттылықтарында жыл сайын 2 миллиард теңгеден астам қаржының өнімі өндіріледі деген балама болжам тағы бар.

Өз кезегінде іске қосылғалы отырған жылыжай кешені мен көкөніс сақтау қоймасы базардағы көкөністің бағасын тұрақтандыруға септігін тигізбек. Жасыратыны жоқ, дүкен-базарлардың сөресінде тұрған қияр мен қызанақ көрші мемлекеттерден әкелінеді. Бағасының қымбат болуы содан. Өзімізде өсірілген көкөністер оған қарағанда арзанға түседі. Сай-

ып келгенде, бұл жылыжай елорданың азық-түлік белдеуін дамытуға өз септігін тигізеді.

ҮИИД бағдарламасы шеңберінде мемлекет кәсіпкерлерге қаржылық көмектен бөлек, қаржылық емес көмек көрсетіп отыр. Тарқатып айтасақ, ол қаржылық көмек дегеніміз – кәсібінді дөңгелетуге екінші деңгейлі банктер арқылы, төмендетілген ставкамен белгілі бір көлемде ақша бөлу. Ал қаржылық емес қолдау – бизнесті басқаруға кеңес беру, түрлі семинар-тренингтер өткізу. Сондай-ақ Назарбаев университеті мен шетелдің мандайалды оқу орындарында кәсіпкерлердің біліктілігін арттыруға мүмкіндік бар. Айта кетерлігі, бұл көмектің барлығы тегін, яғни ақысыз көрсетілді.

Үдемелі индустриалды-инновациялы бағдарламаның көздегені – еліміздің импорттық тәуелділігін жойып, өзіміздің өндірісті дамыту. Бірақ Астанада алып өнеркәсіп ошақтары жоқ. Елдің саяси орталығы болғандықтан, болуы да неғайбыл. ҮИИД бағдарламасы шеңберінде жасалған өнім «Made in Kazakhstan» деген брендпен әлемдік нарыққа шығуға мүмкіндігі бар. Алайда әуелі өзіміздің қажеттілігімізді өтеп алуымыз керек. Қалай дегенмен де, жоғарыда аталған жобалардың қай-қайсысы болмасын мақтауға әрі мақтануға тұрарлық. Шетінен бәрі жақсы. Мәселен, шеге шығаратын зауыт еліміздегі алғашқысы. «Talgo» жолаушылар вагоны зауыты да мемлекетімізде бұрын-сонды болған емес. Бұлар әуелі біздің өз қажетімізді өтеуі тиіс. Астанадан бөлек, еліміздің барлық аймақтарын қамтамасыз етіп алғаннан кейін, экспорт мәселесін ойлайтын боламыз. ғасырда индустриалдық-инновациялық дамуға бет бұрған елдер ғана топ жарып шықпақ. Бұл бағдарламаның, яғни индустриалдық-инновацияның игілігін алдымен өзіміз көреміз.

ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

СоңғыжылдарыАстанаэкономикасынашетелдіктердіңқызығушылығы күннен күнге артып келе жатқаны жасырын емес. Көптеген шетелдік инвесторлар ақшасын құймас бұрын біздің жерімізде өз фирмасын құрып алуды жөн санайды. Мұндай механизм инвесторға ұйымдастыру тұрғысынан да, коммерциялық тұрғыдан да көптеген артықшылықтар береді. 2010 жылғы қорытынды бойынша шетел инвестициясының көлемі 5,3 млрд. теңгеге жетті, яғни әлемдік дағдарысқа дейінгі 2007 жылғы деңгейіне қайтадан көтерілді.

Сондай-ақ, Астанада жиі ұйымдастырылып тұратын экономикалық және инвестициялық форумдардың да Елордаға инвестиция тартуға пайдасы көбінен тиюде. Солардың нәтижесінде биылдың өзінде қаламызда болашақта іске асырылатын 11 ірі жобаға қатысты меморандумға қол қойылды.

Баса айтары, шетелдік инвестиция тартуда таптырмайтын механизм «Астана – жаңа қала» Арнайы Экономикалық Аймағы (АЭА) болып тұр. Бүгінде АЭА-ның аумағындағы Индустриалдық паркте құны 173 млрд. теңгеге татитын 41 жоба іске асырылуда. Олардың ішіндегі 13,4

млрд. Теңгенің 3 жобасы бүгінде толық аяқталып, 600 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. 2011 жылдың соңына дейін 13,3 млрд. теңгелік 4 жобаның тұсауы кесіледі деп күтілуде. Атап айтар болсақ, металл конструкциялар өндіру зауыты, жиһаз жасау фабрикалары, көкөніс сақтау орындары мен логистикалық кешендер және т.б. жалпы көлемі 645 адамға жұмыс орнын қамтамасыз ететін болады. Қалған 34 жобаны іске асыру 2012-2014 жылдар аралығында жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, № 2 Индустриалдық паркті іске қосу жұмыстары да жүргізілуде. Бүгінде ол орналасатын 500 гектар жер телімі де бөлініп қойылған.

Әлемдік инновацияны Елордаға кідіріссіз енгізу үшін «Астана-Инновейшенс» атты жеке құрылым да жасақталынған. Ол Бостон (АҚШ) мен Оулу (Финляндия) қалаларындағы әлемдік инновациялық хабтардың бірегей үлгілері негізінде жасалып жатыр. Оның құрамына бизнес-инкубирлеу, венчурлік қаржыландыру, «Астана» технополисін және технологиялар трансфертін жасау сияқты заманауи қызметтер енеді. Мәселен, бұл қызметтердің бірі және бірігейі ретінде «SMART ASTANA» тұжырымдамасын атауға әбден болады. Ол қалалық қызметтердің энергиялық тиімділіктерін арттыра отырып, қала тұрғындарының қажетін өтейтін болады, сондай-ақ шағын және орта бизнестің инновациялық потенциалының күшеюіне өз әсерін тигізеді.

Міне, осылайша, бүгіннің өзінде Бас қаламыздың экономикалық контурының сұлбасы сызылып, макроэкономикалық бет-бейнесі айқындалып келеді. Бір айта кетерлігі, 2010 жылғы ішкі аймақтық өнімнің көрсеткіші 2009 жылмен салыстырғанда 9%-ға артық.

Ағымдағы жылдың 4 айындағы есеп бойынша өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлемі 51,3 млрд. теңге, бұл өткен жылдың осындай мерзімімен салыстырғанда 64%-ға көп деген сөз. Ал қайта өңдеу өнеркәсібінің көлемі биылдың қаңтар-сәуір айларына 39 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың осы мерзімінен 2 есе артық болып отыр. Сыртқы сауда айналымы былтырғыдан 9,8 %-ға артты. Қаңтар-сәуір аралығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция 74 млрд. теңгеден асты, яғни былтырғымен салыстырғанда 18,4%-ға көп. Жалпы алғанда, қаламыздың динамикалы экономикасы өнімді мольнан өндіріп қана қоймай, алға қойған жүйелі мақсаттарын да біртіндеп орындап келеді. Солардың бірі, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен іске асырылып жатқан Астана айналасындағы Азық-түлік белдеуі болып табылады. Қазір әкімдіктің қадағалауымен азық-түлікті Астанаға жеткізудің барлық құрылымдары мен схемалары жасалып, әлеумен аса зәру деген азық-түлік өнімдерін үздіксіз әрі арзан бағамен жеткізіп тұратын карта жасалды.

БИЗНЕСТІҢ ДАМУ БАҒДАРЫ

Елбасының тапсырмасы бойынша Астана жуық арада дотациясыз қалаға айналуы тиіс болатын. Бұл тапсырманың орындалуы қаладағы

орта және шағын бизнестің дамуымен тығыз байланысты. Өйткені бұл сала елорданың экономикалық көрсеткіші ғана емес, сонымен қатар, қаланың тіршілік динамикасының да таптырмас қозғаушы күші болады.

Астаналық өндірістік салада бүгінгі таңда сапалық жағынан сәл де болса алға басушылық байқалады. Бұл әрине әлемдік дағдарыстан сең соққан балықтай болған орта және шағын бизнестің ес жиып, ете жауа бастағанының айғағы. Олардың сандары ғана көбейіп қоймай, қызмет көрсетудегі, тауар өндірудегі сапасы да арта түскен. Атап айтар болсақ, қаржы қызметтері, жылжымайтын мүлік операциялары, коммуналдық және әлеуметтік қызметтер көрсету саласы қарқын ала бастады. Салыстыра алғанда олардың ІАӨ-дегі мөлшері 41,2 пайызға дайін жетеді.

Мәселен, биылғы жарты жылдықта қала бойынша 649 млрд. теңге несие берілген болса, олардың 22 млрд. теңгесін шағын бизнес өкілдері алған. Бұл былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 3,6 есеге жуық жоғары көрсеткіш.

Бұл халықтың, шағын және орта бизнес өкілдерінің екінші деңгейлі банк пен қала басшылығындағы қожалықтарға деген сенімнің артып, олармен бірге қоян-қолтық жұмыс жасауға деген ынтаның ұлғая түскенінің айқын дәлелі. Бұл өз кезеңінде транспорт және байланыс қызметтерінің артуына катализатор ретінде әсер етуде. ІАӨ-нің жалпылама құрылымында бұл салалар 17,2 % құрайды.



Мұның барлығы қала бюджетіне түсетін салықтың да көлемін едәуір еселеді. Ағымдағы жылдың бірінші кварталында шағын бизнес субъектерінен түскен салық мөлшері 52,4 млрд. теңгеге жетіп жығылды, бұл 2010 жылдың бірінші кварталындағы көрсеткіштен 2,6 есе көп.

Осыған орай, кейінгі жылдары мемлекет тарапынан аталған саланы қолдауға қомақты қаржы бөлініп, тиісті бағдарламалар қабылданып жа-

тыр. Соның бірі – «Бизнестің жол картасы-2020» деп аталады. Бизнестік секторды сауықтыруға бағытталған бұл бағдарлама басталғалы елордада 26 бизнес жоба мақұлданды. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының міндетін атқарушы Рысгүл Қауғабаеваның бір әңгімесінде: «Кәсіпкерлердің көбі аталмыш бағдарламаның мүмкіндіктерін біле бермейді. Әйтпесе, көрсеткіштер біз ойлағаннан да жоғары болатын еді. Ал мемлекеттік қолдауды түсініп, оның ережесімен танысқандар тиісті көмекті алып, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының игілігін көріп жатыр» дегені бар. Осыған орай, біз мемлекеттің кәсіпкерлерге көрсетіп отырған кең қолдауын, яғни бағдарламаның мүмкіндіктері туралы сөз қозғауды жөн санадық.



Астана қаласы әкімінің орынбасары Аида Балаева (бірінші қатарда сол жақтан бесінші) іскер әйелдердің ортасында

«Үкіметке 2010 жылдан бастап өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөнінде бірыңғай бюджеттік бағдарлама енгізілуін қамтамасыз етуді тапсырамын.

Оны «Бизнестің жол картасы-2020» деп атауды ұсынамын. Бұл бағдарламаның мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, бәрінен бұрын шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу болады». Бұл – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында үкіметке жүктеген міндеті. Көп кешікпей шағын және орта кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтетін бағдарлама әзірленіп, алғашқы жылы қанатқақты жоба ретінде жүзеге асырыла бастады. Ол –

сөзіміздің басында айтқан «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы. Бұл бағдарлама еліміздің Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының бір тармағы. Көздегені – шағын және орта бизнес секторын сауықтыру, яғни кәсіпкерлік әлеуетті арттыру.

Алғашқы жылы қанатқақты жоба ретінде жүзеге асырылған бағдарламаға Астана қаласы бойынша 600 млн теңге бөлінген екен. Жалпы, бұл бағдарлама шеңберінде мемлекет кәсіпкерлерге қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетеді. Әрі ол қолдаудың өзі бірнеше бағыт пен кезеңнен тұрады. Түсінікті болу үшін әр бағытқа жеке-жеке тоқталып өтсек.

БАЛАНСТЫ ДАМУДЫҢ БАБЫ

Мемлекеттік қолдаудың бірінші бағыты – жаңа бизнес бастаманы қолдау деп аталады. Аты айтып тұрғандай, өз кәсібімді ашамын деген кез келген кәсіпкерге берілетін көмек бұл. Мұның өзі үш бағыттан тұрады. Алғашқысы – несиенің пайыздық мөлшерін субсидиялау. Айталық, кәсіпкер өз ісімді дамытамын деп екінші деңгейлі банктен несиені рәсімдейтін болса, пайыздық мөлшерін 7 пайызға дейін субсидиялай алады. Бір ескеретіні, экономиканың басым секторлары бар. Сондықтан, бұл мүмкіндікті кез келген кәсіпкер ала алмайды. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «Бизнестің жол картасы-2020» ҮИИД бағдарламасының бір бөлігі. Ал соңғысының көздегені – шикізаттық тәуелділікті азайтып, шикізаттық емес секторды дамыту. Еліміздің импорттық тәуелділігін азайтып, өзіміздің отандық өндіріске қан жүгірту. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстандағы өндірістің көкжиегін кеңейту. Ал кәсіпкерлердің барлығы өндіріс саласын қуаттайды деп айта алмаймыз. Негізінен Астанада алып өнеркәсіп ошақтары болмағандықтан, бірінші кезекте тамақ өнеркәсібі, ауылшаруашылық өнімдері, қайта өңдеу, яғни металлургия, машина құрастыру, ағаш өңдеу және тағы басқа салалардың жұмысын ілгерілендіру көзделіп отыр. Бағдарлама аймақтық кәсіпкерліктің тұрақты әрі балансты дамуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды сақтаумен жаңа кәсіп ошақтарын ашуға, нақты, тұрмысқа қажетті өнімдерді шығаратын өндіріс орындарын қолдауға бағытталған. Субсидиялауға жататын өнімдердің тізімі ережемен бекітілген. Оларға азық-түлік өнімдері, киім тігу, тері мен былғары өнімдерін дайындау, жиһаз, химиялық заттар, электр құралдарын дайындау және т.б. жатады. Тіпті, көліктік қызмет көрсету мен білім беру, денсаулық сақтау саласы мен ғылыми зерттеуге дейін осы бағдарламаның игілігін көре алады. Ескеретіні, мемлекеттің үлесімен жүзеге асырылып жатқан жобалардың бұл бағдарламаға қатысу құқы жоқ. Білім мен денсаулық саласына қатысты ісіңізді дөңгелетуде бағдарламаның мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Айталық, сіз жекеменшік балабақша салғыңыз келеді. Бірақ істі бастауға қаржыңыз жоқ. Немесе қалтаңызда ақшаңыз бар, бірақ жеріңіз немесе ғимаратыңыз жоқ. Бұл жағдайда бағдарлама шеңберінде қажетті ғимаратты сатып алу үшін қаржыны алуға, керек

болса оған қажетті инженерлік инфрақұрылымның құрылысын жүргізуге болады. Денсаулық сақтау саласына да қатысты бұл. Мәселен, жақында «Аруна» орталығы ДЦП мен ауыратын балаларға арналған балабақша ашу туралы жобасын ұсынды. Аталмыш жобада сал ауруына шалдыққан балаларды емдеумен қатар, мамандандырылған балабақшаның іргетасын көтеру көзделген. Өткен жылдан тағы бір мысал келтірсек, ЕҚЫҰ саммиті қарсаңында 60 жаңа автобус сатып алынды. Астананың автопаркінің жаңаруына «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы септігін тигізді. Сондай-ақ, елорданың іргелі таксомоторлық компаниясы «Сарыарқа» да осы бағдарламаның жемісі. Су жаңа 100 «Тойота» маркалы автокөлікті сатып алуға қажетті қаржы бағдарлама шеңберінде бөлінді. «Астанада жасалған» деген брендпен сатылып жатқан «Емиль компани» ЖШС шығаратын «Одари» ірімшігі мен «Алад» жеке кәсіпкерлігінің «Аладин» атты шемішкесі де осыдан бастады жұмысын. Бұдан бөлек, Астананың бірқатар мейрамханалары мен мейманханалары да осы субсидияның арқасында жаңарып қалды. Тіпті, жұмыртқа салатын ұяшық шығарамын деп келген кәсіпкерге қажетті қаржы бөлген екен.

Бұрындары кәсіпкерлер несиені банк көрсеткен пайызбен алатын. Пайыздық ставкасы 16, 17, тіпті 20-дан асып кететін. Ал бағдарлама аясында берілетін несиенің пайыздық мөлшері 14-тен аспайды. Оның 7 пайызын мемлекет береді. Ал қалғанын кәсіпкер өзі төлейді. Бәзбіреулер бұған сенбеуі мүмкін, бірақ Астана әкімдігі, Экономикалық даму және сауда министрлігі және екінші деңгейлі банктермен бірлесіп, пайыздық мөлшерді 14-тен асырмау туралы меморандумға қол қойды. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет бұл жағдайда кәсіпкер үшін банк алдында кепілдеме беріп отыр.

Екінші бөлімшесі – бизнесті бөліп кепілдеу. Қарапайым тілмен келтірсек, кәсіпкер банктен несие алу үшін жеке мүлкін кепілге қоюы тиіс. Бұл жағдай бағдарламада былайша қарастырылған: банк сұраған кепіл мүлкі болмаса, мемлекет кәсіпкерге жетпей тұрған соманы беріп, сәйкесінше несие алуына қол ұшын бере алады. Ол несиенің 50 пайызын құрауы тиіс.

Үшіншісі – өнеркәсіп инфрақұрылымын дамыту. Бұл жерде кәсіпкерге өнеркәсіп нысанының аумағында жетіспей тұрған инфрақұрылымын салуға жәрдем беріледі. Осы жылы ҮИИД бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан жеміс-жидек өсіруге арналған жылыжайдың инфрақұрылымын жүргізу үшін кәсіпкер БЖК бағдарламасының көмегіне жүгінді. Алдағы қазан айында ашылғалы отырған «Алтын тед» қоқыс өңдеу зауыты кәріздік жүйесін осы бағдарлама бойынша салып жатыр. Бүгінде бағдарламаның бұл мүмкіндігін пайдалануға 8 тапсырыс қабылданыпты.

БАСҚА ДА БАҒЫТТАРЫ...

Жол картасы діттеген екінші бағыт – кәсіпкерлік секторды сауықтыру деп аталады. Мұндағы жұмыстың барлығын ҚР Экономикалық

даму министрлігі жүзеге асырады. Себебі ол – ірі бизнесті дамытуға арналған бап. Ал, Астанада ірі өнеркәсіп ошақтарын ашу қажеттілігі байқалмағандықтан, бұл бағытты орындауда әкімдіктің үлесі жоқ. Мұнда несиенің пайыздық мөлшері 12-ден аспауы тиіс. Оның 5 пайызын мемлекет субсидиялайды, ал қалған 7-еуін кәсіпкер өзі төлейді. Жалпы, мемлекеттің кәсіпкерлікке кепіл болуы халықаралық іс-тәжірибеде бар. Мәселен, мұндай тәжірибені Германиядан кездестіруге болады. Банк кәсіпкерлердің бизнес жоспарымен танысып, оған қаржы салудың тәуекелі зор екенін білгеннен кейін, кәсіпкерлер мемлекеттің көмегіне жүгіне алады.

Келесі бағыт – кәсіпкердің валюталық тәуекелін төмендету деп аталады. Негізінен экспорттық бағытта жұмыс істеп, валютаға тікелей қатысы бар кәсіпорындар. Төртінші бағыт – кәсіпкерлік әлеуетті арттыру. Бұл сервистік қызмет көрсетумен тығыз байланысты, яғни консультативті-консалтингтік қызмет көрсету. Онда кәсібінді қалай ашу керек, жұмыс істеудің қыр-сыры, бизнес жоспар құру, сапа менеджментіне көшу, салық және басқа да мемлекеттік органдарға есеп беру, есеп жүргізу, кеден саласына қатысты сұрақтарға жауап беріп, құқықтық сауаттылығын көтеруді жолға қояды. IT-технология мен салалық бағдарламаларды меңгеріп, сол бағдарлама бойынша жұмыс жүргізуді үйретеді. Жақында жыл соңына дейін 7 лот бойынша 6 мыңға жуық кәсіпкерге қызмет көрсететін мекемелер анықталады. Айта кететін жайт, өткен жылы бұл қызметпен 8,5 мың адам қамтылған. Оның 600-і қонақүй бизнесі, 600-і мейрамхана қызметі, 1060-ы қаржы маркетингі бойынша қажетті көмегін алған екен. Барлығы 24 млн теңгеге келісімшарт жасалған.

ҚАРЖЫСЫЗ ДА ҚОЛДАУ БАР

Мемлекет кәсіпкерлерге қаржылық қолдаудан бөлек, қаржылық емес қолдау да көрсетеді. Арнайы әзірленген «Іскер байланыс» атты жоба бар. Екі бағыт бойынша іске асырылады. Әуелгісі – кәсіпкерлерді Назарбаев университетінің базасында топ менеджментке оқыту. Бүгінде мамыр айында іріктелген топ Американың Дьюк университетінің ұстаздарынан дәріс алып жатыр. Астанаға бөлінген квота бойынша 8 елордалық кәсіпкер де солармен бірге менеджментті меңгеруде. Топ еліміздің әр аймағынан келген кәсіпкерлерден жасақталады. Бұл біріншіден, шетелдік мамандардан іс жүргізуді үйренуге мүмкіндік береді. Екіншіден, кәсіпкерлердің бір-бірімен танысып, байланысып, іскерлік әріптестік орнатуына зор септігін тигізеді. Оған қоса біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасады. Сертификат алу үшін бизнес жоспар құрып, көпшіліктің алдында оны қорғап шығады. Онысы бизнес сарапшылардың сүзгісінен өтеді.

Іскерлік қарым-қатынастың екінші бағыты – кәсіпкерлерді «Тұран Профи» университетінің базасында Америка мен Германиядан келген мамандардың оқытуы. Курсанттар оқудан соң, шетелге бір айға іссапарға барып, ондағы ірі кәсіпорындарға тәжірибе алмасып, біліктілігін арт-

тырып қайтатын болады. Астын сызып тұрып айтатын жайт, отандық кәсіпкерлердің өзіміздегі, одан қалса шетелдегі оқуы бағдарлама шеңберінде мемлекет қазынасынан төленеді. Мұндай тәжірибе әлем бойынша бірде-бір елде жоқ. Көбінесе кәсіпкерлер ондай курстарға өз қаражатымен барады.

СӨЗ СОҢЫНДА...

Астананың жағдайы басқа аймақтардан бөлек деп айттық жоғарыда. Ішкі жалпы өнімнің негізгі бөлігін, нақты алсақ 60 пайызын сауда саласы құрап отыр. Өкініштісі, сауда-саттық кәсібі бағдарламаға қатыса алмайды. Сондай-ақ дүкен, кір жуу, сұлулық салоны, химиялық тазарту сынды қызмет көрсету салалары да кірмейді. Өйткені, бұл аталғандар өнеркәсіп саласына жатпайды.

– Өткен жылы мақұлданған жобалардың 10-ы субсидиялау, 3-еуі кепілдік және 3-еуі инфрақұрылымды қамтамасыз етуге бағытталғанды. Биыл жылдың алты айында субсидияланған жобалардың ұзын-саны 15-ке жуықтады. Жалпы, кәсіпкерлер тарапынан қозғалыс бар. Ашығын айту керек, негізінен, жобалар екінші деңгейлі банктерде тұралап қалып жатады. Себебі, оларға пайыздық мөлшерді төмендету тиімсіз. Сондықтан «Бизнестің жол картасы-2020» оларға өз ісін дөңгелетіп, өзіміздің өндірістің өркендеуіне кішкентай болса да үлес қосуына зор мүмкіндік. Сондықтан, кәсіпкерлерге айтарым, келіңіздер, бағдарлама ережесімен танысып көріңіздер. Мемлекет беріп тұрған мүмкіндікті құр жіберіп алмаңыздар. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қажетті қаржының жартысын мемлекеттен қайтарымсыз тегін алып, әрі еліміздің алдыңғы қатарлы оқу орындарында біліктілікті арттырып, бизнес империя құрудың қыр-сырын үйрену екінің біріне бұйыра бермейді, – деп түйді бізбен әңгімесін елордалық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының міндетін атқарушы Рысгүл Қауғабаева.


P.S. Мемлекет шағын және орта кәсіпкерлікке араласқан болса, аталмыш салада бәсекелестік болмайды. Себебі, ондағы кеңістік тек біржақты – мемлекеттікі болады. Бұл орайда «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының діттегені – бәсекелестікті тұралағу емес, керісінше оған қан жүгірту. Яғни, кәсіпкерлердің жаңа бастамасын қолдап, өзіміздің өндірістің өркендеуіне дем беру. Бизнес секторды сауықтыруға бағытталған бағдарламаның жүзеге асырылып жатқаны жаңа ғана. Оның нәтижесі туралы нақты пікір айту келер күннің еншісіндегі іс. Сондықтан, біз оның жүзеге асырылу қарқынын қадағалап, әліптің артын бағатын боламыз...

Астананың түнгі әлемі




















THE UNITED NATIONS
EDUCATIONAL, SCIENTIFIC AND
CULTURAL ORGANIZATION

CERTIFES THAT AN
HONOURABLE MENTION

OF THE UNESCO CITIES FOR PEACE PRIZE
1998-1999

FOR ASIA AND THE PACIFIC

HAS BEEN AWARDED TO:

The City of Astana
(Kazakhstan)

IN RECOGNITION OF ITS OUTSTANDING
CONTRIBUTION TO THE RESTORATION OF HOPE,
THE REINFORCEMENT OF SOLIDARITY AND
THE CONSOLIDATION OF THE CULTURE OF PEACE
IN EVERYDAY LIFE



FEDERICO MAYOR

DIRECTOR GENERAL

LA PAZ, 16 JULY 1999



1999 жылғы 16-шілдеде Боливия астанасы — Ла-Пас қаласында әділқазылар шешімімен Азия — Тынық мұхит аймағы бойынша жоғары награда — ЮНЕСКО-ның «Қалалар бейбітшілік үшін» медалі мен Құрмет дипломы Қазақстанның Астана қаласына тапсырылды.



БАУЫРМАЛ АСТАНА

әлемнің жиырма қаласымен бауырласады

Жыл сайын сәуір айының соңғы жексенбісінде дүниежүзілік бауырлас қалалар күні атап өтіледі.

«Бауырлас қалалар» – бұл халықтар арасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністікті нығайту, әсіресе қалааралық мәдени байланысты арттыру мәселесі бойынша қалыптасқан ұғым. Қала басшылығы алдында тұрған ұқсас проблемаларды шешу мақсатында тәжірибе алмасу үшін тікелей достық байланыс орнатқан мемлекеттердегі қалалар саяси тұрғыда «бауырлас қалалар» деп аталады. Әлемде мұндай қалалар бауырластығының үлгілері де аз емес.

Арқа төсінен бой көтерген Астананың бүгінде жиырма бауырлас қаласы бар. Бұл елордамыз аз ғана уақыт ішінде жан-жақты дипломатиялық қатынас жасап, жиырма қаламен етене жақын байланыс орнатып үлгерді деген сөз. Олардың арасында тарихтан қазақ халқы туыстасатын тегі бір, түбі жақын елдер де, ынтымақтастығы мен достығының тарихы ғасырлар қойнауынан бастау алатын ежелгі серіктер де бар.

ТҮРКИЯ ҚАЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫС ТЕРЕҢГЕ КЕТКЕН



Астана Түркияның үш бірдей ірі қаласымен бауырласқан. Олар: Анкара, Стамбұл және Измир.

Анкара – Астананың өзіндей Түркия мемлекетінің астанасы. Халқының саны жағынан Стамбұлдан кейінгі, ал жер көлемі бойынша Конядан кейінгі екінші орынды алады. Жан саны – 2007 жылғы дерек бойынша 4 466 756 адамды құраған.

Мұнда күнделікті қаладағы ішкі тасымалда қала әкімдігі қамтамасыз еткен автобустар

мен жеке меншіктегі бағыттық көліктер, яғни минибустар қызмет етеді. Бір ерекшелігі, жеке көліктерде нақтылай ақша қолданылса, қалалық әкімдіктің автобустарында магниттік карт, яғни карточка қолданылады. Оның сыртында келім-кетім, жүріс-тұрыс үзілмейтін қалада үздіксіз таксилер жұмыс істейді. Түнгі сағат 12 мен таңғы 6-ға дейінгі аралықта таксилер түнгі бағамен қызмет етеді.

Бір айта кетерлігі, Анкара қаласының «астана» мәртебесіне сай тіршілік ету тарихы тоқсан жылдан асады. Анықтап айтсақ, бұл қала 1923 жылы-ақ Түркияның астанасы болып бекітілген. Бүгінгі таңда саяси ғана емес, елдің экономикалық орталығы ретінде де үлкен маңызға ие.

Әлемнің бірқатар елдеріндегі үлкен қалалармен бауырластығы бар бұл қала Астанамен де байланыс орнатып, бүгінде достығы мен ынтымақтастығы жыл өткен сайын аясын кеңейтіп келеді.

Түркияның ең үлкен қаласы Стамбұл да – Астананың бауырлас қаласы. Азия мен Еуропаны байланыстыратын су торабында орналасқан бұл қаланың тұрғындары, 2002 жылғы дерек бойынша, 10,1 миллион адамды құрайды.

Стамбұлдың Астанамен бір ұқсастығы: біздегі «жаңа қала», «ескі қала» секілді, бұл қала «еуропалық» және «азиялық» деп аталатын екі бөліктен тұрады. Біздегі Қараөткел көпірі секілді бұл екі аудан да Византий көпірі мен промдар арқылы жалғасады. Алайда, кең ауқымды алып жатқан бұл қаладағы басты көпірдің ұзындығы – 1560 м.

Тағы бір қызық жағдай, Стамбұл да қала негізі қаланғаннан Стамбұл атанбаған. Біздің Астананың бұрындары Целиноград, Ақмола болғаны секілді, бұл қаланың да бір кездері Константинополь (330–1453 жылдар аралығында Рим императоры Константиннің құрметіне солай аталған) деген атауы болған. Талай тарихи оқиғалардың куәсі болған кәрі қала 395–1453 жылдар аралығында Византия мемлекетінің астанасы болды. 1918 жылы Осман сұлтандығының да орталығы ретінде танылды. Ал 1918–1923 жылдар аралығында Түркияның астанасына айналды.

XVIII ғасырдан бастан Стамбұл қаласының сәулетіне Батыс Еуропа стилі ене бастаған. Көптеген тарихи ескерткіштер мен кесенелер орналасқан бұл қала бүгінде дәл Астана сияқты заманауи үлгілерге де, ежелден жеткен шығыстық стильге де кенде емес деуге болады. Тарихы бай Стамбұл үшін бүгінде Астана – маңызы зор бауырлас қалалардың бірі.

Стамбұл мен Анкара секілді Измир де Қазақстанның қалаларымен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді.

РЕСЕЙ ҚАЛАЛАРЫМЕН ДОСТЫҚ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН

Астана үшін достық аумықы кең келесі мемлекет – Ресей. Астана Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург және Қазан қаласымен бауырласады.

Ресей Федерациясының астанасы Мәскеу қаласының Астана үшін орны бөлек. Тарихы сонау X-XI ғасырлардан бастау алатын бұл қала

бүгінде 8,6 миллион (1998 жылғы дерек бойынша) халыққа мекен болып келеді. Оның сыртында туристер мен келім-кетімдердің өздері қала тұрғындарын тұрақты түрде 1 миллионға көбейтеді.



Бұл қала да өзен жағасында орналасқан. Қаламен аттас Мәскеу өзені 1000 шаршы шақырым жерді алып жатқан үлкен қаланы жасыл желекпен қамтамасыз етіп, көгалдандыруға көмектеседі.

Жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұратын Мәскеу – Ресей мемлекетінің негізін құрайтын орыс халқының ғана емес, әлем

халықтарының мақтанышы. Мұндағы қала тіршілігі мен тарихы әлемдік мәдениет пен өркениет тарихымен сабақтасып жатады. Ресейлік тұңғыш театр осы Мәскеуде 1702 жылы ашылған. Орыстың алғашқы басылымы «Ведомости» де дәл осы қалада 1703 жылы жарық көрді. Ал 1755 жылы алғаш рет университет ашылды.

Мәскеудің орыс халқы үшін елеусіз қалған кезі болған емес. Тіпті, 1712–1918 жылға дейін астана миссиясын Санкт-Петербург атқарғанда да, Мәскеу елдің ірі экономикалық және мәдени орталығы ретінде қала берді.

1918 жылғы 12 наурызда Мәскеу Кеңес үкіметінің астанасы болып бекітілді.

Мұндағы ең әйгілі нысан – Кремль. Іргетасы XI ғасырдан қалана бастаған.

Жалпы Мәскеу мен қазақ елі арасындағы байланыс XIX–XX ғасырда орнады. Қазақ даласында мәдениет пен ғылымның дамуына бұл қаланың тигізген ықпалы зор. Тіпті, бір жылдарда бұл қала Ғани Мұратбаев, Тұрар Рысқұлов, Мұхтар Әуезов қатарлы ұлт зиялыларының да алтын бесігіне айналды. Күні бүгінге дейін қазақ оқымыстылары арасында Мәскеуде білім алып, сонда тұрып қызмет етіп келгендер де бар.

Қазақстанда Мәскеуден көшіріліп әкелген кәсіпорындар көп. Мұндай экономикалық, мәдени байланысты ежелгі достықты жалғастырушы Алматы мен Астана әлі күнге үзбей келеді.

Астана бауырласатын Ресейдің екінші қаласы Санкт-Петербург болса, үшінші қала – Қазан.

Қазан қаласының да қазақ үшін маңызы зор. Қазақ тіліндегі ең алғашқы баспа өнімдері XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында осы қалада жарық көрді. Қазан қаласындағы баспалардан жарық көрген құнды дүниелер қазақ руханиятына нәр берді.

Жалпы Астананың бұл қаламен бауырластық байланысы 2004 жылы басталған. Ресейдің «үшінші астанасы» атанған, мыңжылдық тарихы бар бұл қала сәулеті жағынан да, тарихи тұрғыдан да әлемдегі ең бір айту-

лы, ерекше қалалардың бірі. Сондықтан, бұл қаламен мәдени, рухани байланыстың Астана үшін алға жетелеуші факторға айналары да сөзсіз.

КИЕВПЕН ДОСТЫҚТАН КҮТЕРІМІЗ МОЛ



Украина. Рухани тәуелсіздікке ұмтылып, ерлік пен өрлік биігінен көрініп келе жатқан украин халқының қазақпен мұң-мұқтажы ортақ. Ол ортақтық II Дүниежүзілік соғыс жылдары, екі елдің жауынгерлері бірлесіп, елді, жерді қорғауда ортақ мұрат жолында шайқасқа түскенде бастау алды деуге болады. Одан бертінде екі ел де тәуелсіздік алды. Жаңа

қоғам, экономикалық өрлеу, тіпті, рухани жағынан тіл, ұлттық иеология тұрғысынан да ортақ проблемаға ұшырасты.

Қазақстанда украин диаспорасының болуы екі елді жақындата түскені аян. Ал оның сыртында өзара тауар алмасу, сауда-экономикалық байланыс жыл өткен сайын ауқымын кеңейте берді.

Бүгінде Қазақстанда украин тілінде шығатын басылым бар. Ал 2007 жылдан бастап қазақ, орыс және украин тілінде шығатын тағы бір жаңа басылым – «Вести Украины» жарық көре бастады.

Астана қаласындағы №47 мектепте «Сузирья» атты вокалдық топ бар. Жастар украин тілі мен мәдениетін осы үйірмеге қатысу арқылы жетік меңгере бастады.

2007 жылы Украинадағы Қазақстан жылы өткен. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Киевке жасаған сапары екі елді одан бетер жақындата түскендей болды. Осы жылы Украинадағы Қазақстан жылы аясында Киевте 200-ден астам іс-шара өткен. Нәтижесінде достық қарым-қатынас пен сауда-экономикалық байланыс одан бетер ұлғайып, арнасын кеңейте берді.

Дәл осы жылы Астана мен Киев телемосты ұйымдастырылды. Киевте, сонымен қатар, Астана күндері өтті. Ал бұл үйлесімділік жалғасын тауып, 2008 жылы Қазақстанда Украина жылы жарияланды...

АЛЫС ТА БОЛСА, ЖАҚЫН

Астана бауырластық орнатқан қалалардың ішінде алыс шет елдердің қалалары да бар. Соның бірі – Иорданияның астанасы Амман қаласы.

2009 жылы Амманда қазақ мәдениетінің күндері ұйымдастырылды. Иорданиялық халық діні бір, бірақ шалғай жатқан қазақ елінің мәдениеті мен дәстүрімен танысты. Астанадан сол жолы қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов бастаған 150 адамнан тұратын делегат Амманға барған.

Олар «Al-Hussein» концерт орталығында өнер көрсетіп, қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнерін биік деңгейден көрсете білді.



Иордания – саяси тұрғыдан алғанда, жас мемлекеттердің бірі. Алайда, қазақ секілді тарихы тереңнен бастау алады. Иордания, Амман – межелгі шығыс өркениетінің алтын бесігі. Әлемге тараған дәстүрлі үш дін дәл осы өлкеде пайда болған деседі.

Израиль, Сауд Аравиясы, Палестина мен Египетпен шекараласып жатқан бұл елдің өзiрге Қазақстан

үшін құпия-сыры көп. Әйтсе де, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар екі елден өзара ұқсастық табады. Мәселен, екі елдегі тұрақтылық. Одан кейін түрлі конфессия жасап жатса да, тыныштық пен үйлесімділік, бейбітшілік пен ауызбіршілік бұзылмай сақталып отырғаны екі елдің де үлкен байлығы дейді саясаткерлер.

Оның сыртында тағы бір ұқсастық, Иордания да Қазақстан сынды екі тілді мемлекет. Ресми мемлекеттік тіл араб тілі болғанымен де, халық ағылшын тілін де еркін қолданады.

Айтпақшы, Астана Амман қаласымен 2006 жылы бауырласқан. Астананың 10 жылдық мерейтойына да тілеулес ретінде аммандық қонақтар келді.

Сонымен... Астананың 20 бауырлас қаласы бар. Жоғарыда аталғандардан бөлек Бішкек (Қырғызстан), Питтсбург (АҚШ), Рига (Латвия), Гданьск (Польша), Варшава (Польша), Тбилиси (Грузия), Сеул (Оңтүстік Корея), Ташкент (Өзбекстан), Дубай (БАӘ), Бейжің (Қытай), Манила (Филиппин), Сараево (Босния және Герцеговина). Бұлардың қай-қайсысы да біздің елордамызбен тым болмағанда бір сала бойынша үндеседі.

Бірі – жақын, енді бірі – алыс, сөйте тұра, бұлар – бауырлас қалалар. Жыл сайын сәуір айының соңғы жексенбісінде атап өтілетін мереке бәріне де ортақ.

Р.С. Дүниежүзілік бауырлас қалалар қауымдастығы 160-тан астам мемлекеттің 3500-ден астам қаласын біріктіреді. Астана да сол қызу тірлігі қайнаған, достығы мен бірлігі жарасқан қалалардың бел ортасында аталып жүр.

Қазақтың қонақжай мінезін наш етерліктей, Астанада бүгінде айтулы халықаралық шаралар өтіп жүр. ОБСЕ-ге, ИЫҰ-ға төрағалық, басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс, халықаралық интергация... – осының бәрі Астананың әлем қалаларымен араласуына негіз боларлық. Сондықтан, Астананың бауырлас қалалары әлемін бейне «достық бағы» десек, ондағы гүлзарда уақыт өткен сайын гүл өсімдіктері көбейіп, жайқалып өсе беретініне сенім мол.

Ұлылар ұлықталған қала




Абай Құнанбайұлы



Жамбыл Жабаев



Дина Нұрпейісова



А.С.Пушкин



*Түркияның тұңғыш Президенті
Мұстафа Кемал Ататүрк*



Сәкен Сейфуллин



Жаяу Мұса



Бауыржан Момышұлы



Әлия Молдағұлова



Қазақтың соңғы ханы - Кенесары Қасымұлы



Қазақтың үш данасы - Төле, Қаз дауысты Қазыбек және Әйтеке билер



Қанжығалы Бөгенбай батыр



Қазақияның негізін қалаған Керей хан мен Әз Жәнібек хан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МУЗЕЙІ

... Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағылым алу – Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі...

Н. Ә. Назарбаев

2005 жылы 4 шілде күні Астана қаласының ең көрікті ғимараттарының бірі болып саналатын Елбасының бұрынғы резиденциясында ҚР Тұңғыш Президентінің Музейі келушілерге есігін айқара ашты.

Дәл осы жерде 1997 жылдың қараша айынан бастап еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жұмыс істеді, осы жерде маңызды саяси шешімдер жасалып, мемлекет басшылары деңгейіндегі кездесулер мен келіссөздер жүргізілді, тарихи құжаттарға қол қойылды.

Музейдің кең залы мен көрмелік галереясында егеменді Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының әртүрлі кезеңдеріне арналған және еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметі, оның жас мемлекеті құрудағы теңдесіз рөлі туралы баяндайтын экспонаттар қойылған. Музей жиналымының саны 62 000 экспонаттан асады. Олардың арасында Қазақстанның жаңа тарихы бойынша мұрағат құжаттарды, фото және бейне материалдар, материалдық және рухани мәдениет заттары – кітаптар, сувенирлер, өнер туындылары, қарулар бар. Тәжірибелі экскурсия жүргізушілері экскурсияларды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізеді. Залдарда тақырыптық фильмдер көрсетіледі, көрермендер музей экспонаттарымен өз қалауларына орай электрондық мультимедиялық бағдарламалар және қазіргі заманғы аудиотехника көмегімен танысуға мүмкіндік бар.

Шет мемлекеттерді зерделеп, Президент Н.Ә. Назарбаевтың жеке мұрағаты мен кітапханасы материалдарын қор негізіне ала отырып, жеті жыл бұрын Музей өз жұмысын бастады. Бүгінгі күні ол қоғам сұранысына ие, өз аудиториясы бар, аяғынан тұрған мекеме.

Адам тағдыры кіндік қаны тамып, өскен жеріне байланысты қаланады. Одан алған нәріңді бал жинаған арадай өз жүрегіңе құя білуің керек – осы сөздерде көптеген ұрпақтадың өзінің өмірлік күш-қуаты,

қайсар табандылығы, ата-бабалары мен отбасы үлгісінен жинаған тәжірибесі түйінделген. Ананың мейірімді әлдіі, әкенің қатаң тәлімі – қатал да сынаққа толы өмірдегі алғашқы сабақтар. Біздің Тұңғыш Президентіміздің тұлғалық қалыптасу тарихымен таныстыратын осы зал мен экспозициялардың “Атамекен” деп аталуы тегіннен-тегін емес.

Президент жүрегіне ең қымбатты Үшқоңыр жайлауы – Іле Алатаудың інжу-маржаны.

Нұрсұлтан Назарбаев 1940 жылы 6-шілдеде Іле Алатаудың етегіндегі Үшқоңыр жайлауында дүниеге келді. Оның ата-бабалары Алматы облысы Қаскелең ауданының Шамалған селосында тұрған.

“Менде не көп болды, ол Алатаудың қарлы шыңдарына төнген көк аспан, жарқыраған күн мен керімсал ауа болды. Менің балалық шағымдағы таудың жұпар ауасы”, - деп еске алады Нұрсұлтан Әбішұлы.

Ата-анасының еңбекке қатынасын, оның жоғары құндылықтылығын сезінуге жас Нұрсұлтан үйдің тұңғышы ретінде барлық ауыртпалықтар мен азапты әке-шешемен бірге көтеру арқылы жетті. Адамның өмір бойына қажетті нәрселер қалыптасатын балалық шақ есте ғана қалып қойған жоқ. Дәл осы балалық кезеңде болашақ көшбасшының басты бет-бейнесі, мықты, бөлекше тұлғалық мінез негіздері қалыптасты.

Мектепті аяқтаған соң Н.А.Назарбаев Теміртау қаласындағы металлургиялық комбинатқа кетеді, оның ұзақ жылдар бойғы өмірі аталған орынмен байланысты болады.

Елуінші-алпысыншы жылдары Республика өмірінде бұрын болмаған қарқын мен серпілес болды, бұл өзгерістер айналадағы дүниенің барлық қырларынан сезілді, ол өзінің ағынымен мейлінше жігерлі де, тынымсыз қазақстандықтарды, әсіресе, жастарды баурап алды.

Осы кезде Қазақстан Магниткасы деген атақ алған еліміздің ірі металлургиялық комбинаты бой көтерген еді. Оған жергілікті, ұлттық кадрлар қажет болды. 1958 жылы Қазақстан Үкіметі 100 бозбаланы (арасында Н. Назарбаев бар) Кеңес Одағының “кадрлар ұстасы” деп танылған Днепродзержинск қаласындағы Днепр металлургиялық зауытының жанындағы №8 техникалық училищеге оқуға жіберу туралы шешім қабылдады.

1960 жылы училищені аяқтау барысында емтихан комиссиясының шешімі бойынша Н. Назарбаевқа “сегізінші разрядты екінші тау-кенші” деген біліктілік берілді.

Оқуды аяқтаған соң ол Теміртауға оралды. Еңбек жолының алғашқы күндері Қарағанды металлургия комбинатында басталды, бұл адамның абыройы, құны еңбек етуі мен адамдарға қатынасымен айқындалатын нағыз еңбекпен шындалу мектебі болды.

Осы Теміртауда Н. Назарбаев өзінің болашақ жарын, сұлу да жігерлі Сара Қонақаеваны кездестіріп, отбасын құрады.

Алпысыншы-жетпісінші жылдар арасында болашақ Президенттің еңбек жолы күрт бұрылыс жасайды: оның Қарағанды облысындағы ком-

сомол және партия органдарында жұмыс істеу кезеңі басталады (1969-1973 жж. Теміртау қаласының комсомол, партия жұмыстары; 1973-1977 жж. Қарағанды металлургиялық комбинатының партиялық комитет басшысы; 1977-1979 жж. Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы). Осы кезде тәжірибе мен таным, жауапкершілік ауқымы есепсіз ұлғая түседі.

1979 жылы Н. Назарбаев Республика Компартиясы ОК-нің хатшысы болып сайланып, Алматыға ауысады, осы кезеңнен саясат саласында шарықтау кезеңі басталады.

Музейге келушілер бұл залға ерекше толқыныспен және қызығушылықпен кіреді – мұнда Тұңғыш Президенттің жұмыс кабинеті орналасқан.

Резиденцияның мәжіліс залында қойылған экспозициялар (зал Мемлекет басшысының қатысуымен болатын басқосуларды өткізуге арналған) өзінің ерекше қанықтылығы және толымдылығымен ерекшеленеді, әрбір экспонат біздің күні кеше өткен тарихымыздың маңызды және белгілі оқиғаларын бойына жинақтаған және ол талмай күресу мен жеңістеріне тұнып тұр деуге болады. Бұл экспозиция біздің мемлекетіміздің қалыптасуы мен оның даму стратегиясын айқындауға арналған. Ізденіс, күдік, тынбай еңбек ету және талмай оқу, үйрену жылдары ғана біздің нақты таңдау жасауымызға, Қазақстанның өзіндік даму жолына түсуіне көмектесті.

Нұрсұлтан Назарбаев тек қана саяси жетекші емес, экономика, қоғамның әлеуметтік дамуы бойынша ғылыми еңбектердің де авторы. Экспозицияның түйіндеуші бөліміне қойылған Президент кітаптары қоғам мен мемлекет алдында тұрған проблемалардың таңбасы қалған тарихты безбендеу толғаныстарының нәтижелері болып табылады және олар ұлт көшбасшының жеке тұлғасы туралы да, көпқырлы қызметі туралы да тереңірек білуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының еңбектерінің арасында Қазақстан халқында Жолдаулар ерекше орын алады. Ол өзінің болмысында – саяси үрдіске құйылған ақыл-ой инвестициясы болып табылады, сонымен бірге оларды тек Үкіметтің, Парламенттің, басқа да мемлекеттік органдардың ғана емес, сондай-ақ әрбір қазақстандықтың алдын-ала тұрған нақты міндеттерді анықтайтын іс-әрекет жоспары деп атауға болады. Үндеулердің (олар экспозицияда қойылған) өн бойында күшті энергетикалық, интеллектуалдық, инновациялық қуат бар.

Қазақстан – бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық үшін мейлінше қызықты. Қазақстан Президенті еңбектерінің әлем халықтарының 20 тілінде аударылуы кездейсоқ құбылыс емес.

Нұрсұлтан Назарбаев – қазіргі заманның бірден-бір көрнекті көшбасшысы. Ол – тек өз халқында ғана емес, тысқары жерлердегі елдерде де жоғары беделге қол жеткізген саясаткер. Президенттің басты тақырыбы Қазақстан, оның өткені, бүгінгісі және болашағы деп атауға

да болады. Еліміз оның еңбектерінде сыртқы әлемге икемді дамуда кіріктіріліп бара жатқан ашық кеңістік ретінде көрінеді. Қазақстан оның көшбасшысы үшін тек тақырып қана емес, сонымен бірге жасампаздық алаңы. Ол – болашаққа ұмтылған жасампаздық.

Интерьер реңкінің мейлінше басымдығына қарай Алтын зал деп аталған зал түрлі-түсті гаммаларының сән-салтанатымен, әшекейлерінің әсемдігімен көздің жауын алады. Мұнда жоғарғы мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлердің қатысуымен көптеген халықаралық келіссөздер өткен. Ал бүгін бұл залда Тұңғыш Президентінің халықаралық ынтымақтастықтың қалыптасуы мен дамуындағы рөлін ашатын “Қазақстан және әлемдік қауымдастық” атты тақырыптық экспозиция орналастырылған. Экспозиция залдың атқаратын мұрагерлік қызметін жалғастырып келе жатқандай: бұрын да, қазір де мұнда елдер мен халықтарды жақындастыру бойынша, өзара түсіністік пен достықтың мықты негіздерін құру бойынша маңызды жұмыстар жүргізілуде.

Ресми салтанат залын өзіндік еліктіретін әсер мен көз тартар әсемдік ерекшелейді, сондықтан оның Күміс зал деп аталуы кездейсоқ емес. Интерьер өзінің жеңіл жайнауымен және нәзік өрілген сәнділігімен таң қалдырады. Залдың декорында қазақ ою-өрнегі, сарыны басым. Осынау көз тартар әсемдік үйлесімде қазақ өнеріне тән түс пен өрнектің кең таралған тепе-теңдік ұстанымы сақталады. Бұрыштарға орналастырылған зерлі айналар мың құбылған сәулесімен залға өзгеше сән береді. Ал ең көрнекті жерде Қазақстан Республикасының Елтаңбасын көреміз, бұл – мемлекеттік және үкіметтік марапаттар табыс етілетін залдың міндетті атрибуты. Қазіргі уақытта мұнда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті лайық болған марапаттар орналастырылған. Бұл жинаққа тең келер нәрсе жоқ, онда әлемнің көптеген елдерінің жоғары наградалары қойылған. Тату көршілік пен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған халықаралық аренадағы Қазақстанның белсенді қызметі әлемдік қауымдастықта кең қолдау тауып, біздің халқымыз бен көшбасшымызға терең құрмет сезімдерін туғызады. Оның бір айғағы – бүкіл Қазақстан халқына деген құрмет байқалатын Президентке берілген марапаттар.

Үлкен лентамен безендірілген Үлкен Крест Кавалері орденімен ғылым, экономика саласына еңбегі сіңген, белсенді мемлекеттік және әлеуметтік қызмет еткен тұлғалар марапатталады. Н. Ә. Назарбаев бұл орденмен 1997 жылы Италия Республикасының алдындағы қызметі үшін марапатталды. Үлкен Крест Лентаның құрамасы Италияның тек қана мемлекет басшыларына табыс етілетін жоғарғы марапаты болып табылады.

Қасиетті апостол Андрей Первозванный ордені – Ресей Федерациясының жоғарғы наградасы, онымен біздің Елбасымыз 1998 жылы Ресей мен Қазақстан халықтары арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін марапатталды. Орден “Сенімі мен адалдығы үшін” ұраны бар жұлдыздан, Қасиетті апостол Андрей Первозданныйдың керілген фигурасы бейнеленген және

алтындалған күміс белгіден, мемлекеттік елтаңба мен крестен тұратын алтындалған күміс шынжырдан және көгілдір құлпырған қалың жібектен жасалған лентадан тұрады. 1698 жылы Бірінші Петр тағайындаған бұл орденмен Отан алдындағы теңдессіз қызметтері үшін орыс қолбасшылары марапатталған. Бүгінгі таңда Ресейдің саяси және қоғам қайраткерлеріне, сондай-ақ Ресей Федерациясының алдындағы сіңірген көрнекті еңбегі үшін шетел мемлекет басшыларына табыс етіледі.

Зал сөрелеріне Қазақстан мен өзге мемлекеттер арасында достық пен ынтымақтастықты дамыту және нығайту ісіндегі сіңірген аса көрнекті еңбегі үшін ел Президентінің әртүрлі жылдарда алған мемлекеттік наградалары қойылған. Бұл Украинаның жоғары марапаты - “Князь Ярослав Мудрый” ордені (1997 ж.), Өзбекстан Республикасы - “Буюк хизматлари учун” ордені (1998 ж.), Литва республикасының - “Бірінші класты Витаус Великий” ордені (2000 ж), Австрия Республикасының “Австрия Республикасына сіңірген қызметі үшін Үлкен Құрмет Жұлдызы” (2000 ж.) ордені, Хорватия Республикасының “Ұлы Даница белгісі бейнеленген байлауыштағы Король Томислав” ордені (2001 ж.), Польша Республикасының “Ақ Бүркіт” ордені (2002 ж.) және басқалары.

Күмбез залы – резиденцияның ең үлкен және әдемі залдарының бірі. Мұнда барлығы да ерекше: дөңгелене біткен қабырғалар да, ортадағы үлкен үстел де, кең алаң да. Бірақ, ең үлкен әсер қалдыратын дүние, әрине оның күмбезі. Оның биіктігі 14,5 метрді құрайды, ол қазақ даласының төбесінде аспан тіреп әуелеп тұрғандай... Күмбез шаңырақ пішінінде – бейбітшілік пен Қазақстан халықтарының бірлігі символында жасалған, ал ашық көгілдір түс – бұл аспан, әлем және тазалық түсі. Әр жерінен жарқылдайтын алтын түстер жұлдыздарды еске салады. Көгілдір түс бетіне қондырылған алтын түс біздің көпұлтты Отанымыздың рухани байлығы мен ниетінің тазалығын бейнелейді.

Күмбез залы холында Қазақстан Республикасы Президентіне шетелдік басшылардың, әлемдік жетекші компаниялардың, қоғамдастық өкілдерінің әр кезеңде ұсынған сыйлықтарының бай коллекциясы қойылған. Сыйлықтар географиясының ауқымы кең, олардың барлығы да біздің жас мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтағы жоғарғы құрмет иесі екеніміздің бұлтартпас дәлелі бола алады. Бұл коллекциялардың байлығы мен өзіндік ерекшелігіне әлемнің кез келген музейі қызыға алар еді десек, артық айтқандық болмас. Көптеген жұмыстар таңғажайып, қайталанбас ерекше, ол оның жалғыз дана екендігіне байланысты емес, олардың бойында авторлардың жүрегінен шыққан шынайы белгісі мен жоғарғы шеберлігі, өзіндік жеке қолтаңбасының болуында.

Кореяның ұлттық қазынасы болып саналатын Силла (V-VI ғғ.) мемлекеті басшыларының Чонма-Чонг тәжінің көшірмесі, сондай-ақ осы ел делегациясының сыйға тартқан әлемдегі алғашқы брондалған соғыс кораблінің макеті (XVI ғас.) ерекше қызығушылық туғызады.

Президент Резиденциясының алдында биік ағаштармен және жайнаған раушан гүлдермен көмкерілген кең алаң ресми салтанатты қабылдаулар өткізілетін орын болған еді. Бұл алаңда мемлекет басшысы Н. Назарбаев бірнеше жылдар бойы Астанаға ресми сапармен келген жоғарғы қонақтарды қабылдады.

Шетел мемлекеттерінің президенттері, корольдар мен сұлтандар, шейхтар мен үкімет басқарушылары, премьер-министрлер және бірқатар елдердің делегация жетекшілері осы жерде Қазақстан жерінің, халқының өкілі Президентті құттықтады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны ойналып, қалыптасқан салт бойынша Республикалық ұланның Құрметті қарауылы салтанатты құттықтап, қарсы алды.

Ал бүгін біз бұл жерден алыстан келген ең құрметті қонақтарды қарсы алатын ханның шатырын және кез келген жолаушыны құшақ жая қарсы алатын қарапайым далалықтардың киіз үйін бейнелейтін өзіндік композицияны көреміз.

Еліміздің болашақ көшбасшылары – бүгінгі студенттер мен мектеп оқушылары “Қазақстанның іргетасына қаланған әрбір кірпішін” білуі тиіс.





Кіші мәжіліс залы



Президенттің алқасы



Елбасының қола мүсіні



Атамекен залының көрінісі



Құмбезді зал





ПРЕЗИДЕНТ МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

Астананың архитектуралық ескерткішіне айналып отырған Президенттік мәдениет орталығы елордада Шығыс үлгісімен салынған алғашқы ғимарат. Оның сәулет жобасын сызып берген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еді. «Окан Холдинг» компаниясының жобалау тобы сол үлгі бойынша жұмыс істеді. Құрылыс 1998 жылдың маусым айында басталды да 2000 жылғы маусымда аяқталды. Салтанатты ашылу сәті елорда күнінде, сол жылдың 10 маусымында өткізіліп, оған Елбасының өзі қатысты.

Мәдениет орталығы көп қырлы кешен, онда 570 мың шығармалар қоры бар кітапхана, 400 орындық концерт залы мен Ұлттық мұражай орналасқан. Ғимараттың жалпы аумағы – 19500 шаршы метр.

Көк күмбезді, көне ғасырлардан тылсым сыр тартып тұратын салтанатты шаңырақ Астанаға келген алыс-жақын елдің көзіне бірден түседі. Қалаға енетін барлық жолдардың торабында тұр, байырғы шаһарға сол арқылы өтесің. Осы арадан сол жағалауға бастайтын көпір қашық емес, ал қол созым жерде Есіл ағып жатыр.


Орталықтың осындай ұрымтал жерге орналасуы архитектуралық кескінін анықтауға ықпал етті. Жол торабындағы, ұдайы көптің назарындағы құрылыс әдеттегідей төрт қырлы бола алмас еді. Ол Есілден ескен самал айнала қыдыратын қасиетті киіз үйін еске түсіріп тұрса дұрыс-ты. Мемлекет басшысының идеясы да осыны көздейтін және төрт қанатын еркін жайып жіберуі керек еді.

Құрылысты нақты жобалағанда бұл ой-тұжырым қатаң ескерілді, шаңырақ-күмбез көкке талпынып, төрт қанат қазақ халқының төрт таптапты нұсқаған көне символындай сәтті шешімін тапты. Бүгінде сол қанаттың бірі – кітапхана, бірі – концерт залы, бірі – мұражай, бірі – қызмет жайы. Ал күмбез асты кеңістік-шалқар атриум түрінде асқақтап, төрт қанатты өзара астастырады. Сол кеңістікке көтерілген ел аспан астын қызықтағандай әсерге бөленеді. Көз астындағы киіз үй, төңкерілген зеңгір көк бейнесінен халықтың көне ғарыштық танымымен – тәңірлік әлеммен қауышқандай боласыз. Адам, оның рухы, ой-сана, жанды-жансыз – бәрі қасиетті көктен нәр алатынын аңғарасыз.

Ғимарат үш бірдей талапты орындап тұр. Біріншіден, шығыс сәулет өнерін Астана архитектурасына сәтті енгізді. Екіншіден, қаланың рухани-мәдени қажетін жан-жақты өтей алатын шаңырақ ретінде қалыптасты. Үшіншіден, Елордаға кіретін және одан шығатын жол тарамдарын үйлестіретін жүйе түрінде маңызды.

Бүгінде орталық – Республикадағы Ұлттық мұражайлардың бірегейі. Онда көне заманғы археологиялық және қолөнер бұйымдарының бай қоры сақтаулы. Мұнда 300 мыңға жуық экспонаттар қойылған, олардың әрқайсысы өзінше бағалы. Мұражай астаналықтардың ғана емес, шетелдерден келген меймандардың міндетті түрде аялдайтын орны. Елордада іс-сапармен болған мемлекеттер басшыларының барлығы дерлік осы шаңыраққа соғып, қазақ халқының байырғы бай мәдениетімен танысады.

Мұражайдағы әсем киіз үй шаңырақ астындағы шаңырақ іспетті. Ол да, сәулетті күмбез де бүгін мен көнені ерекше үйлесімде жалғастырып тұрғандай.



Абылай ханның алтын зерлі қамқа тоны



Салтанатты ат-абзелдерінің реконструкциясы





АТАМЕКЕН – ҚАЗАҚСТАН КАРТАСЫ

Елордада кімге болса да мақтанышпен көрсете алатын мәдени орындардың бірі – «Атамекен» этно-мемориалдық кешені. Оның құрылысы 1997 жылы басталып, 2001 жылғы қыркүйек айында ашылған болатын.

Бұл кешенде еліміздің 14 облысы мен Алматы, Астана қалалары аумағындағы көрікті құрылыстар мен тарихи орындардың шағын макеті ашық аспан астындағы мұражайға қойылған. Сонымен қатар әр жердің табиғат ерекшеліктері де назардан тыс қалмай, жердің рельесі, аймақтағы өзен-сулар, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемінен де толық ақпарат алуға болады.

Аумағы 1,7 гектер жерді алып жатқан «Қазақстан картасы» 2,7 млн. шаршы шақырым жері бар елімізді бірер сағаттың ішінде «аралап шығуға» мүмкіндік береді. Тұлпардың тұяғын тоздырып, сұңқардың қанатын талдыратын ұлан-ғайыр кең даланы, Атырау мен Алтайдың, Еділ мен Іленің арасын лезде шолып шығып қана қоймай, облыс орталықтары мен елді мекендеріндегі сәулетті де салтанатты, тарихи маңызы бар құрылыстар, саяси, экономикалық мақсаттағы үлкен орталықтар, ескерткіштер мен кесенелер түпнұсқаснан аумаған күйінде көздің жауын алып тұрады. Сондай-ақ, еліміздің аумағындағы ескі қалалар мен қорғандардың, Ұлы Жібек жолы бойындағы тұрғын-жайлардың орындары – бәрі-бәрі осы картадан орын алған.

Бүгінде «Атамекендегі» ең жақсы әрі толық жасалған макет – Астана қалшасының макеті болып табылады. Өйткені қала басшылығы кешеннің маңыздылығына қатты көңіл бөліп, қолдан келген көмектің бәрін жасайды. Тағы бір айта кететіні, Астана қаласының бұрынғы аумағына қоса, Қостанай облысын берілген бос тұрған жердің есебінен 1 мың шаршы метрлік биік алаң орнатылып, «Астана – жаңа қала» атты Есілдің сол жағалауындағы қала құрылыстарының макеті қойылған. Онда Елбасының резиденциясы – Ақорда, Бәйтерек, Қазақстан Темір жолы, «Нұр-Астана» мешіті, «ҚазМұнайГаз» кәсіпорнының әкімшілік ғимараты, Ұлттық кітапхана, Көрме кешені, Орталық мұрағат, Қорғаныс министрлігі, Жоғарғы сот, Сыртқы істер министрлігі ғимараттары, тұрғын үйлер, «Нұр жол» гүлзары, оның бойындағы субұрқақтар, барлығы қазқалпында, түпнұсқадан айнымаған қалпында осында келіп қона қалған. Оның үстіне бұл алаң кешқұрым самаладай жарқырап, тіптеп көздің жауын алады.

Ару Алматы қаласы құрылыстарының да шағын макеттері көз тартады. Алдымен әрине, көзге түсетін көгілдір Алатаудың ақбас шыңдары, оның етегіндегі Абай алаңы мен «Арман» кинотеатры, Алматының бір кездегі символы болған «Қазақстан» қонақүйі, тағы басқа көптеген әсем ғимараттар өмірдегі көрікті келбетімен орныққан. Ал «Тәуелсіздік» алаңында қазіргі қала әкімінің ғимараты, Президенттің резиденциясы бар. Алматы облысы бойынша аты әмбеге аян Қапшағай СЭС-і, Аңырақай шайқасының орнындағы ескерткіш, Ш. Уәлиханов мемориалдық кешені, Уәли байдың мешіті, Райымбек бабамыздың, Қарасай батырдың, Н. Тілендиевтің ескерткіштері менмұндалайды. Ақтөбе облысынан мақтан етерлік тоғыз нысан тұр. Соның ішінде Хромтаудағы Дөң кен-байыту комбинаты, металлургтердің мәдениет үйі, Көтібар, Есет батырлардың кесенесі, Әлияның ескерткіші мен Мұғалжар тауының сілемдері бар.

Облыстардың арасында толығырақ болып, жақсы көрінетіндерінің бірі – Атырау облысы. Оған сол облыстың әкімі болып тұрғанда белгілі қайраткер, қазіргі Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов көп үлес қосқан екен. Жақсы жанашырдың арқасында Атырау өңірі жайнап тұр. Соның ішінде иісі қазақстандықтардың мақтанышы Каспий теңізі бойындағы барымен толықсып жатыр. Қалаберді осы өлкенің байлығы – мұнай өндейтін бірнеше нысанның макеті, Құрманғазы мазарының, көрнекті мәдени мекемелер, тамаша қонақүйлер, мұражайлармен қатар ежелгі Сарайшық қаласының мемориалдық қорығы макетпен көрсетілген.

Кешенде Батыс Қазақстан облысынан 20 нысан тұр. Сөйтіп, бұрынғы әкімі Қырымбек Көшербаевтың арқасында Астанада болған-алыс жақын жердің қонағы батысымыздағы мәдени байлыққа, сәулет өнерінің жәдігерлеріне, тарихи орындарға бай екендігін көреді. Барып көрсе де болады екен-ау деген сезім де көңілде туып қалары сөзсіз. Әсіресе, Жәңгір ханның үйі мен кесенесі, Дәулеткерейдің мазары еріксіз көз тартады.

Киелі Әулиеата өлкесі, Жамбыл облысынан Көшек батыр мазары, Қарахан, Айша бибі, Шоқай күмбездерінің макеті көз қызықтырады. Бұл облыс көбіне-көп өз өлкесіндегі тарихи орындарға назар аудартқысы келгені сезіледі. Серік Үмбетов осы облыстың әкімі болып тұрған кезде кешенді өзі келіп аралап, басқарған аймағын жақсы қырынан көрсетуге еңбек сіңірген екен.

«Атамекенге» қатты көңіл бөліп, өз облысын лайықты көрсетуге тырысқан әкімдердің бірі Қарағанды облысының әкімі Қамалтин Мұхамеджанов екен. Соның арқасында Қарағанды жеріндегі Алаша хан мен Домбауыл кесенелері, Қарқаралыдағы Абай үйі секілді тарихи орындар, облыс орталығындағы бірнеше сәулетті құрылыстардың макеті жасалыпты. Соның ішінде кеншілердің мәдениет сарайы, темір жол вокзалының ғимараты, атақты металлургия комбинаты мен Ертіс-Қарағанды каналының сұлбасы көрінеді.

Қостанай облысынан Қазақстанның ашық картасында «Соколов-Сарыбай» кен байыту және «Қостанайасбест» комбинаттарының,

«Қарабатыр» агрофирмасының әкімшілік ғимараты, ал мәдени мұралардан – Шақшақ Жәнібек батырдың мемориалдық мұражайы, Торғай мешіті, т.б. орын алған.


Тарихи орындары көп Оңтүстік Қазақстан облысы да картада молынан көрсетілген. Онда Қожа Ахмет Яссауи мен Арыстан бабтың, Бәйбібек би мен Домалақ ана кесенелері, Қаратаудың сілемдері мен Отырар қаласының орны әсем көрсетілген. Индустриялы облыстардың бірі Павлодар өңірі негізінен аса ірі кәсіпорындар арқылы көрсетілмек болған тәрізді. Өйткені ол Екібастұз СЭС-і, «Қазақстан алюминий зауыты», «Богатырь» кен орны, «Ақсу ферроқортпа зауыты» арқылы көрініп, мәдени орындардан Мәшһүр Жүсіп мешіті бейнеленген.

Шығыс Қазақстан облысы негізінен кәсіпорындарымен көрінген. Облыс орталығы жақтағы аймақта Алтай таулары мен Шульба, Бұқтырма, Өскемен СЭС-і орналасқан. Ал Семей өңірінде Абай мен Шәкәрім кесенесі, Курчатовағы ядролық орталық, қаладағы Ертістен өтетін үлкен көпір бар.


Қысты күндері макеттер жабылып, қар басып қалмайтындай етіліп қоршалады да, жұмысы ерте көктемнен басталады. Сол кезде суретші, дизайнерлер, сәулетшілер жаппай жұмысқа кіріседі. Кешеннің көрмелік қана емес, экономикалық көрсеткіш ретіндегі де маңызы бар. Елімізге келген кейбір инвесторлар ақша құятын аймағын көрсетуді сұрайды. Ал онда темір жол болып, электр қуаты жеткізіліп тұрғанын көрсе, кәдімгідей көңілденіп қалады екен. Осы орайда, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-тың елдің барлық аймақтарындағы өз жолдарының макетін тегін жасап бергенін жақсы үрдіске баладық. Ал КЭГОК компаниясы электр қуаты желілерінің макетін карта бойына тартып беруді қолға алған.

Міне, еліміздің бар мақтанышы «Атамекеннің» бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай.















ЕЛОРДА ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

Білім – тамыры терең, танымы мол ерекше ұғым. Оған деген ізденісте әркімнің таласы бар. Мұның өзі – жәй құштарлық емес, кім-кімнен де ынта мен ықыласты, сабыр мен саналы еңбекті талап ететін дара дүние.

Әлемдік тәжірибеде қалыптасқан мынандай тұжырымдама бар. Озық елдер өздерінің білім саласындағы жетістікке жетуді негізгі үш міндетпен байланыстырады. Ол:

- ұстаздардан әрбір балаға тең дәрежеде көңіл бөлуді талап ету;
- педагогикалық кадр құрамының кәсіби деңгейінің жоғары сапасын үнемі бабында ұстау;
- мұғалімдік қызметке барынша дарынды жандардың тартылуына көңіл бөлу.

Бізге де осынау ұстанымдарды әркез есепке алу артықтық етпейді. Өйткені, білім игеру – айтуға оңай болғанмен, жай шаруа емес. Шешімі жан-жақты әрі жүйелі жұмыстың нәтижесіне байланысты. Соның маңызды құрамының бірі – әрине, қаражат мәселесі. Оны қаламыздың осы саладағы жай-күйінен анық байқауға болады. Атап айтсақ, соңғы үш жылда бұл жүйеге бөлінген қаражаттың көлемі екі есе өсіп, 16 миллиард теңгені құрап отыр.

Бұл – еліміздің әл-ауқатының жақсаруы мен Елбасының тікелей қамқорлығының арқасы деп айтуға болады.

Десе де, біздің заман – жаңа кезең. Жаңа көзқарас, жасампаз жаңашылдықтың дәуірі. Әрбір сәт үшін болып жатқан өрелі өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Мысалы, бүгінгі таңда технология саласындағы жаңалық күн сайын емес, сағат сайын жаңаруда. Яғни, бұл бағытта бір сәтке кешігу – ізбе-із өкшелеп келе жатқан бәсекелеске орын беріп, артта қалу деген сөз.

Ертеңгі күннің еншісі – бүгінгі ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне төгілген тердің өлшемімен таразыланады.

Бұл ретте, барлық үміт – ұстаз бойындағы міндетте. Ұстаз – ұлағатты атау. Алтын ұя мектептің жаны да, ары да – мұғалім. Өнегелі ұстаздан өрелі шәкірт шығатыны белгілі. Себебі, ұстаз қаншалықты қабілетті болса, оқушы да соншалықты талапты болмақ.

Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағлымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де осы ұстаным.

Білім беру жүйесі – ең тұрақты әрі дәстүрге берік саланың бірі. Сөйте тұра, ол керітартпа қасандықтан ада. Оның құрылымы өзгеріп, техникалық жарақтары жаңарып, әрдайым білім беру мен дағды дарыту ауқымын кеңейтіп отырады.

Елордалық білім беру жүйесінің 2011 жылғы жалпы бюджеті 16 млрд 074 млн теңгені құрады. 2008 жылғымен (7 млрд 853 млн теңгемен) салыстырғанда ол екі есеге ұлғайды. 2011 жылы әртүрлі тұрпаттағы 33 мектепке дейінгі мекеме ашылады. Осылайша, жалпы алғанда бұрынғыға 9095 орын қосылатын болады.

Ең алдымен оқу құралдары туралы айта кетейік. Мұндағы ең маңызды мәселе оқулықтардың сапасы болып табылады. Жақсы оқулық жеткіншекке бүгінгі әлем хақында қолданбалы ілім беріп қана қоймай, күні ертең табанын тірер, арқасын сүйер берік іргетас қалап, бойға жиған білімін жаңа жағдайда тиімді пайдалануды үйретуге тиіс.

Бұл оқушылардың табиғат құбылыстары мен әлеуметтік ортаның қарым-қатынасы туралы тыңғылықты түсінігін қалыптастырып, сол арқылы ілім-білігінің іс жүзіндегі мәні мен маңызын арттыра түседі. Бүгінде мемлекеттен тендер алып, оқулық шығаруға құмартып жүрген баспалар көбіне сол өнімінің сапасы туралы ойлана бер мейді. Сондақтан да оқулықтарда олқылықтар көбейіп, ата-аналардың ашу-ызасын туғызып жүрген жайы бар.

Екіншіден, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтып кеткендей, қашан да «жасампаз», «жаңашыл» ұғымдарымен тығыз байланыста өмір сүретін тұлға мұғалім туралы айтпай кетуге болмайды.

Ғалымдардың есептеуінше, әлемдегі бүкіл ғылыми жаңалық авторларының 70 пайызы, әйтеуір, мұғалім мамандығына қатысы барлар екен. Міне, сондықтан да оқытушының жаңалықты енгізу ісіне инновациялық талпынысы оқушының нақты сол пәнге ынта-ықыласын оятады. Әсіресе, мұндай тәсіл «next-ұрпақ», «индиго-балалар» атана бастаған қазіргі жеткіншектерді бей-жай қалдырмаса керек. Иә, креативті нышандарды ырқына бағындырған ілкімді мұғалім ғана тура мағынасында «жақсы мектепті» қалыптастыра алады.

Бүкіл білім беру жүйесімен қатар мұғалімдер қауымына қолдау көрсету мемлекеттік басты бағыттардың бірі болып табылады. Мұғалімнің материалдық және әлеуметтік жай-ахуалын нығайтпайынша, бұл салаға қаржыны үйіп төккенімізбен, шынайы білім беру туралы сөз қозғап, ой толғағанымыздың бәрі тұрлаусыз болып қала береді.

Соңғы жылдар ағымында мемлекет мұғалімнің еңбекақысы мен үстеме ақыларын өсіру туралы мәселені жүйелі шешіп келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес дәл осы жылдың 1 шілдесінен бюджеттік сала қызметкерлерінің, соның ішінде, педагогтардың еңбекақысы 30 пайызға өсірілді. Ал, 1 қыркүйектен бастап Үкіметтің біліктілік санаты берілген мұғалімнің айлық ақысын көтеру туралы қаулысы күшіне енді. Нақты өлшеммен айтқанда, бірінші санатты мұғалімнің орташа еңбекақысы – 76 мың теңгеден, ал жоғары санаты бар ұстаздың орташа еңбекақысы 87 мың теңгеден асады.

Елорда мұғалімдерін қолдау қамы мұнымен шектелмейді. Асылы, ұстаз қызметінің сапасына тұрмыс қолайсыздығы кері әсерін тигізбей қоймайды. Басында баспанасы болмаса, оның жұмысынан өнімді қайтарым күту қиын. Өйткені, мұғалім үшін үйі екінші жұмыс орны десе де болады. Сондықтан қала дамуының басым бағыттарының бірі


мұғалімдерді тұрғын жаймен қамтамасыз ету. Мәселен, 2008 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша, сондай-ақ муниципалдық және арендалық тұрғын үй қорынан 2000-дай мұғалім пәтер алды. Бұл бастама әлі де жалғаса береді деп күтілуде. Астана қарқынды дамып, үйлер көптеп салынуда. Тек биылдың өзінде 1 млн 400 мың шаршы метрден аса тұрғын үй қолданысқа берілген. Қазіргі кезде Үкімет азаматтарды тұрған үйімен қамтамасыз етудің бірнеше пішімін жасады, баспана қиындығын көріп жүргендер сол белгіленген тәртіп бойынша пәтерге ие болмақ.

Осындай іс-шаралар орта мектептеріміздің «шынайы білім беру» қағидатын өзек тұтатын нағыз елордалық статус иеленуіне септесіп, сүйеніш боларына бүгінде қала халқының көзі жетіп келеді. Өйткені, мұғалім білім беру жүйесіндегі орталық, шешуші тұлға болып табылады, бірнеше ұрпақтар буынының дүниетанымы оның кәсіби деңгейі мен адами қасиеттеріне байланысты қалыптасып, дамитыны айтпаса да түсінікті.



Қорыта келгенде, Елорданың білім саласында жан-жақты әрі тиянақты жасалып жатқан шаралар оқушылардың білім сапасына оң ықпалын тигізуде. Сонымен қатар, ұстаздар қауымы да мемлекет тарапынан үлкен қолдауларға ие болып, мектеп жаңа инновациялық технологиялармен қамтамасыз етілуде. Осының барлығы, түптеп келгенде, болашақ ұрпақтың білімді де білікті, бәсекеге қабілетті болып тәрбиеленуіне сөзсіз әсер етеді.

Астана — болашақ














НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ



Астана – Қазақстанның тәуелсіздікте қол жеткізген саяси ерік-жігерінің жемісі болса, оның тек сыртқы келбеті ғана емес, экономикалық-әлеуметтік тыныс-тіршілігі де біз үшін өзекті мәселе. Болашақ білім мен ғылымның негізгі қуатты мекеніне айналатын Астанада зияткерлік элитасын қалыптастыру – бүгінгі күннің талабы.

Осы орайда, елорданың төрінде ұлттық білім беру жүйесінің барлық артықшылықтары мен үздік әлемдік ғылыми білім беру тәжірибесін үйлесімді қамтитын, болашақта Қазақстанның ұлттық брэндіне айналатын ерекше үлгідегі халықаралық университеттің ашылуы заңды еді. Бұл – ел экономикасының дамуындағы алдағы онжылдықта ерекше мән берілген индустриялық-инновациялық бағыттағы халықаралық стандартқа сай мамандар даярлайтын жаңа оқу ордасы Назарбаев университеті. Елбасы халыққа кезекті Жолдауында: «Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары «Жаңа халықаралық университет», «Арнаулы қор», сонымен қатар бүгінде табысты жұмыс істеп жатқан «Интеллектуалдық мектептер» секілді бірқатар жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ. Мен олардың менің есімімді алуына келісімімді бердім. Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс» дей келе, Елордада бой көтеретін жаңа халықаралық университетке ерекше басымдылық берген еді. Білім беруде сапасы әлемдік

стандартқа сай болатындығы жөнінде де айта келіп, жаңа жобаның жүзеге асуына өзі бастамашы болды. Осылайша жаңа Назарбаев университеті әлемдік білім кеңістігіне жол тартты. Қазақстандық білім беру жүйесіне өзінше бір серпін әкелген Назарбаев университетінің білім берудегі басты мақсаты – өз алдына инновациялық зерттеудің мүмкіндіктерін жетілдіре отырып, қуатты және заманауи инфрақұрылымы бар оқу ордасына айналу еді. Сонымен қатар әлемдегі үздік жоғары оқу орындарымен терезесін теңестіру болды. Бұл маңызды жобаның бастамашылары оның іргетасын берік етіп қалаумен қатар, болашақ мамандарды сапалы біліммен қамтамасыз етудегі отандық және шетелдік үздік зерттеуші-ғалымдарды, профессорларды шақыртуды да өз жауапкершіліктеріне алды. Қазіргі күні мұнда шетелден келген және еліміздегі маңдайалды мамандар дәріс оқиды. Олардың қызмет етуіне кедергі келтіретіндей еш бөгет жоқ. Өйткені, мұнда тек халықаралық білім берудің сапасы ғана емес, болашақ маман мен оқытушылардың да тіршілік қажеттіліктері қамсыз жасақталып қойған.



Жалпы халықаралық мәртебеге ие оқу орнының келешек атқарар міндетін Елбасының «Университеттің мамандықтарын экономиканың басымдықтарына байланысты айқындау керек. Университет Қазақстанда дамып келе жатқан салалар үшін ең үздік инженерлерді дайындауға тиіс. Мамандықтардың бірқатары генетика, биохимия, биофизика сияқты тек жаңа бағыттағы ғылыми кадрларды даярлауға бағытталуы керек. Бұл үшін университеттің әрбір студентінің мансап жағынан дамуын нақты түрде қарастыру керек» дегені бұл білім ошағының елдегі индустриялық-инновациялық прогерстің алдыңғы қатарындағы айтулы орнына айналуын межелеп тұрғандай. Сондықтан 2012 жылы Жоғары мемлекеттік саясат мектебі, Назарбаев университетінің жоғарғы бизнес мектебі бойынша магистратураның, 2014 жылдан бастап медицина мектебінде бакалавриаттың ашылатыны, сондай-ақ, қысқа мерзімді біліктілікті арттыру бойынша орта бизнестің топ менеджментіне арналған тренингтік бағдарламалардың жүзеге асырылатыны маңызды болып отыр.

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР

Бұл оқу ордасы алдағы уақытта тек Орталық Азияда ғана емес, барлық Еуразия құрлығында беделі басым оқу орнына айналатындығына сенімді шетелдік серіктестер көп. Қазіргі күні аталмыш оқу ордасы үздік жиырмалықтың ішіне кіретін әлемдік 10 жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап отыр. Яғни, елордадағы жаңа білім ордасы алғаш құрылған күнінен бастап көздеген мақсаты жолында табандылық танытуда. Оған дәлел университет ашылған сәтінде-ақ, әлемнің 30 үздік жоғары оқу орындарының қатарына кіретін бірқатар білім ордаларымен ынтымақтастық жөніндегі 11 келісім-шарт болып отыр.

Өткен жылы Мемлекет басшысының шешімімен университет талапкерлері үшін 500 оқу гранты бөлініп, студенттің тамағы мен жатын орындары да тегін қамтамасыз етілді. Мұнда білім алуға ниеттенген 4 мыңнан астам түлектен қазіргі күні 482 студент қана арнайы сынақтан өтіп, Foundation бағдарламасы бойынша білім алады. Білім берудің жалпы жүйесі бүгінде сенімді серіктестердің біріне айналған Лондон университеттік колледжінің бағдарламасына сәйкес ағылшын тілінде жүргізіледі. Бұл Лондон университеттік колледжі әлемдегі үздік жиырмалықтың ортасынан ойып тұрып орын алса, Ұлыбританияда ол үздік бестік қатарында екен.

Назарбаев университетінде білім алатын студент үшін қазіргі заманға сай технологиялық инфрақұрылымды кабинеттер жасақталып, әлемдік университеттермен, ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге барынша жағдай жасалып отыр.

Елорданы білім мен ғылым қаласына айналдыру мақсатындағы Елбасының бұл бірегей жобасы бүгінде нақты үш факультет, яғни университет тілімен айтсақ, мектеп бойынша білім беріп келеді. Оның біріншісі – ғылымдар мен технологиялар мектебі, екіншісі – инженерлік мектеп, ал үшіншісі – әлеуметтік және гуманитарлық мектеп болып отыр. Биылғы жылдың күз айларынан бастап тағы 3 факультет бойынша студенттер білім ала бастайды. Мұның ішінде ғылымдар мен технологиялар мектебі бойынша АҚШ-тың үздік оқу орындарының бірі – (Cornegie Mellon) Корнегиямен әріптестік қызмет жүргізіледі. Сонымен қатар, 2012 жылдан бастап мемлекеттік саясат және бизнес мектебі, ал 2014 жылы медицина мектебін ашу көзделіп отыр.

ОРНЫ БӨЛЕК ОРТАЛЫҚТАР

Назарбаев университетінің білім беру концепциясына назар аударып отырсаңыз, оның нақты үш бағытын байқауға болады. **Біріншіден**, бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша білім беру жүйесі. Ал **екінші** бағытта мемлекеттік және жергілікті басқару ісінде, кәсіби сала қызметкерлеріне арналған білімін жетілдіру курстары. Мұнда сондай-

ақ вице-министрлерге арналған курстар өткізіледі. Оларға Сингапур университетінің профессорлары дәріс оқиды. Бұл шетелдік университет бүгінгі таңда мемлекеттік басқару ісі бойынша әлемде үздік деп танылған оқу ордасы болса керек.

Үшіншіден, Назарбаев университеті жұмысын бастаған негізгі 3 ғылыми-зерттемелі орталықты ерекше атап өту қажет. Оның ішінде **Өмір туралы ғылымдар орталығы,** Балама энергетикалық зерттеулер және Халықаралық аспаптық орталықтары.

Бұлар озық ғылыми зерттеулерді жасау үшін ең соңғы үлгідегі жаңа зертханалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы: «Жаңа университеттің аясында Астанада үш жаңа ғылыми орталық құрылатын болады. Өмір туралы ғылымдар орталығы органдарды, жасанды жүрек пен өкпені қондыру, діңгектің жасуша және ұзақ өмір сүру саласында әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен әзірлемелерді жүргізеді. Энергетикалық зерттеулер орталығы жоғарғы энергиялар физикасы мен техникасы мәселелерімен айналысатын болады. Ал Пәнаралық аспаптық орталығы зертханалық база және конструкторлық бюро болып табылады» деп атап өткен еді.

Жалпы, Өмір туралы ғылыми орталықтың негізгі мақсаты – ғылыми қызметкерлерді даярлау, іргелі және трансплатация биомедицинасын дамытуға инвестицияларды ұсыну, сапалы қызмет көрсету мен Қазақстанның бәсекеге қабілетті биомедицинасын дамытуды көздеген еліміздегі алғашқы айтулы орталық болмақ. Орталықтың басым бағыттары діңгектік жасушалар, трансплантология, жасанды жүрек пен өкпе технологияларын әзірлеу мен енгізу, радиохирургия және феталдық хирургияны дамыту, ұзақ өмір сүрудің себептері қандай дегендей медицина саласында зерттеулер жүргізеді. Бұл аталмыш университеттің Медициналық мектебі үшін негізгі ғылыми-практикалық базасы болып табылады. Ал Пәнаралық аспаптық дамыту бағдарламасы шеңберінде ғылыми-техникалық қызметкерлерді кешенді даярлауға бар жағдай жасалған екен. Бұл зертханалық орталықтың басты ерекшелігі – оның қазіргі заманға сай жабдықтары металдардың, жартылай өткізгіштердің, диэлектриктердің, наноматериалдардың, органикалық полимер материалдардың құрамын, құрылымын және қасиеттерін талдауға толықтай мүмкіндік бар. Мұның ішінде Энергетикалық зерттеулер орталығы нағыз қоғамның сұранысына сай қолға алынған орталық. Бұл болашақта елдің экономикалық дамуының негізгі көзі десек, артық айтқандық емес. Қазақстанның жер қойнауындағы бай минералдық ресурстарын пайдалана отырып, энергетика саласында ғылым мен технологияны көздемеу, оны өз тарапымыздан қажеттілікке жарата алмау мүмкін емес. Теңгерімді және инновациялық экономиканы құру үшін энергияны сақтайтын және жаңартылған энергетиканың технологияларын енгізу қажет. Бұл орталықтың болашақта кәсіби мамандар даярлайтын, білімнің сапасын арттыратын негізгі базаға айналатындығына сенім

мол. Жаңа ғылыми-зерттеу орталығы аталмыш оқу орнының Инженерлік мектебі мен Жаратылыстану ғылымдар департаменттері үшін негізгі базасы болып табылады.

МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТТЕР МЕЖЕСІ



Университеттегі Коммуникациялар және маркетинг департаменті қызметкерлерінің мәліметтеріне сүйенсек, Назарбаев университетінің академиялық және ғылыми саясаты, ең алдымен оқу орнының құрамына кіретін әрбір мектептің әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының қатарынан көрінуімен қатар, өзінің академиялық әріптестерін табу, сонымен қатар қуатты ғылыми өндірістік базаға айналуы көздейтіндігі көрініп тұр. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

Мемлекет басшысы өзінің «Ғылым мен білімнің инновациялық индустриясы – Қазақстанның ХХІ ғасырдағы стратегиялық байлығы» деп аталатын лекциясында әлемдік талаптар бойынша білім беретін бұл оқу орнында болашақта студенттердің қатарын 4 мыңға дейін жеткізу көзделгенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, оларға Лондон, Гарвард, Дьюк, Карнеги, Питсбург, Пенсильвания, Сингапур университеттері секілді сапалы білім беруге басымдық берілген. Осы іс-шара барысында университеттегі ағылшын тілінің оқытушысы Энфонт Лоуни болса, бұл дәрістің танымдық тұсына тоқтала отырып, Назарбаев университетінің ашылуы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуімен тұспа-тұс келуі тегін еместігін айтады. Бұл орайда ол егемен ел атанған Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлі артқандығын, оған ұлт басшысы көп еңбек сіңіргендігін саралап өткен. Сонымен қатар, Президент осы университеттің құрылуына өзек болған алғышарттарға тоқталады. Қазақстан басшысы бұл алғышарттардың бәрі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу міндетімен ұштасып жатқандығын жеткізе оты-

рып: «**Біріншіден** – білім импортына тәуелділіктен арылуымыз керек. Әрине, «Болашақ» бағдарламасымен қанаттары қатайған мыңдаған жас ел дамуының қазіргі сәттегі негізгі қозғаушы күшіне айналып үлгерді. Дегенмен біз білімді әлі де шеттен әкеліп жатырмыз. Құнды кәсіби мамандарды өзімізде даярлау қажет. **Екіншіден** – Қазақстанның оқу орындарын әлемдік білім беру жүйесімен барынша ықпалдастыру қажет. **Үшіншіден** – заман талабына лайық болу үшін инновациялық білім беру ісіне көшкен абзал. Яғни, теориялық білім іс жүзіндегі қарекеттермен ұштастырылып, алған білімді қажетке жаратудың амалдарын ойластыру керек. Заманауи әлемде білім беру қызметі – экономиканың өте қарқынды дамып келе жатқан қыры. Мысалы, АҚШ-та оны «жүзмиллиардтық бизнес» деп атайды. Ол елдің жалпы ішкі өнімінің 3 пайызын иеленеді, бұл 7 миллиард доллар деген сөз. Австралияда бұл сала табыскерлігі жөнінен көмір өндіру мен туризмнен кейінгі үшінші орында. Қазақстан осы тәжірибеден үлгі алып, біздің аймақтағы, қала берді, тұтас Еуропадағы білім мен ғылымның экспорттық орталығына айналуы тиіс», – деп алда атқарылуға тиіс басым бағыттарға ерекше тоқталған болатын.

ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Қай елде болсын болашақ жастарды жақсы үрдіспен тәрбиелеу өзекті мәселе. Сол сияқты, Назарбаев университетінің де басты ұстанымы мұнда оқитын студенттердің заманауи технология және көп тілді меңгеруімен қатар, қазақ елінің ұлттық болмысын ұғынатын, қайырымды, адамгершілікті әрі жан-жақты етіп тәрбиелеу көзделген. Сондықтан аталмыш оқу орны студенттердің қатысуымен қайырымдылық шараларын жиі өткізеді. Бұл тәрбиелік бағытта жүргізілетін жұмыстың өзегі деп айтуға болады.

Мұнда студенттер бос уақыттарында жетім және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларымен кездесіп, олардың қаладағы көрікті әрі қызықты орындарда көңіл көтеріп, бір мезгіл ойнап қайтуына көмектеседі. Сонымен қатар, студенттердің өз бастамаларымен аталмыш оқу орнында «Бизнес байланыстары» клубы құрылған екен. Мұнда олар еліміздегі және шетелдегі тәжірибелі бизнес мамандармен кездесу ұйымдастырып, семинарлар өткізеді. Оның ішінде сәтті бизнес көзінің басты талаптары, оны жүргізудің тәсілдері, басқару тетіктері жөнінде ой қозғап, сұрақ-жауап алмасады. Сондай-ақ, тағы да студенттердің бастамасымен оқу орнында би клубтары да жұмыс істейді. Бұл Назарбаев университетінің студенттері үшін бос уақыттарын қызықты етіп өткізуіне жасалған мол мүмкіндік болып отыр.



ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ) Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жарлығы бойынша Еуразия одағының идеясын жүзеге асыруға және әлемдік интеграциялық процестерге белсенді қатысуын, еліміздің халықаралық байланыстарының кеңеюін еске ала отырып 1996 жылы 23 мамырда негізі қаланды. Университетке XX ғасырдағы Еуразия ғылыми бағытының ойларын дамытуға үлкен үлес қосқан көрнекті еуразиялық ғалым, тарихшы және түркітанушы Л. Н. Гумилевтің аты берілген. 2001 жылы университет ғылым мен техникадағы жетістіктері, ұлттық және адамгершілік құндылық негізінде тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға қосқан едәуір үлесі үшін ерекше мәртебеге ие болды.

Еуразия университеті Астанамыз бен елімізде жалпы білім беру, зерттеу және мәдени-ағарту орталығы болып үш бірдей тапсырманы орындауда. **Бірінші**, университеттің мәдени-мемориалды орталығы – ежелгі түркі жазбалары музейі, онда түркі мәдениеті мен тарихының құнды экспонаттарын жинақтау, **екінші**, қазақ халқының қажырлылығын, тәуелсіздігін, жаңаруын кейіптеген XIII ғасырдағы түркі қолбасшысы Күлтегіннің құрметіне ескерткіш тас қабірнама, Л.Н.Гумилевтің тарихи-әдеби музей-кабиеті, ғылыми, мәдени және рухани мұрасын үйренетін, оқу-әдістемелік “Өзін-өзі тану” кабинеті, Абай, А.Байтұрсынұлы, Ә. Марғұлан, Қ. Ақышев, “Пушкин қонақүйі” орналасқан.

Университеттің 58 кафедрасында 1 мыңға жуық оқытушы, 200 ғылым докторы және 400 ғылым кандидаты жұмыс істейді. Оқытушылардың орта жасы – 35 жас.

Университет ірі шетелдік мамандармен Ph.D докторларын дайындау бағдарламасын бірігіп орындауда. 2007 жылы математика бойынша Ph.D докторанттарының бірінші бітіруі жүзеге асты. “Қазақстан-Ресей” достық ғылым-білім беру аумағындағы ұзақ мерзімді бағдарламаны жүзеге асыру үшін ЕҰУ-і мен Петербор физика-технологиялық ғылыми-білім беру орталығы РФА, Нобель сыйлығының лауреаты Ж. И. Алферовтің басқаруымен ұзақ мерзімді, білім беру және мәдени қызметтестік келісім-меморандумына қол қойылды. Университетте жапон, неміс, үнді, иран мәдени орталығы және осы халықтардың дәстүрі, әдет-ғұрпы ертедегі мәдениетімен танысуға, тілді терең үйренуге болады.

ЕҰҰ-і Швейцария үкіметінің қолдауымен халықаралық қордың “Мінсіз іскерлік атағы үшін” және “Іс тәжірибесіндегі жоғары сапа” алтын медалімен (2004 ж.), Қазіргі қоғамдағы ақыл-ойдың дамуына қосқан үлесі үшін (Оксфорд, 2006), Сократ атындағы халықаралық марапаттау, Достық алтын жұлдызы, “ТМД үздік серіктестігі” (2007 ж.) номинациясымен марапатталды.

Астананың халықаралық-өкілетті қызметін ЕҰҰ-і орындайды. Онда саяси және қоғам қайраткерлері, атақты ғалымдар, РФ Президенті В. Путин, Ватикан басшысы Папа Иоанн Павел II, Түркия Президенті А. Сезер, Польша Президенті А. Квасьневский, Румыния Президенті Э. Константнеску, Малайзия Жоғары үкіметі Саид Агонг XII, АҚШ Мемлекеттік хатшысы К. Райс, Беларусь Республикасы Президенті В. В. Фрайберге, Нобель сыйлығының лауреаты, РФА вице-президенті Ж. И. Алферов, жазушылар Ш. Айтматов және О. Сүлейменов, тағы басқа ресми тұлғалар келіп, мемлекет басшыларының дәрістерін оқиды.

Р.С. Астанада он жыл ішінде жоғары оқу орындарының саны көбейе түсті. Қазір Елордада С. Сейфуллин атындағы аграрлық университет, Медициналық академия, Қазақстан – Ресей университеті, Музыкалық академия, Қазақ гуманитарлық заң университеті және бірнеше мемлекеттік емес ЖОО жұмыс істейді.



Д.Н.Гумисев атындагы
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫК УНИВЕРСИТЕТИ



ТОҒИ БУРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ
КОП АҒАН, БӨРӨН БӨЛДІР ЕҒЕН,
ЫСТЫҒЫН ЕНДІРГЕН,
ТҮГЕЛІН БУҚИРГЕН,
ЫҒЫСТАУ ҚАДЫРҒАН ҚОЙНАУЫНА ДІП,
ЫСТАУ ТЕМІР ҚАҚПАҒА ДІПІН ЖАЙЛАҒАН,
ЕРДІ ОСМАҒАН ҚОҢЫСТАҒЫЛАРЫН ЕКЕН,
БІЛГЕ ҚАҒАНАР ЕКЕН,
АҒЫП ҚАҒАНАР ЕКЕН,
ІРІНДЕРІ ДІ БІЛЕ БОЛҒАН ЕКЕН,
СТЕРІ ДІ, ХАТҚЫ ДА СЕНІМДІ ЕКЕН.
АҚЫТҚА (1918Ж.)

ТОҒИ ОҒИ БУҚИР
ЫСТЫҒЫН
ТҮГЕЛ БУҚИР

АШҚАҚ ҚОҢ ТҮНІР,
ТҮМБЕЛДІ ҚАРҒАЖҒА ЖАРЛАҒАҚ,
ЕҚУМЫН АҒЫСТАУ АҒЫН БАҒАҚЫ ЖАРЛАҒАҚ,
ҚАМ БАҒАҚЫ ІСТІНІ АҒЫСТАУ
ІЗІМДІ ҚАҒАҒА ІСТІНІ ҚАҒАҒА ОҒЫРҒАҚ,
ОҒЫРҒАҚ, ТҮРК ҚАҒАҒЫН ҚОҢ-ЖҮРҒАҚ,
ҚАҒАҒЫСТЫҒАҒА, ИДІК ЕҒЕН.
АҚЫТҚА (1918Ж.)

Құлтегіннің ескерткіші



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ

1998 жылдың 31 наурызында ҚР Үкіметінің қаулысымен Астанада Қазақ ұлттық музыка академиясының негізі қаланды. Республикамыздың солтүстік аймағында жоғары музыкалық оқу орнын ашу идеясын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған болатын. Жаңа шығармашылық жоғары оқу орны маңызды міндеттерді орындауы тиіс, ол Астана мен аймақтарды музыкалық инфрақұрылым және кәсіби деңгейі жоғары мамандармен қамтамасыз ету. Астана - Қазақстанның жаңа астанасы болды, музыкалық университетке, оның жоғары сапасына деген қажеттілік өсті. Жас астананың мәдени өмірін қамтамасыз ететін, болашақта оның рухани негізі болатын өртістер мен музыка мамандары, орындаушы ұжымдардың қажеттілігі туындады. Музыка академиясының ашылуы осы мәселелерді шешудің бірден-бір жолы болды.



Қазақ ұлттық музыка академиясын ҚР халық әртісі, профессор *Айман Қожабекқызы Мұсақожаева* басқарды. Айман Қожабекқызы – танымал қазақстандық скрипкашы, әлемдік музыка кеңістігінде кеңінен танымал. Ректордың алдында жаңа жоғары оқу орнын құру туралы маңызды

міндеттер тұрды. Айман Мұсақожаеваның табысты жұмыстарының арқасында 2009 жылы 12 қазанда ҚР Үкіметінің қаулысымен «Қазақ ұлттық музыка академиясы» жаңа мәртебеге ие болып, «Қазақ ұлттық өнер университеті» атауын иеленді. Енді университет дамудың жаңа сатысына шықты.

Қазақ ұлттық өнер университеті – бастауыш (мектеп), орта (колледж), жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беру (магистратура) бағдарламаларын іске асыратын, үзіліссіз көркемдік білім беретін еліміздегі заманауи арнайы орталық. Университет мектеп-колледжде 5 бағдарлама, бакалавриатта 19 бағдарлама және магистратурада 15 бағдарлама бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асырады.



Жоғары оқу орнында білім беру өндіріспен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Өнер университетіне арналған өндірістік базаға хор, оркестр және т.б орындаушылық ұжымдар кіреді, сонымен бірге Астана қаласының симфониялық және эстрадалық Мемфилармониялары, хор капелласы, К. Бәйсейітова атындағы опера және балет театры, М. Горький атындағы орыс драма театры, Қуанышбаев атындағы қазақ музыка-драма театры, қаланың жалпы білім беретін және музыка мектептері де Өнер университетімен әріптестік қарым-қатынастар орнатқан. Студенттер әртүрлі «шығармашылық-зертханалар-технопарктер» қатысушылары, оқу-тәжірибелік жұмыстарға белсене араласады, болашақ кәсіби шеберліктерді меңгереді. Студенттердің көп бөлігі танымал астаналық орындаушы ұжымдардан кәсіптік білім мен дағдыларды үйренеді.

Университет (Академия) осы жылдары музыка өнері саласында 500-ге жуық халықаралық байқаулардың және 300-ге тарта республикалық байқаулардың лауреаттарын дайындады. ҚазҰӨУ бакалавриаттың бітіруші түлектерін еңбекпен қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Барлық түлектер 100% мамандарға мұқтаж жерлерге жіберіледі.

Қазақ ұлттық өнер университетінде Қазақстан Республикасының өнер мен мәдениет саласындағы танымал мамандар, ғалымдар, ғылым кандидаттары мен докторлары, еңбек сіңірген әртістер мен мәдениет қайраткерлері қызмет атқарады.

ҚазҰӨУ 6 факультет бар: «Музыка», «Театр, кино және ТВ», «Дәстүрлі өнер», «Хореография», «Бейнелеу өнері», «Әлеуметтік-гуманитарлық».

Университеттің әртүрлі шығармашылық ұжымдары бар: Еуразиялық студенттік симфониялық оркестр, «Каприччи», «Айгөлек», «ШАТ», «Серпер», «Назерке», «Япырай» және басқалары. ҚазҰӨУ өздігінен концерттік жұмысы республикада және шетелдерде студенттердің өндірістік практикасында ғана емес, сондай-ақ белсенді концерттік астаналық және республикалық өмірін қамтамасыз етеді. 2010-2011 оқу жылдары ҚазҰӨУ ЕҚЫҰ симмиті мен Қысқы азия ойындарындағы мәдени іс-шараларына қатысты.

ҚазҰӨУ – «Шабыт Inspiration», «Астана-Мерей» Халықаралық байқауларының, Колледж оқушылары арасындағы республикалық байқауы, «Балдәурен» халықаралық жазғы музыкалық академиясы, орган музыкасының фестивальдары, «Астана-ән қанатында» хор музыкасы, «Болашақ жұлдызы» республикалық балалар байқауларының ұйымдастырушысы және құрушысы. Университеттің оқытушылары халықаралық және республикалық байқаулардың қазылар алқасы мүшелері ретінде қатысады.



ҚазҰӨУ көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі, атап айтар болсақ, Еуропалық консерваториялар, академиялар және жоғары музыка мектептер ассоциациясы (АЕС); Университеттердің Ұлы Хартиясы (Magna Charta Universitatum); ТМД елдерінің консерваториялар Кеңесі жәнге т.б.

ТМД, Еуропа және АҚШ елдерінің жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас туралы Келісімшарттар мен Меморандумдарға қол қойылды: П.И.Чайковский атындағы Мәскеу Консерваториясы; Н.А.Римский-Корсыков атындағы Санкт-Петербург Консерваториясы; Өзбекстан мемлекеттік консерваториясы; М.Мусоргский атындағы Орал мемлекеттік консерваториясы; Тәжік ұлттық консерваториясы; Гнесиных атындағы Ресей музыка академиясы; Орталық Флорида Университеті; Жоғары музыка мектебі, Кельн қ; Белоруссия мемлекеттік музыка академиясы; Вена Университетінің консерваториясы; Милан Мемлекеттік консерваториясы; «Санта-Чечилия» консерваториясы (Италия); Батыс Чехия Университеті және т.б.

Оқытушылар мен студенттер ЮНЕСКО, DAAD халықаралық ұйымдардың білім беру және ғылыми бағдарламаларына қатысады.

Университет орта және жоғары білім берудің Типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар басылымы, монографиялар, хрестоматиялар және өнертану саласындағы басқа ғылыми-әдістемелік жұмыстар, педагогика, мәдениеттану сияқты мемлекеттік стандарттарды дайындауға қатысты.

ҚазҰӨУ - халықаралық деңгейдегі жобалар мен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын өңдеп дайындайтын ғылыми орталық.

Университеттің ғылыми секторы Қорқыт атындағы өнертану ғылыми-зерттеу институты, Фольклор және дәстүрлі музыка орталығы, Кітапхана, Редакциялық-басылым орталығын ұсынады. ЮНЕСКО кафедраларында біздің еліміздің мәдени мұраларын насихаттау және қорғау, сақтаудағы ЮНЕСКО нұсқамаларын ұйымдастыру мен орындауды жүзеге асырады. Университеттің ішіндегі мектепте ЮНЕСКО клубы ашылған. Қазіргі уақытта ғалымдармен үлкен жұмыстар жүргізілуде. ҚазҰӨУ стратегиялық жоспарының бағдары жоғары кәсіби деңгейде білім беруін қамтамасыз ету, мәдениет және өнер саласында бәсекелесетін қабілетті мамандарды қалыптастыру; нақты нарық қажеттілік есебінен әлемдік ғылыми тәжірибесі және ең жақсы отандық дәстүрлер негізінде қазақстандық өнертану ғылымының потенциалын дамыту және сақтау; Қазақстан мәдениетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жаңа ұрпақтың шығармашылық жастарын тәрбиелеу; әлемдік кеңістікке қазақстандық білім беру интеграциясын, мәдениетін, өнерін, ғылымын және елдің мәдени беделін алға бастыруды қамтамасыз етеді.

ҚазҰӨУ үздіксіз дамуынан Елбасы Н.А. Назарбаевтың университет ұжымының алдына қойған негізгі мақсаттарын табысты жүзеге асырғанын көреміз.





ЗАМАНҒА САЙ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП



Білім беру саласына заман талабына сай көптеген жаңалықтар енгізіліп, жаңа жобалар жүзеге асырылып келеді. Жастардың тиісті дәрежеде білім алып, қоғамның толыққанды мүшесі болуына барлық жағдайлар жасалып жатыр. Әсіресе, соңғы кезде мектеп жасындағы балаларға білім беру саласына аса көп көңіл бөлінуде. Мектеп жасынан бастап балаларға заман талабына сай білім берілуі ертеңгі күннің, жас ұрпақ болашағының кепілі болмақ. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің айқын жетістіктерінің бірі ретінде табысты жұмыс атқарып келе жатқан Назарбаев Зияткерлік мектебі осы сөзімізге дәлел. Ғылым мен техниканың даму қарқыны – жаңа техникалар мен технологияларға қызмет көрсететін мамандардың интеллектуалды деңгейіне қатаң талап қойып отыр. Осындай қоғамдық сұраныс білім жүйесіндегі көптеген мәселелерді қайта қарауға, түбегейлі өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізуге итермелейді. Замана талаптарын орындау мақсатында Елбасы бастамасымен «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 20 Интеллектуалды мектебі» мемлекеттік жо-

басы аясында интеллектуалды мектептер ашылып, оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған білім беруді жүзеге асырып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Дағдарыстан – жаңару мен дамуға» атты Жолдауында «Білім беру саласында Астана қаласында құрылып жатқан бірегей оқу орындары – «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Қоры», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болып отыр. Бұл жобалар қызметі үшін заңнамалық негіз жасау қазіргі кезде қолданылып жүрген «Болашақ» халықаралық президенттік бағдарламасының қисынды жалғасына айналады және Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының міндеттерін шешу үшін ұлттық инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларды даярлауда сапалы серпіліс жасалуын қамтамасыз етеді» деген болатын. Астана қаласында ашылған физика-математика бағытындағы алғашқы интеллектуалды Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушылардың жеке қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес, оның академиялық дамуын ғана емес, әлеуетіне де септігін тигізетін кең көлемдегі негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын ұсынып отыр. Аталмыш мектеп 2009 жылдың 12 қаңтарында ашылды. Салтанатты ашылуына ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, өз сөзінде «бұл мектеп еліміздің ертеңгі болашағы болар бүгінгі оқушының тұлғалық дамуына бағытталған элиталы білім беруді жүзеге асырады» деп атап өткен еді. Бүгінде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің интеллектуалды мектебі физика-математика бағытындағы оқу бағдарламаларын сынақтан өткізетін эксперименталды алаң болып табылады. Биылғы жылдан бастап, Үкімет Қаулысымен мектеп Назарбаев Зияткерлік мектебі деп атауын ауыстырған болатын.

ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАНАДЫ?

Жаңадан салынған мектептің материалдық-техникалық базасы оқу процесін ұтымды ұйымдастырып, ақпараттық технологиялар мен сандық ресурстарды білім беру процесіне енгізуге, мектепішілік ақпараттық оқыту ортасын дамытуға септігін тигізеді. Мектепте 28 смарт-сыныптар, соңғы үлгідегі сандық техникамен жабдықталған 14 интерактивті оқу сыныптары, 4 физика сыныбы, 6 мультимедиялық оқу сыныптары бар. Бұдан бөлек, жылыжай, 2 спорт залы, жаттығу залы, акт және хореография залдары тағы бар. Мектептің білікті педагогикалық мамандармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі – білім сапасын анықтайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Қазіргі таңда интеллектуалды мектепте 113 педагог жұмыс істейді. Олардың қатарында 4 мұғалімнің ҚР білім үздігі атағы, 6 педагог ҚР құрметті білім қызметкері болса, Ы.Алтынсарин медалімен марапатталған 6 ұстаз бар. Сонымен қатар, білім ордасында екі ғылым кандидаты мен төрт ғылым магистранттары жас дарынды оқушыларға сабақ береді. Сәйкесінше, мектеп ұжымына жүктеліп отырған міндеттер ұстаздарының заман талабына сай өз ісінің шебері,

үнемі шығармашылық ізденісте болуын талап етеді. Сондықтан мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру, білімін жетілдіру жолында көптеген істер жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Аты айтып тұрғандай, бұл интеллектуалдық оқу ошағына оқушыларды қабылдау конкурс негізінде жасалады. Яғни, 1-сыныпқа қабылдау психологиялық-педагогикалық тексерудің негізінде, ал 2-4-сынып оқушылары үшін оқушылардың білімін кешенді тексерудің негізінде анықталады. 5-11-сынып оқушылары екі кезеңнен тұратын емтихан негізінде қабылданады. Зияткерлік мектепте оқитын дарынды балаларға Тұңғыш Президенттің «Өркен» білім гранттары қарастырылған. Бұл гранттар 7-11-сыныптарда оқитын дарынды балаларға үкімет тағайындайтын қаражат есебінен беріледі. Ал, 1-6-сынып оқушылары үшін оқуға жұмсалатын қаражаттың жартысын мемлекет төлесе, қалғанын ата-аналары ай сайын төлеп отырады.

ОТАНДЫҚ ОҚУДЫҢ МОДЕЛІ



Аталмыш білім ордасының басқа мектептерден ерекшелігі – «Толық күнді мектеп» моделі бойынша жұмыс істейді, яғни, сабақтар таңғы 8.30-да басталып, 17.00-ге дейін жалғасады. Сонымен қатар, кешкі 19.00-ге дейін қосымша білім беру бағдарламаларына сәйкес оқушылардың әртүрлі үйірмелер мен спорт секциялары жұмыс істейді. Бұл, негізінен, оқушылардың бос уақытын тиімді үйлестірудің жақсы жолға қойылғандығының белгісі. Мектептің физика-математикалық бағытына қарамастан мұнда дамып келе жатқан жас дарынды тұлғаның бейімдері мен қабілеттерін шыңдау мақсатында, сонымен қатар, оқушылардың білімге деген сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу бағдарламасына сай барлық ғылым негіздері оқытылады. Интеллектуалды мектеп оқушылары отандық оқулықтармен қатар, оларға балама – ресейлік математика, физика ғылым негіздерін тереңдетілген бағдарлама бойынша оқитын сыныптарға арналған оқулықтарды пайдаланады.

«Қазақстан әлемдік деңгейде үш тілді қолданып, жоғары білімді ел ретінде танылуы керек. Бұл – мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі және жаһандық экономикаға кіру тілі – ағылшын тілі» – деп Елбасымыз тіл мәселесіне қатысты өзінің болашақтағы жоспарларын айта келе, білім беру саласында да осы тұжырымды әрдайым алға тартып жүруді басты қағида етіп көрсетіп берді. Осыған орай, интеллектуалды мектепте тілдердің оқытылуына ерекше назар аударылады. Айталық, ағылшын тілі 1-сыныптан бастап оқытылса, 5-сыныптан бастап ол тереңдетілген бағдарлама бойынша жүргізіледі. 7-сыныптан бастап математика және физика пәндері орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде оқытылады. Ағылшын тіліне бөлінген негізгі сағаттардан басқа оқушыларға арнайы курстар, жеке кеңестер сағаты, шығармашылық сыныптар, халықаралық жобалар, шетел қонақтарымен ағылшын тілінде сұхбаттасып, пікіралысу мүмкіндіктері де ұсынылады. Үш тілде бірдей білім бере отырып, мектеп мұғалімдері оқушылардың саналы түрде білім алуына, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана алуына барлық жағдайды жасауға ұмтылады. Оқу барысының осы үлгіде жасалуының арқасында интеллектуалды мектеп түлектерінің еліміздің және шет мемлекеттердің жетекші оқу орындарына түсуіне өз септігін тигізіп отыр. Яғни, мектеп түлектеріне «IELTS», «TOEFL», «SAT I», «SAT II» сертификаттарын алу мүмкіндіктері қарастырылған, және ол үшін арнайы сабақтар да ұйымдастырылады.

ӘЛЕМДІК ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

Бүгінде “Назарбаев Интеллектуалды мектептері” АҚ білім саласындағы отандық және әлемдік ұйымдармен тығыз байланыс орнатуда. Олардың қатарында Кембридж университетінің халықаралық емтихан кеңесі, Лондон университетінің колледжі, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ұлыбританияның Королева институты, Британ Кеңесі, Астанадағы Назарбаев университеті, тағы басқа да оқу орындары бар. Мектептің тағы бір ерекшелігі ретінде бағалау жүйесін айта кетуге болады. Оқушының білімі мен біліктілігін бағалау баланың жетістіктер портфолиосы, бағалаудың рейтингілік жүйесі, оқушылардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бағалаудың рейтингілік жүйесі арқылы оқушылар мен оқытушылар туралы мәліметтер базасы жасалып, білім сапасы мен оқу үлгерімінің өсу динамикасы анықталады. Бағалар қорын пайдалана отырып, жеке оқушы немесе сыныптар бойынша рейтинг жасалады.

Жаңа заманның білім беру кеңістігінде Елбасының тікелей қолдауымен ашылған интеллектуалды мектеп басқа білім ордаларының ішінде өзінің білім беру саласындағы жаңа үлгісімен, зейін-зердесімен озып шығып, елімізбен қатар жаңа белестерге жетіп, әлемнің шынайы білімінің шыңына көтерілетін қазақ білімінің шамшырағына айналатындығы сөзсіз.



ЖАЙНАЙ БЕР, ЖАСЫЛ ҚАЛА – АСТАНА!

ЕЛОРДА ШЕТІ – ЕН ТОҒАЙ

Елбасының барлық деңгейдегі атқарушы билік өкілдеріне тиісті аймақтарды барынша көгалдандыра түсуге тапсырма бергені мәлім. «Біздің еліміздің, жеріміздің көркін келтіру үшін орман егуіміз керек. Жеріміз көп, даламыз кең болғанымен, дүниедегі жалпы ауқымына шаққанда орманы ең аз ел – бізбіз. Басқа мемлекеттерде бір ағашты кессе, екі ағаш отырғызады. Қазір заң бойынша біз оны қабылдадық. Елге орманды көп егетін болсақ, халықтың денсаулығына, ауаның тазалығына, тек еліміздің ғана емес, күллі дүниежүзінің экологиясына қосқан үлесіміз болып саналады», - деген болатын сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлы. Айтса айтқандай, самырсынның кішкентай ғана бір бұтағы маңындағы микробтарды 10 есе азайта алады екен. Сол сияқты емен жапырағы, терек діңі, алма ағашының бүрі де талай ауруларға ем көрінеді...

«Жасыл ел» бағдарламасының аясында Астананы айналдыра көшет отырғызыла бастағанда, қаланың маңы ен жазық болатын. Мамандар 114 мың гектар жерді зерттеп, соның 62 мыңы ағаш егуге жарам-



ды деген қорытынды жасаған. Содан бері «Жасыл аймақ» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны жыл сайын 5 мың гектарына көшеттер отырғызып келеді. Ғылыми зерттеулер бойынша, 65-70 пайызы жерсініп, өсіп кететін көшеттерді бастапқы үш жылда «Жасыл аймақ» кәсіпорыны өздері күтіп-баптап, қала маңындағы тамыры бекіп, діңі қатая бастаған балаң ағаштарды Астана әкімдігіне табыс етіп отырады.



Астананы айналдыра егіліп, өсіріліп жатқан жасанды орманды аралап көрген Елбасы «жасыл белдеудегі» көшеттердің күтіліп, бапталу жайымен де танысты. Астананы айналдыра орман-тоғаймен қоршау туралы бағдарлама қабылданғаннан бері бұл өңірдегі 40 мың гектар жерге 70 миллионнан астам көшет отырғызылған. Қарағай, қайың, көктерек, қандағаш, шегіршіндердің Арқаға бейімделген сорттары тез өсіп келеді. Шоқ-шоқ болып, қаздай тізілген ағаштар арнайы жасалған жолақтардың бойына егілген. Арасындағы ашық жер – қыстыгүні қар тоқтатып, ылғал жинауға, аяқ астынан өрт шыға қалған жағдайда тілсіз жаудың басқа ағаштарға шаппауына септігін тигізеді. Мұның барлығы – ағашты егіп қана қоймай, оны экологиялық полиция сақшыларымен бірге күзетуді міндеті санайтын «Жасыл аймақ» және «Астана орманы» кәсіпорындарының еңбегі.

Қазір «жасыл белдеудің» солтүстік шені Шортанды бағытындағы тоғайлармен қосылып, тұтасып үлгереді. Басқа бағыттар да біртіндеп іргесін кеңейтіп барады. Астананы жасыл желекпен көмкеру жұмыстары бері айтқанда 2020 жылға дейін жалғасады. Сол уақытқа дейін қаланың қарауына берілген тоғайлардан тыс, Астананы айналдыра 75-80 мың гектар жерге ағаш отырғызылады. Гектарына шамамен мың көшет егілетінін ескерсек, қаланы қоршайтын орманның қандай қалың нуға ай-

налатынын андауға болады. Өйткені тұқымы желмен шашылып, желегін жайып үлгерген ағаштардың саясын балаң өскіндер паналап, «жасыл аймақ» қазірдің өзінде біртіндеп табиғи орманға айнала бастады. Әрі ол Астанадан еліміздің барлық бағыттарына бастайтын жолдарды жағалай егіліп, ағаштың өсуіне неғұрлым қолайлырақ тұстарды қуалап, ұзай береді. Бүгінде аймақта Арқаның арқыраған қысында пана болар ағаш сағалап кететін тұз тағылары да көбейе бастады. Елік, түлкі, қарсақ, қоян сияқты аң-жануарларды Астанадан тым алысқа ұзамай-ақ көруге болады. Енді таяу жылдары ор қоян, суыр, күзен, бұлғын, тиін сияқты орман аң патшалығының арасына бұлан қосылмақ.

Келешекте ашық қалыптасқан ландшафт салынып, Астана тұрғындарының осы ормандарға демалысқа шығатын күндері де алыс емес. «Демалыс» демекші, бұқараның бір сәт тынығып, бой сергітуі үшін қала ішінде де әсем аллеялар мен анау-мынау орманға бергісіз көрікті саябақтың болғаны жақсы. Астанада бар ондай орындар! Мәселен...

САЯБАҒЫ – САЯЛЫ



Астананың он жылдық мерейтойы қарсаңында қалада үш саябақ («Президенттік бақ», «Арай», «Жерұйық») қолданысқа беріліп, 4 миллион дана гүл отырғызылған еді. Тәжірибе ретінде раушан гүлімен қатар, сондай нәзік өсімдіктердің жаңа 59 түрі өсірілген, аумағы 28 гектарды құрайтын «Арай» этнографиялық саябағы мен «Жерұйық» саябағының аумағы 23,9 гектарға тең екінші кезегі іске 2010 жылы қосылды. Гүл көшеттерінің басымы Алматы мен Қарағандыда отырғызылып әкелінуде. Ал сызбасын

жасауға жапондық архитекторлар қатысқан Президент саябағы – 81 гектар жерде жайғасқан үлкен демалыс алаңы, аумағы атшаптырым болатын саябақ кешенді композиция. Бейбітшілік және келісім сарайы маңында орналасқан. Бақта 30 мың түпке тарта ағаш, 12 мың түптен астам әртүрлі бұта тектес өсімдіктер егілген. Мысалы, бәріміз білетін қарағай, қайың, тал, мырзатерек, итмұрын, долана, ақтерек, көктерек, қараған, жөке, қандағаш, қаражидек, бөртегүл, шегіршіндерден бастап, 50-ге жуық әртүрлі ағаштар кезегімен гүлдеп, уақытымен жапырақ жаюда. Олардың сыртында 18 фонтан, 8 жасанды көлшік, мыңдаған ағаш пен гүлзар өзара үндесіп, үйлесе орналасқан. Саябақтың екінші кезеңінің өзі 57 гектарды алып жатыр. Оның аясына да 148 мың шаршы метр гүлзар орнатылып, 5 мың шаршы метр гүлдер отырғызылған. 7 мың ағашы тағы бар. Сондай-ақ елорданың бұрынғы орталық саябағына да халықаралық талаптарға сай абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Ондағы жарық қондырғылары толығымен ауыстырылып, 900 түпке жуық ағаш егілді.

ГҮЛЗАРЫН АЙТ, ГҮЛЗАРЫН!

Елордадағы гүлден жасалған жануарлар мен хайуанаттардың да қатары артуда. Ол үшін арнайы 500 миллион гүл өсірілді. Осы күні Астананың ішіндегі жасыл алаптың жалпы аумағы – 1 миллион 160 мың шаршы метрден астам көгал, 57 мың шаршы метр гүлзар және 100 мыңға жуық ағашпен айшықталып отыр. Жыл сайын жаңадан 10 демалыс қалтарысы (сквер) жасалуда. Әл-Фараби мен Абылай хан даңғылының қиылысындағы, Қажымұқан көшесінің бойындағы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің алдындағы және қалалық әкімдіктің маңайындағы қалтарыстың екінші кезегі де іске қосылып үлгерді. Әсіресе Ақорданың алдындағы бас алаңнан бастап, «ҚазМұнайГаздың» ғимаратына дейін созылатын Нұржолдың бойында 700 мың көшет, көше толы гүлдер отырғызылған. Жаз бойы жайнап тұрады. Демалыс орындарында отырғызылған гүлзарлардың бірегейі ретінде орталық стадионның алдындағы олимпиадалық ойындардың добына ұқсатып отырғызған гүлдерді атап көрсетуге болады. Салтанат сарайының алдындағы ағаш арасына отырғызылған гүлзар, Сарыарқа көшесінің бойындағы Абай көшесімен қиылысқан жерінен Кенесары даңғылына дейін созылған сирень бульвары, «Титаниктің» алдындағы гүлзар, «Тың игерушілер» мен «Жастар» шағын аудандарындағы гүлзарлар да мақтан тұтуға әбден лайық. Бұлардан басқа, «ҚазМұнайГаз» кәсіпорыны аймағында «Ғашықтар», «Қазақстан» спорт кешенінің маңында «Студенттер» саябақтары іске қосылған. Соның ішінде «Ғашықтарға» – 2 мыңнан артық, «Студенттерге» – 3200, бұрын ашылған «Бәйтерек» саябағы мен «Ислам орталығы» алаңына жаңадан 4 мыңға жуық ағаштар мен алқызыл гүлдер отырғызылды. Ақорданың бағы мен стадионның жанындағы қалтарысқа Алматыда өсетін, иісі сирень сияқты аңқып тұратын кішкентай жапырақты липаның 124 талы егілген...

Соңғы 2-3 жылда Астананы ажарландыру жұмытарының еселеп артып келе жатқаны сондай, Астана нағыз гүлді қала дерлік қалыпқа еніп шыға келді. Қаладан шығар жолдарға және көше бойы, аялдамалар алаңындағы, мемлекеттік мекемелер алдындағы құлпырып тұрған хош иісті гүлдер адамдардың көңіл-күйін көтеріп, Астанаға деген шексіз сүйіспеншілік сезіміне бөлейді. Астананың гүл жайнаған ажары қала сыртындағы күшігірім үйлердің қожайындарын да бейтарап қалдырмады. Бүгінде жекеменшік үйлердің аулаларының іші де, сырты да түрлі-түсті гүлдерге малынып тұр.

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер!

Гүлдер, гүлдер, көк гүлдер! –

деп қуана ән салып жүрген бүлдіршіндерді бүгінде көп кездестіресіз.

Арайлана бер, ару Астана!





ГҮЛДЕСТЕЛІ АСТАНА

Соңғы жылдары Есілдің жағасындағы алып шаһарды оның төріне жайылған қалы кілемдей құлпырған гүл алаңынсыз елестете алмайтын күнге жеттік. Сан алуан түрлі гүлден пішіліп, қаланың сәнін келтіріп тұрған гүлзарларға көз үйретіп алдық. Пішіні мен қатары жыл сайын артып отырған гүлзарлармен бірге, шаһардың шырайын келтіріп отырған гүл мүсіндер де бар мұнда.

2011 жылы егілген жасыл желектер саны бойынша елордалық бағбандар рекорд жасалды. Өткен жылдармен салыстырғанда отырғызылған гүлдер саны мен аумағы 2 есеге артқан. Дәлірек айтсақ, осыдан 7 жыл бұрын қаладағы гүл өсіретін алаңның жалпы аумағы 48 мың 886 шаршы метрді құрады. Биыл бұл көрсеткіш 150 мың 726 шаршы метрге жетті және қала аумағында 29 түрлі 9 млн түпке жетті. Сәйкесінше, қаладағы гүлзарлар мен желектер қатары жыл өткен сайын артып келеді. Әрбір гүлтөсем, гүлзар – ғылыми зерттеудің, шығармашылық із-деністің, үйлесімді ой-қиялдың, ұжымдық жұмыстың нәтижесі. Гүлдің өзі нәзік болғанымен, бейнеті батпандай. Мұны осы істің басы-қасында жүрген «Астана-көгалдандыру құрылыс» АҚ-ның мамандарынан артық ешкім біле қоймас.

Жалпы, Астананы көгалдандыру жұмысына 1998 жылдан бастап ерекше көңіл бөліне бастады. Осы жылдар ішінде бізде гүл өсіру технологиясы қалыптасып үлгерді деуге негіз бар. Елорданы көгалдандыруда қазіргі қолданыстағы әлемдік озық тәжірибенің барлығы қолданылады.

Тілге тиек ете кетер жәйт, Астананың 10 жылдығына келген Мәскеудің сол кездегі мэрі Юрий Лужков еліне барған соң, астаналықтардың шаһарды гүлмен безендіруде аты озып кеткенін айтып, қоластындағы көгалдандырумен айналысатын 10 мекеменің басшысына жиналыс жасаған.

Гүлтөсемдердің алуан пішіндері жыл сайын өзгертіліп, жетілдіріліп отырылады. Елорданың гүл алаңдарының басқа қалаларға қарағанда артықшылығы бар. Соның бірі – гүл-мүсіндер. Жасыл майса шөппен көмкерілген мүсіндер – піл, керік, тасбақа секілді жан-жануарлар бейнесі көз тартады. Олардың қатары биыл арта түскен. Мекеме мамандары арнаулы жылыжайда өсірілген ашық, қою түсті өсімдікті пайдаланып, әртүрлі сурет-картина жасауды қолға алыпты. Мысалы, сүйген жарын алыс сапарға шығарып салып, тұлпарын жетектеп, күтіп тұрған бойжеткеннің бейнесі керемет көрініс тапқан. Тек биылдың өзінде гүл мүсіндердің саны 26-ға жетті.

Гүл кестелі мүсіндер











Астананың айшықты монументтері



«Қазақ елі» монументі




«Отан-Ана» монументі



Ханшайым



Отан қорғаушыларға қойылған ескерткіш








«Астана жұлдызы» композициясы









МАҚСАТ — МІНСІЗ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Кез келген мемлекеттің өз азаматтары алдындағы жауапкершілігін білдіретін әлеуметтік интегралдық көрсеткіш халық денсаулығының жалпы жағдайы болып табылады. Медициналық көмек көрсетудің қол жетімділігін, уақтылығын, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін бірыңғай дамыған, әлеуметтік бағдарланған жүйені білдіретін денсаулық сақтау саласы халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда негізгі басымдықтардың бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына жолдауында «...Халық денсаулығы – ол Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі...», дей келе, «...Саламатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілігі қағидаты – міне, осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс...» деп түйінделген.



Медициналық қызметтердің сапасы кешенді ұғым және ол көптеген көлемді себептерге байланысты. Олардың ішінде медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық жарақталуын, клиникалық мамандардың кәсіби деңгейін және оны арттыруға деген уәждемесінің болуын, медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсету үдерістерін басқарудың қазіргі заманғы технологиялары мен медициналық көмекке ақы төлеудің тиімді әдістерін енгізуді бөлек атап өткен жөн.

Астана тұрғындарының денсаулығын қорғау тұрғысындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жоғарыда аталған шараларға, сондай-ақ, Елбасының **«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін»** атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленген Астана қаласының 2006-2010 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы мен Астана қаласының денсаулық ісін реформалаудың және дамытудың 2005-2007 және 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес жүргізіледі

Бағдарламаның басым бағыттарын іске асыру барысында келесідей міндеттер жүзеге асырылды:

- жалпы дәрігерлік тәжірибе принципін ендіре отырып, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті реформалау жүргізілді;

- жаңа нысандарды іске қосу арқылы, қолданыстағы нысандарды жөндеуден өткізе және техникалық жарақтандыра отырып, денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылды;

- «пилоттық» эксплуатациясымен қаланың барлық медициналық ұйымдарында бірыңғай ақпараттық денсаулық сақтау жүйесі ендірілді;

- денсаулық сақтау менеджерлерін даярлай отырып кадрлық әлеуетінің әрі қарайғы дамуы жалғастырылды;

- барлық медициналық ұйымдарда ішкі аудит қызметі құрылды;

- Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ендірудің I кезеңі іске асырылды. Атап айта берсе, мұндай шаралардың тізімі біразға созылары анық. **Ендігі кезекте Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасының негігі стратегиялық бағыттарына тоқтала кетелік.**

1-стратегиялық бағыт. Астана қаласы тұрғындарының денсаулығын нығайту. Соңғы жылдардағы Астана қаласы бойынша негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштер оң тенденция алуда және орташа республикалықпен салыстырғанда едәуір жоғары көрсеткіштермен ерекшеленеді. Соңғы жылдары елордада табиғи өсімі мен ішкі көші-қонға негізделген халықтың тұрақты көбеюі байқалады.

Астана қаласындағы туылу көрсеткіші 2005 жылы 1000 адамға шаққанда 16,8 болса, 2009 жылы 24,35-ті құраған, ал өлім-жітім көрсеткіші 2005 жылы 1000 адамға шаққанда 6,7 болса, 2009 жылы 4,96-ға дейін төмендеп, 2009 жылы 1000 адамға шаққандағы 19,39-ті құраған (2005 жылы 1000 адамға шаққандағы 10,1) халықтың табиғи өсу коэффициентінің артуына әкелді.

Соңғы бес жыл бойында ана өлімінің көрсеткіші 2009 жылы 1000 адамға шаққанда 30,4-ті құрап (2005 жылы 40,5), тұрақтану мен азаю тенденциясына ие болған.



2-стратегиялық бағыт. Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру. Соңғы жылдары Астана қаласы денсаулық сақтаудың жан басына шаққандағы шығыны едәуір өсіп, жылдарға есептегенде: 2006 ж. – 13613 теңге, 2007 ж. – 19934 теңге, 2008 ж. – 21656 теңге, 2009 ж. – 23565 теңгені құраған және соның ішінде, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыру 2006 жылғы 10486 теңгеден 2009 жылы 20143 теңгеге дейін артқан.

Денсаулық сақтау ұйымдарының желісі 2005 жылдан бері айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Атап айтсақ, 2007 жылы 4 амбулаториялық-емханалық кешен іске қосылған. Осыған байланысты тұрғындарды тұрғылықты жеріне барынша жақын етіп «бір отбасыға – бір дәрігер» принципі бойынша амбулаториялық қызмет көрсетуге қайта бөлу жүргізілді. 2008 жылы 3 медициналық ұйым шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын статусына ауыстырылды, 2009 жылы мемлекеттік мекеме статусындағы 6 ұйым мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға айналды.

2009 жылы ғана Елорда халқына 2911 төсек орны бар 13 аурухана, республикалық кластердегі 7 клиника мен 2 жеке меншік ұйым стационарлық көмек көрсетті. Стационарлардағы төсек орынмен қамтамасыз ету көрсеткіші 10 мың адамға шаққанда 2005 жылғы 48,1-ден 51,0-ге артқан.

Бүгінде жалпы дәрігерлік тәжірибені (ЖДТ) жаппай ендірудің бірінші кезеңдегі жұмысы іске асырылды. Қалада ЖДТ-нің 70 учаскесі жұмыс жасайды. Осындай учаскелерде қызмет көрсетілетін тұрғындардың үлес салмағы 1,5 есеге артып, халықтың жалпы санының 25,4%-ын құрап отыр. Аралас қабылдайтын 1 учаскеге орташа есеппен 2295 адамнан келеді.

Қалалық медицина ұйымдарын жоғары технологиялық медициналық құрал-жабдықпен жарақтандыру жалғасуда. Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасына ведомстволық бағынысты барлық медициналық

ұйымдарда денсаулық сақтау нысандарына БАДСЖ ендіру мен қосу және ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 4 тамыздағы № 1174 қаулысымен бекітілген Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ендірудің жоспары іске асырылуда.

Медициналық көмектің сапасын жақсартуға медициналық ұйымдарды аккредиттеу және ішкі аудит жүйесін ендіру де оң ықпалын тигізеді.

Стационарлардағы төсек орынмен жеткіліксіз қамтамасыз етілуіне байланысты қалалық медицина ұйымдары бойынша ауруханаға жатқызу шектелуі көлемдерінің жоспары жыл сайын 104-105%-ға артығымен орындалады. 2010 жылы 360 төсек орынға есептелген көп салалық стационардың және келер жылдары тағы да 5 аурухананың іске қосылуы төсек орындар қорының тапшылығын азайтуға және мамандандырылған, жоғары мамандандырылған стационарлық медициналық көмектің арқарайғы дамуына мүмкіндік береді.



3-стратегиялық бағыт. Кадр ресурстарының дамуы. Медицина ұйымдарының қызметін қамтамасыз етудегі негізгі звено білікті кадрлар болып табылады. 2005 жылдан бері қалалық денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәрігерлердің саны 1,6 есеге артты. 2009 жылдың соңыға қарай қалалық денсаулық сақтау жүйесінде 9085 медициналық қызметкер, соның ішінде 4059 дәрігер, 5026 орташа медициналық қызметкер (ОМК) болған. Дәрігерлермен қамтамасыз ету көрсеткіші 27%-ға (10 мың адамға шаққанда 2005 ж. 46,6-дан 2009 ж. 59,4-ке дейін) және мейір бикелердің саны 1,4 есеге (10 мың адамға шаққанда 2005 ж. 54,3-дан 2009 ж. 74,5-ке дейін) артқан.

2009 жылдың аяғына қарай АМСК ұйымдарында 829 дәрігер мен 1075 мейірбике жұмыс істеді. 2005 жылмен салыстырғанда дәрігерлермен

толықтыру көрсеткіші 27%-ға (10 мың адамға шаққанда 2005 ж. 46,6-дан 2009 ж. 59,4-ке дейін), ал орташа медицина қызметкерлерімен толықтыру көрсеткіші 1,4 есеге (10 мың адамға шаққанда 2005 ж. 54,3-дан 2009 ж. 74,5-ке дейін) артқан.

Жергілікті базада, сондай-ақ, алыс және жақын шет елдерде медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жұмысы жоспармен жүргізілуде. Жыл сайын 600 дәрігер мен 730 ОМҚ оқытудан және қайта даярлаудан өтіп тұрады. Біліктілік санатына ие дәрігерлердің үлес салмағы 44,7%-ды, ал мейірбикелердің үлес салмағы 43,6%-ды құрайды.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруды айрықша міндет Оқу-клиникалық орталыққа жүктелген. Орталық базасында дәрігерлер мен ОМҚ-н шұғыл медициналық жәрдемнің халықаралық стандарттарына оқыту жөніндегі АҚШ Гарвард университетінің «Партнерс Хелс Системс» медициналық корпорациясы мен қалалық Денсаулық сақтау басқармасы арасындағы ынтымақтастық жобасы ендірілген.

Денсаулық сақтау ұйымдарында менеджмент институтын кезең-кезеңімен ендіру үшін денсаулық сақтау менеджерлерін қарқынды даярлау жүргізілуде.

Елорда тұрғындарының көбеюі мен медициналық қызметке сұраныстың артуы және жаңа денсаулық сақтау нысандарының іске қосылуы жоғары білікті медициналық қызметкерлерге деген сұраныстың өсуіне алып келеді. «Өркениет ауруы» деңгейі мен қауіп факторларының артуы кардиолог, эндокриноог, онкогематолог және басқа да тар мамандықтар дәрігерлеріне сұраныстың артуына алып келеді. Яғни, медицина қызметкерлерінің жеткіліксіз әлеуметтік қорғалуы мен білікті мамандарың айтарлықтай тапшылығы кезінде денсаулық сақтау ұйымдарындағы кадр тапшылығын одан сайын қиындатады.

Біліктілікті арттыру. Елорданың денсаулық сақтау мекемелеріндегі кадр мәселесін шешуде Астана қаласы әкімдігі мен Астана қаласының



Денсаулық сақтау басқармасы бірқатар жұмыстар атқаруда.

Дәрігерлер мен орташа медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары мамандандырылған алыс және жақын шетелдік клиникалар мен ғылыми орталықтарда мамандардың біліктілігін арттыруға қаржы бөлінуде. 2009 жылы Астана Медициналық университетінде «Денсаулық сақтаудағы менеджмент негіздері» он айлық циклы бойынша – 6 адам, «Отбасылық дәрігер» алты айлық циклы бойынша – 23 адам, «Медициналық қызмет көрсету сапасының сараптама негіздері» бір айлық циклы бойынша – 30 адам және сондай-ақ, 12 жалпы тәжірибе дәрігерлері біліктілік арттыру курстарынан өткен. Жоғары мамандандырылған алыс және жақын шетелдік клиникалар мен ғылыми орталықтарда 119 дәрігер біліктілігін арттырған.

Қазіргі таңда Новосибирск мемлекеттік медициналық университеті тарапынан 30 анестезиолог-реаниматолог дәрігерлеріне арналған келіп оқыту курстары жүргізілуде.

Оқу-клиникалық орталығы шеңберінде Қалалық Денсаулық сақтау басқармасы мен АҚШ Гарвард университеті арасында «Пратнерс Хелс Системс» ынтымақтастық жобасын әзірленген және енгізілген.

Сондай-ақ, Колумбиялық және Гамбург университеттерімен де арада тәжірибе алмасу жөнінде байланыстар жолға қойылған. Жоғары жылдамдықтағы ведомствоаралық байланыс жобасы жасалынып, оның негізінде телемедициналық технологиялар ендіру жүзеге асырылмақ. Ол өз кезегінде нақты уақыт тәртібінде қалалық медицина ұйымдарымен ғана емес, осы саладағы шетелдік жетекші мамандармен де телеконсультация жүргізуге мүмкіндік береді.

Бір жағынан «Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ Басқарма бастығы атынан, екінші жағынан «Астана Медициналық университеті» АҚ ректор мен бітіруші атынан таңдалған мамандық бойынша клиникалық қызметпен айналысуға заңды құқығын алу үшін біржылдық интернатурада (мамандану) дайындық туралы жыл сайын ұшжақтық келісім-шарт жасалады.

Бітіруші мамандарды елорда медициналық ұйымдарына тарту үшін Басқарма өкілдері «Астана Медициналық университеті» АҚ-да, Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде және Қазақ ұлттық медицина университетінде өтетін жәрмеңкелерге қатысып тұрады.

2009 жыл бойында қалалық медицина ұйымдарына Астана қаласы медицина колледжінің 208 түлегі және Астана Медициналық университетінің 120 бітірушісі жұмысқа орналасқан. 2010 жылдың тамыз айында 203 дәрігер және 223 медицина қызметкері жұмысқа кіріспек.

Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы медициналық қызметтердің сапасын ұдайы арттыруды мақсат ете отырып, Елорда тұрғындарының денсаулығын қорғау жолындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда қажырлы еңбек етуде.



ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДАҒЫ ОЗЫҚ ІСТЕР

Бүгінгі күні отандық медицина бұрын-соңды болмаған даму-ды басынан кешіруде. Мемлекет басшысының Жолдауында атап көрсеткеніндей, тәуелсіздік жылдарында қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту үшін қажет нәрсенің бәрі жасалды. Бүгінде бүкіл ел көлемінде тұңғыш рет медицинаның ең бір күрделі бағыттары бойынша операциялар жасалуда. Жетекші шетелдік клиникалармен байланысы бар 150 телемедицина орталықтары құрылды. Жүргізілген жұмыс нәтижесі ретінде бала туудың 25 пайызға көбейгенін, адам өлімінің 11 пайызға төмендеп, халықтың табиғи өсімінің 1,7 есе артқанын атап өтуге болады. Ел еңсесін тіктесімен, денсаулық саласына қаржы бөлу еселеп артты. Мемлекет басшысының «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы негізінде кең байтақ Қазақстанда құрылыс қарқын алды. Тәуелсіздік жылдарында 500-ге жуық жаңа денсаулық сақтау нысаны бой көтерді.

ХОЛДИНГТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТІ

Мемлекет басшысының «Астана – ерекше қала, оған көзқарас та айрықша болуы тиіс», – деген сөзі бар. Астана ғылым, білім және медицина орталығы болуы керек. Осы мақсатпен сол жағалауда медициналық қызмет көрсетудің осы заманғы инновациялық кластері құрылды. Бұл нысан алдағы уақытта Қазақстандағы ғана емес, аймақтағы үздік медицинаның орталығы, медицина ғылымын дамытудың ұйтқысы болады.

500 орындық республикалық диагностикалық орталық, 500 кісілік Ана мен бала ұлттық орталығы, 300 кісілік Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы, 160 орындық Нейрохирургия ғылыми зерттеу орталығы, 240 адамға арналған республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы... Ол, аз десеңіз, жақын күндері бұлардың қатары 180 орындық кардиохирургия ғылыми орталығымен, Жарақаттану мен ортопедия ғылыми зерттеу институтымен және Ұлттық ғылыми медициналық орталығымен толығады. Бір-бірімен қатарласа орналасқан, Орта Азия былай тұрсын, Шығыс Еуропа елдерінде баламасы жоқ медициналық кластер клиникалары егемен еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытуда көшбасшы қызметін атқаратын болады.

Елбасы бастамасымен құрылған медициналық кластердің басты мақсаты – Астана қаласының және барлық қазақстандықтардың әрі көршілес мемлекеттер азаматтарының шетелдегі емханалар қызметіне

жүгінбейтіндей мүмкіндікке қол жеткізу еді. Бұған қол жеткіздік. Елбасының: «Астаналық медициналық кластер жайында бөле-жара айтқым келеді. Осы заманғы озық медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мұндай кешен көптеген Еуропа елдерінде жоқ. Қазірдің өзінде мұнда ауыр науқастарды емдеуге, бұрын тек шетелде ғана жасалатын аса күрделі операцияларды атқаруға болады. Барынша сапалы ем алу үшін бүкіл Қазақстаннан және көршілес елдерден адамдар Астанаға келуде», – деген сөзі осының дәлелі.

Астана еліміздің бас қаласы атанған жылдары қаладағы дәрігерлер саны 640-қа көбейген. Олардың орташа жалақысы 1997 жылмен салыстырғанда 5,5 есеге көбейді. Бүгінде қалалық медицина мекемелері қызметкерлерінің орташа айлық көрсеткіші 55 мыңды құрап отыр. Астаналық дәрігерлер корпусының бүгінде озық технологиялардың құлағында ойнайтын мықты мамандарымен мақтануына толық мүмкіндігі бар.

Алдағы жылдары Астана қаласында заманауи үлгідегі 4 медициналық нысан бой көтереді деп жоспарланып отыр. Олар 250 орындық Балалар жұқпалы аурулары ауруханасы, 500 кісіге лайықталған көп салалы стационар, 250 орындық емханасы бар 350 орындық көп салалы балалар ауруханасы және бір ауысымда 150 бала мен 350 ересек адамды қабылдауға мүмкіндігі бар амбулаториялық-емханалық кешен пайдалануға берілмекші.

ЖАҢА ЖҮЙЕ. ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

2015 жылға қарай Қазақстан халқының өмір сүру ұзақтығы 70 жасқа дейін жетеді. Ал, өршіп тұрған өкпе құрты індетіне шалдығатындар саны 10 пайызға төмендейді деп күтілуде. Мұндай жетістікке еліміз «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы арқылы қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасына сәйкес бұдай былай Ішкі істер, Білім және ғылым, Төтенше жағдайлар, Байланыс және ақпарат, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Туризм және спорт министрліктері Денсаулық сақтау министрлігімен тығыз жұмыс істемек. Осылайша денсаулық сақтау ісінде барлық мемлекеттік органдардың ынтымақтасып жұмыс істеуді көздеп отыр.

Бағдарлама белгілі бір сатылар бойынша жүзеге асырылады. Осы саты бойынша аурудың алдын алу, санитарлық-эпидемиологиялық қызметті жақсарту, дәрі-дәрмектерге қол жетімділік пен олардың сапасын арттыру, инновация мәселелері мен медициналық білім беруді жетілдіру жүзеге асырылады.

Әр министрліктің өзіне тиесілі міндеттері де бекітілді. Мәселен, тұтқиыл жағдайлардан, жол апатынан қаза табатындардың санын азайтуға Төтенше жағдайлар жөніндегі және Ішкі істер министрлігі жауап береді. Білім және ғылым министрлігі мектеп оқушыларының, студенттердің спортпен айналысуына, салауатты өмір салтын ұстануына жағдай туғызуға міндетті. Мектеп жасындағы балалардың өз-өзіне

қол жұмсауын азайту да осы органның еншісіндегі шаруа болып отыр. Ал, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі елдің тұрмыс-жағдайын түзеу, уақтылы ем алуына, алдын-ала тексерілуіне ықпал етуге тиіс.

2010 жылғы 1 қаңтардан бастап республикада Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді.

Жаңа жүйе науқастың дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауына мүмкіндік туғызды. 2010 жылы стационарды таңдау құқын 554 мың емделуші пайдаланыпты. Оның ішінде 31 мыңы тұрғылықты жерінен өзге өңірдегі медициналық мекемені таңдаған. 2011 жылдың алғашқы 6 айында 41 мың адам стационарда ем қабылдау үшін басқа өңірлерді таңдапты.

Қазақстандағы денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесі осылайша медициналық мекемелердің тиімді жұмысы мен өзара бәсекесіне негізгі басымдық беріліп отыр.

ДЕНСАУЛЫҚ ПОЙЫЗЫ

Бүгінде Қазақстан азаматтарының 40 пайызға жуығы ауылдық аймақтарда тұрады.

Алыс аймақтағы ауыл тұрғындары Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған емес.

Медициналық көмектің ауыл адамдарына да қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінде елімізде 150-ден астам телемедициналық орталықтар жұмыс істеуде. Сонымен қатар, қазір жылжымалы медициналық кешендердің қызметін қолдана бастадық.

Алыс аймақтарға Астанадан аттанатын «Денсаулық» емдеу-диагностикалық пойызы соның бір мысалы. «Денсаулық» пойызының өзге мерейтойлық пойыздардан айырмасы — ол еліміздің түкпір-түкпірінде тұратын тұрғындарға медициналық көмек көрсетеді. Мұндағы дәрігерлер тек диагностикалық тексеру ғана емес, шағын медициналық операцияларды да жасай береді. Ол үшін пойызда барлық жағдай жасалған.

«Денсаулық» пойызында терапевт, педиатр, невропатолог, окулист, ЛОР, гинеколог, хирург, уролог, секілді шалғайдағы халықтың қолы жетпей жүрген мамандардың бәрі болады. Осы мамандар халықты рентген, флюорография, ішкі ағзаларын УЗИ арқылы зерттеу, электрокардиограмма, велоэргометрия, гастробирокоскопия, компьютерлік спирография, эзоэнцефалография қондырғыларынан тексеруден өткізеді.

Халық денсаулығын сақтау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінде жоғарыда айтып өткеніміздей 700-ге жуық жаңа нысандар салынды.

Денсаулық сақтау саласында Елбасы бастамасымен 20 жыл ішінде атқарылған жұмыстар саланы айтарлықтай дамытты. Елдегі туу көрсеткішінің 25 пайызға артуы, ал адам өлімінің 11 пайызға кемуі осының айқын айғағы.

Елде денсаулық сақтау саласын әрі қарай жетілдіруге мықты негіз қаланды.

Денсаулық саласында атқарылған осы игі істердің барлығын тәуелсіздіктің бізге берген жемісі.

МЕДИЦИНА КЛАСТЕРІНІҢ МҮМКІНДІГІ

«Астанада қазіргі заманғы әлемдік деңгейдегі медициналық кластер құрылуға тиіс. Бұл нысан Қазақстандағы ғана емес, аймақтағы үздік медицинаның орталығы, медицина ғылымын дамытудың ұйытқысы болуы қажет...»

2006 жылы елорда әкімдігінде өткен «Астана қаласын дамыту мәселелері» жөніндегі кеңесте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы сөздерге ерекше екпін түсіріп айтты.

Жай айтып қана қойған жоқ, сол күн, сол сағаттан бастап оның жүзеге асуын тікелей өз бақылауына алды.

Арада үш жыл өтті. Көзді ашып жұмғанша. Үш күндей де болған жоқ. Бірақ, осы үш жыл ішінде отыз жылға жүк болар шаруалар атқарылды. Көз жеткізгіңіз келе ме? Елорданың сол жағалауынан бой көтерген медицина қалашығына көз жіберіңіз.

ХОЛДИНГ ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТТІ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Денсаулық сақтау саласындағы осы клиникалардың қызметі қолжетімді болуы үшін Министрлер кабинеті «Ұлттық медициналық холдинг АҚ құру туралы» қаулы қабылдады. Оны құруға үкімет қазынасынан қаржы бөлінсін деп шешті.

«Шешім қабылданды, мен қаулыға қазір-ақ қол қоямын, ол бүгін күшіне енеді». Сол жолғы Үкімет отырысындағы Премьер-министр Кәрім Мәсімовтің осы екі ауыз сөзі бар мәселені оңтайлы шешіп берді.

2008 жылдың 13-мамырында Ұлттық медициналық холдинг құрылды. Үкіметтің қаулысы негізінде Астана қаласында жұмыс істеп жатқан денсаулық сақтау саласының алты инновациялық нысаны мен Астана қаласындағы Медициналық университет холдинг құрамына енгізілді.

Ұлттық медициналық орталық құрудың негізгі идеясы – жоғарыда айтып өткеніміздей Астана қаласында инновациялық медициналық орталықтары арқылы тиімді бизнеске бағытталған басқаруды енгізу, сонымен қатар жоғары сапалы медициналық қызмет көрсету болып табылады. Сондай-ақ жан-жақты медициналық қызмет көрсету ісін әлемдік деңгейге жеткізу үшін ең озық медициналық технология мен ең ұтымды халықаралық менеджментке сүйену.

Холдингтің алдына қойған мақсаты – Астана қаласының және барлық қазақстандықтардың әрі көршілес мемлекеттер азаматтарының шетелдегі емханалар қызметіне жүгінбейтіндей мүмкіндікке қол жеткізу еді. Бұған да қол жеткіздік. Елбасының: «Астаналық медициналық кластер жайында бөле айтқым келеді. Осы заманғы озық медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мұндай кешен көптеген Еуро-

па елдерінде де жоқ. Қазірдің өзінде мұнда ауыр науқастарды емдеуге, бұрын тек шетелде ғана жасалатын аса күрделі операцияларды атқаруға болады. Барынша сапалы ем алу үшін бүкіл Қазақстаннан және көршілес елдерден адамдар Астанаға келуде», – деген сөзі осының дәлелі.

Медициналық кластерге жұмсалған жалпы қаржы көлемі 59,3 млрд. теңгені құрайды. Ал, әр нысанның мемлекет қоржынына түсірер жылдық табысы 5,1 млрд. теңге шамасында. Қаржының жұмсалуды мен емдеу сапасы арасындағы өзара сабақтастықты үйлестіріп отыру – Холдинг басшылығының міндеті болып табылады.

Кластер құрылымы жоғары білімді мамандардан тұрады. Алты орталықта жалпы саны 5436 қызметкер жұмыс істейді. Оның 859-ы дәрігер мамандар.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА ОРТАЛЫҒЫ

Республикалық диагностика орталық Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асырылған ауқымды жобалардың бірі. Ол 2005-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтауды қалыптастыру және дамыту мемлекеттік бағдарламасының іс жүзіне асуының айқын дәлелі.

Орталық ғимараты 2008 жылдың шілде айында пайдалануға берілді. Орталық бір ауысымда 500 адамды қабылдай алады. Мұнда 238 дәрігер мен 260 медбике жұмыс істейді. Нысанның жалпы аумағы 20 мың шаршы метрден астам. Мемлекеттік деңгейде маңызы зор орталық алыс-жақын шет елдерден білікті медицина мамандарды тарта отырып, 35 түрлі дәрігерлік мамандық бойынша балалар мен ересектерге консультативтік кеңес береді деп жоспарланған. Орталық емханалық-диагностикалық зертханамен, қазіргі заманғы озық құрылғылармен жабдықталған.

Бүгінде ядролық медицинаны дамытуға бүкіл әлемнің жіті көңіл бөліп отырғаны белгілі. Диагностикалық орталықта Орта Азия аймағына әлі бейтаныс «циклотронмен жабдықталған позитронды-эмиссионды томограф (ПЭТ)» орнатылған арнаулы бөлім бар. Словакияның Братислава, Ресейдің Санкт-Петербург қалаларындағы ПЭТ орталықтарымен тығыз қарым-қатынас орнатылған.

АНА МЕН БАЛА ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

Орталық денсаулық сақтау саласы мекемелерінің озық үлгісіне жатады. 2007 жылдан бастап жұмыс жасап келеді.

Қазір дүниежүзінде қалыптасқан дәстүр бойынша ауруханалар қоғамдық мекеме ретінде емес, тиімді қызмет көрсететін компания ретінде басқарылуы тиіс. Ондағы мақсат – шығындалған қаржының тиімді пайда беруіне қол жеткізе отырып, сапалы медициналық қызмет көрсету болып табылады.

Ана мен бала орталығы біраз уақыт бұрын австралиялық «Фамед» компаниясының басқаруына берілді. Бұл – Денсаулық сақтау

министрлігі мен Ұлттық медициналық холдингінің шетелдік компаниямен ауруханалық жүйені халықаралық басқаруға беру жөнінде жасалып отырған алғашқы жобасы.

Бүгінде «Фамед» компаниясы дүниежүзіндегі 140-тан астам үлкен



жобаларға басшылық етеді. Компаниямен арадағы келісім-шарт бойынша 2 жыл 9 айдың ішінде Ана мен бала ұлттық орталығында тиімді менеджмент қалыптастырып, емделушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі халықаралық сапа стандарттарын енгізіп, орталықтың халықаралық аккредитациядан өтуіне қол жеткізуі тиіс.

Астана қаласындағы Ана мен бала ғылыми орталығы жоғары сапалы медициналық көмек көрсететін үшінші дәрежелі медициналық мекемелер қатарына жатады. Орталықта емдеу, ғылыми ізденістер және кадрлардың кәсіби шеберлігін жетілдіру шаралары бірдей жүзеге асырылады.

Мекеменің жалпы ауданы 7,75 гектар жерді құрайды. Бірнеше ғимараты бар. Орталық ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатындағы педиатрия, гинекология және акушерлік саласындағы еліміздегі ең ірі емдеу-диагностикалық және ғылыми мекемелер орталығы болып саналады.

Бүгінгі заманның озық медициналық құралдарымен жабдықталған 35 бөлімше, 2 емхана және 3 ғылыми лаборатория жұмыс істейді. Емделушілерге 204 дәрігер, 342 орта медициналық қызметкер, 229 кіші медициналық қызметкер, барлығы мыңнан астам мамандар қызмет етеді. Дәрігерлердің арасында 11 медицина ғылымының докторы, 51 ғылым кандидаты бар, 25 пайыздан астамы жоғары деңгейлі дәрігерлер.

Іске қосылғалы бері орталықта 74 күрделі операция жасалынды. Олардың қатарында аса күрделі саналатын көкірек қуысы жасушаларын қалпына келтіру, мидағы қатерлі ісікті жою секілділері бар. Бәрі де сәтті аяқталды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ

Орталық ең алғашқы емделушісін 2007 жылдың 10-қыркүйегінен бастап қабылдай бастады.

Мұнда мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге жоғары мамандандырылған дәрігерлік, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді. Оған қоса, неврология, эндокринология, ортопедия бойынша кешенді оңалту көмегін де көрсетеді.

Осы уақытқа дейін орталықта ем қабылдаған 6 мүгедек бала өздігінен қозғала алатын, ал 89 бүлдіршін өз бетінше жүріп-тұра алатын шамаға жетті.

Бүгінгі таңда елімізде 40 мыңға жуық мүгедек бала бар. Орталық 300 кереуеттік төсек орнымен жабдықталған.

Ғимарттың жалпы ауданы 40,746 шаршы метрді құрайды. Негізгі ғимараты мектеп, субалшықпен емдеу, диагностикалық бөлімшеден, зертханадан, физиобөлімшеден, ортездік шағын зауыттан тұрады. Орталық базасында психоневрологиялық, ортопедиялық және эндокриндік паталогиясымен азап шегуші балаларды оңалту жүйесі құрылған. Мамандардың 17-сі Мәскеу қаласында балалар неврологиясы, ортопедия және емдік дене тәрбиесі мамандығы бойынша білімін жетілдіріп келген. Алғаш рет ойынтерапевтері, еңбектерапевтері секілді мамандар енгізілді. Сондай-ақ, рефлексотерапевтері, дефектологтар, психологтар, логопедтер жұмыс жасайды.

Жүйке жүйесімен ауыратын балаларға арналған бөлімшелер бар.

Орталықта емдеу ақысыз көрсетіледі. Ал, оңалту 28 күнге созылады.

ҰЛТТЫҚ НЕЙРОХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Аумағы 3,5 гектар жерді құрайды. Орталықтың әкімшілік ғимараты, емдеу, операциялық-реанимациялық бөлімдер және қысқы бақ нысандары бар.

Жүйке жүйесі сырқатына шалдыққан науқастарды жан-жақты зерттеу, ауру себептерін анықтап, тиімді тәсілмен емдеу шараларын жоғары білікті мамандар атқарады.

Орталықтың ең үздік жетістігі – нейронавигация құрылғысы. Осы құрылғының көмегімен нейрохирургияның жетістігі саналатын трансназалды араласу, яғни мұрын тесіктері арқылы бастағы шағын ісіктерді жою операциясы жүзеге асып жатыр. Сонымен қатар, эндовоскулярлы, эндоскопиялық операциялар, омыртқааралық шеміршекті қалыпқа келтіру жүзеге асуда.

Орталықтағы мамандардың көбісі медицинасы дамыған шетелдерде білім алып келген. Мұнда оқу-әдістемелік залы жұмыс жасайды. Медицина факультеті студенттерінің операция жасауға тікелей қатысып, кәсіби машықтануына бар мүмкіндік жасалған.

Сонымен қатар, 95-110 орындық үш мәжіліс залында оқу-тәжірибе жұмыстарына қажетті жаңа үлгідегі аппаратуралар орнатылып, теле желі тартылған. Ғылыми кітапханасы да бар.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Астана қаласында медициналық кластердің іргесін қалап, “Болашақтың госпиталін” жа-сау жөніндегі идеясы бүкіл посткеңестік аймақта тыңнан түрен салумен пара-пар іс болғаны рас.



Елбасының Астана медициналық кластерін құрудағы көкейкесті мақсаты – дүние жүзінде өмірге енгізіліп жатқан ең жаңа, ең озық технологияларды елімізге әкеліп, ел азаматтарының игілігіне жарату болатын. Өз сөзінде: «Ел азаматтарын әлемдік сападағы құрал-жабдықтардың, біліктілігі жоғары дәрігерлердің көмегімен емдеу үшін, мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Біз елордадағы жаңа ауруханаларды ең соңғы құрал-жабдықтармен қамтамасыз еттік. Бүкіл Қазақстаннан адамдар келіп, емделіп, алғыстарын білдіріп жатыр. Келісім бойынша, медициналық мекемелерді басқару үшін, шет елдік мамандарды шақырттық. Ең маңыздысы, бұл холдинг өзінің ең сапалы да заманауи ем-домымен өз атын шығарып, біздің азаматтар емделу үшін шет ел асып кетпейтіндей болсын. Біз қыруар қаражат жұмсадық. 60 миллиард. Аса ірі орталық салдық. Енді оны дұрыстап басқарып, халыққа дұрыс қызмет етуді ұйымдастыру керек» – дегені бар.

Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен «Астана қаласының медициналық кластерін құру туралы» бағдарламасы негізінде құрамына елордадағы 6 инновациялық медицина мекемелерді біріктірген Ұлттық медициналық холдинг құрылды. Елбасының бұл бағыттағы баламасыз бағдарламалары еліміздің денсаулық сақтау саласының бәсекеге қабілеттілігін одан сайын арттыра түсті.

Жақында Ұлттық медициналық холдинг Назарбаев Университетінің құрамына берілді.

Еншісіне Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық диагностика орталығы, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды сауықтыру орталығы, Медициналық жедел жәрдем ғылыми орталығы және Ұлттық кардиохирургиялық орталық секілді ірі 6 нысан енетін холдинг алдағы уақытта Қазақстан бойынша денсаулық сақтау саласының локомотивіне айналатын болады.

КАРДИОХИРУРГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ҚАУҚАРЫ

Елордадағы құрылысы аяқталуға жақын қалған 180 орынға арналған Кардиохирургиялық орталық болашақта Орта Азиядағы ең озық медициналық мекемелердің біріне айналатын болады.

Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықта болып, онда атқарылып жатқан жұмыстар барысымен танысқан Елбасы:

«Осы кардиологиялық орталық арқылы біз халықаралық «Назарбаев Университетіне» қарасты барлық медициналық кластердің жұмысын тәмамдайтын боламыз. Мен 2005 жылы жүрек-қан тамыры жүйесі ауруларының проблемаларын шешу туралы міндеттерді жүктеген едім. Ол кездері бір Қазақстан бойынша шамамен 900 операция істейтін едік. Қазіргі таңда біз мұндай операциялар санын жылына 11 мыңға жеткізу мүмкіндігіне ие болдық. Яғни осынша азаматтың өмірін сақтап қалып жатырмыз», – деді Н. Назарбаев.

Ұлттық кардиохирургия орталығының құрамында ғылыми кардиохирургиялық орталық орналасады.

Ғылыми орталықта жүрек ауруларына қатысты ғылым-білімді топтастыра отырып, амбулаторлық тексерулерден бастап, жүрекке жылына 3000-ға жуық операция жасалмақшы. Оның 2500-і ересек адамдарға, 500-і балаларға жасалады. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, мұндай операциялар 2010 жылы бүкіл Қазақстан аумағы бойынша 4000-ды құраған екен.

Бұған қоса, орталық республиканың аймақтық кардиологиялық және кардиохирургиялық орталықтары мен бөлімдеріне әдістемелік-ұйымдастыру және кеңес беру көмектерін көрсетеді. Бұл дегеніміз, Елордада орналасқан кешенде еліміздің барлық облыс-аудандардағы жүректәмір саласындағы мамандар жыл сайын оқуға шақырылып, біліктілігін ұштап отырады деген сөз.

Кардиохирургиялық орталық базасында 2011-2014 жылдар аралығында қазіргі заманғы диагностикалық зерттеулерді қолданып, туа біткен және кейін пайда болған сырқаттарды хирургиялық емдеу бойынша 20-ға жуық инновациялық медициналық технологияларды енгізу жоспарланған. Сонымен қатар кардиохирургия, интервенциялық кардиохирургия салаларында науқастарға амбулаториялық тексеруден бастап, жоғары мамандандырылған көмек көрсетуге, кешенді оңалтуға дейін ғылыми-ағарту жұмысымен де айналысады..

Сондай-ақ, орталықта кардиохирургия саласындағы ғылыми шаралар жүзеге асатын болады. Ұйымдастыру-әдістемелік және консультативтік көмектер көрсетіледі.

БАЛАМАСЫЗ БАҒДАРЛАМА

2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы күшіне енді.

Бағдарламаның бағыты түзу, мақсаты айқын.

Алғашқы жұмыс елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту болмақшы.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтерді жетілдіру, бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыруға, басқару мен қаржыландыру, медициналық, фармацевтикалық білімді жетілдіру, инновациялық технологияларды медицинаға енгізу, халық үшін дәрілік заттардың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, Медициналық көмектің, әсіресе шалғайда және жетуге жолы қиын өңірлерде тұратын ауыл тұрғындары үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекет көлік медицинасын, оның ішінде санитариялық авиацияны дамытуды қолдау бағдарлама аясында атқарылатын негізгі шаруалар болмақ.

Мемлекеттік бағдарламада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтылана отырып, 359 358 900 теңге мөлшерінде мемлекеттік бюджеттен жалпы шығыстар көзделген.

Аталған бағдарлама ойдағыдай жүзеге асар болса, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 2015 жылы 70 жасқа дейін ұлғаюы тиіс.

Жалпы өлім саны 15 пайызға төмендеуі шарт.

Ана мен бала өлімі 1,5 есеге азаяды.

Өкпе қабынуымен ауыратын балалар саны 2015 жылы 50 пайызға төмендейді, ал осы дерттен көз жұматындар саны 20 пайызға кемиді деп күтілуде.

Елбасы елдің бүгінгі даму барысын байыптап, ертеңгі болашағына бағдар беретін биылғы Жолдауында «Тәуелсіздік жылдарында 500-ге жуық жаңа денсаулық сақтау нысандары салынды.

Медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды. Осы жылдар бойына біз қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту үшін қажет нәрсенің бәрін жасадық» деп атап көрсетті.

Халықаралық стандарттарды, әлемдегі медицина саласындағы жетістіктер мен оң тәжірибелерді бір арнаға тоғыстырған еліміздің денсаулық сақтау саласында халық игілігі үшін әлі де талай оң істер атқарылатыны сөзсіз.



ТАЛАП ТӨРІНЕН ТАБЫЛУДА



Әр қаланың мәдени деңгейіне жауап беріп, қала тұрғындарының тек сол қалаға тән мәдени өмір салтын қалыптастыруды жауаптанған белгілі бір мекеме болады. Елордадағы осындай ұжым – Астана қаласының Мәдениет басқармасы. Бұл басқарманың мойнындағы шаруа оңай емесі анық, өйткені олар елорда халқына мәдени қызмет көрсетуге міндетті. Еліміздегі басқа қалалардың халқы Астанаға қарап бой түзесе, Астана жұртшылығының мәдени деңгейін қалыптастыруға басты жауапты ұжым ретінде аталмыш басқарманың иығына орасан ауыр жүк түсетіні белгілі. Енді осы ұжым өзіне жүктелген міндетін қалай атқарып жатқандығы туралы бірер сөз.

Тарихи-мәдени мұраны насихаттауға 2005-2010 жылдар көптеген іс-шаралар өткізілді. Өз тарихымыз бен мәдениетімізге деген қызығушылықты көтеру үшін қала мұражайлары ұйымдастырған іс-шаралар үлкен маңызға ие болды. Мәселен, 2009 жылдың 14 желтоқсанында Тәуелсіздік сарайының Этнографиялық залында «Ат жалындағы өркениет» экспозициясы жұмыс істеді. Сақ дәуірі, түркі дәуірі, ортағасыр мен қазіргі заманғы жәдігерлер келушілердің назарын өзіне тартты. Экспозицияда қолөнер шеберлерінің аспаптары, XIX ғасырдағы ұлттық киім үлгілері, алтын адам, берелдік ат, скиф-сақтар кезіндегі әшекейлер, шошала және басқа заттар айрықша орынға ие. 2010 жылдың ақпанында Түрксой күнделігі және Қазақстан суретшілерінің шығармаларының халықаралық көрмесі ашылды. Тәуелсіздік сарайының қазіргі заманғы өнер галереясында «Жібек жолы – Қытайдың жібек өнері» халықаралық көрмесі өтті (Жібек жолы және 5 мың жыл алдыңғы Қытай жібегінің үлгісі).

Өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын білетін ұрпақты тәрбиелеу - ең маңызды міндеттердің бірі. Осы бағытта «Атамекен» Қазақстан картасы этномемориалдық кешені үлкен жұмыс атқарып келеді. Бұл жерде «Атамекен» патриоттары» жастар клубы жұмыс жасайды. Клубтың мақсаты – қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықты арттыру. Клуб шеңберінде «Отаным – менің мақтанышым» атты интерактивті сабақ өтіп тұрады.

2010 жылы On Line режимінде Халықаралық мұражайлар күні мен мәдени мұраны қорғау мен тапсыруда мұражайлар роліне арналған іс-шаралар өтті. Аталған семинарға 117 экскурсовод, ғылыми қызметкерлер және Қазақстан мұражайларының басшылары қатысты. Бейнеконференцияда Ресей (Мәскеу, Санкт-Петербург), Украина, Беларусь Республикасы, Грузия (Кутаиси), ҚХР, Индия, Корей Республикасының 52 мұражайы қатысты. Тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттауда мұражайлар қызметкерлері Корей Республикасының Ұлттық мұражайы, Қытай ұлттық мұражайы, «Коломенское» МҚМ, «Царицыно» МҚМ, «Петергоф» МҚМ, Украинаның халық сәулетшілігі мен тұрмыс мұражайы, Кутаиси мемлекеттік мұражайы және т.б. тікелей эфирде сөйлесіп, тәжірибе алмасты. Семинар қатысушыларына сертификаттар тапсырылды. «Қазақстан. Вехи тысячелетий» атты диорама павильоны ашылды. Мақсаты-тарихи-мәдени мұраны насихаттау. Диорама павильоны ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысты.

Мұражайлық экспозиция, көрмелер ұйымдастыру арқылы елорда қонақтары мен тұрғындардың тарихи-мәдени мұраға қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

Мәдени естеліктерді сақтау қоры қызметінің базисі болып табылатын кітапханалар бірыңғай ақпараттық кеңістік пен мәдениетті дамытудың негізгі міндетін атқарады.

Бүгін кітапхана жүйесінің дамуы мемлекетіміз бен қоғамның дамуына сайма-сай байланысты, әйткенмен кітапхана тек қана адамзат баласының білім қоймасы ғана емес, мұнда ғылыми-техникалық және әлеуметтік жетістіктер жиынтығы болып есептеледі.

Кітапхана-бұл оқырмандардың ақпарат алу құқықты орны, кітапхана қорындағы бар мәдени құндылықтармен дүние жүзіндегі, ілім-біліммен жан-жақты таныстырушы мәдени ошақ.

Астанада 23 кітапхана қызмет етеді. Жалпы қоры 639965 мың кітап, оқырмандардың саны 69 мыңнан астам.

Кітапхананың негізгі мақсаты мен бағыты-ақпараттық жүйені сақтап қалу және дамыту, беделін көтеру, қорын қалыптастыру, көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында – мәдени-тарихи мұраны сақтауды және соның ішінде, халқымыздың осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеуді, ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорытуды тиянақты түрде қолға алу туралы айтылады. Кітапханалар қоры жыл сайын толықтырылады. 2005 жылы 1 580 000 теңге, 2006 жылы 3 310 000 теңге,



2007 жылы 2 300 000 теңге, 2008 жылы 2 700 000 теңге, 2009 жылы 2 700 000 теңге, 2010 жылы 2 194 000 теңге осы мақсатқа жұмсалған.

Астана қаласының Мемлекеттік филармониясында еліміздің тарихи – мәдени мұрасын сақтау мақсатында қазақ халық аспаптар оркестрі, «Сары Арқа» фольклорлық ансамбілі, халық әндерін орындаушылар, қазақтың танымал композиторлары мен авторларының шығармаларымен өз репертуарларын толықтыруда. Жылда халық жанрын орындаушылар өз репертуарларын Махамбет, Есір, Мәди, Дайрабай, Тәттімбет, Жаяу Мұсаның күйлері, әндерімен толықтырады. Мемлекеттік филармонияда 15 шығармашылық ұжым халыққа қызмет етеді. Қазақ ұлт аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, фольклорлы ансамбль және солистер астана жұртшылығы мен қонақтарын әсем ән мен тәтті күйге бөлеуді өздерінің бұлжымас міндеті санайды. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың иногурациясы Қазақ ұлт аспаптар оркестрі, «Академия солистов» камералық оркестрлердің қатысуымен көркемделсе, Астана-Москва қалалары арасындағы телекөпір симфониялық оркестрдің концерттік бағдарламасы арқылы әрлендірілді. Бұлардың өзі Астаналық өнер ұжымдарының жетістігі деп айтуға әбден болатын оқиғалар. Қытайдан, Грузиядан, Жапоннан тағы басқа елдерден келген делегацияларға «Ақорда» қазақ аспаптар ансамблі, жеке классикалық және эстрада солистерінің концерті қойылып, мәртебелі меймандардың разылығын алған. «Ғасырлар үні» атты сазды кеш, Әбіш Кекілбаевтың, Бибігүл Төлегеновалардың шығармашылық кештері, үрлемі аспаптар оркестрдің кеші, Қазақ елі комплекстің ашылу рәсімі және т.б. айтулы мейрамдарда «Сарыарқа» қазақ аспаптар ансамблі, «Шалқыма» ансамбілі, халық әні бөлімінің әртістері өз өнерлерін паш етті. Симфониялық оркестрдің 9 концерті, соның ішінде камералық хор мен классикалық әндерді орындаушылардың қатысуымен Ғ. Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті хордың концерті, халық және классикалық жанрды орындаушылардың қатысуымен қазақ халық аспаптар оркестрінің 10

концерті, «Сарыарқа» қазақ аспаптар ансамблінің 8 концерті, «Жігер» джаз ансамблінің концерттері көрермендерін көзайым қылды.

2010 жылдың қаңтарында Мемлекеттік филармонияда жаңа кәсіби ұжым – «Арман» вокалды-инструменталды ансамблі құрылды. Көркемдік жетекшісі А. Мұқашев. Ансамбль құрамына Қазақ Ұлттық музыка академиясының студенттері мен түлектері арасынан 6 музыкант таңдап алынды. Ансамбль Мемлекеттік филармонияның концерттерінің сапасын көтеруде фонограммасыз концерттер ұйымдастыру мақсатында құрылды. Жаңа ұжым екі концертке қатысты. Қазан айында Ұлы Абайдың 165 жылдығына арналған «Жүректен қозғайын» атты тематикалық концертте «Сарыарқа» ұлт аспаптар ансамбілі мен дәстүрлі ән бөлімінің әншілері қатысты. «Шалқыма» халық би ансамблі мен қазақ халық ұлт аспаптар оркестрі, «Сарыарқа» ұлт аспаптар ансамбілі мен дәстүрлі ән бөлімінің әншілері мен классикалық жанр әншілерінің қатысуымен Халық ақыны Қонысбай Әбілов, композитор, өнер танушы Қайыржан Мақанов және композитор Әбдімомын Желдібаевтың шығармашылық кештері өтті.

«Қазақстан» орталық концерт залында, Тәуелсіздік сарайында Рухани мәдениетінің Бүкіләлемдік форумының делегациялар мен арнайы қонақтарына «Академия солистов» камералық және симфониялық оркестрі тағы да басқа ұжымдар өз бағдарламаларын көрсетті.

Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театрында жалпы 153 адам қызмет етеді. Театрда трагедия, драма, ертегі, фаятас-магория, комедия, элегия, психологиялық драма сияқты сан алуан жанрларда қойылымдар көрсетіледі. 2006 жылы 151 спектакль, 2007 жылы 138 спектакль, 2008 жылы 124 спектакль, 2009 жылы 185 спектакль, 2010 жылы 100 спектакль өтті.

М. Горький атындағы орыс драма театры бір маусымда 234 қойылым көрсетеді.

«Классики смеются» авторлар М.Лермонтов, А.Островский, А.Чехов-жанры комедия, режиссеры С.Матвеев, жұмсалған шығыны 2 050 000 теңге;

М.Ауезовтың «Абай жолы» романы бойынша «Слышу...вижу» трагедиясы, режиссеры Ж.Хаджиев жұмсалған шығыны 1800 000 теңге; және т.б.

2007 жылы 5 қойылымда лирикалық трагедия, музыкалық комедия, ертегіні көрермендер тамашалады. 2008 жылы 6 қойылымда драма водевиль, ертегілер және нашарқорлыққа арналған В.Илюхинің «Волшебные яблоки» атты ертегі қойылды. 2009 жылы 6 қойылымда Р. Отарбаевтың «Султан Бейбарс» аңызы, А. Цагарелидің «Ханума» музыкалық комедиясы, режиссеры В.Бородин, 21-ші ғасырдың пасторалиі, романтикалық тарих және ертегілер өтті. 2010 жылы 3 қойылымда 27-28 ақпанда – А. Островскийдің «На всякого мудреца довольно...» сатиралық комедия спектаклі, наурыз айында танымал австриялық режиссер – Егише Геворкяннің труппасымен танысу өтті (театр сыншысы және кинорежиссер, Армения тарихы бойынша кітап және фильмдердің авторы, жазушы және драматург). Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арнап 8 мамырда «Страх и нищета в Третьей Империи» пьесасын қойды, 1 және 2 маусымда Г. Андерсеннің «Дюймовочка» ертегісі өтті.

Театр былтыр 110 жылдық мерейтойын өткізді. Оған Қазақстан, Ресей, Қырғыстан және тағы басқа елдерден театр тарландары қатысты. Құттықтау сөзбен Мәдениет министрінің Вице министрі А. Бөрібаев, Мемлекеттік сыйлығының иегері Т. Жаманқұлов, қырғызстанның мәдениет қайраткері суретші Ю. Нұрматов т.б.

2010 жылы 40 іс-шараны 38125 көрермен тамашалады. 2010 жылдың маусым айында «Наз» Мемлекеттік би театры «Джаз» жаңа би қойылымын өткізді, М.Горькийдің «Мың бір түн» лирикалық ертегісін көрермендер тамашалады.

Халықаралық және республикалық деңгейде Астана келбетін мәдениет орталығы ретінде көтеруге келесі шаралар мүмкіндік болды.

Театрлардың 2006-2010 жылдар арасында қатысқан фестивальдері және олардың нәтижесі:

2006 жылы астанада «Театр әлемі» халықаралық театрлар фестивалі өтіп Мәскеуден, Санкт-Петербургтің, Башқұрстанның, Қырғызстанның театрларымен бірге Астана қаласының К. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры және М.Горький атындағы орыс театры қатысты. Мәскеу қаласына балтық елдердің халықаралық фестивалі өтіп М.Горький атындағы орыс театры қатысты. 2007 жылы Астана қаласында республикалық театрлар фестиваліне Астана қаласының К. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры және М.Горький атындағы орыс театры қатысты. Санкт-Петербург қаласында «Встречи в России» атты фестиваліне М.Горький атындағы орыс театры қатысты.

Астана театрларының ұжымдары мен Қазақстан өңірлері арасындағы тікелей байланыстар негізінде Орыс театры өз сахнасында К. Станиславский атындағы Қарағанды Мемлекеттік халықтар достығы орденінің орыс драма театрының ұжымын қабылдады. Елорда тұрғындарына Леонардо Герштің атақты «Эти свободные бабочки» комедиясы қойылды.

Шығармашылық кеңестің жұмысында театрдың барлық қойылымдарының деңгейін қамтамасыз етуге ықпал ететін репертуарлық саясаттың мәселелері қаралады; декорацияның эскиздері мен спектаклдердің костюмдері және т.б шығармашылық мәселелер талқыланады және бекітіледі.

Астаналық цирк 2005 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен ашылды. Цирк ұжымы әлемдік тәжірбиелі жаңа жаңа заман ағымдағы ұлттықциркті қалыптастыружолындаұйымдастырылып,осызаманбағытындакөрермен көзқарасын ескеріп, жаңа цирктік бағдарламалармен көрермендердің қажеттілігін толық қанағаттандыруда. Астаналық цирктің бағдарламалары барлық бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде: акробатика, гимнастика, клоунада, сиқыршы, үй жануарлары мен жыртқыштарды үйрету.

Жастардың өнерін насихаттау, жоғары деңгейде көрсету мақсатында 2007 жылы цирк манежінде Х Халықаралық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалі өткізілді. Бұған Астаналық цирк тарапынан қатысқан номерлер «Жігіттер» тобы, «Пластикалық этюд», «Кептерлер», «Коверный» жүлделі орынға ие болды. Қазақстан Мәдениет қайраткері

Қ.Құнғұжіновтің жетекшілігімен «Сары Арқа» жігіттер тобы Президент кубогінің иегері болды. Астана циркі қайырымдылық іс-шарасына көңіл бөледі. Мүгедек балалар аналарының «Сәби» қоғамдық қоры, «Наследие» Қоғамдық бірлестігі, зейнеткерлерге, соғыс ардагерлеріне қайырымдылық бағдарламаға тегін билеттер таратылады. 2009-2010 жылдары дәстүрлі «Азия жаңғырығы» Халықаралық фестивалі ұйымдастырылып шет елдерден Африка, Польша, Қытай, Румыния, Италия және т.б. елдердің цирк өнерпаздары бірігіп әр елге тән ұлттық нақыш, ерекшеліктерге бай көрсетілім болып өтті. Жалпы қойылым саны 376, көрермендер саны 446105.

Ұлттық цирк өнерін насихаттау барысында Астаналық цирк Қытайға (ү.ж. 5 қаңтарынан қазіргі уақытқа дейін), Катар мемлекетінде (10 ақпаннан), Арменияда (22 маусымнан 2 шілдеге дейін), Өзбекістан, Франция,Туркия, Ресейде өткен «Минута славы» бағдарламасына «Пластикалық этюд» номермен Д.Абдухасова және Д.Рысбекова қатысып көрермендердің көңілінен шықты,т.б. елдерде гастролдік сапардан табыспен оралды.

Алға қойған мақсаттары: қазақ циркінің жоғары тәрбиелі шебер деңгейде халыққа қойылымдар көрсету, цирк өнерін дамытуға бағдарланған халықаралық байланыстарды көбейту, мәдениеттік және рухани-қағидалы игіліктерін қалыптастыру, цирк өнерін насихаттау.

Қазанда «Студенттер күні» атты жастарға арналған ұшқынды кеш өтті.

Астана қаласының Кинобейнені жалға беру дирекциясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік, атаулы мейрамдарына және басқа маңызды оқиғаларға көпшілік шараларды ұйымдастыру бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. «Жастарға патриоттық тәрбие беру туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысын орындауда дирекция Білім басқармасымен бірлесіп мектептер, колледждер және басқа оқу орындарымен қызмет кестесі бойынша жұмыс атқарылады. «Жасөспірім және заң», «Жастар біздің болашағымыз», «Жамбыл», «Ана туралы аңыз» «Армысың, Астана» т.б. фильмдер.

Осы жылдың қазан айында мектептердің және колледждердің мәжіліс залында және дирекцияның көрермен залында Қазақстан халқының дәстүрлі мәдениеті мен тарихына арналған фильмдер көрсетілімі ұйымдастырылды. Көрермендер «Сәкен Сейфуллин», «М. Әуезов туралы сөз», «Баян ауыл туралы аңыз», «Қыз Жібек» т.б.

Бүгінгі күннің басты талаптарының қатарында мәдениет ошақтарына келушілер санын арттыру және оларға көрсетер қызметінің түрін арттыру, көркемдік сапасын арттыру шаралары да көзделген.

Жоғарыда көрсетілген шаралардың барлығы да қалалық мәдениет ұжымдары мен кәсіпорындарының жұмысын бірізділікке түсіру және кең ауқымды ұйымдастыруға бағытталған. Мәдениет пен өнердің өркендеу кезеңі мемлекеттік саясатқа сәйкес даму үстінде. Бұл, сайып келгенде, көрермендердің өнерге деген ықыласын арттырып, сүйіспеншілік сезімге бөлеуде. Астаналық мәдени ұжымдардың табысы әрдайым биіктей бергей!



ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ

Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры 1991 жылы ашылған болатын. Театрдың негізін қалаған көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері Жақып Омаров. Бүгінге Астана қаласындағы көшелердің бірі осы дарынды режиссер есімімен аталады.

Ең алғаш театр өз шымылдығын қазақтың белгілі драматургі Ғабит Мүсіреповтің “Ақан сері – Ақтоты” шығармасы бойынша қойылған спектакльмен ашқан. Құрылғандарына бір жыл толысымен 1992 жылы театр ұжымы С. Сейфуллиннің туылғанына 100 жыл толуына орай өткізілген халықаралық фестивалде лауреат атанады. Ал, 1996 жылы Уфа қаласында өткен түркі тілдес мемлекеттердің “Туганлық” атты II фестивалінде түбі бір түркі халықтарына ұлттық драматургия арқылы мәдениетімізді танытып, лауреат атанып, үлкен марапатқа ие болды.

Театр үйіне әрбір көрермен өз акустикасын, ал режиссер – өзінің сазын алып келеді. Халықтың театрға деген махабатты тек осы екі негізгі мәселелер үйлесім тапқан кезде ғана көрінеді. Көкірекке күй тұндырған көркем өзгерісті көпшілік Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде өзгеруі кезінде айқын сезінді. Өйткені, 1999 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың арнайы шақыруымен театр жетекшілігіне КСРО-ның Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, “Халық қаһарманы” Әзірбайжан Мәмбетов келген болатын. Осы уақыттан бастан театрдың тіршілігінде тағылымы зор, танымы терең түбегейлі бетбұрыс басталды. Репертуарлар әлемдік классиктер В. Делмарь, У. Шекспир, А. Чехов шығармаларымен толықты. Көп ұзамай жас театр ұжымына Қазақстанның Халық артисі Гүлжан Әспетова да келіп қосылды. Бұл күндері театр сахнасында “Құрмет” орденінің иегерлері мен Жастар сыйлықтарының лауреаты, Елбасының Құрмет грамоталарымен марапатталған артистер және еңбек сіңірген өнер қайраткерлері қызмет етіп келеді.

2000 жылы театр Германияның бес қаласына гастрольдік сапармен барып, жыл соңына қарай “Кіші комедия” театрларының блиц-фестивалінде 1 орынға лайық деп танылды. 2002 жылы Мәскеу қаласындағы Астана мәдениетінің күндерінде театр ұжымы даңқты Моссовет театрының сахнасында қазақ драматургиясының эталоны саналған “Қозы Көрпеш –

Баян сұлу” спектаклін қойған болатын. Ал, 2005 жылдың қазан айында Шымкент қаласында өткен халықаралық театр фестивалінде аталмыш ұжым Д. Исабековтің “Актриса” атты спектаклін сахналап, нәтижесінде “Гран-при” жүлдесін қанжығаға байлады. Әзірге аталмыш өнер ұжымында Қазақстан Республикасының Халық артисі атағын алған дарын иесі, ҚР еңбек сіңірген бес қайраткері, екі “Құрмет” орденінің иегері, Жастар Одағы сыйлығының бес лауреаты, Президент құрмет грамотасымен марапатталған таланттар қасиетті өнер жолында талмай қызмет етіп келеді.





КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРА ЖӘНЕ БАЛЕТ ТЕАТРЫ



Ұлттық театр қарқынды өсіп, барша жұртқа танымал ұжымдардың біріне айналууда. Олар әр ғасырлар мен түрлі стильдердің қойылымдарын көрсетеді. Ұлттық театрдың мақтан етерлік репертуарына отандық, сондай-ақ, әлемдік музыка театрларының жауһарлары және де Қазақстандағы опера және балет жанрының дамуына үлес қосатын жаңа туындылар кіреді. Мәселен, Е. Брусиловскийдің “Қыз Жібек”, Е. Рахмадиевтің “Қамар-сұлу”, М. Жұмабаевтың “Батыр Баян” поэмасы бойынша эксперименталды қойылымы, Дж. Вердидің “Травиата”, П. Чайковскийдің “Евгений Онегині”, “Щелкунчигі” және тағы басқалары.

Театрмен ең үздік шетелдік сахна шеберлері ынтымақтастық жасайды: Ресейдің еңбек сіңірген қайраткерлері – қоюшы-режиссері Юрий Александров пен қоюшы-суретші Вячеслав Окунев. Сондай-ақ, хореографтар әйгілі балет бишісі және Ресейдің Үлкен театрының атақты балетмейстері Екатерина Максимова, атақты қоюшы-балетмейстер Шамиль Терегулов, тамаша биші әрі атақты хореограф Сергей Вихарев жәе тағы басқалары. Әлемдік театр өнерінің саңлақтарын ынтымақтастыққа шақыру өз нәтижесін беріп, соның арқасында театр аз уақыттың ішінде белгілі бір белеске жете білді.

Сондай-ақ, театрда дарынды жастар да еңбек етіп жатыр. Қабілетті жас орындаушылар мен бишілерді үлкен мүмкіндіктер мен биік белестер күтуде. Ұлттық театрдың опера және балет труппаларының жеке орындаушыларының есімі көптеген елдерге танымал болды.

Театр жұмысына Ресей, Италия, Германия және Францияның көптеген шығармашылық қайраткерлері өз үлестерін қосқан. Олар опера мен балеттің жеке орындаушылары, дирижер және қоюшы режиссерлері ретінде қатысқан. Ұлыбритания, Франция, Жапония, Ресей және көптеген елдердің музыкалық және көптеген елдердің музыкалық және хореографиялық ұжымдарының концерттік бағдарламалары жақсы үрдіске айналды. Опера және балет театрының көптеген артистері Түркия, Корея Республикасы, Австрия, Франция, Греция, Италия, Швеция, Қытай, АҚШ елдерінде халықаралық мәдени қатынастардың белсенді қатысушылары болды.

Көпшіліктің көңілінен шығып, сондай-ақ, халықаралық қатынастарды кеңейту аясында жүргізілген жұмыстардың арқасында ерекше мәдени жобаны жүзеге асырды, яғни, Қазақстанда бірінші “Опера жұлдыздары Астанада” атты халықаралық опера фестивалі өтті. Ол болашақта да дәстүрге айналып, әлемнің көптеген театрларымен шығармашылық ынтымақтастық үшін үлкен мүмкіндіктерді ашады.





МАКСИМ ГОРЬКИЙ АТЫНДАҒЫ ОРЫС ДРАМА ТЕАТРЫ



Астана қаласындағы Мемлекеттік орыс драма театры XIX ғасырдың соңына қарай ашылған болатын. 2000 жылы осы өнер ұжымы 100 жылдық мерейтойын атап өтті. Халыққа мәдени һәм танымдық қызмет көрсету жолында талмай еңбек етіп келе жатқан театр заманға сай тыныстап, уақытпен үндесіп келеді.

Театр ғасырлық тарихында еліміздің және кеңестік кеңістіктің көптеген марапаттаулары мен дипломдарына ие болды. “Абай жолы” спектаклі үшін қоюшы-режиссер Ә. Мәмбетовке “үздік режиссерлік жұмысы үшін” дипломы және Абайдың жас шағын сомдағаны үшін актер К. Переверзевке I дәрежелі диплом берілді. Заманның заңғар жазушысы М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына арналған театр фестивалінде “Хан Кене” (режиссері ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері Қ. Жетпісбаев) спектаклі үшін өнер ұжымы I орынды иеленді. Режиссер Ә. Мәмбетов қойған А. Чеховтың “Шағала” спектаклі Петропавловск қаласында өткізілген театр фестивалінде бірінші дәрежелі сыйлыққа ие болды.

Театр ұжымы Қазақстанның түрлі қалалары мен көршілес елдерге, атап айтқанда, Астрахан, Ашхабад, Чарджоу секілді қалаларға гастрольдік сапарға жиі шығып тұрады. Театр репертуары бүгінде 30-дан аса спектакльдермен байытылған. Өскелең ұрпақтың мәдени тәрбиесіне аса көңіл бөлетін өнер ұжымының репертуарында жастар мен балаларға арналған 15-ке жуық қойылымдар бар.



ЖЕТЕР БИІК, АЛАР АСУ АЛДА

Спорт адамның жаны мен тәнін қатар қуаттандырып, салауаттылық пен саулыққа апаратын бірден бір соқпақ екендігі айқын. Сонау ес білмес ерте замандардан-ақ адамзат баласы спорт ойындарына қызығушылық таныта бастады. Түп-тамыры үңгір адамының аң аулау тәсілдерінен басталатын спорт көп уақытқа дейін жорықтарда жеңіске жету мен қарсыласты ұтымды және жылдам жеңу мақсатында жаттығуды көздеді.

Ежелгі спортшылардың мақтаулы өнерлері мен қабілеттері гректердің салауаттылық қаласы Олимпияда сыналатын. Білекті мен жүректінің қайратын шыңдап, қажырын қайрайтын сындарлы сайыстардың қасиетті саналғаны соншалық, кей кездерде жауласушы екі жақ спорт ойындарын өткізу үшін соғысты уақытша тоқтатып, кезде соғыстырып достасатын болыпты-мыс. Бірнеше ғасырлар бойына қанатын кеңінен жайып, Грекияның түкпір түкпірінен алғырларды жинап, мерейін көтерген осы әйбат қала рим легиондарының кесірінен жер бетінен біржола жоғалып кеткені аса өкінішті жағдай екендігі де рас. Өз кезегінде ежелгі мәдениет пен өнердің қайнаған ошағын өшіріп, үстемдік орнатқан римдіктер де спорт жарыстарын жиі ұйымдастырып отырды. Бірақ императорлар елінің бұл ісі салауаттылықты насихаттауға емес, халықты қызыққа жинап, қыруар ақша табуды көздейтін. Жеңілген елдерден тұтқын ретінде әкелінетін жас жігіттердің талайы римнің қатігез халқының қанқұмарлығы үшін Колизейдің тас алаңында ажал құшып жатты. Кей шақтарда қарсыластарына дес бермеген қайратты батырға қарсы арыстан не барыс секілді аңдар да жіберіледі екен.

Батыстағы ежелгілердің әрекеттерінен бейхабар Шығыс елдерінің мәдениеті мен спорты өзінше дамыды. Шыңғыс пен Темірдің қатулы қабағы астында қан аямай соғыс жүргізген, аттағыны найзамен түйреп, жердегіні қылышпен жайратқан әскерлердің бейбіт жағдайда да үздіксіз жаттығып тұруы міндетті саналатын. Батырлардың бел сынасуы, мергендердің құралайды көзге атып қырағылық пен дәлдікті сынауы, шабандоздың айтулы бәйгеде аттандап алғаш жетуінің барлығы сонау аталарымыздың соғыс өнерін тынымсыз тануынан пайда болса керек.

Сақтар мен қыпшақтардың қанынан жаратылған қайсар халықтың қыруар қайғы мен азапқа бой бермей, замандар зауалын запыранмен шығарып, бой түзейтінінің өзі де жан мен тәннің үйлесімді тіршілігінің

үлесі. Бүгінде бұл ел бейбітшілік пен білімді бетке ұстап, болашағына бет түзеген байыпты азаматтардың мекені. Осыдан жиырма жыл бұрын көкжиектен бұлдырай көрінген бұла сағымдай бостандыққа елін бастай жөнелген басшының даналығы мен даралығын уақыттың өзі мойындады. Ұлтының үлесін ұстындай қастерлеген қайырлы жанның қыруар еңбегі тарих деп аталатын сыншының том-том кітаптарында сақтаулы. Сонау жылдары алпауыт империяның сынықтарынан бойына қорқыныш пен күдік шаңдай тұтылған елдің экономикасын қарыштай дамытып, сыры беймәлім даланың қойнына бүккен сан түрлі байлығын іске жарата білген елбасы тағы Сарыарқаның төсінен таңғажайып шаһар салдырды. Көзбен көрмей сенбейтін небір тамашаның орталығы іспетті ару қаланың әдемілігі айрықша екендігін бүгінде отандастарымыз ғана емес, шетелдіктер де мойындап отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына арнайтын Жолдауында бұқаралық спортты жандандыру арқылы ел бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінен Үкіметке және жергілікті әкімдіктерге нақтылы тапсырмалар жүктеп келеді. Осыған байланысты тиісті бағдарламалар қабылданып, олар жүзеге асырылып, межеленген міндеттер орындалып жатыр.



Бұқаралық спортты дамыту, оның ішінде балалар спорты мен жоғары шеберлікті спортты жандандыру бойынша елордамыз Астанаға айрықша маңыз беріліп отырғаны анық. Өйткені Астана мемлекеттің бас қаласы, саяси-мәдени орталығы болып табылады. Басқа елдердің тәжірибесіне қарасақ, мемлекет астаналары спорт пен туризмнің үлкен аренасындай болып көрінеді. Сондықтан да біздің елордалық Туризм, дене

тәрбиесі және спорт басқармасының стратегиялық бағдарламасының басты бағыттары астаналық туризмді дамыту және қаланы бұқаралық спорттың орталығына айналдыру, сонымен қатар әлемдік бәсекеге қабілетті спортшыларды даярлау болып табылады. Бұл мақсаттарды орындау үшін, яғни спортты дамытуға қажетті жағдайды жасауға Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов ерекше маңыз беріп отыр. Жалпы қала әкімдігі астаналық имиджді көтерудің бір басты бағыты спорт екенін жақсы түсініп, осы мақсатта қабылданған барлық бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асуына мүдделілік танытып келеді. Осының бәрі Астана қаласының үлкен спорт аренасына айналуына мүмкіндік беріп отыр.



Астана қаласы еліміздің бас қаласы мәртебесін алғаннан бері Мемлекет басшысы мен Үкімет халықаралық жарыстар өткізуге стандарты сай келетін спорт сарайлары мен кешендерді салуды қолға алды. Бұл ретте біз бүгінде сәулеті мен дәулеті жарасқан зәулім спорт ғимараттарымыздың іске қосылғанын айтып мақтана аламыз. Елорда төрінде алғашқы болып бой көтерген спорт ғимараты «Қазақстан» спорт сарайы болды. Елбасының тікелей қолдауымен салынған бұл кешенде 5000 жанкүйерді қабылдай алатын мұз айдыны, яғни шайбалы хоккейге арналған корты, халықаралық жарыстар өткізуге сай бас-

сейн, күрес және бокс залдары, басқа да спорт түрлері бойынша жаттығу өткізуге бейімелген залдар жұмыс істейді. «Қазақстан» спорт сарайында қонақ үй мен мейрамхана жүйесі де іске қосылған. Осы сарайда бірнеше ірі халықаралық жарыстар да өтіп үлгерді. Атап айтқанда, шайбалы хоккейден және бокстан Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы үшін халықаралық турнирлері, жүзуден Азия біріншілігі, бокстан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты өтті. КХЛ чемпионатына қатысатын «Барыс» хоккей командасының ойындары тұрақты өтеді. VII қысқы Азия ойындарында құрлықтың ең үздік құрамалары осы сарайдың мұз айдынында бәсекеге түсті. Сондай-ақ, Азия ойындарының өтуіне байланысты «Қазақстан» спорт сарайы жанынан қосымша мұз айдынды кешен пайдалануға берілді. «Барыс» деп аталған бұл кешенде бүгінде балалар мен жасөспірімдердің хоккей алаңына айналып, елордамызда хоккей спортын дамытуға үлкен үлес қосып отыр.

Аталмыш сарайға қатысты тағы бір ұтымды шешім оның республикадағы азулы жоғарғы оқу орындарының бірі саналатын Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанынан ашылуы болып отыр. Лондон, Сидней мен Пекиндегі спорт сарайларының университеттер жанына салынуы студент жастардың салауатты салттан қол үзбеуінің бірден бір кепілі десек, «Қазақстанды» салушы архитекторлар мен инженерлердің болашақтың бақыты үшін жұмсаған күштерінің маңыздылығы арта түсетіні айқын.

Спорт сарайының артында кәдуілгі қайықпен жүзушілердің каналы бар. Қызығушылары көп болғанымен, әдетте қатысушыларының саны аса көбейе қоймайтын бұл спорт та ежелгі шынығулардың бірі болып табылады. Зерттеушілер Мысыр пирамидаларының бірінен «Балықшылар жекпе жегі» атты ойын ережелері ұғынықты жазылған папирусты тапқан еді. Жазылғанға сәйкес, балықшылардан құралған екі топ папирус жапырақтарынан жасалған екі кемемен Ніл өзенінің ортасына дейін жүзіп барады екен де, қайтар жолда бір бірін суға батыру үшін, қайықтарды төңкеріп тастауға тырысып бағатын болған. Заманауи қайық спортының ежелгі түрге қаншалықты жақын екендігі беймәлім қалыпта қалып отырғанымен, су бойымен жарыса жүзетін сабаздардың бойында ежелгі мысырлықтардың қаны мен жеңіске деген ұмтылысы жанып тұрмасына кім кепіл?

Өз азаматтарын салауатты өмір салтына үндеп, денсаулығын бекемдеуге ұмтылған қай халық үшін де Олимпиада ойындарын өз босағасында тамашалау бақыт есептеледі. Мамандардың санауы бойынша, Олимпиада ойындарын өткізуде ең көп қаржы жұмсаған ел – Қытай екен. 2008 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарын өткізу құқығын 56 мемлекеттің ішінен жеңіп алған Күншығыс елі айтулы бәсеке басталардан бір жыл бұрын қызу іске кірісіп, 37 спорт нысанын жедел түрде іске қосыпты. Оның ішінде «Құс ұясы» аталатын орталық

стадион, «Судағы куб» атты жүзу орталығы, Ұлттық спорт сарайы мен Олимпиадалық баскетбол орталығы бар. Пекин қаласының өзінде орналасқан 31 спорт нысанының 12-сі қайтадан салынып, 11-і күрделі жөндеуден өткізілген, ал одан өзгесі олимпиада кезеңінен кейін жиналып тасталатын уақытша нысандар болса керек.

Өз кезегінде Қазақстан VII Қысқы Азия Ойындарының тізгінін бекем ұстап, бауырлары мен көзтаным достарын Астана және Алматы қалаларының төріне жинады. Еліміздің мерейін үстем етіп, спортшылардың қанжығаларын майлаған спорт мейрамының әр күні қуаныш пен шаттыққа қалай толы болса, сол тамаша күндердің таңғажайып естелігіндей ғимараттар көз қуантатыны да шындық. Өзіміз сөз етіп отырған ғимараттар ерке Есілдің сол жағалауында біріне бірі үзеңгілес орналасқан «Сарыарқа» велотрегі, «Алау» мұз айдыны және «Астана Арена» стадионы.



Ең басты мақтанышымыз - «Астана Арена» стадионы. Бұл ғимарат Азия құрлығы бойынша УЕФА талаптарына толық жауап беретін бірден-бір футбол стадионы болып отыр. Стадион 30000 жанкүйерді қабылдай алады. Басты ерекшелігі - стадионның төбесі ашылып-жабылады. Бұл табиғаты құбылмалы Астана аумағы үшін өте ұтымды болмақ. Жан-жақты жабдықталған стадионның ашылуына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, елордалықтар мен барша қазақстандықтарды сәулетті стадионның ашылуымен құттықтап, Астанада халықаралық деңгейдегі осындай спорт кешендері әлі де салынатынын мәлім етті.

Астанада соңғы жылдары пайдалануға берілген айтарлықтай спорт кешендерінің бірі «Алау» коньки стадионы болды.

Олимпиадалық стандарт бойынша салынған бұл ғимараттың тұсаукесері Азия ойындарымен тұспа-тұс келді. Алып құрлықтың үздік спортшылары қатысқан аламан жарыста бірнеше құрлық рекордтары да жасалып үлгерді. Жақын арада «Алау» мұз айдынында коньки жарысынан әлем кубогының этапы да өтті.

Астана спортының тағы бір мақтанышы «Сарыарқа» республикалық велотрек кешені болып отыр. Бұл ғимараттың жарыс тарихы да Азия ойындарымен басталды. Құрлықтың байрақты бәсекесі кезінде мұнда мәнерлеп сырғанаудан Азия ойындарының жүлдегерлері анықталды. Веложарыстан республикалық және халықаралық жарыстар да өтіп үлгерді.

Астанадағы спорт ғимараттары туралы айтқанда жоғарыда атап өткен төрт ғимараттың алар орны айрықша. Олай дейтініміз, бұл нысандардың бәрінде халықаралық жарыстар өткізуге жан-жақты жағдай жасалған. Сонымен қатар, Астанада бұқаралық спортты дамытуға қолайлы болып отырған тағы бірнеше спорт ғимараттары бар. Атап айтар болсақ, «Дәулет» ұлттық теннис орталығы, «Астана» спорт кешені, «Алатау» спорт сарайы, «Каспий» спорт кешені, шаңғы-роллер трассасы, «Достық» спорт комбинаты және басқалары. Бұлардың бәрінде сан алуан спорт түрлері бойынша секциялар жұмыс істейді. Соңғы екі жылда қала бойынша аулаларда шағын стадиондар салу үрдіске айналды. Соның нәтижесінде астаналықтардың бұқаралық сипатта спортпен айналысуына үлкен мүмкіндік туындап отыр.

Астана қаласының әкімдігінде өткен активте Мемлекет басшысының өзі бірқатар мәселе көтеріп, елорданы туристік орталыққа айналдыру жөнінде айтып өткенін естідік. Шын мәнінде Астана қазірдің өзінде әлемге танылған қала десек болады. Өткен жылы болған ЕЫҚҰ-ның Саммиті, биылғы жылдың басында өткен VII қысқы Азия ойындары елордамыздың беделін одан сайын биіктете түсті. Осы және басқа да халықаралық шараларға қатысып, елордамызды көрген қонақтардың жақсы пікір-лебіздерін білдік.

Астаналық туризмді дамыту мақсатында қала әкімдігі қажетті қаражатты бөліп отыр. Осы орайда астаналық мамандар тәжірибе алмасу мақсатында бірнеше халықаралық туристік көрмелерге қатысуды жоспарлады. Әлемдегі ірі астаналарды, атап айтқанда Берлин, Милан, Токио, Пекин, Лондон және Париж қалаларында өтетін туристік көрмелер таңдалды. Сонымен қатар Көкшетау және Алматыда өтетін, республика бойынша «Сарқылмас саяхат» жылжымалы көрмелеріне астаналықтар белсенді қатысты. Ал елордамызда «Астана. Демалыс-2011» халықаралық туристік көрмесін ұйымдастыру қолға алынды. Енді қаланың ішкі туристік жағдайына келсек, алдымен туристік мамандарды даярлауға көңіл бөлініп, оның ішінде саяхат және көрмелер ұйымдастыру, біліктілік дәрежесін көтеру, тіл үйрету жөнінен семинар-тренингтер ұйымдастыру жолға қойылды. Түптеп келгенде, елордамызды халықаралық туристік қалаға айналдыру үшін мақсатты жұмыстар жүргізіліп жатыр.



Астана бүгінде халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстардың аренасына айналғаны сөзсіз. Жарыстардың сапалы ұйымдастырылуына ерекше мән беріле бастады. Өйткені, мұндай жарыстарға шетелдік қонақтар көп келетін болды. Тиісінше қызмет көрсету жоғары деңгейде болуға тиіс. Сондықтан да спорт менеджменті мен маркетингіне айрықша талап қойылып отыр.

Қазір Астанада 490 спорт ғимараты бар. Қала бойынша 342 дене тәрбиесі, спорт және сауықтыру бағытындағы ұжым жұмыс істейді. Бұл нысандарда өтетін түрлі шараларға шамамен 125 мыңнан астам адам қатысады. Өткен жылы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша «Достық» спорт комбинаты, «Дәулет» спорт комбинатының оқу орталығы, №1 БЖСМ /балалар мен жаспірімдер спорт мектебі/ гимнастика залы, №2 БЖСМ ату тирі, №9 БЖСМ шағы-роллер трассасы жөндеуден өткізілді. Қыс мезгілінде қала бойынша 15 ашық мұз айдыны ашылды.

Бұқаралық спортты жандандыру мемлекеттің ішкі саясатына айналып отыр. Бұл ретте Елбасымыздың 2015 жылға дейін қазақстандықтардың 23 пайызы бұқаралық спортқа тартылуы қажеттілігін міндеттеген межесіне қарай және Астана қаласын 2020 жылға дейін дамыту бағдарламасына сәйкес бұқаралық-спорт шараларын көбейту жоспарланды. Бұл үрдіс жыл өткен сайын, яғни қала тұрғындарының өсуіне байланысты артып келеді. Мәселен, 2008 жылы бұқаралық спорт бойынша 380 шара өткізілсе, биыл 580 шара өткізу жоспарланған. Бұл шараларға 150 мыңнан астам астаналықтар қатысады деп межеленіп отыр. Бұқара халықтың спортпен айналысу нәтижесін орта мектеп оқушылары мен университет студенттерінің мысалында айқын көруге болады. Мәселен, елорда төріндегі халықаралық стандарттарға сәйкес ашылған Назарбаев университетінің шахмат командасы жақында ғана республикалық жарыстың көшбасшысы атанды. Дәрменнің інілері мен қарындастарының осы жеңісі болашақ жетістіктеріне бағыт болады деп пайымдасақ, жеткіншектерді тәрбиелейтін жетекшіні тауып, мақсатты бағытталған жұмыс жүргізудің қажеттілігі көрінеді.

Жоғары шеберлікті спорт бойынша да Астана соңғы жылдары республика аумағында алдыңғы қатарға шыға бастады. Елорданың құрама командасы қысқы спартакиадада командалық екінші орыннан көрінсе, жазғы ойындарда да жақсы нәтижелер көрсете бастады. Жастар ойындарында үшінші орыннан көрінді. 2010 жылы қала бойынша 74 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері және спорт шебері атанса, биыл бұл көрсеткіш 85 болады деп жобаланып отыр. Қаланың бірнеше командасы Қазақстан чемпионаттары мен халықаралық чемпионаттарға қатысады. «Астана» вело клубы «Тур де Франс», «Джиро де Италия» секілді әлемдік көпкүндік жарыстарда сәтті өнер көрсетіп жүрсе, футболдан «Астана» клубы премьер-лигада, «Астана-64» бірінші лигада өнер көрсетсе, «Барыс» хоккей клубы КХЛ чемпионатына қатысады. Биылдан бастап бұрынғы «Астана барыстары» баскетбол клубы жаңа «Астана» клубы болып халықаралық ВТБ чемпионатына қатысатын болып отыр. Бокстан Астана қаласының құрамасы екі жыл қатарынан Қазақстан чемпионатында командалық бірінші орын алса, тұңғыш рет өткізілген Қазақстан бокс федерациясы кубогының жеңімпазы атанды. Осылардың бәрі елордамыз Астананың мерейін көтеруге үлес қосып жүрген спорт командалары.

Қазақстанның ұлттық құрамасына 756 астаналық спортшы мүше болып отыр. Бұл жалпы көрсеткіштің 13,5 пайызын құрайды. Өткен жылы Қытайда өткен ХҮІ жазғы Азия ойындарында астаналық спортшылар 4 алтын медаль жеңіп алды. Бұл республика бойынша екінші көрсеткіш. Ал қысқы ойындарда 12 алтын медаль алып, республика бойынша төртінші орынға табан тіредік. Астана қаласы 2008 жылғы Пекин олимпиадасына ел намысын қорғау үшін 10 спортшы жіберген болатын. Ендігі мақсат алдағы жылы Лондонда өтетін Олимпиада ойындарына кем дегенде 13 астаналық спортшыны қосу көзделіп отыр. Ең бастысы осы



межелерді орындалуына қала әкімдігі тарапынан жақсы қолдау беріліп отыр. Түптеп айтқанда, жақсы жағдай жасай білсек, жеңіс әкелетін спортшыларымыз бар.

Осы орайда Астана қаласының спортшылары Қазақстан ұлтық құрамалары сапында да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп жүр. Боксшы Геннадий Головкин Афины-2004 Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанып, Астананың абыройын бір асқақтатса, 2008 жылы Бейжің ойындарында дзюдошы Асхат Житкеев те күміс медаль иемденіп қайтты. Шахматтан жастар арасында әлем чемпионы атанған Дәрмен Садуақасов үмітімізді бір үкілесе, «Астана» велоклубының шабандозы Асан Базаев көпкүндік веложарыстарда топ жарып, мерейімізді үстем етті. Сондай-ақ, бокстан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы Данияр Елеусінов және басқа да маңдайалды спортшыларымыз елорда спортының мақтанышына айналып отыр.

Астанада балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға да қолайлы жағдайлар жасалып отыр. Оның басты көрсеткіші ретінде түрлі спортқа қызығып келушілердің саны еселеп арта түскенін айтсақ болады. Мәселен, осыдан екі-үш жыл бұрын спорт мектептеріне 4372 бала баратын болса, қазір олардың қатары биылдан бастап 6385 болып отыр. Сонымен қатар, қысқы спортты дамытуға байланысты шаңғы және допты хоккей секцияларын көбейту мәселелері де қарастырылып жатыр. Соның нәтижесінде 12 топ жасақталып, 8887 жасөспірімдер спортпен тұрақты айналысып жүр.

Астанада бірқатар спорт түрлері бойынша бұқаралық жарыстар өткізу дәстүрі қалыптасқан. Жыл сайын өтетін «Бұрқасын» шаңғышылар фестивалі. «Алтын күз» марафоны, веложарыстан жасөспірімдер арасындағы «Астана кубогы» астаналықтар мен қала қонақтарының асыға күтетін жарыстарына айналып отыр.

Қала мекемелері, республикалық ведомстволар, жоғары оқу орындары, мектеп оқушылары арасында спартакиада өткізу тұрақты жолға қойылды. Бұл шараларға қатысушылар саны жылдан жылға көбейіп келеді. Мемлекеттік және кәсіби мерекелерге арналған бұқаралық жарыстарға қатысушылар да арта түсті. Осының бәрі елордамыз Астана спорт қаласына айналып келе жатқанын айғақтайды.

Тарих тағлымына тағы да тоқталып көрсек, әлемнің атақты империялары астаналарының барлығы дерлік білім мен мәдениеттің, салауаттың ордасы болуымен атағы шыққанын көреміз. Ғасырдың бестен біріне дейін жетпейтін уақытта бой көтеріп, бағдарын танып үлгерген аяулы мекеннің олармен салыстырғанда жетер биігі де, алар асуы да алда екеніне шүбә жоқ. Бүгіннің қожасы мен ертеңнің иесіне қалтқысыз қызмет атқаратын ару қаланың салауатын сақтап, маңызын бірге арттырайық!

Астана — спорт қаласы



Қазақстан Республикасының Президенті Нурсұлтан Назарбаев «Астана-Арена» стадионының ашылу салтанатында







Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов VII Қысқы Азиада ойындарының ашылу рәсімінде







«ДУМАН» ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



«Думан» Ойын-Сауық Орталығы өз қызметін 2003 жылдың мамыр айында бастады. Қазір ол тропикалық балықтары бар Мұхитаралдан, 5М-Кинотеатрдан, үлкен Күмбезді Кеңістіктен және тамақтандыру кәсіпорындары мен сауда жүйелерінен тұратын ойын-сауықтың өзіндік ерекше кешенін құрайды.

Кешеннің менеджменті жаңа технологияларды игеру, өзге де мамандықтарды үйрену қажеттіліктерін ұстанады. Мұхитаралдың қызметін іске қосып тұрған тіршілік берудің қайталанбас жүйелері жолға қойылып, қамтамасыз етілді. Теңіз аквариумистикасын зерттеу мен дамытудың жұмыстары жүруде.

5М-Кинотеатрының жұмыс істеуіне жағдай жасайтын үш өлшемді стереоскопиялық бейне берудің жаңа технологиялары игерілді. Жағдайға көрсетілетін қызметтер мен шығарылатын өнімдер де ерекше әсерін тигізуде. Десек те, кешенді игерудің қиындықтарына қарамастан, «Думан» Ойын-Сауық Орталығы өзін-өзі ақтау ахуалында жұмыс істеуде.

Ойын-Сауық Орталығы өзі құрылған алғашқы күндерден бастап-ақ, бас директор П.Т.Мәтжанованың жетекшілігімен кешенді жас мөлшерлері,

әлеуметтік деңгейлеріне қарамастан астана мен республиканың барлық тұрғындарының, ең алдымен, әлеуметтік жағынан аз қорғалған бөліктері-балалар мен егде жандардың демалысы мен көңіл көтерулерінің орталығына айналды.

Сондықтан, «Думан» Ойын-Сауық орталығы табыс тауып және балалардың бос уақыттарын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін балалар аттракциондарын сатып алуға керекті өз қаражаттарын іздестіруге көшті. Ал өзінің үш жылдығын мерекелеу қарсаңында кешен ұжымы кішкене келушілеріне тамаша сый-балалардың ойын алаңын тарту етті. Бұл ойын-сауық орталығының корпоративті мәдениеті мен қоғам алдындағы әлеуметтік жауаптылығының ажырамас бөлігі.

Кез келген уақытта «Думанға» келе алатын құқықтар беріп, балалар үйлерімен, панаханалармен, мүгедектер қоғамдарымен байланыстар орнатып, түрлі қарым-қатынастар жолға қойылды. Олардың көбі өз мерекелерін «Думанда» өткізеді. Соғыс жылдарының қиын кезеңдерін еске алу, сол бір қатал мерзімдерге балалықтары тұстас келгендерге құрмет ретінде 22 маусым сайын «Думан» ОСО-ы Аға Ұрпақтар Күнін өткізуде.

Мұхитарал аумағында арттерапия тәсілімен мүмкіндіктері шектеулі балалар, қолайсыз және аз қамтылған отбасылардың перзенттері, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері әлеуметтік бейімделулерден өтуде.

Бұған қоса, «Думан» ОСО-ы қалалық, республикалық және халықаралық мәндегі көптеген шараларға тұрақты демеушілік жасап келеді.

Кешен Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Астана мен республиканың барлық тұрғындары үшін, олардың жас ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, демалыс пен бос уақытты өткізетін орталыққа айналдыру туралы идеясын жүзеге асыра отырып атқарады.

Күмбез Аясы - «Думан» ойын-сауық орталығының II кезегінің нысаны. Құрылыс 2004 жылдың ақпанында қолға алынды. Оның құрылыс мерзімі - 24 айға белгіленген болатын. Дегенмен, құрылыс 13 айда аяқталды. Шеңбер көлемі - 90 метр. Күмбез көлемі - 70 метр. Қабаттарының биіктігі 4,75 метр. Күмбез аясының биіктігі темірбетон сақинасының жоғарғы белгісінен есептегенде - 12 метр. Қабаттылығы - күбез жамылғысымен қоса есептегенде 2 қабаттан тұрады. Аумағы - 16 000 шаршы метр. Көлемі - 3 000 текше метр. Өткізу мүмкіндігі - 197 адам. Түпкілікті сыйымдылығы - 3360 адам.

Құрылыстың ең тиімді шешімі - жоғарғы және төменгі болат сақиналар арқылы шірей тартылған иілген болат арқаулардың үстіне төселген алюминилі тұтас темірбетон екені айқын.

Екінші Орталық кіреберістің қабырғасындағы оның авторы - Суретшілер Одағының төрағасы Сембіғали Смағұловтың «Құс жолы» - деп атаған композициясы осы заманғы монументальды бейнелеу өнерінің өзіндік қайталанбас үлгісі болып табылады. Композицияның мерекелік ажардағы түрлі-түсті бояулы шешімі ойын-сауық орталығының мақсаты мен орынын айқындап тұр. Композиция геральдикалық, безендірушілік

салмақты көтеріп тұруы себепті одан ұлттық бұйымдардың, сәндік заттардың, қазақтың көне аңыздарындағы танымал кейіпкерлер жүздерінің ырымдық белгілерінің және күн сипатты тәңірлік дидарларының нышандары да кездесіп қалады.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің нұсқасын Астанадағы суретшілер Одағының мүшелері Сембіғали Смағұловтың жетекшілігімен дайындады. Бұл - Қазақ халқының Түркістан қаласында, ХІҮ ғасырда ірге көтерген қасиетті ескерткішінің киесін әйгілеп тұрған қазақ сәулет өнері алып ғимаратының кішірейтілген нұсқасы. Кесене есігі де қазіргі қасиетті ғимараттың қолдан жасалған айна қатесіз көшірмесі.

Алтын диадема - Қарғалы мекенінен табылған /б.д. Ү ғ./ диадеманың фрагменттік қайталауы. Сақ дәуірінің аң нұсқасында жасалған сән бұйымының мазмұны көне египет өрнектерінен асып түспесе, кем емес. Бар қырларының өзара үндесіп, жымдасып жатуы - оның композициялық шешімі мен көркемдігіне еш нұқсан кілтірмеген.

Қазақстан Тәуелсіздігінің Монумені - Әділет Жұмабаевтың осы заманғы технологияны /полимер смоласы/ пайдаланып жасаған әйгілі мүсіннің көшірмесі.

«Басты кейіпкер - Тазша баланың қатысуымен «Қырық өтірік» қазақ халық ертегісінің фрагменті - қазақ халқының тапқырлығы мен өнерпаздығының бейнелеу өнерінен сәтті көрінісін тапқан сәті. Осы заманға дейін орыс не басқа да тілдерде дәл тәржімасы жасалмаған «Қырық өтірік» ертегісінде қырық өтірік айтып, қызына үйленіп, әрі уәзір атануы мүмкіндігіне жету жолындағы қатал хан жариялаған жарыста бақташы жас жігіт жеңіп шығады.

«Бәйтерек» Аттракционы - «Байқоңыр» ғарыш айлағының көру алаңынан қарағандағы зымыранның дәл көшірмесі.

Сондай-ақ, Қазақстан тақырыптық аумағында сақ халықтарының бірлігіне арналған көне шаһардың макеті және «Қазақстан» субұқағы да бар.

Америка тақырыптық аумағындағы аспан ғимараттың арғы бетінде, оң қанатта- ацтек өнеріне арналған, сол бетінде - Американың ашылуына бағышталған көркем сызбалар бар.

Бостандық статуясының макеті - Американың Нью-Йорк айлағына кіре берісте асқақтап тұрған әйгілі меймандостығының бірі.

1884 жылы Франция халқы сыйға тартқан статуя Америка аттас жердің үлкен бөлігін алып жатқан елдің бостандығы мен мүмкіндігінің рәмізі есебінде белгілі. Ол сәнді киініп, қолында шамшырақ ұстаған әйел бейнесіндегі бостандықты паш етеді. Оның басындағы жеті өркешті тәж жеті теңіз бен жеті құрлықты бейнелейді. Әйел мүсінінің сол қолында 1776 жылдың 4 шілдесінде жарияланған американың тәуелсіздік жөніндегі Декларациясының мерзімі қашап жазылған тас тақта бар.

Вигвама макеті - Солтүстік Американың орман үндестері - алгонкиндердің күмбез тақылеттес тұрағы. Құрылысты тұрғызу кезінде үндістер шеңберлей сызылған аяға немесе ойпаңдау жерге баста-

ры иілген майысқақ ағаш сырықтарын қадаған. Вигвама тұрағы ағаш бұтақтарымен, тамырларымен, тоқылған жамылғылармен көмкеріледі.

Тотемдер /Макеттер/. Үндіс тайпаларының тәңір ретінде табынатын тұттары. Тотемизимнің /үндістердің «тотем» - арғы тек деген сөзінен/ түп тамырында жануарларға, өсімдіктерге бабалар рухы немесе қорғаушы күш ретінде табыну жатыр. Жеке тотемдер кез келген адамға беріле бермеген. Көп ретте оған тек тайпа көсемдері мен сиқыршылары ие болған.

«Алтын кеніш» аттракционы.

Греция сәулет өнерінің нұсқалары қойылған Еуропа тақырыптық аймағы.

Тағанына дейін тас-талқан болған Галикарнас мавзолейінің макеті. Бұл ғимарат б.д.д. ІҮ ғасырда Мавсол патша мен Артемизия патшайымның құрметіне салынған. Мавсол патша өзі өлген соң байлығы мен құдіреті туралы ұзақ уақыттар әлемнің есіне салып тұратын ұлы ғимарат қалдыруды армандаған. Мавсол патша қабірхана құрылысының аяқталуына шамалы мерзім қалғанда көз жұмған. Бірақ, артында қалған жесірі құрылыс жұмыстары біткенше оған басшылық жасаған. Ғимарат Мавсол патшаның атындағы Мавзолей ретінде ұлы қабірхана рәуішті белгілі бола бастаған.

Пергам алтары - б.д.д. ІІ ғасыр. Макет. Өздерінен саны жағынан анағұрлым асып түскен галаттармен шайқаста қол жеткізген жеңістерінің құрметіне пергамдықтар астаналары - Пергам қаласының ортасынан гректердің жоғарғы тәңіріне құрбандық шалатын мәрмәр таған - Зевс алтарын тұрғызған. Пергам қорғаушылары алтарь бетінде құдайлар мен алыптардың күмән мен кешірімнен ада, жан алысып, жан беріскен шайқастарының сәттерін бейнелеген. Бұл соғысқа көне грекия заманының барлық құдайлары: қолында жебе мен қалқан ұстаған сымбатты Артемида әйел-құдайы, отсәйгүліктерін түрегеп тұрып басқарып келе жатқан қалыптағы күн тәңірісі Гелиос, алты қолды Геката мен жарақаттарынан қуаттары кеміп, аласұрған, зардап шеккен көптеген алыптар қатысқан.

Парфенон. Афина қаласы б.д.д. Ү ғ. Құдай-ана Парфеностың / Дева/ - Афина тәңірісінің құрметіне салынған Парфенон храмы-грекия сәулет өнерінің шыңы болып есептеледі. Храмды грекия халықтарының ішіндегі ең бай да, атақты сәулетшілері - Иктин мен Калликраттар б.д.д. Ү ғасырда Афина қаласында тұрғызған. Ғимарат шын мәнінде ұлы тұлғасымен таңдандырады. Оның құрылысындағы өзгеше ырғақ ғимарат бөліктерінің мінсіз қабысуында жатыр. Парфенон ғимаратының тепе-теңдігі - адамның оған жақындаған сайын өз еңсесін биік ұстауына, бойын жаза түсуіне ықпал ететіндей жасалған. Гректер ықылым замандардан-ақ сәулет туындыларының адамға сергектік пен өзіне деген нық сенімдерін бекітуіне қызмет етуін мақсат ұстанған.

Оңтүстік-Шығыс тақырыптық аумағы: Қытайдың сәулет өнері.

Ұлы Қытай Қабырғасының фрагменттері.

Б.д.д. ІҮ-ІІІ ғасыр. Әлемнің сегізінші кереметі. Әлемдегі ең ұзын құрылыс. Ұлы Қабырғаны «10 мың лилік Қабырға» /1-ли-576 метр/- деп түрлі уақыт мерзімдерінде атағаны белгілі. Бұл атақты құрылыс

шығыстан батысқа қарай бүкіл Солтүстік Қытай жерін ұзына бойына алып жатыр. Ұлы Қабырға бірде тау қойнауларына кіріп, енді бірде шыңдардың өркештеріне өрмелеп, құм кезіп көсіле береді. Оның ұзындығы тікелей бойында 2000 шақырымға есептелсе, өн бойындағы барлық бұтақтарын қосқанда 4000 шақырымды құрайды. Ұлы Қабырға Шаньхайгуань қаласынан шығыстан батысқа бой созып, Ляодун бұғазы жағалауларымен Цзяюйгуаньға /Ганьсу провинциясы/ дейін жол тартады. Қабырғаның биіктігі - 6,6 метр/жекелеген учаскелерінде 10 метрге дейін/. Төменгі тұсында ені 6,5 метр, жоғары басында - 5,5 метр.

Б.д.д. V-VI ғасырларда көшпенділердің малшы тайпаларынан қорғану үшін Қытайдың солтүстігінде ұзын қабырға тұрғызылды. Тұңғыш император Цинь Ши Хуаньди қабырғаның жекелеген бөліктерін империяның солтүстік шекаралсын өн бойына қорғап тұратындай алып бекініс түрінде қосып жіберуді ойлады. Осынау ұлы да гуманистік идеяның жүзеге асуы үшін адамшылыққа жатпайтын әдістер де қолданды. Қабырғаны тұрғызу жұмыстары ауа райының қандай да бір қолайсыздықтарына қарамастан, тоқтаусыз жүргізілді.

Ұлы Қытай Қабырғасы құрылысы келесі ғасырларда да одан әрі жалғасын тапты. Қабырғаның бекіністерінде ұдайы күзетте тұратын жасауылдар қауіп төне қалған жағдайда мұнара бастарында от жағып, хабар берген.

Бұл ғарыштан көзге шалынатын жер бетіндегі жалғыз нысан.

«Думан» ойын-сауық орталығының **Мұхитаралы** — ТМД-да баламасы жоқ бірден-бір нысан. Бұл әлемдегі көк мұхиттан 3 000 шақырымнан астам қашықтыққа алыстаған жалғыз Мұхитарал. Мұхитаралдың су қоры - 3 миллион литрді құрайды. Оны әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы қажет болды. Мұнда жұмыр Жердің әр түкпіріндегі теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрінен тұратын 2 000-нан артық теңіз тұрғындары тіршілік етеді.

Осындағы түрлі көрме аймақтарында Оңтүстік Америкадағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы тұщы сулардың, жағалау маңдарының, тұңғықтар мен коралды рифтердің тұрғындары өмір сүруде.

Мұхитарал түбінде жылжымалы жолмен жарақтанған, қалыңдығы 7 сантиметрлік акрил шынысынан жасалған 70 метрлік дәлізі бар және әр түрлі көлемдегі 11 аквариумды екі үлкен көрме аймағынан тұрады. Аквариумдердің әр түрлі тұрқы табиғи жағдайларына жақындатылған балықтар тіршілігіне көз салуға және жыртқыш балықтар мен кәдімгі балықтарды қоректендіру барысын қадағалауға мүмкіндік береді. Мұхитаралдың жұмысын балықтардың тіршілігіне барынша қауіпсіз материалдардан жасалған 11 шақырымдық тұрбалардан, 34 қуатты сорғы мен әр қайсының сыйымдылығы 200 мың литрлік 6 құмсүзгіден, судың химиялық құрамы мен мөлдірлігін қамтамасыз ететін көптеген сүзгілері бар тазарту қондырғылардан тұратын теңдесі жоқ жүйе жүргізіп тұр.

Көрме аумақтарының аквариумдарынан Сіз ихтиофаунаның жекелеген түрлерін жақыннан көріп, гидтардың таныстыруымен керемет балықтар мен теңіз тұрғындары хақында жан-жақты мәліметтер аласыз.

Бірінші көрме аумағына Оңтүстік Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның тұщы суларын мекен етушілер қойылған. Мәселен, пиранья тұқымдастары олардың жыртқыш та қомағай өкілдерімен де, пираньяның өздерімен де, сондай-ақ, момын, әрі вегетариан ағайындары - пакулермен де сап түзеп, келушілер назарына ұсынылады. Тап осы жерден бұларға қоса, теңіздер мен мұхиттар жағалауларының теңіз жұлдыздарын, бағзы замандар өкілі - хелицерилерді-ершікшаяндарды, саяқ-шаяндарды, ұзынмұрттарды және теңіз шаянын көруге болады.

Екінші көрме аумағында мұхит түбі кораллдары қауымдастығының өкілдері: атбалықтар, теңіз инелері, сиырбалықтар, жапон қорапшалары, түлкібикештер, итбалықтар, ақмамықтар назарға ұсынылады.

Осы маңнан аквариумдерде жүзген жыртқыш балықтар: тасбалықты, қанатты теңбілдерді, безербалық түрлерін, кірпібалықтарды көре аласыз. Ал, бас аквариумда Мұхитаралдың ең үлкен тұрғындары - акулалар, олармен қоңыстас-салмақтары мен тұлғалары жағынан акулалармен иық теңестіре алатын алып теңіз алабұғалары, үлкен патшабалықтар, жарқанат-балықтар мен басқа да үйірімен жүретін балықтар тіршілік кешуде. Мұхитаралды мекендеушілердің тіршіліктері былайғы көзге байқала бермейтін оқиғаларға толы. Дегенмен, Сіз оларды қоректендіру сәттерін қызықтай аласыз. Күніне екі рет су астында жүзгіш мамандар өздері үшін қатерлі болғанымен, көрермендерге қызық - «Акулаларды қоректендіру» - атты шоууды ел назарына ұсыну үшін тұңғыық түбіне түседі.

Мұхитарал - ұшы қиырына көз жеткісіз байтақ дала тұрғындарының теңіздің бір бөлшегіне жанарын қадап, тұңғыық түбі патшалығының гажайыптарына үңілгісі келген армандарын жүзеге асырып отыр.





ДҮНИЕНІҢ ҚЫЗЫҒЫ – ДЖУНГЛИДЕ!

«Думан» ойын-сауық орталығы» ғимаратында орналасқан «Джунгли» аниматроникстер театры» Астананың тағы бір мақтанышына айналып үлгерді.

Иә, иә! Джунгли дегеніміз - әлемнің кейбір таулы өңірлерін көмкеріп жатқан ит тұмсығы өтпес тропикалық ну орман. Қазір ол Астанада да бар! Ал аниматроникс - техника мен кибернетиканың соңғы жетістіктерін пайдалана отырып жасалған алып қуыршақтар.

Театр - кәдімгі қызылды-жасылды қойылымдармен көмкерілген сахналық көріністер. Міне, осының бәрін ауданы 3 мың шаршы метр аумақты алып жатқан «Джунгли» аниматроникстер театрынан тамашалай аласыздар.



Джунглиді бастан-аяқ аралап шығу үшін ең кемі бір сағат уақытыңыз кетеді. Адамның бет-әлпеті пішінінде жасалған тас есікке жан бітіп, қос танауынан будақтатып түтін шығарып, «джунглиге кіруге» рұқсат берген кезден бастап уақытаралық кеңістікке енесіз де кетесіз. Жан-жағыңызға барлай қарап, алға қарай баса берсеңіз, небір қорқынышты, сонымен қатар, ғажайып құбылыстар басталады. Сол жағыңыздан кенет шыққан

құпия дауысқа жалт қарасаңыз, жыбырлаған қалың өрмекшіден зәре қтыңыз қалмай қорқып, тұра қашуға шақ қаласыз. Сізге қарай жорғалай жөнелген қорқынышты жәндіктердің ойыншық екені есіңізге түсіп, батылдана қасына барған кезде, биіктігі 2 жарым метр алып өрмекші қос азуын қайшылап тап алдыңызға топ ете қалады. Сіз қайтадан кейін шегінуге мәжбүр боласыз. Миллион жылдық жыңғылдардың арасымен алға қарай жылжи түссеңіз, жоғалған әлемнің жаңалықтарына қарқ бола бересіз. Кішігірім көлшіктің астында күнге қыздырынып жатқан бірнеше тонналық қолтырауындар сізді көре салып, ауыздарын апандай ашып, тұра ұмтылатынын қайтерсіз. Бір жағыңыздан джунглидің жергілікті тұрғындары да айғай салып, зәреңізді зәр түбіне жеткізеді. Қайдан шыға келетінін білмейсіз өздерінің...

Хош, сонымен қолтырауындарға қош айтып, келесі қалтырысқа бұрылсаңыз, 3,5 метрлік динозавр алдыңыздан шығады. Сүзеген бұқаша көздерін аударып-төңкеріп, танауынан будақтатып бу шығарып, қазір ғана табандарымен тарпып тастайтындай қаһарлана қарайды. Есте жоқ ескі замандардың есірік мақұлығы сұсты көздерін өңменіңізнен өткізіп тұрса, көрер едім қорықпағаңызды. Жалма-жан бұрыла салып, алға қарай адымдай түсесіз.

Бұл жақ бұрынғылардан әлдеқайда қонақжай екен. Сізді көре салып, адам бойымен бірдей бақалар балпандап билей жөнелгенде, қарап тұрып қолдарыңыз қималдап, басыңыз бұлғандай бастайды. Ал бақалардың



онымен шаруасы жоқ. Бүкіл джунглиді бастарына көтеріп, той биін апыр-топыр ұрып жатыр. Анда-санда екі езулері екі құлағына жетіп, ыржалақтап қояды өздері.

Көңілді бақалармен қимай-қимай қоштасып, алға жылжысаңыз, үлкен үңгірге тап боласыз. Оның ішінде көздері жылтырап, бастарын төмен салбыратқан жарқанаттарды байқамау мүмкін емес. Қала берді, аяқ астынан жыбырлай жорғалаған неше түрлі жәндіктер мен құрт-құмырсқалардан төбе шашыңыз тік тұрады. Олардан аман-есен өтіп, үңгірдің сол қапталына бұрылсаңыз, мұз кристалдарымен көмкерілген ғажайып кеңістікке тап боласыз. Төбеден төмен қарай шаншыла біткен күміс сүңгілер қазір ғана үзіліп түсетіндей, ал үңгірдің қабырғалары минус 60 градус аязда қатқан мұздықтардай жылтырайды. Мұз патшалығының ғажайып шұғылалармен шуақтанған сиқырлы сырына қаныға алмай келесі қалтарыстан өтсеңіз, небір құпияларды қойнауына тыққан жұмбақ үңгірден де құтыласыз.

Ендігі кезекте сізді алып маймыл күтіп тұрады. Сегіз метрлік Кинг-конг шоқпардай жұдырығымен апай төсін төпештеп ұрып, бар дауысымен аңырай ақырғанда, джунгли іші дірілдеп, таулар мен шыңдар теңселгендей болады. Мұндай дүлей күштің иесін кім ренжітті екен деген күрделі сұраққа күпті болған күйі келесі қапталға шықсаңыз, мамыражай маужыраған тоғай ішінде айналысы жасыл желекке оранған көлшіктің маңындағы алып мүйізтұмсықты (трицератопс) көресіз. Мөлдіреген көздерін кербез қағып, момақан мүйізтұмсық жайбырақат жайылып жүр. Жуас жануарды үркітіп алмайын деген адал ниетпен аяғыңыздың ұшымен басып, арғы бетке өтесіз.

Ақырында сіз бармаған жер, баспаған тау қалмайды. Шыңның басына да шығасыз. Құзар биікке ұя салып, балапандарын қызғыштай қорығын ұшқыш тиранозавр шоқып кете жаздап, әзер тірі қаласыз. Бұл жерден қашып құтылып, төменге қарасаңыз, кең байтақ джунгли әлемі алқанға салып қойғандай көрінеді. Одан кейін биік таудан құлай аққан сарқырама маңындағы аспалы көпірден өтіп, баяғыда, сізден бірнеше ғасыр бұрын осында болған зерттеушілерден қалған жұртқа тап боласыз...

Міне, мұның барлығы айналдырған бір сағаттың ішінде сіздің басыңыздан өткен оқиғалар. Осы уақыт аралығында сіздің бойыңыздан бөлінген адреналинде шек жоқ. Құпия қорқыныш пен ғажайып таңданыс сезімдері сіз джунглиге кіргеннен-шыққанға дейін бір сәтке де толастамайды. Алған әсеріңізді ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Голливудтың бәленбай миллиард доллар жұмсап түсірген фильмдері де мұншалықты әсерлі бола алмайды. Бұл жобаны өмірге әкелу үшін 20 млн. доллар жұмсалғанын ескерсек, мұның өзі арзан базарлық емес екені аян болады. Оның үстіне, нысандағы барлық қуыршақтардың мүлтіксіз жұмыс істеп тұрулары үшін 8 программист-маман күн-түн демей қызмет атқарады.

Ертегілердегі басқа әлемге тап болып, бастарынан неше түрлі қызықты оқиғаларды өткізетін кейіпкерлер енді сізге қызығатын болады. Өйткені сіз астанадағы «Джунгли» аниматроникстер театрының қонағысыз және сіз ертегілерде болатын барлық ғажайыптардың бел ортасында жүретін боласыз!







«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ЖӘНЕ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҮЙІ

Ғимарат керегесін кеңінен керген, 56000 шаршы метрді алып жатыр. Жаңа орталықтың батыс қапталын көрікті көмкеріп, өз алдына бір қалашыққа айналған. Дөңгелек алаңды кемерлей доғаланып, Көлік және коммуникация министрлігімен ортақ ансамбль құраған. Бәйтерекке қарайғы беткейінен таудан құлаған сарқырама секілденіп етекке қарай ағынды су жамырай құлайды, көл-көсірленіп, Дөңгелек алаңға асығып, сол жердегі фонтанға жетсем деп тағатсызданады. Айнала жүгірген бала, ағынды қызықтаған ел көз тойдырады.

Доғалдана иілген ғимараттың ортасында таспаланатын аспалы жол да осынау сәулет ансамблінің ажырамас бөлігіндей. Ол Жаңа қаланы Есілдің оң жағымен және халықаралық әуежайға бастайтын даңғылмен жалғастырады, сырттай қарағанда ғимараттың әсем алқасындай көрінетін Дөңгелек алаңның шатыры іспетті. Төменінде біріне-бірі жалғасқан сауда орындары мен мейрамханалар.

Құрылыстың негізгі корпусы 14 қабат, жаңа орталықты батыстан соғатын Арқа желінен қорғап тұр. Сыртқы көрінісі осынау кең далада бағзы замандарда түркі жұрты соққан айбынды қамалдарға ұқсайды. Енді бір сәт Алматыны орай заңғарланған ақ бас Алатаудың сәулет өнерінде кескінделген, қиялда жаңғырығатын бейнесіндей сезіледі. Енді бірде қазақ жұртына тән кеңдік пен жомарттықтың, дархандықтың белгісіндей сүйсіндіреді.

Мұндай ғимарат, дәл осындай архитектуралық шешім әзірге республикада да, ТМД елдерінде де жоқ.

Құрылысты салу кезінде Батыс Еуропа, Канада мен Оңтүстік Кореяда сынақтан өткен, біріктігі мен реңділігі әбден айқындалған материалдар пайдаланылды. Ішкі технологиялық-инженерлік жүйесі де осы заманғы озық шешімдерге негізделген. Кіреберіс холдың кеңдігі және әсемдігі, фонтан арқылы кескіндеп, шағын бақпен әрлендіру секілді ерекшеліктер құрылыс өркениетінің сәтті меңгерілгендігін дәлелдейді. Ғимаратты зер сала қарап шықсаңыз, оның сәулетінен Шығыс пен Батыстың, сондай-ақ Скандинавияның архитектуралық жетістіктері шебер үйлестірілгенін аңғара аласыз.





КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ

Сүмбіл талдай көрікті, барынша еңселі, күн көзіне жүз құбылған заңғар айрықша әсерге бөлейді. Ол бірде жерден ғаламат қуатпен көтерілгелі тұрған ғарыш кемесіне, бірде жер атты құдірет шірене тартқан садақтың сұр жебесіне ұқсайды, фантастикалық кескінде тылсымданады.


Дәл осындай ғимарат Қазақстанда әзірге жоқ. Астанада алғаш рет осы құрылысқа Канадада жасалған күн өтпейтін шыны молынан пайдаланылды. Ғимарат күн сәулесінде сәт сайын түрлі реңге боялады, алтын жалқынданып, қас қағымда көк-жасыл ажар тауып, іле қоңырқай түске өзгеріп, мың құбылады. Бұл оған жеңілдік сипат береді, 155 метрлік алыптың мысқалдай да салмағы сезілмейді.

Әкімшілік ғимараттың жалпы көлемі – 32800 шаршы метр. Қазіргі кезде мұнда 1 мың адам еңбек етеді.

Ғимаратқа кірген бетте жазыла жөнелетін кең холл мәрмәр тастармен көркейтілген. Сылдыр қаққан фонтан сергітіп сала береді. Төменнен жүйткі жөнелетін шынылы лифт осынау семдіктің сәтті жалғасындай, қараған жанның көңіліне қанат бітіреді. Осындай салтанат әсерін сіз ғимараттың барлық қабаттарынан табасыз.

Ыңғайлы да жарық жұмыс бөлмелері, түрлі кеңдіктегі мәжіліс залдары қызметіңізге әзір. Ал арнайы технологиямен жасалған жылу және ауа алмастыратын жүйелерді басқа құрылыстардан кездестірмейсіз. Зәулім құрылыс осылайша Астана ажарына ажыр қосып тұр.







ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ҒИМАРАТЫ

Қорғаныс министрлігінің ғимараты Астанадағы ең көрікті мекендердің бірі. Кіреберістегі фасад жоғары өрлеген сайын ырғақты бағандармен, маңдайшалық жеңіл бедерлермен әрлене түседі. Қабаттан қабатқа жоғарылаған сайын пластикалық оңтайлылық реңі айқын бола береді және әр қабат өзіне ғана тән түске ие. Осынау құрылым ғимаратқа ресмилік әрі қарапайымдылық сипат береді. «Бәйтерек» жақтан қарағанда алаңның ұлттық, астаналық реңіне үйлесіп тұрғанын аңғарасың.

Астанада бой көтерген кеңсе ғимараттарына ортақ бір ерекшелік бар, ол әсіре ресмиліктен адалығы, айқынырақ айтсақ, мемлекеттік мекемелер кеңестік кезеңдегі біртектіліктен арылып, архитектуралық әркелкілігімен дараланады, ішкі құрылымында да өзгерістер аз емес. Қорғаныс министрлігі үйі туралы да осыны айтар едік.

Ғимаратқа кіріп келгенде алдыңнан кең де әсем кеңістік ашылады, бұрынғы тар дәліздерді ауқымды холлдар айырбастаған. Кең мәжіліс залына сабырлылық реңі берілген. Жоғарғы қабаттағы салтанат залын еңселі күмбез көмкеріп тұр.

Осының бәрі қазіргі заманғы құрылыс мәдениеті Астанада айрықша ескерілетіндігін және жете меңгерілгенін аңғартады. Әрлеу жұмыстарының шеберлікпен орындалуы, құрылыс материалдарының жоғары талғаммен таңдалуы ғимараттың негізгі артықшылықтары. Бөлмелер мен залдардың аспалы төбелері мен маңдайшалар конструкциялары Еуропада жасалған заттардан құрастырылған. Электр жабдықтары мен түрлі-түсті шамдар, санитарлық-техникалық, жылу құралдары да шетелдерден арнайы тапсырыспен алынды. Мәрмәр, гранит, тот баспайтын болат пен өрнек салуға қолайлы гипспен отандық кәсіпорындар қамтамасыз етті.

Кәдімгі тасты өңдей алсаң, көз қуантып шыға келетініне осы жерде куә боласың. Құрылысшылар экологиялық таза сол тастарды керамогранит, алюкобонд, алюминий секілді материалдармен әдемі астастыра білген.

Ғимараттың тағы бір ерекшелігі - әскери парад плацы мен тік ұшаққа арналған қону орыны. Содан кейін – кеңістік. Бәйтерек жағынан да, қос қапталынан да гүлге оранған алаңдар көсіле жөнеледі.





СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ҒИМАРАТЫ

Сыртқы істер министрлігі ғимараты кеңселер стилінің салқын реңінен арылған, керісінше салтанатты шырай басым, сөйте тұра ресми сабырлылықтан да ада емес. Симметриялық дәлдікпен жасалған фасад сырт көзге сындарлы да салмақты. Сол арқылы және ғимаратың бүкіл болмысынан салқын ақыл, тазалық пен үйлесімділік, ауқымдылық есіп тұрады. Бұл - көркем образдылықтың белгісі, шығармашылық сәтті шешім. Шығыс пен Батысты тең таныған елдің ажары, оның сыртқы саясатының келбеті осындай жылы жүзді болуға, сенім ұялатуға, мемлекеттік ашықтық пен ұстанымдардың тұрақтылығын баян етуге тиіс.

Ғимараттың бірінші қабатына кіргенде кең құлашты кеңістікке тап боласыз. Онда саналуан тақырыптағы мол әдебиет қоры бар кітапхана мен мәжіліс залы орналасқан.

Қазіргі заманғы кеңсе үйлеріне қойылатын талаптардың бірі – барлық жағынан қолайлы болуы. Қызметкерлер уақытының көбін осы жерде өткізеді, сондықтан да бір уақ дем алып, тыныстайтын орындар болуға тиіс. Министрліктің барлық бөлігінде бұл толық ескерілген. Үшінші, төртінші, бесінші қабаттарда 30-150 орындық мәжіліс залдары бар.

Сәулетшілердің қызмет үйі аясында ықшам табиғат мүйісін жасау жөнінде шешімге келіп, оны сәтті жүзеге асырғанына да ризалық білдіресіз. Осындағы қысқы бақ өзінше бір шағын әлем.

Мұнда кәдімгі стандартты дейтін қарадүрсінділікті көре алмайсыз, төбелерге дейін қыл қаламның ізі бар, оларға акустикалық гипстен өрнек салынған, қабырғалармен жалғасатын тұстары әсем дәйекшелермен астасып жатыр. Люстралардан да төбе өрнектеріне ұқсас нақыш табасыз. Жеңіл жібек перделер бір-бірін толықтырған осы жарасымдылық ансамблінің соңғы сұлу сәтіндей.

Сыртқы істер министрлігі ғимаратына сіңірілген сәулет идеясы бойынша қайталанбайтын архитектуралық пішін жасалуы керек еді. Ол осында бұрынырақ салынған құрылыстармен сыртқы көркі жағынан үндесе кетуге тиіс болатын, әрі өзінің мән-мағынасын ашып тұруы да қажет-ті. Іс жүзінде аталған мақсаттарға қол жеткізілді. Мамандар мен былайғы елдің пікірлеріне сүйенсек, ғимарат «Бәйтерек» алаңының ажарын аша түскен сәтті архитектуралық туынды.






«НҰР-АСТАНА» МЕШІТІ

«Нұр-Астана» мешітінің жобасын ливандық сәулетші Чарльз Хазифа жасады. Жоба бойынша мұнда бір мезгілде 5000 адам намазға тұра алады. Алып ғибадатхананың архитектуралық ерекшеліктері де мақтаныш сезімін тудырады. Бас күмбезінің биіктігі – 43 метр, аспанға тік шаншылған төрт мұнарасының әрқайсының биіктігі – 63 метр. Бұдан басқа 25 кіші күмбездері және бар. Ал мешіт орналасқан жер көлемі – 6,7 гектарды құрайды. Ғибадатхананың жалпы алаңы 3930 шаршы метр. Бөлек жабдықталған ерлер мен әйелдердің намаз оқитын залдарының аумағы 2 мың шаршы метрдей.

Алдағы уақытта Мешіттің маңы абаттандырыла түседі. Аумағы 1800 шаршы метр екі фонтан, автокөлік үшін екі автотұрақ, демалыс алаңдары жасалады. Гүлге оранған алаңдар көз жауын алатын болады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шешімімен ғибадатханаға «Нұр – Астана орталық мешіті» деген ат берілді. Астана әуежайынан қалаға, шаһардан әуежайға қатынайтын жұрт міндетті түрде Бас мешіттің батыс жағындағы даңғыл арқылы өтеді. Келген мейман, сапарға шыққан жолаушы жүрегіне ізгілік ұялатады. Бұл Астана шапағатының нұрлы көрінісі. «Халқымыздың жақсылыққа бастап, мұсылман қауымының алғысына бөленген Елбасымыздың ел игілігі жолындағы ерен еңбегі дәйім жемісті болғай», - деп тілейді иманға ұйыған жұрт...







«АСТАНА ТРИУМФЫ» ҒИМАРАТЫ

XXI ғасыр «кондоминимум» ұғымын ала келді. Қала тұрғындары заңғар үйлер арқылы тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерін оңтайлы шеше алады екен. Мұндай шаңырақтар әмбебап кешендерге ұқсайды. Бала бақшасы, дүкендері, көлік тұрақтары, мейрамханалар мен саябақтары, спорт жүйелері бар ғимараттар шындығында да қолайлы емес пе?! Керегінің бәрі жаныңнан табылса, уақытың үнемделеді. Ал уақыт қазіргі заманда тым қымбат.

Екінші жағынан, кондоминимумдар архитектуралық тұрғыдан аса көрікті, олар заңғарлығымен де, сәулет өнерінің жетістіктерін молынан пайдалану мүмкіндігімен де ерекшеленеді.

«Астана триумфы» тұрғын кешені елордадағы осындай алғашқы қадам.

Сыртқы бейнесімен ол Мәскеуде 50-інші жылдары салынған зәулімдерге ұқсайды. Мұндай заңғарлар Ресей астанасында Ұлы Отан соғысындағы жеңіске арналған еді.

Осынау ұқсастық бекер емес-ті, Астана заңғары екі ел арасындағы мәңгілік достық пен ынтымақты бейнелейді.

Заңғар 39 қабаттан тұрады, оның 36 қабатына ел қоныстанған. 12 орам бар, жетеуі мекенжай болса, қалғандары тұрғындарға қызмет көрсететін арнаулы орындар: жоғары талғаммен салынған түрік, фин, орыс моншалары, мұз айдыны мен бассейн, сауда орталығы, дәрігерлік пункт, жер асты көлік тұрақтары, қоймалар.

Пәтерлер саны - 433, көлемі жағынан әралуан, қалауыңызға және қаражатыңызға орай екі-үш деңгейдегі пәтерлерге дейін алуыңызға болады.

Алғашқы қабат коммуникациялық маңызға ие, осы жерден далаға шықпай-ақ кешеннің барлық орамдарына өте аласыз.

Заңғарда арнайы күзет қызметі бар, айналадағы қаракет тележүйе бойынша бақыланады.

Жоғарғы қабат қаланы тамашалауға арналған, көтеріліңіз де күн сайын құлпырып келе жатқан Астананы қызықтаңыз.

Заңғар қаланың барлық тұсынан менмұндалап тұрады.





БАС ҚАЛАНЫҢ БАС КӨПІРІ

Астанадағы бас алаңға жақын жерден, Есілдің үстін көктей өтетін сегіз таспалы кең көпір салу туралы ой күн өткен сайын өзекті бола берді. Өзеннің бұл тұстағы арнасы 150 метрге жетеді. Таяу айларда осы жерде Есілмен катерлер ағылатынын ескерсек, соншалықты ұзын көпір тіреусіз тұрғызылуы керек. Бұл көлік ағынына төтеп беретін аркалық конструкцияларының қалыңдығы кемінде 10 метр болады деген сөз.

Арқалар бұл көпірдің беріктігі мен ұзына бойындағы ұстамдылығын қамтамасыз етеді, көлденең арқалықтар арқалы жалғасып, біртұтас бітімге ие болады. Мұндай конструкциялық құрылым 6 жолды көпірге қолдануға өте қолайлы. Қосарландырылған және жоғарғы жағы доғалдана бекітілген арқалықтар үшбұрышты жаңа конструкцияны құрады.

Көпірден қарағанда ашылып сала беретін Есілдің айдыны, Жаңа орталықтағы Бас алаңның ғажайып көрінісі өз алдына салтанат құрайды. Дәл осы жердің көпшілік жиі келетін, көңіліңді көркейтетін, Астанаға деген мақтаныш сезіміңді туғызатын орынға айналары даусыз, ол қазірде де солай болып отыр.

2006 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Астанасында жаңа көпір салтанатты түрде іске қосылды. Қазақтан, Турция, Ресей мамандарының еңбегі жоғары бағаға ие болды.

Ені 40 метр көпірдің барынша қысқа мерзімде пайдалануға берілуі Есілдің екі қапталындағы жол қатынасын күрт жеңілдетті. Бұрынғы қос көпірдің үстінде кептеліп тұратын көліктер керуені жоғалды.

Кең де ауқымды, берік те жеңіл және көз тойғандай әсем көпір шаһардың ажарын аша түскені анық.






«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҒИМАРАТЫ

Қазақстан Республикасындағы қазіргі күнгі осы ең биік зәулім, салыстырмалы түрде алғанда, қысқа мерзімде салынды. Құрылыс жұмысы 2009 жылғы шілде айында аяқталды. Архитектуралық стилі бойынша Көлік және коммуникация министрлігінің қызмет үйімен сабақтас. Мұнда да Еуропа мен Азияның, сондай-ақ Скандинавия елдерінің осы заманғы сәулет өнерінің жетістіктері ескерілген, республиканың, оның ішінде Астананың ауа райына, жер жағдайына сәйкестендірілген. Классикалық үлгі хайтек мәнерімен сәтті ұштастырылғаны айқын аңғарылады. Заңғарлығымен және сыртқы көрінісімен жаңа қаладағы бойшаң ғимараттармен жарасымдылық тапқан, іскерлік орталығына жаңаша мазмұн беріп тұрғандай.

Ғимаратты шаһар ішіндегі ықшам қала деуге де болады. Жер табынан алғандағы биіктігі 175 метр. 37 және 40 қабатты қос заңғар егіз алыптар секілді осы маңдағы барлық құрылыстардың үстінен қарап тұр. Маңдай алды қақпадан кіріп келгенде өзгеше бітімді құрылыс орамына тап болғандай әсерде қаласың. Қарсы бетте және қос қапталда көп қабатты, негізінде өзара тұтас, қараған көзге дербес ғимараттар жарыса еңселенеді. Ғимаратта жол кестесін реттейтін автоматтандырылған басқару орталығы орналасқан (АКҮП) сол арқылы жүк және жолаушылар тасымалы үйлестіріледі. Мамандар негізгі бағыттарда жөңкіліп жатқан темір жол составтарының қозғалысын реттейді, вагондар мен локомотивтердің дұрыс бөлінуін және оңтайлы пайдаланылуын бақылайды. Жолдың сапасын да тәулік бойы анықтай алады. Мұны аз десеніз, дәл осы жерде республиканың темір жол қызметі ТМД елдерімен, сондай-ақ Балтық жағалауы мемлекеттерімен үйлестіріледі. Қазіргі кезеңгі компьютерлік-техникалық, инженерлік мұндай басқару жүйесі бізбен қанаттас жұрттардың көбінде жоқ.

Ғимаратты қызмет пен тұрмыстық талаптар қатар ойластырылған тұтас жүйе деуге толық негіз бар. Осында кафелер мен ресторан, спорт комплексі, түрлі сауда орындары орналасқан. Жерасты қабатында автотұрақ бар.

Ұлттық компания осынау еңселі құрылыс арқылы Астанаға ерекше кескіндегі архитектура ғажабын сыйға тартты.





АСТАНА ЦИРКІ

Жалпы аумағы 26 655 шаршы метрді алып жатқан алып кешеннің басты ғимараты – манеж алаңы. Ол екі мың көрерменге арналған. Мамандардың айтуына қарағанда, Астана циркі Орталық Азияда теңдесі жоқ цирк және оның классикалық үлгіден тыс конструкциялық жетістіктері бар. Соның бірі – манежді айнала қоршап тұратын кедергі шеңбер жылжымалы етіп жасалған. Керек кезінде оны 60 сантиметрге дейін көтеруге немесе бір бөлігін еденнің астына түсіріп жіберіп, жазық алаңқай жасауға болады. Тағы да бір ерекшелік – сахнаға шығар тұста жылжымалы саты бар. Сол арқылы да түрлі көріністер көрсетуге мүмкіндіктер бар. Оны цирк тілінде форга дейді. Осы саты арқылы сахнада өнер көрсетіп болған артистер бірден төмен түсіп кете алады. Бұл жаңа технология манежде өнер көрсетуді әлдеқайда жеделдете түседі. Мәселен, бұрын әуе акробаттарын секундына 3-4 метр жылдамдықпен көтеретін болса, енді 8-9 метр жылдамдықпен көтеретін қондырғылар орнатылды.

Цирктегі жаңа технологиялық құралдар Германияның “IPM” деген компаниясының өнімдері. Ал Ресейдің Королев қаласындағы конструкторлық бюро артистер өнер көрсететін жабдықтардың жобасын сызып дайындады. Осының нәтижесінде Астана циркінде көптеген жаңа дүниелер пайда болды. Жарық беретін жабдықтар Италия шеберлерінің қолымен жасалды. Олар спектрдің барлық түсінде сәулелерді мың құбылтады. Ал лазерлік аппарат түрлі-түсті сәулелерден сан алуан ою-өрнектерді ойнақшытып, цирк өнерінің сән-салтанатын арттыра түседі.

Атап өтерлік бір жайт, осынау ғаламат ғимараттың жобалау сызбаларынан бастап кілтін тапсырғанға дейінгі жұмыстарды атқарған отандық сәулетшілер мен құрылысшылар. Жоба Алматының “Казгипрогор” мекемесінде жасалды. Авторы – Әбділда Төлеген деген азамат. Ал құрылысты салған Астананың “Найза-Құрылыс” компаниясы. Сарапшылардың бағалуынша, ғимараттың салыну сапасы қазіргі заманғы жоғары талаптарға сай.

Астана циркі Елордамыздың мәдени демалыс аясын кеңейтумен қатар болашақта Қазақ елін, оның өнерін әлемдеуге танытатын ұжым болатынына қазірдің өзінде көзіміз жетіп отыр.



ЕЛОРДА БІЗГЕ ТЫМ ЫСТЫҚ, ТЫМ АРДАҚТЫ

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ»

Шілденің 6-сы – Астана күні.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылғы 25 маусымда «6 шілде – Астана күні» болып табылатындығы туралы Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Ал сол жылдың 6 шілдесінде Астана өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті.

Тәуелсіз еліміздің тарихында 1997 жыл ең бір бетбұрысты кезең ретінде қалады. Осы жылы еліміздің жаңа астанасы ресми түрде жарияланды, күллі әлемге паш етілді. Дүниені дүр сілкінткен ғажайып күн болды. Елбасының 1997 жылғы қазанның 20-сындағы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты. Осынау Жарлықтың 1-тармағында: «Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын» делінсе, 2-тармағында: «Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін» деп жалпақ жұртқа жария етілді. Сол жылы, сол айда, сол күні Президент Жарлығын Парламент мақұлдап, шешім шығарды. Ал 1997 жылдың желтоқсанының 10-ында тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы мен мемлекеттік рәміздері Ақмола қаласына жеткізілді. Ұлы көштің қазақ тарихындағы орны тым ерекше. Біз, шын мәнінде, елдігіміздің шынайы дәлелі ретінде, тәуелсіздігіміздің салтанат құрған тұсында өз таңдауымызбен, Елбасының көреген саясатының арқасында, халықтың көпшілігінің қолдауымен, Қазақстан астанасын жаңа қалаға ауыстырдық. Бұрынғы қалаларымыз – Орынбор, Ташкент, Қызылорда және Алматының ел астанасы мәртебесіне ие болуының тарихы КСРО-мен тығыз байланысты болды емес пе?! Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасы – Ақмола қаласын тұңғыш рет өзіміздің ұлттық, елдік мүдде тұрғысынан айқындағанмыздың мән-маңызы қашанда зор бола бермек. Тіпті бүгіндегі өркениетті елдер арасында да, ТМД елдері арасында да бұл таңдаудың дұрыстығына, мәңгіліктігіне ешкім де шәк келтірмесе керек. **Астананы көшіру идеясына әлемнің түкпір-түкпірінен қоғам қайраткерлері, мемлекет басшылары, қалабасылары, әр ұлттың өкілдері қолдау көрсетіп, бұл шешімнің әділ, дұрыс, көрегенділікпен қабылданғаны туралы сан мәрте жүрежарды пікірлерін білдірді. Ол пікірлер баршамыздың көкейімізде сайрап тұрғаны анық. Де-**

ректорге жүгінсек, 1997 жылғы желтоқсанның 27-сінде Түрік Республикасының Президенті Сүлеймен Демирел, желтоқсанның 27-сінде Рим папасы Иоанн Павел II, сол күні ТМД-ның Атқарушы хатшысы Иван Коротченя құттықтау жеделхаттар жолдап, Президентке достық, тілектестік пейілдерін білдірген.

1998 жылы 10 маусымда астананың халықаралық тұсаукесері өтті. Ұлы бастама шындыққа айналды. Сарыарқа төсінде жаңа астана – Ақмола қаласы пайда болып, Қазақстан картасынан Елорда ретінде берік орын алды.

1998 жылғы 6 мамыр. Осы күні жарық көрген күнделікті газеттерде, ақпараттық агенттіктер мен теледидардың ақпараттық бағдарламаларындағы басты жаңалық – Елбасының «Қазақстан Республикасының астанасы – Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп қайта атау туралы» Жарлығы болды. Сондай-ақ Президент Жарлығымен Астана қаласында «Сарыарқа» және «Алматы» аудандары құрылды. Әрине, бұл атау алғашында құлаққа тосындау естілгенмен, келе-келе қала халқы жылы қабылдады. Осы атаудың мәніне терең бойлап, мағынасын білген сайын Астана атауы көпшіліктің қолдауына ие бола бастады. Халықтың құлағына сіңісті болғаны сонша, астана төрінде дүниеге келген сәбилерге астана атауына байланыстырып есім қоя бастады.

Астана 2008 жылғы 6 шілдеде өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті. Осынау мерейтойға таяу және алыс шетелден 10 мемлекет басшысы және 100 өңірлік өкілдер келді. Негізгі іс-шаралар 1-6 шілде аралығына жоспарланған. 5 шілдеде негізгі халықаралық іс-шаралар өткізіліп, 6 шілдеде «Қазақ елі» монументінің салтанатты ашылуы болды және бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Қала күніне орай 54 шақырым тас жолға асфальт төселіп, 2 көпір, 2 көлік жолайырығы пайдалануға берілді, 23 ірі нысан аяқталып, пайдалануға берілді.

Бүгінде астанада тұру, қызмет атқару бір бақыт болса, Қазақстанның түкпір-түкпірінен Елордаға ағылып келіп, Елорданы армансыз аралап, құтты қонақ болып кетуден асқан мақтаныш, мәртебе жоқ екеніне күнде көзіміз жетіп жүр. Біз, астаналықтар, сол бір ұланғайыр мақтанышымыз ұзағынан болғай деген игі тілектеміз!

Астананың гүлденуі, шын мәнінде, тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі.

Астана – келешектің қаласы.

Астана – ғасыр қаласы.

ТУ – МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Тайлы-таяғымызбен қалмай көптен күткен ұлы той – Астананың 10 жылдық мерекесін 30 маусымда Елбасы бастап берді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Елордадағы «Атамекен» мемориалдық кешенінің стеласына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтерді.

Өзінің құттықтау сөзінде Елбасы: «Кез-келген мемлекетте ту маңызды атрибут, мемлекеттіліктің белгісі болып табылады. Қазір біз мына төбенің үстінде Қазақстанның туын көтеріміз. Көгілдір аспан түстес бұл байрақ

осында тұратын болады. Осылайша біз Астананың 10 жылдық тойын Мемлекеттік туды көтеруден бастаймыз», - деп толқи сөйледі.

Ендігі жерде еліміздің әрбір азаматы Мемлекеттік туды жеткен табыстарымыздың белгісі ретінде құрметтеуі, сүюі және сыйлауы тиіс.

ОБЛЫСТАРДЫҢ ТАРТУУЫ

Астананың 10 жылдығы мерейтойының ең басты ерекшелігі – Елбасы тапсырмасы бойынша әр облыс өз қаражатымен, өз жұмыс күшімен Астананы абаттандыруға өз үлестерін қосып, өз қолтаңбасын қалдыруға белсене атсалысты. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», бірлік пен ынтымақтастықтың жоғары үлгісін көрсетті.



Қарағанды облысының бұрынғы әкімі Н. Нығматулин Елбасы Н. Назарбаев пен Астана қаласының әкімі И. Тасмағамбетовті облыс тартуымен таныстыруда

Самаладай жарқыраған әппақ шамдарды, мұнтаздай таза аулаларды, түрлі-түсті гүлдермен көмкерілген гүлзарларды, аспанға атқақтап, айналасынан самал ескен субұрқақтарды көрсеңіз жаныңыз жадырап, көңіліңіз марқая түседі. Аз ғана уақыт ішінде Елорданың осындай тамаша қалаға айналғанына сүйсінесіз. Қазақ болып туылғаныңызға, Қазақ

Елінің бас қаласы – Астанасында жүргеніңізге іштей сан мәрте тәубе етесіз!

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, біз төменде еліміздің әр облысының астана мерейтойына қосқан үлесіне тоқтала кетпекпіз.

Кенді өлке – **Қарағанды облысы** абаттандырған Елордадағы цирк алаңындағы аумақтың жалпы алаңы – 4,5 мың гектар. Жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аумақтың үштен біріне субұрқақтар мен мүсін композиция-



лары орналастырылған. Субұрқақтарға клоун, піл, арыстан және тағы да басқалар ерекше түр енгізген деуге болады. Сондай-ақ, гүлбақтың біріне ертегілердің кейіпкерлері болып табылатын 6 мүсін орналасқан.

Павлодар облысы Абай даңғылы мен Мәметова көшесінің қиылысындағы саябақты әрлендірді. Жасыл жапырақты ағаштар отырғызылған аллеяда шойыннан құйылып, алтын түске боялған зодиак белгілері орналасса, үш метрлік сағат тым керемет әсер қалдырады. Сағат хронометрінің тетігі шыны корпусқа орнатылыпты, онан сағат сайын әуен ойнайды.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов **Оңтүстік Қазақстан облысының** сыйы – «Каскад» субұрқағы скверін ашты. Омаров көшесінде 0,86 гектар жерде орын тепкен «Каскад» субұрқағы скверін қайта жөндеуден өткізу үшін ОҚО әкімдігі 47 миллион теңге қаражат жұмсады. Саяжайдың ортаңғы бөлігінде тұрақтылықтың белгісін білдіретін монументтік мүсін орналасқан. Оның жанынан ағылған су бір-біріне сарқыла құйылатындай етіп төрт қоршау ыдыс пен дөңгелетіп істелген үш субұрқақ жасалған.

Қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті тұлғасы, ХХ ғасырдың Гомері атанған жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың ескерткішінің астана төрінде ашылуы – Елордалықтар мен астана қонақтары үшін баға жетпес байлық, зор рухани қазына. Ескерткіштің ашылуына Үкімет басысы К. Мәсімов қатысып,

құттықтау сөзінде: «Астана күні мерекесі қарсаңында қазақтың дүл-дүл ақыны, жалынды жырларымен Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне жігер берген Жамбыл Жабаев ескерткішінің Елорданың төрінде орын алуы – біз үшін үлкен мәртебе», - деп оның мән-мағынасына ерекше тоқталып өтті.

ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Аслан Мусин **Ақтөбе облысының** тартуы – «Әлия» мемориалдық кешенінің ашылуына қатысты. Қоладан құйылған мүсіннің биіктігі - 3,8 метр. Ескерткіштің артына 30,66 x 2,4 метр көлемде салынған композиция қазақ халқының тарихи ерліктерінен сыр шертеді. «Әлия» мемориалдық кешенінің авторлары – мүсіншілер Бақытжан Әбішев, Ескен Сергебаев, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген сәулетшісі Владимир Кацев және сәулетші Жексен Айнабеков.

Қызылорда облысы мерейтойға «Қорқыт–қобыз» ескерткіш композициясын сыйға тартты. Композицияның ашылу рәсіміне Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев қатысты.

Сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаев пен ҚР Төтенше жағдайлар министрі Владимир Божконың қатысуымен Ақмола облысы Астанаға тарту еткен Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры алдындағы саябақ ашылды.

Елорданың Бөгенбай батыр көшесі мен Жеңіс даңғылы қиылысында «Екі жауынгер» монументі қайта жаңартылып, жасыл желекті жаңа сквер ашылды. Бұл – **Солтүстік Қазақстан облысының** тартуы.



Қажымұқан Мұңайтпасов пен Манас көшелерінің қиылысындағы «Отан–ана» ескерткішінің жанынан жаңа сквер ашылды. Бұл сыйды **Қостанай облысы** тарту етті. Аталмыш шараға Парламент Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты.

Жамбыл облысы астанадағы Бауыржан Момышұлы көшесінің бойынан даңқты қолбасшының ескерткішін тұрғызып, жас ұрпақ үшін

тәрбиелік мәні бар, ерекше тарту жасады. Қола мүсінді монументті Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жексенбин, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев ашты.



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр - Астана» орталық мешітіне келіп, **Маңғыстау облысының** жасаған сыйымен танысты. Маңғыстаулықтар мешіттің 5,2 гектар аумағын абаттандырып, ол жерлерге гүлзарлар мен субұрқақтар орнатқан.

ЕЛБАСЫ ҚАБЫЛДАУЫНДА – ШЕТЕЛДІК МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ

Шілденің 5-інде Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астананың 10 жылдық мерекесіне келген ТМД-дағы бірқатар мемлекеттердің басшыларымен кездесті. Астанаға Ресей Президенті Дмитрий Медведев, Әзірбайжан Президенті Илхам Әлиев, Армения Президенті Серж Саркисян, Грузия Президенті Михаил Саакашвили, Қырғызстан Президенті Құрманбек Бакиев, Түрікменстан Президенті Құрбанқұлы Бердімұхамедов, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ Түркия Президенті Абдулла Гүл келді.

Елбасы шетелдік мемлекеттердің басшыларына Астананың қысқа мерзім ішінде қол жеткізген табыстарын таныстырды. Өз сөзінде «Осы 10 жылда қала халқының саны үш есеге өсіп, қазір 700 мың адамнан асты. 2010 жылы Астана тұрғындарының саны миллионға жетеді деп күтіп отырмыз. Қазақстанның ішкі жалпы өніміндегі қаланың үлесі осыдан 10 жыл бұрын 1,5 пайыз болса, бүгінде ол 10 пайызға жетіп отыр. Қалаға

7 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынды. Олардың басым бөлігі, яғни 70 пайызы – жеке инвестиция», - деп ағынан жарыла сөйледі Мемлекет басшысы.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ» МОНУМЕНТІ – ЕЛОРДА ТӨРІНДЕ

Астана күні, яғни, шілденің 6-сында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Қазақ елі» монументі Елорда төрінде салтанатты түрде ашылды. Осы бір тарихы маңызы зор игі шараға ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов, ҚР Мемлекет хатшысы Қанат Саудабаев, Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов, сондай-ақ қала тұрғындары мен Елорда күнін мерекелеуге келген шетелдік меймандар қатысты.

«Бүгінде Алтай мен Атырау, Сыр мен Тобыл арасындағы байтақ өлкеде орын тепкен Қазақстан Республикасы ежелден қалған ұлы істердің, ұлағатты дәстүрлердің, іргелі мемлекеттердің заңды мұрагері болып саналады», - деп, Елбасы тарихи деректерден сыр өрбітті.

Ұлан-байтақ қазақ жерін қасықтай қаны қалғанша қорғап қалуда қаншама жан пида болды, қаншама тер төгілді, қаншама зұлматты түндер мен жанкешті күндер өтті ата-баба басынан. Қазақ жерінде 350-ге тарта ұлт-азаттық күрес өткен екен. **Осындай оқиғаларға, тың тарихи деректерге тоқтала келіп, Президент, «мұның бәрі ұмытуға болмайтын төл тарихымыздың қастерлі беттері, халқымыздың қасіретті тағдыры. Бүгінгі ұрпақ бұларды жақсы білуі тиіс. Сол себепті Астананың 10 жылдығын мерекелей отырып, «Қазақ елі» монументінің алдында өткенімізге салауат, бүгінімізге тәубе дейік ағайын», - деп қорытты сөзін.**

ОРДЕНГЕ БЕРГІСІЗ МЕДАЛЬ

Маусымның 30-ы мен шілденің 6-сы аралығында дүбірлетіп, тамсандырып, бүкіл республика көлемін қамтып, Елордада ұмытылмастай болып өткен мерейтойды жадымызға тоқып, көңіл түкпіріне сақтарымыз шүбәсіз. Осы орайда, Астананың 10 жылдық мерейтойынан естелік ретінде қалатын бірден-бір сыйлық бар екенін айтқым келеді, ол – Елбасының Жарлығымен берілетін «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 мамырдағы Жарлығына сәйкес, Астана қаласының 10 жылдығы құрметіне орай, **«Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалі тағайындалғаны белгілі.**

Елбасының 2008 жылғы 17 маусымдағы Жарлығымен еліміздің және Елорданың дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан бір топ республика және шетел азаматтары аталған медальмен марапатталды.

Осы ретте, **«Өнер» баспасының бас директоры, белгілі жазушы, публицист Әшірбек Көпішев «ҚазАқпарат» тілшісі Ерлік Ержанұлына берген сұхбатында: «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалі**

мен үшін орденнен де қымбат. Өйткені, ол ешқашан қайталанбайтын мәңгілік белгі» деп жүрекжарды лебізін білдірген.

Шынайы тілек, үлкен жүректің қуанышы! Біз де Елбасының бұл сыйлығын, шын мәнінде, орденнен артық деп қабылдадық.

Осыдан он жыл бұрын Елбасы тапсырмасымен Сарыарқа төріне алғашқылардың қатарында бет алғанда, алдымызда осындай құрмет, көл-көсір қуаныш, үлкен сый-сыяпат, құтты баспана күтіп тұрғанын сезіндік пе, жоқ па, ол жағы бір Аллаға аян! Алғашқы жылдары қиыншылықтар болмады емес, болды.

Ең бастысы, сенім берік болды, үміт зор болды, ынтымақ күшті болды. Ол – Елбасы Сенімі, Көшбасшы Көрегендігі еді!

Арада өткен он жыл бедерінде Астананың адам танымастай болып өзгергенін, осындай ғажайып қалаға айналғанын алғашқы тасы қаланған сәтінен көзбен көріп келе жатқандықтан да, **АСТАНА – бізге тым ыстық, тым ардақты!**





ЕЛОРДАНЫҢ БІРІНШІ МҮШЕЛ ТОЙЫ

ЮНЕСКО «Бейбітшілік қаласы», «Әлемнің озық қаласы» деп таныған Астана әсіресе туған күні тойлана бастаған күндері ажары ерекше ашыла түсті. Бүгін міне, Елорданың туған күніне арналған қорытынды кеш бұрын-соңды болмаған сипатқа ие: шоу өтіп жатқан алаң тіптен, үлкен футбол аренасынан асып түседі, сахна көлемі 2500 шаршы метр. Төрт қабатты керемет сахна, экран қойылған алып қабырғалар және 10 мың көрерменге арналған орын арнайы салынған. Бұл кеште пайдаланылған жарық беруші қондырғылар саны жарты мыңнан асады, жарық құралдарының жалпы қуаттылығы 1 мегаваттқа жуық. Қондырғылар жарық түсірумен ғана шектелмей, кеш батысымен сан түрлі сұлу сәулелер арнайы эффект арқылы Астана аспанында алып шаңырақ айналдырмақ. Ең бастысы ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңындағы қала күні нағыз халықтық сипатқа ие болды. Олай дейтініміз, әдеттегі концертке ұқсамайтын бұл тойлауда қазақ халқының ежелден келе жатқан қонақжайлығы, бақытты, бейбіт болашаққа ұмтылатын асыл мінезі арқау болған қойылым көрсетіледі. Әуенді шоу бұл жолы терең, мағыналы музыкаға да қанық. Шоуда әлемдік танымал шығармалар мен қазақ музыкасындағы үздік туындылар, отандық өнерпаздар орындауындағы дәстүрлі, классикалық қана емес, әлемдік жаңа музыкалық ағымдарды да кеңінен қамтиды. Бұл кеште керемет мерекелік от шашудың орны бөлек. 18 минут бойы үзіліссіз отшашу Астана көгінде 1500-ге жуық сан түрлі түс береді деп күтілуде. Тағы бір қызықты ақпарат, мұндай шоуың дайындығына жарты мыңдай адам жұмылдырылған. Мерекеге қажетті техниканы жеткізу үшін 5 әуеқатынас, 4 елден автокөлікпен 10 рейс жасауға тура келген. Шоуды жасау үшін композитор, хореограф, инженер, сценограф, декорация суретшісі және сахнаны жарықпен, дыбыспен, арнайы эффектілермен қамтамасыз ететін сала мамандары жарты жыл бойы әзірлік шараларын жүргізген. Осылайша, туған күнін ел-халық болып тойлаған Астана тағы бір мәрте экономикалық және рухани өрлеуіміздің қуатты локомотивіне айналып келе жатқанын танытты. Енді тек көз қуантып, көңіл өсірген мереке ұзағынан сүйіндірсін деп сөз түйеміз!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БРЕНДІ

2011 жылғы 5 шілде.

Елорда күнін 13-ші рет атап өтуге арналған іс-шаралар аясында Мемлекеттік туды көтеру рәсімін өткізу жыл сайынғы дәстүрге айналған.

Салтанатты шараны тамашалауға жиылған қала қонақтары мен Елордалықтардың көңілдері көтеріңкі, жүздері шат-шадыман, әсіресе балғындардың қуаныштарында шек жоқ.

Міне, Қазақстан Туы 111 метрлік биіктікке самғап, ару Астананың бейбіт аспанына қалықтай көтерілді.

Қазақстан Республикасының Президенті **Нұрсұлтан Назарбаев** Елорда күніне арналған мерекелік салтанатты бастап берді.

- Біздің жас Елордамыз - Астана бүгінде күллі әлемге танылды. Бұл - Қазақстанның бренді, бұл - Қазақстанның қақпасы. Соңғы уақыттағы барлық оқиғалар осы қалада өтіп жатыр. Осы қалада ЕҚЫҰ саммитті өтті, біз осында енді ИЫҰ-на төрағалық етеміз, осында Азия ойындары, экономикалық форум өтті, бүгінде Астана арқылы Қазақстанды әлем танып отыр. Бәріміз Астананы мақтан етеміз. Баршаңызды алда келе жатқан Елорда күнімен құттықтаймын! Әрбір отбасына, әрбір үйге зор денсаулық, табыс, игілік, тыныштық, бейбітшілік тілеймін, - деп, Елбасы астаналықтар мен Елорда қонақтары алдында тебірене сөз сөйледі.

...Иә, шын мәнінде, биылғы жыл - қазақстандықтар үшін ерекше жыл. Еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өтуге жан-жақты даярлануда.

20 жыл! Тарих үшін қас-қағым сәт! Осы жылдар ішінде Тәуелсіз Қазақ Елінде ірі-ірі жаңа өндіріс орындары ашылды. Бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы өсті. Зейнетақы мен стипендия жыл сайын артты. Деректер тіл қатса, жетістік жетерлік. Ең маңыздысы, халықтың әл-ауқаты артып, тұрмыс-тіршілігі жақсарды.

Бүгінде Қазақстан өз дамуының жаңа кезеңіне - елді индустри-яландыру жолына қадам басты. Осы игілікті істер «Бейбітшілік қаласы» - Астанадан бастау алатыны Елордалықтар үшін мақтаныш, үлкен абырой!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘЖІ

2011 жылғы 6 шілде.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Салтанат сарайында Елорда күніне арналған салтанатты қабылдау өткізді. Елбасы өз сөзінде бүгін еліміз көлемінде, Қазақстанның барлық өңірінде Елорда күні, Астана қаласының мерекесі мерекеленіп жатқанын атап өтті.

- Бұл - еліміздің түкпір-түкпірінен, шетелден келген достармен кездесіп, осы қалаға инвестиция салатын, осы қалада бизнес жасайтын адамдармен қуанышты бөлісетін мереке. Олардың барлығы да бүгін осында. Қала, аудан әкімдігі үлкен іс атқарды. Қалалық мәслихат орасан жұмыстар жүргізді. Бүгін мұнда жұртшылық, дипломатикалық корпусстар өкілдері, біздің шетелдік достарымыз, инвесторлар, осы қалаға қаражатын салған, осы қаланы тұрғызуға атсалысқандар жиылған. Елорда күні біздің еліміздің Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында өтуде. 20 жыл – бұл үлкен мерзім емес, дегенмен біз үшін, түсінетін адамдар үшін, біз бен сіздер үшін – бұл орасан сан, ғасырға тең келетін жылдар. Біз тәуелсіз

мемлекет құрдық, ол бізде болмап еді, оның шекарасын бекітіп бердік, қауіпсіздігіне кепілдік бердік, өз Отанымызды күллі әлемге танымал еттік. Біздің туымыз Біріккен Ұлттар Ұйымында, қалаларда, мен болып өткен барлық жерлерде, біздің делегация болған жерлерде әрдайым алдымыздан асқақтап тұрады. Біз біргеміз. Біз, Президент аппараты, Үкімет, Парламент депутаттары, қала мәслихаты, қала әкімдігі, барлық мемлекеттік қызметшілер, біздің бәріміз Елордамыздың гүлденуі үшін өте қыруар істер атқардық. Баршаңызға көп рахмет, сіздердің барлығыңызға игілік пен денсаулық тілеймін.

Елбасы атап өткендей, әсем қала - Астанаға тең келетін әлемде жаңа, бірегей қала жоқ деп санауға болады. Астана - өзіндік архитектурасымен көз тартатын керемет қала. Ғасыр қаласын көзбен көргендердің таңданбасқа шарасы жоқ.

Биыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығы жылында Астанада бірегей объектілер пайдалануға берілетін болады. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев жаңа нысандарға арнайы тоқталып өтті. Атап айтқанда, Еуропа мен Азияда үздік саналатын тарих мұражайы, ұлттық опера ғимараты, медиа-орталық, оқушылардың шығармашылық сарайы, Қазақстандағы ең үлкен мешіт салынатын болады. Сонымен қатар, Алматы мен Астана арасында сағатына 250-300 шақырымдық жылдамдықты алатын жедел жылдамдықтағы пойыз пайдалануға берілмекші. Тағы бір жаңалық: келешекте қалада жеңіл рельсті трамвай, жерасты метро салынатын болады.

- Астана – біздің Тәуелсіздігіміздің тәжі іспетті әсем қала. Астана – Қазақстанның қуатын білдіретін қала. Астана - әлемдік көшбасшылар бас қосатын орын. Үміттер ақталатын, біздің жас қазақстандықтарды бақытқа бөлейтін қала. Бұл - орасан эпопея. Мен жүз инновация туралы айттым, ендеше, Астана – бұл нөмірі бірінші қазақстандық инновация, - деді Президент өз сөзінде. Биыл астаналықтар, күллі қазақстандықтар Елорда күнін 13-ші рет атап өтті. 13 саны – біз үшін, қазақтар үшін, киелі сан. Бірінші мүшел – 13! Астана бірінші мүшелін толайым табыстармен қарсы алды.



ҚАЗАҚСТАН БАС ҚАЛАҒА ҚАРАП БЕТ ТҮЗЕЙДІ

Астана ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы тұсында 13 жасқа толады. Бір мүшел. Осыдан 13 жыл бұрын Арқа төсіне қазақтың астанасы үдере көшкенде дүйім дүние сынай көз тіккен. Мүшел жаста Астана өз мәртебесін төрткіл әлемге дәлелдеп қана қойған жоқ, болашағына батыл қадам басты.

Бүгінде тұрғыны 700 мыңға жуықтаған Елорда халқының саны жағынан Алматыдан кейінгі екінші қала. Аумағы 700 шаршы шақырымды алып жатыр. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімі бойынша «Әлем қаласы» деген атақ алды. Астана мәртебесіне ие болғаннан кейін «Астана – жаңа қала» ерекше экономикалық аймағы ұйымдастырылып, қалада заманауи архитектуралық-құрылыс жобалары тұсау кесті.

Астананың салынуы қазаққа оптимистік көзқарас қалыптастыруға ықпал етті. Қазақтың ертеңіне сенім ұялатты. Бүкіл Қазақстан Астанаға қарап дамиды, тіпті Астанадағы зәулім құрылыс, ескерткіштердің макеттері облыстарда бар. Астана қиын кезеңде халықты біріктіруші күш болды. Болашақта қазақ өзінің ұлттық титулдық қасиеттерін ғана сақтап қоймай, әлемдік өркениетпен біте қайнасуы керек. Астана осыған көмектеседі. Өйткені қазіргі астанамыз – біздің ежелгі этномәдениетіміздің мұрасы. Қаланың орнында қола мен ерте темір ғасырының қорымы, Тәуелсіздік сарайына жақын жердегі Сығанақ көшесінде патша қорғаны табылды. Астана тағы бір тарихи нысан орта ғасырдың ескерткіші – Бозоқ қаласының орнына ірге теуіп отыр. Көне қалалардың орнына салынған жаңа қала және болашақтағы қалалардың да символы бола алатын интеллектуалдық рухы бар. Жылқыны ең алғаш қолға осы жерде үйретіп, адам баласы бірінші рет аттың үстіне осы жерде мінген. Бұл өркениеттің бір басы болды. Астана осы қарқында дами беретін болса, адамзат баласын келесі бір өркениеттің шоқтығына шығаратын деңгейде.

Астана болашағы туралы жастар қандай ой айтады? Мәселен, – дейді біз пікірлескен жас алматылық кәсіпкер Қайрат Есенболдыұлы. – Париж секілді қалаларды бір көруге адамдар әлемнің әр түпкірінен арнайы ат шалдырып келіп жатады. Астанадағы сәулет өнерінің жетістігі, жақсы үрдіспен салынып жатқан қазақтың жаңа астанасын болашақта осындай туризм орталығына айналдыруға әбден болады. Мен «Хан Шатырда» домбыра мен қобыз тартқандарды таңғала тамашалап тұрған шетелдіктерді байқадым. Бұл – қазақ елінің мәдениетін насихаттау. Шетелден келген азаматтар үшін домбыра да, қобыз да таңсық. Әлемдік ең үздік эгогитараттардың ондығына кіретін «Хан Шатырдың» құрылыс дизайнын шетелдіктер өздеріне үлгі ретінде алып отыр.

Астананың болашағы тек құрылыс салумен, сол құрылыс салу арқылы іргесін кеңейтумен ғана өлшенбейді. Астананың болашағы халықаралық,

тіпті әлемдік деңгейдегі басқосулардың алаңы болуымен дараланбақ. Қазір әлемдік қауымдастық ХХІ ғасырдағы дүбірлі жиындарда Астана декларациясы, Астана құрылтайының шешімі, Астана конференциясының ұйғарымы деген сияқты саяси мазмұнға сүйенуде. Кешегі ЕҚЫҰ Саммиті 11 жылғы дағдарыстан соң, Астана декларациясымен түйінделді. БҰҰ-дан кейінгі ең ірі саналатын Ислам конференциясы ұйымы Ислам ынтымақтастық ұйымы болып Астанадағы басқосу барысында өзгертілді. Бұл Астананың әлемдік саясатта шешім шығаратын беделді аренаға айналғанын көрсетіп отыр. Ендеше, Астананың болашағы дүниежүзілік саликалы саясатты дамытуымен тікелей байланысты болмақ.

Астана болашақта әлемдік стандартпен дамуы керек. Астананың әлемдік аренада алатын орны мен маңызы осыны меңзейді. Астана жеке бастың жобасы емес, ол – мемлекеттік стратегия. Қазақ елінің астанасын Сарыарқаға көшіруі геосаясатқа қатысты, сыртқы мемлекеттермен қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Сырттан келген ықпалдылықты, сырттан келген күшті тосып алуға қолайлы жер болуы үшін салынды.

Астананың қазақты әлемге танытуға, басқалардың қазақты мойындауына игі әсері тиді. Аз ғана уақыттың ішінде Астана қарыштап дамыды. Шетелден келген қонақтардың аузын ашып, көзін жұмып қарайтын себебі сол. Қаланың салынуы емес, қаланың салыну үрдісі таңғалдырады оларды. Бір мүшел ішінде халықаралық, тіпті әлемдік саяси жобалардың мінберіне айналған жас Елорданың көркі де, мазмұны да қызықтырады. Қазір Қазақстанның емес, бүкіл әлемнің назары Астанаға ауған. Ол – болашақтың қаласы. Бұрын «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелге топтасқан интеллектуалдық күш ел ішіне оралатын күн алыс емес. Яғни, бізде мықты кадрлар даярланбақ, ендігі мақсат осы кадрларды сапалы пайдалану.

Рас, бұрын қазақтың астанасы болмаған емес. Бірақ олар сыртқы ықпалды күштердің арқасында дамыды. Ал Астана барша қазақтың аңсап жеткен Тәуелсіздігінің төл туындысы. Азат елдің астанасы. Тәуелсіз елдің ұстыны. Айбары. Бір қарағанда сұсты көрінер ғимараттар келбетінің өзінде жас қазақ елінің айбаты сезіледі. Ол айбат мына шырпысулар мен қарпысулар кезеңінде керек. Астана нағыз астана болуы үшін азат елі «Астана рухты болуы үшін мен қандай үлесімді қоса аламын?» деген сауал төңірегінде толғанғаны дұрыс.

БАЛАҒА АСТАНАБЕК, АСТАНАГҮЛ ДЕП АТ ҚОЯР КҮН...

Астана күні мерекесі қазақстандықтарға жалпыхалықтық сейілеруен, демалыс-думанымен қатар, біраз шаңыраққа балалы болу қызығын да сыйлағаны хақ. 2011 жылғы шілденің 6-сы күні бір ғана Астананың өзінде 74 шарана дүние есігін ашыпты.

Брымшыл халықпыз ғой. Нендей істі болса да жақсыға ырымдауға бейіл тұрамыз, әсіресе ат қоюға келгенде. Атамыз қазақ балаға елге

белгілі болсын деп атақты адамдардың атын қойып жатады. Бала тұрмай, шетіней бергенде, Итбай, Үшкөмпір, Төрткөмпір, Біршал деген сияқты есімдер қояды. Біреулер орыстың да атын береді. Ал бала болмай, көгеннің бұршағын мойнына салып, Тәңірден сұрап алған баласына ырымдап Тәңірберген, Құдайберген, Аллаберген деп ат қойғандар да көп. Мерзімінен бұрын туған балаларды Шалақан, Шалабай секілді есімдерінен білеміз. Тіпті ырымның өзіне де байланысты есімдерді көп естиміз. Мәселен, Рымбай, Рымкүл, Рымкеш деген есімдер – ырымға балап қойылған ныспылар. Тізе берсеңіз, мысал өте көп.

Кейінгі кезде бұл қатарға ат қоюдың тағы бір түрі келіп қосылды. Ол – баланың есімін елде болып жатқан оқиғаға байланыстырып қою. Мәселен, Саммитхан, Саммитгүл, Азиада, Дағдарыс секілді есімдерді елімізде болған ерекше оқиғалардың «жемісі» деуге болады. Мұны айтып отырған себебіміз, Астана күні Елордамызда 74 бала дүние есігін ашыпты (Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығында – жеті бала, Перинаталдық орталықта – 17 бала, №1 перзентханада – 27 бала, №3 перзентханада – 23 бала). Статистикалық деректерге сүйенсек, Астанада жылына шамамен 16 мың бала дүниеге келеді екен. Сонда күніне орта есеппен 45 бала туады. Ал дәл Астана күні 74 баланың өмірге келуі жақсы көрсеткіш. Сол 74 баланың ішінде біраз бөбектің атын ата-аналары Астана-Ай, Астана деп қойыпты. Әрдайым Астанажан, Астанабектер көбейе берсін!

Ұлан ЖАҚЫПБАЙ, мерекеді мерейлі болған әкелердің бірі:
– Қызымыз дүниеге тура шілденің 6-сы күні келді. Сөйтіп, Астана күні мерекесінде зор қуанышқа кенелдік. Біріншіден, Жаратқанға, екіншіден, Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығының дәрігер-мамандарына алғысым шексіз. Енді шілденің 6-сы біз үшін тіпті ерекше күн болмақ. Бір жағынан, Елорда мерекесінде, екінші жағынан, Елбасымыздың туған күнінде туылғандықтан, есімін де ырымдап Астанамен байланыстыра қоюды ойлап отырмын.





АСТАНА ШЕТЕЛДІКТЕР КӨЗІМЕН

Михаил Саакашвили, Грузия Президенті:

Астананы көргенде таң қаласың. Астана – бұл кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны да. Бұл Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген де саяси батыл қадамы. Жүздеген жылдар өтер, сол кездегі жаңа ұрпақ бүгінгі оқиғаға баға беретін болады.

Астанадағы фонтандарды алғаш рет көргенде көмекшіме: «Дереу қазақтарды алып кел, бізге осындай фонтандар салып берсін», - дегенім есімде. Ал енді бүгінгі таңда Астанадағы ғимараттардың мұнаралардың келбетіне таң қалдым. Осындай мұнаралар Тбилисиде де салынса жақсы болар еді.

Эклемеддин ИХСАНОҒЛЫ, ИЫҰ Бас хатшысы:

Астана – тәуелсіздігіне 20 жыл ғана толып отырған жас мемлекеттің, жаңа мемлекеттің астанасы. Бұрыннан өзінің даңғыл жолына түсіп алған ел болса, бәлкім, бұл реформа онша әсерлі болмас та еді. Ал енді тәуелсіздік алып, әлемге тәуелсіз ел ретінде мойындалып отырғанына небәрі 20 жыл толған ел үшін бұл құбылыс үйлесімділік тауып отыр. Жаңа рух, күшті қарқын – бұл қазіргі Қазақстанға, Астанаға тән. Бірақ бәріміздің де мойындайтын бір нәрсеміз, тәуелсіздік алғанына бар болғаны 20 жыл өтсе де Қазақстан ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жеткен. Әсіресе Астана, елдің жаңа астанасы адам айтса нанғысыз өзгеріске ұшыраған. Көп жетістікке жетіп, гүлденіп, өскен. Бұны қалаға бұрын келіп көргендер бірден байқайды. Тіпті қаланың ескі суреттерін көргендердің өздері аңғармай қоймайды. Сосын бірден байқалатыны елдеріңізде, қалада - жастардың үлес салмағы көп. Білімді жастар өсіп келе жатыр екен. Солардың ықпалымен елде өсу, өркендеу, алға ұмтылу, өжеттік бар. Астананың асқақ рухы бар. Біздің ұйымның реформалары мен жаңару процесі осы Астанада жүзеге асқандығы сонысымен де тиімді әрі әсерлі болып отыр.

Мелих ГОКЧЕК, Анкара қаласының мэрі:

2000 жылы Астана қаласының сол кездегі әкімі Әділбек Жақсыбеков екеуіміз Анкара мен Астана арасында бауырластық қарым-қатынас туралы келісімге қол қойған болатынбыз. Екі елорданың арасындағы қарым-

қатынас Астана әкімі болып Иманғали Тасмағамбетов келгеннен кейін серпін алып, сол келісім жандана түсті. Жалпы, қазақ пен түрік бауырлас ел болғандықтан, екеуінің ұқсас тұстары көп. Соңғы жылдары екі елорда арасында инвестициялық даму мен сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселесі жақсы жолға қойылды. Екі қалаға ортақ жетістіктеріміз де жеткілікті. Мен, өзімді Қазақстанның, оның ішінде әсіресе Астананың қарқынды дамуын жіті қадағалап отырған өзге елдердің астаналары басшыларының бірімін деп айта аламын. Бүгінде Астанада құрылыс, сауда-экономика саласында көптеген түрік компаниялары жұмыс істеп жатыр. Әріптестік қарым-қатынас әдемі үйлесім тапқан. Әрі бұл бағыттағы жұмыс келешекте де дами түседі деп сенемін. Бәлкім, мұндай толағай табысқа қол жеткізу – екі әкімнің бір-біріне деген қарым-қатынасы мен көзқарасы жақсы болғандығының арқасы шығар. Нәтижесінде Анкара мен Астана күндері екі елдің ортақ мерекесіне айналды.

Мен Астанаға әр келген сайын таң қаламын. Бұл шаһардың бастапқы кезде қандай болғанын көрдім. Қазір қандай?! Астана әлемдегі ең көркем, ең әдемі қаланың біріне айналып отыр. Оның аз уақыттың ішінде осыншама жетістікке жеткені мені қуантады. Әлемде жиырма жылдың ішінде аяғынан тік тұрып, төрткүл дүниені өзіне қаратқан Қазақстан сияқты мемлекет жоқтың қасы.

Манфреди Николетти, архитектор:

Астанаға арналған жоба аяқ астынан туды. Еуропалық үшін ашық даланы елестету қиын. Сол кезде барып маған жазық даладағы гүлді бейнелеу туралы ой келді. Гүлдің алып жапырақтары сұлулықты ғана көрсетіп қоймайды, ол сондай-ақ, құрылыс үшін маңызды еді. Астананың климатын ескере отырып, концерт залын жауып тұратын бір нәрсе керек болды. Алғашында шағын картондық нұсқасын жасадым. Жұмыс үстелімде 2003 жылы жасалған Астана аудиторимінің алғашқы макеті тұрды. Ол көкшіл қағаздан жасалған. 2009 жылы салынған концерттік залдың түсін де Қазақстанның туы сияқты көк түстен жасадық.

Астананы көшіру идеясы өте орынды бастама. Астанада дәстүр мен заманауи архитектура әдемі үйлесім тапқан. Осылайша Астана Қазақстанның жаңа символына айналды. Оның архитектурасында қала тарихы, концепсиясы көрініс тапқан. Бұл өте ерекше қала.

Лука Николетти, архитектор:

Бізге толық сенім артқан Елбасы Назарбаевпен кездескеніміз есімде. Ол бізге ешбір шектеу қойған жоқ. Жаңа ұсыныстардың барлығын тындап, тиімдісін таңдады. Ол Астана құрылысының ерекше болғанын қалады. Бүгінгі көркем де ажарлы Астана мемлекет басшысының да, Қазақстан халқының да, қала қонақтарының да көзайымына айналған. Мұнда таңғаларлық дүниелер жетерлік. XXI ғасыр Астана үшін бақ пен таққа қол жеткізген ғасыр, тәуелсіздіктің тұғырын мықтаған ғасыр, қазақ халқының бағы жанатын ғасыр.

Лео Доэрти, саяси сарапшы, Ұлыбритания парламентіндегі сараптау орталығының басшысы, Орталық Азия және Шығыс елдеріндегі жағдайды зерттеумен айналысатын белгілі маман:

Менің ойымша, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихы елорданы ауыстырудан бастау алады. Қазіргі заманға сай қала – бірнеше жылдың ішінде-ақ көркейіп шыға келді. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Сондықтан, осы орайда Қазақстан халқының еңбегі мен шыдамдылығын ерекше атап өткім келеді. Астана – мақтан тұтатын және көз тартарлық қала. Барша Қазақстан халқын мақтаныш сезіміне бөлеген қала. Астананың бүгінгі жедел қарқынмен дамуына таңғалмасқа болмайды. Түбінде Еуропаға үлгі болатын қалаға айналатындығына да сенеміз.

Шейланджа Феннел, Кембридж университетінің профессоры, посткеңестік аймақ мәселелерімен айналысатын Орталық Азия форумының жетекші сарапшысы:

Қазақстан – барлық құндылықтарды сақтай отырып, оң бағытта дами білген мемлекет. Бірнеше сала бойынша бұл республика өзге елдер үшін үлгі бола алады. Өйткені айналасы 12-13 жыл ішінде экономикалық, әлеуметтік, басқа да салалардың екпінмен дамуы – көп мемлекеттерден көш ілгері. Бұл Астананың дамуына да іргетас болып қаланды. Болашағының жарқын да сәулетті, бақытты да дәулетті болатындығына бұлжымас дәлел.

Бахтиер Хакимов, РФ Азия және Тынық мұхиты ынтымақтастығы департаментінің директоры:

Мен Астанаға алғаш рет келіп отырған жоқпын. Сонау 1999 жылы астана осында көшіп жатқан кезде келгенмін. Сол кездегі Астана мен бүгінгі Астананы салыстыру мүмкін емес, айырмашылығы жер мен көктей. Керемет қала, бар шаруашылығы үйлесімді, тұрғындар мен қонақтарға ыңғайлы етіп жасалған. Астананың сұлулығы мен өсіп келе жатқандығы Қазақстанның даму үрдісін көрсетеді.

Вишну Пракаш, Үндістан СІМ өкілетті хатшысы:

Біз қазақ халқының досымыз. Сол себепті де барлық қазақстандықтарға ілгерілеуді, тыныштықты тілеймін. Әрине, Нұрсұлтан Назарбаевқа зор денсаулық тілеймін. Ол шынымен Қазақстандағы даму мен тұрақтылықтың негізін қалаушы. Ғасырлар тоғысында қазақ елін әлем сахнасына алып шыққан тұлға. Астанасын тың жерге көшіріп, аз уақыттың ішінде әлем назарына ұсынып, оны бұлжымастай етіп мойындатқан ірі қайраткер. Бұл сөзіме бүгінгі айбыны асқақ, экономикасы нық, болашағы жарқын, көз тоймастай көркем Астана куә.

Андрей Клементьев: Латвия Парламентінің вице-спикері

Бүгін мен Астананың заманауи, әдемі, революциялық демократиялық шаһарға айналғанының куәсі болдым. Зәулім, шыныдан жасалған үйлерге үйренген Еуропадан келгендер мұнда өздерін еркін сезінеді, бәлкім,

Азия мен Шығыстан келгендер де бұл жердің сәулеткерлік өнерінен өздеріне жақын нақышты табатын шығар. Тамаша қала, байлығы және сәулеткерлік шешімімен қайран қалдырады. Қала имиджін жасаған адамдар аса сауатты болғаны көрініп тұр. Бір ғана сәулеткерлік стиль басым түспес үшін әлемнен талай архитекторлар шақырылып, Азияның осы бір сұлу қаласына өз өнерлерін төгіпті. Елдің экономикалық және саяси тұрақтылығын ұстап отырғанының кепілі ретінде елбасыға өткен сайлауда жаппай дауыс беруі де халықтың елбасына деген сенімін дәлелдесе керек. Бүгінде осы елдегі тұрақтылық бәлкім, батыс Еуропа құрлығына жетіспей де отырған болар.

Хью Пирман, Британдық архитектура сыншысы:

«Әлем пирамидасы»: дала төсіндегі жаңа Елордада салынған орасан зор пирамида, ол қазіргі заманғы әлем кереметтерінің бірі. Ғимарат бүкіл әлемдегі бейбітшіліктің, зорлық-зомбылықтан бас тартудың, адамдардың сенімі мен теңдігі нығайтудың нышаны.

...Астанада жасалып жатқан дүниенің ауқымы адам сенгісіз.

Алпыс жастағы лорд Фостер швейцарлық «Swiss Re» сақтандыру компаниясына арналған «Қияр» деп аталатын көк тіреген ғимараттан бастап, бүгінде әлемдегі ең үлкен құрылыс алаңы болып табылатын Пекиннің жаңа әуежайына дейінгі әр түрлі алып жобаларымен өзіне жалпы жұрттың назарын аударып келген еді.

Бірақ бұрын салынғандардың ешбірі Пирамиданың жобасына тең келмейді.

«Le Monde» газеті (Франция),

«Құмдағы Бразилиа» қазақстандық шөлейт ортасында

«Астанада, жаңа Елордада, өзінің Эйфель мұнарасы бар, онда Президенттің қолымен қол түйістіруге болады.

Бұл мегаполис «Құмдағы Бразилианы» еске түсіреді, ол Президенттің жарлығымен, Астананы Қазақстанның жа

Бұл мегаполис «Құмдағы Бразилианы» еске түсіреді, ол Президенттің жарлығымен, Астананы Қазақстанның жаңа елордасына айналдырған кең далада пайда болды.

Франциядан бес есе үлкен бұрынғы кеңестік республика көмірсутегі шикізатына бай, Орта Азиядағы «жаңа Кувейт» деген атқа лайық метрополия құруда.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев жел өтіндегі осы жерге Елорда салуды ойластырғаннан кейінгі жылдарда Астана құрылысына әлем таңқалуда.

Зураб Церетели, Ресей көркем өнер академиясының президенті:

«Президент Н.Ә. Назарбаев бірегей жағдайды пайдаланды, оны сезіне білді және Қазақстанның жаңа Елордасын сала отырып, уақыт жағынан қапысыз күшті қадам жасады.

Және ол Астананың нағыз қазіргі заманғы Елорда болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасай беретіндігіне сенімдімін.



АСТАНА ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Бұл кітапқа Елордаға балаң сезімдері мен ыстық ықыластарын арнаған болашақ үмітіміз – жастардың Астана туралы шығармаларын жариялап отырмыз. Олардың барлығы Астанаға арналған жарыстарда жүлделі орындарға ие болып, газеттер мен журналдарда жарық көрген мақалалар. Мектеп және колледж қабырғасында оқитын жас дарындарымыздың сүйікті Елордасы туралы жүрекжарды лебіздері сіздерді де бей-жай қалдырмайды деген сенімдеміз.

АСТАНА – МЕНІҢ ҚАЛАМ!

Қабзитова Әйгерім,

№7 мектеп-гимназиясы, Астана қаласы

Еліміздің тәуелсіздік алғалы бері қол жеткізген ең үлкен табыстарының бірі – түзінде аңы ерен жортқан, көгінде қыран қиқу салған бұлан дала, шетсіз – шексіз Ұлы дала төрінен бой көтерген жаңа астанамыз. Астана – халықтың даналығын, туған елінің кемеңгерлігі мен көрегендігін, тарихи тұлғалардың қаһармандығы мен табандылығын бойына сіңірген қайраткер тұлғаның — ел Президентінің – төл перзенті. Елбасымыз астананы өз қолымен қалап, келбегін қалыптастырды. Ертегідегі батырдай сағаттап өсіп, минуттап жетіліп жатқан қала мақтауға әбден лайық.

Шынымен де, Астана - еліміздің мақтанышы, Еуразияның жүрегі, ежелгі және бүгінгі руханиятты біріктіруші мәдени орта. Қазақстанды әлемге танытқан, тәуелсіздікті баянды еткен Астананың тарихы бәрімізге аян. Ол – халқымыздың рухани қазынасының, ұлттық, рухтың символы. Ақмоланың астана мәртебесін алуы, оның Астана атануы – ел Президентінің еңбегі. Кешегі Ақмола – бүгінгі Астана. Соңғы он жылдың ішінде қала таңқаларлықтай өзгерді. Көптеген ғимараттар, зәулім үйлер салынды, ғажайып тарихы бар Бәйтерек бой көтеді. Бүгінде Астананың кез-келген ғимараты бір-біріне ұқсамайтын айшықтарымен көз тартады. Жыл санап жаңа саябақтар, шағын гүл алаңдары, демалыс бақтары мен көңіл көтеру орындары көбейе түсуде. Елорда еңсесі биіктеп келеді. Астана ірі ғылыми және мәдени, зиялылар мен алты Алаштың айбынына, жасампаздықты жалау еткен жастарымыздың арманына айналды.

Мен – елдің үмітін ақтар азаматы болуды армандаймын. Өзіммен бірге ержетіп келе жатқан Астанама, еліме септігімді тигізіп, биік шыңға жетуіне, бұдан да алысқа сапар шегуіне үлес қосқым келеді. Себебі, мен – Қазақстанның азаматымын! Мен – өскелең ұрпақпын! Ертеңгі Қазақстан

біздің, жас ұрпақтың қолында. Елбасының жолын қуушы, елдің туын заңғар биікке көтерер – біз. «Ел сенімін – ер ақтар», - дейді. Халықтың үміті – бізде, Қазақстанның жас өркендерінде. Астананың тарихында міндетті түрде өз ізімді қалдырамын. Себебі, Астана – менің қалам! Мәртебең өсе бергей, туған қалам Астанам!

АСТАНА – ӘСЕМ ҚАЛА

*Айдарова Әйгерім,
Рудный әлеуметтік-гуманитарлық, колледжінің 2 курс студенті,
Қостанай облысы*

Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Астанасын қалыптастыру – тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетті барынша нығайту және дамыту жөніндегі саяси стратегиясының жемісі. Елорда – Елбасының төл перзенті. Астанамыз – Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін паш ететін орталық. Мұнда Қазақстан халқының ойы мен мүдделері, арманы мен мақсаттары іс жүзіне асырылады. Астана – Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тұғыры, ұлтымыздың ұраны, экономикалық және рухани өрлеуінің тетігі.

Сағымы сұлудай билеген Сарыарқаның сайын даласын тіршілік нәрімен әрлендіріп, есіле аққан ерке Есілдің екі жағындағы жаңа Астана қаласының құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бой көтерген әрбір ғимарат сәулет өнерінің ең үздіктерінің бірден-бірегейі. Иә, Астана – үміт қаласы. Астана – асыл сезімнің ұясы. Еңсесін тік көтерген Елордамыз арқылы елдің еңсесі тіктелді, рухы көтерілді.

Мен – тәуелсіз елдің перзентімін! Мұны мен мақтанышпен айта аламын. Енді тек қана алға қарай ұмтылуымыз керек. Елбасымыз айтқандай: «Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық!». Астананың дамуы – еліміздің дамуы. Олай болса еліміздің дамуына әрқайсымыз үлес қосар болсақ, ол Астананың одан сайын ажарлана түсуіне, Елбасы мерейінің үстем бола беруіне ықпал етері сөзсіз.

ҚАЗАҚҚА ҚОЙҒАН ЕСКЕРТКІШ

*Байболатова Айдана,
Ж. Мырзағалиев атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Атырау облысы*

Астана – дөңгеленген дүниенің қазақ иеленіп отырған қасиетті бір жеріне орнатылған әлемнің төрт бұрышынан да көзге түсіп, көрінер, алтын тұғырлы ең заңғар да, ең биік, ең абзал да мың өліп, мың тірілген қазақ үшін соғылған ұлы Ескерткіш! Сол ұлы да қаситті, киелі Ескерткішті қазақ халқы үшін тұрғызып берген Елбасының өз халқының алдындағы перзенттік те президенттік парызына адал болып келе жатқандығын және де өз халқы үшін небір көзсіз ерлікке бара алатын, батыл да ба-

тыр бола алатын текті де айрықша, дара да дана қасиетін айғақтап тұр. Н.Ә.Назарбаевтың бір басының атағы мен абыройы, даңқы мен беделі әлемге әйгілі, ақылы мен парасаты, сарабдал саясаткерлігі адамзаттың адал да шынайы жанашыры ретінде биік адами қасиеті, кісілік келбеті дүниеге танылғалы, мойындалғалы қашан!

Астана – жаңа қала, жаңа шаһар ғана емес, тәуелсіз еліміздің тұғырлы тұмары. Бүгінде Астанамыздың өзіне тән қайталанбас келбеті бар, ол бай мәдениетіміздің, халықтар мен ұлттардың достық ниетті дарқан мінездерінің бірігуінен түзілген ғажайып руханият бесігі.

Осы үшін де өзімнің балалық пәк сезіммен, жарқын еліміздің мәртебесін асқақтатып, келешек болашағымыз үшін осындай гауһар қаланы тұрғызып берген Президентімізге шынайы ризашылығымды жеткізгім-ақ келеді.

Қазақстанымызбен, ажарлы да сәулетті Астанамызбен мақтанамыз. Президентіміздің жүргізіп отырған сындарлы саясатын айтып, елімізде жүзеге асып жатқан іргелі істерді, болашақта бой көтеретін жарқын жобаларды әңгімелеп, қазақ елінің ынтымағын әлемге паш етеміз!

ЕЛБАСЫ ҚОЛТАҢБАСЫ

Бицоева Анастасия,

*Дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының,
8 сынып оқушысы*

Мен өмірімде Астанаға барған емеспін, бірақ бұл ғажайып әдемі қала туралы көп естіп, көп оқығанмын.

Менің атам Астана туралы көп әңгімелейді. Ол Астана қаласында, жұмыс сапарымен бірнеше рет болған. Ал осы жылы атам әдейі мені қыдырту үшін Астанаға апаратынын айтты. Егер барсақ, мен ең бірінші Бәйтерекке барамын. Онда Елбасымыздың алтыннан құйылған қолтаңбасы бар екен. Қолтаңбаға қолыңды салып, арман тілегіңді айтсаң, арманың міндетті түрде орындалады дейді. Мен оған сенемін. Өйткені, ол – біз сенім артатын, өз елі үшін бар күшін салатын Президентіміздің қолтаңбасы. Бұл қолтаңба Елбасымыздың осында келген адамдардың әрқайсысына қол беріп - “Қош келдіңіздер!” – дегені ғой. Мен де барып, амандасып, Нұрсұлтан Әбішұлына біздің осы жарқын болашақ, бейбіт өміріміз үшін, тыныш ұйқымыз үшін зор алғысымды айтар едім.

Содан кейін ғана басқа жерлерді аралаушы едім. Океанариумға барамын. Онда балықтардың ұсағынан, ең үлкендеріне дейін бар дейді. Және онда ақула, крокодил, суда жүретін жыландар мн тағы басқа теңіз тереңдігінде өмір сүретін жәндіктерді көруге болады дейді. Ең қызығы – оларды судың тереңінде жүріп, аквалангистер тамақтандырады екен. Бұны көруге еліміздің түкпір-түкпір жерлерінен, тіпті басқа елдерден де келеді дейді. Сонда біздің Астана туралы бүкіл жер шары біледі деп айтуға болады ғой. Қандай тамаша осындай жетістіктеріміз үшін біз Елбасымызға шексіз рахметімізді айтамыз.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз қызметін 20 жыл мінсіз атқаруда. Ол

басқа елдермен жақсы қарым-қатынас жасап, келісім жүргізіп тұрады. Сондықтан біздің мемлекет бейбіт өмір сүреді. Нұрсұлтан Әбішұлы – тарихта мәңгі қалатын ұлы тұлға. Мен осынлай күннен-күнге дамып келе жатқан, болашағы зор, көп ұлтты, бейбіт өмір сүріп жатқан мемлекеттің азаматы болғаныма мақтанамын! Өсе бер менің елім, гүлдене бер менің жерім, жасай бер менің, Астанам!

ӘЛЕМ ҚАЛАСЫ

Бргалиева Гүлжихан,

Ақсуат негізгі мектебінің 10 сынып оқушысы, Батыс Қазақстан облысы

Астана – ұлан ғайыр еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала.

1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана «Әлем қаласы» атағына ие болды.

Астана – сәулеті келіскен алып шаһар. Бас қаладағы ең ғажайып, әсем мұнара – Бәйтерек. Тіршілік иелеріне тірек, сүйеніш, қорған, пана деген ұғымды білдіретін алып мұнара еліміздің символына айналған.

Гүлденген Астанамыз, түрленген жас қаламыз – елдік пен тұтастықтың ғажайып үлгісі.

Астана – Елбасының ғажайып ерлігі. Жас ұрпақтың келешегін ойлайтын кемеңгер адам Нұрсұлтан Әбішұлының ұлы дала төрінен асқақ та ғажап қала тұрғызуы-теңдессіз қайсарлық. Әр елдің Астанасы сол елдің төлқұжаты. «Астанасына қарап елін таниды», - деген Елбасы сөзінде терең мән бар.

Британдық «The Sunday Times» газету өзінің 2005 жылғы 20 ақпадағы нөмірінде: «Астанада жасалып жатқан жұмыстардың ауқымы адам нанғысыз. Оны жүзеге асыру үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан болу керек», - деп жазды. Ендеше, аяулы Астана – Елбасының тарихи қолтаңбасы.

«Біз жаңа астананың негізін салдық. Бұл – бостандық туралы ежелден далалық арман мекен еткен қала. Бұл – біздің он бес жылғы жолымыз бастап әкелген және бүгінде осы жол енді ғана басталатын қала. Бұл – біздің жол, Қазақстан жолы», - дейді Н.Ә.Назарбаев.

Сәулетті Астанамен тағдыры тоғысқан, халқымен жүрегі бір Елбасы бастаған нұрлы көш – Қазақстанның Тәуелсіздік жолы ешқашан адаспақ емес. Елбасы бізбен бірге. Астанадай ғаламат қала Қазақ жерінің мәңгілік жерұйығына айналады.

АСТАНА РУХЫ

Мейірбектегі Арайлым,

№51 орта мектептің 11 сынып оқушысы, Оңтүстік Қазақстан облысы

Бүгінде Астана жас қала болғанына қарамастан, Қазақстанның басты саяси және мәдени орталығына айналып қана қоймай, сонымен қатар

дүниежүзіне беделді астаналардың біріне айналуға. Елбасының белсенді әрі жемісті халықаралық қызметінің арқасында Астана әлемге танылуда.

Қазіргі таңда Астана – тас пен темірден, шыныдан тұрғызылған ғимараттар ғана емес, өз рухы бар қала. Бұл қалада жас астаналықтар буыны өсіп келеді. Елбасы айтқандай: «Біз бүгін Астананы қалай қаласақ, болашақ ұрпақ Астанасы сондай болмақ. Астана – ғимараттар, көшелер немесе саяжайлар ғана емес. Астана ең біріншіден, адамдар. Астаналық адамға лайықты ішкі дүние, жоғары мәдениет болуға тиіс. Мұның барлығы бала жастан тәрбиеленуі керек. Әрбір адам бойына Астанаға деген құрмет пен сүйіспеншілік рухын сіңіру қажет».

Ресей Президенті Д.Медведев: «Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың өз туған баласы, оның үлкен жетістігі және күмәнсіз мақтанышы» дегендей, ел астанасымен бірге айтылатын Елбасы да, Елбасының төл перзенті, Есіл бойындағы ертегі қала Астана да жайнап, өркендей берсін! Әлемдік деңгейдегі астаналардың қатарында аты алтын әріппен жазылсын деп тілеймін.

АСТАНА, ҚҰШАҒЫҢДЫ ЖАЙ МАҒАН!

Райымбекова Ақтілек,

№21 орта мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы, Ақтөбе облысы

Мен бүгінгі тәуелсіз елдің ұрпағы ретінде, елімнің тарихының беттерін ақтара отырып: «Астананы өзгерту не үшін керек болды?», - деп сұрақ қоямын өзіме. Сосын: «Бұл мен үшін емес, бүкіл ел үшін керек, мұның мәнін қазіргі адамдар ұғар-ұқпас, біздің болашақ ұрпақтарымыз ұғатын болады», - деген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев сөзін еске аламын. Бұдан Елбасымыздың бойынан қазақи батылдық, өжеттілік, қиындықпен бетпе-бет кездесетін қайсар мінезді анық байқаймын. Елбасымыз өзінің бітім-болмысымен, кісілік келбетімен халыққа, елге деген жанашырлығымен, ертеңгі күнге үміт пен сенімділігімен бәрімізге – әсіресе, өскелең жас ұрпақ, біздерге үлгі-өнеге болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сарабал саясаты мен кемеңгерлігі бізді жапанды шарлаған ауыртпалықтан сақтап отыр. Халыққа қамқорлығын төгіп, елді бірлікке шақырып, саналы ойын айтып, терең ой тастайтын Елбасымыздың шешендігі маған қатты әсер етеді. Оның сөздері менің болашаққа деген жолымды айқындайтындай. Елбасымыз туралы айтылған әрбір жақсы ой мені қуанышқа бөлейді.

Бойымда жаңа Астананы салып жатқан халқымның күш-жігеріне деген сенім пайда болды. Мен сенен шалғайда жатқан Ақтөбенің қызымын. Жыл сайын көркіне көрік қосып, көркейіп келе жатқан менің Ақтөбем асқақ қала Астананың сұлу сіңлісі сияқты. Қазіргі бар ой-арманым – болашақта Астанада білім алу. Мен сияқты жастарды жаңа заманға лайық білім алуға ұмтылдыратын, көптеген мақсат-мұратыма жеткізетін сен секілдісің, Астана! Өйткені сені көре салысымен: «Мынау қазақ елінің, менің халқымның Астанасы ма? Шынымен сол ма?», - деген сауал көкейімде тұрды. «Иә, Қазақстан Астанасы! Сенің шаһарың! Сенің мәңгі

байтағың! Сенің қалаң!» - деген зор үн іштей маған тіл қатты. Талай ғасыр аңсаған, армандаған халқымның қаласы, тәуелсіздігіміздің тірегі, елдігіміздің айғағы - Астана! Сенің келбетің көңілімді ынтықтырып, жүрегімді лезде жаулап алды. Елімізді жарқын келешекке батыл бастаған Елбасымыздың сенімі мен үмітіне орай, мен де өз елін, халқын сүйетін, игі істердің басы-қасында жүретін, саналы жасы болатынымды білдіргім келеді.

Еңселенген Елордамыз бірлік пен ынтымақтың, тәуелсіздік пен еркіндіктің символы болып, әр перзенттің таңын арайға, күнін игілікке бөлейтін, қалаға айналып, көркейе берсін! Еңбегі ерен Елбасымыз аман болып, «Елім, халқым!» деп соққан жүрек лүпілі тоқтамасын!

МЕН БАҚЫТТЫ АДАММЫН!

Сүйінкин Әлихан,

№19 орта мектептің 6 сынып оқушысы, Қостанай облысы

Менің арманым Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзін көру болды. Оның сәті Астанада емес, өзіміздің кеншілер қаласында түсті. Қалай дейсіз ғой. Қостанай облысына Президент Н. Назарбаев келеді деген хабар естідім. Ол кісі Рудный қаласына ат басын тіремей кетпейді. Және қаламыздың қақ ортасында жаңа салынып біткен мешіттің ашылуына Нұрсұлтан Әбішұлы қатысады деп естідік.

12 маусым болатын. Күн де жаймашуақ, жиналған жұрт та жайдары. Бәрінің көзі мешіттің есігінде. Міне, бір кезде Президенттің өзі де көрінді. Біз тұрған тұсқа жақындап, кейбір кісілермен сөйлесіп, кейбірімен қол алысып жатыр. Әттең, бойым аласа, қолына созып едім, тигізе алмадым.

Елбасы қарапайым адам екен. Өзіне ынтығып, жақындай алмай тұрған, жолдың арғы бетіндегі адамдарға да таяу барып, жылы жымыып, бәріне шапағатын шашып өтті.

Осылайша 2008 жылы Астананың өзін, бір жылдан соң Елбасының көзін көрдім. Сол себепті де өзімді ең бақытты адам санаймын.

Әлем жұрты қазір Қазақстан десе – Астана, Астана десе – Н.Ә.Назарбаев дейтін болды. Олай болса, Астанамыз асқақтай берсін, Елбасымыздың мерейі үстем бола берсін деп тілейік.

ЕРТЕГІДЕЙ АСТАНА

Тұрсынов Әділет,

*№2 Новошишм орта мектебінің 6 сынып оқушысы,
Солтүстік Қазақстан облысы*

Өткен жылғы жазда Астана қаласында болдым. Зымыраған көлік қалаға жақындаған сайын аққудың қанатындай аппақ биік мұнаралары мен күнге шағылысқан алтын күмбезді, сәнді де сәулетті мешіт оң жақтан еріксіз көз тартады. Ендігі сәтте кәдімгі бір шеңбер сызығының бойын

қуалай орналасқан сәулетті ғимараттар тізбегін қақ жарып, әлгі шеңбердің ортасына жақындаған кезде оң жақтан күміс сәулелі Бәйтерек мұнарасы көрінеді. Даңқы алысқа кеткен «Астана-Бәйтерек» қазақ елінің символы іспеттес. Астанада талай-талай мамандық алатын білім ошақтары бар екен. Университет, институт, колледж, тағы басқа ғылыммен шұғылданар ұрпаққа жағдай жасалып, есігін айқара ашуда.

...Тәуелсіз қазақ елінің желбіреген көк байрағы Елорда көгінде қалықтауда. Республика даңғылымен жүріп келеміз. Бас көпірден қаланың тура орталығына апаратын жол. Сол қанатта «Самал» ықшамауданы жайласқан.

Астананың түнгі келбеті ертегі дерсіз. Жер дүние самаладай жап-жапырақ. Зәулім үйлердің қабырғаларындағы айшықты шамшырақтар жұлдыздармен жымындасып, тіл қатқандай. Астанада баспа өнеркәсібі және тоқыма жеңіл өнеркәсібі өте жақсы дамыған. Сондықтан да, бізде ғаламат кәсіпкерлер де, қолы шебер ісмерлер де көп. Барлық мемлекеттерді жақындастыру, тату-тәтті өмір өткізуге қарлығаштай қанатымен су сепкен, бүкіл әлемге «Бейбіт өмір сүрейік, соғыс деген сойқан болмасын, достықтың керуен көшіне өтейік!» - деген Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үніне үлес қосқаны үшін «Әлемдегі достық ғимараты» да Астанада бой көтеруде.

Мен қазір 11 жастамын. Астананың 11 жылында тәуелсіздігіміз орнығып, мемлекетіміз кемелденіп келе жатса, мен де азат еліммен бірге есейіп келе жатырмын. Жиырма бірінші ғасыр басталған шақта, Қазақстан қанат жайып, қанатты тұлпарға ұқсап, жылдамдық алып, аспаға самғап ұшуға дайын.

Қазақстан дүниежүзіндегі дамыған елдердің бірі болуы – ақиқат. Менің болашақтағы мақсатым – жоғары білімді маман болып, еліміздің өркендеуіне үлес қосу.

ОТАНЫМНЫҢ ЖҮРЕГІ

Әбішева Маржан,

Шәкәрім атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы

Астана – қазақ елі болашағының қаласы. Мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Еліміздің көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің ордасы. Жаңа Астанамыздың құрылысы - жас мемлекетіміздің жасампаздыққа ұмтылысының, бүкіл қоғамымыздың жаңаруының ерекше символына айналған құбылыс. Ғасырлар бойғы бабалар арманын іске асырып, бас-аяғы төрт-бес жылда Астана салған мемлекет тарихта болған емес. Адамзат тарихында астанасын жаңғыртқан мемлекеттер жетерлік. Біз жаңа ғасырға, жаңа мыңжылдыққа өркениетті ұлт ретінде, тарих сахнасына егеменді ел ретінде ендік. Әлемдік қауымдастықтың көшіне жеке керуен болып қосылдық. Тәуелсіздігіміздің айғағындай, елдігіміздің белгісіндей, алтын күндей Елтанбамызды, желбіреген көк байрағымызды көргенде, әуелеген Әнұранымызды естігенде бойыңды ерекше бір асқақ азаматтық сезім билейді. Бұны көру, сезіну де бір бақыт, мандайға біткен

бақ емес пе?! Аз уақыттың ішінде көркейіп, түрленіп, тәуелсіздігіміздің түлегі, Отанымыздың жүрегі - Астанамыз да елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай, тәуелсіздігімізді әйгілеп тұр. Жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз, арман қала - жас каламыз - өнер, білім мен мәдениеттің, ғылымның ордасына айналуға.

ЖАСТАР – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Елубаева Аймара,

Абай атындағы мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы

*Мақтан етем Астанадай қаламды,
Таң қалдырған көрген әрбір адамды.
“Астана-арман қала” дей отырып,
Арнадым жас қалама осы жырды,*

- деп, Астана туралы жүректен шыққан шығармамды осы бір өлең шумағымен бастағым келеді. Астана мемлекетіміздің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы және елдікті, ұлттық бірлікті білдіретін бас қала. Сонымен қатар, Астана қаласы- тәуелсіз Қазақстанның жаңа Елордасы. Қала құрылысы қанатын кеңге жайып келеді. Жаңа әрі озық үлгідегі тұрғын үйлер, әкімшілік-шаруашылық ғимараттары бой түзеуде. Есіл өзенінің сол жағалауындағы жаңа әкімшілік-шаруашылық ғимараттарын жедел қарқынмен тұрғызу мақсатында “Астана-Жаңа қала” атты арнайы экономикалық аймақ құрылған болатын. Ол қазірдің өзінде ертегілер еліндегі қаланы көз алдына келтіріп, үлкен кешенді құрылысқа айналды. Қаланың жасыл желегі де көз қуантып, көңіл тойдыратындай, гүлзарлар көз жауын алып, су бұрқақтар жанға сая болуда. Менің Қазақстаным - дамыған ел, мәдениеті мен өнері өркендеген ел. Еліміздің болашағы біздер. Яғни, еліміздің болашағы жастардың қолында. Жастардың иманды, білімді, мәдениетті болып ержетуі, Қазақстанның дамыған 50 елдің қатарына енуі үшін үлес қосады. Менің негізгі армандарымның бірі-Қазақстанның даңқын аспандату. Әлемдегі өркениетті озық елдердің қатарына көп ұзамай қосылатынымызға деген сеніміміз күшейе түсуде. Өйткені, мен қазіргі жастарды болашақтың жарқын жұлдызды жастары деп санаймын. Әлі-ақ аспандағы күніміз қазақ жеріне ерекше сәулесін түсіреді.



МАЗМҰНЫ

| | |
|---------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Нұрсұлтан Назарбаев. Ел қондырдық Есілге</i> | 12 |
| <i>Махмұт Қасымбеков. Астананың алғашқы таңы</i> | 20 |
| <i>Орал Мұхамеджанов. Дана мен қала</i> | 32 |
| <i>Мырзатай Жолдасбеков. Тәуелсіздіктің төл астанасы</i> | 37 |
| <i>Айткен Джонатан. Астанаға деген көзқарас</i> | 62 |
| <i>Алдан Смайыл. Елбасының тарихи ерлігі</i> | 76 |
| <i>Сансызбай Есілов. Соныдан салған соқпақ жол</i> | 91 |
| <i>Уәлихан Қалижан. Алтын орда – Астана</i> | 96 |
| <i>Бауыржан Смаилов. Астана – тарихы терең, келешегі кемел қала</i> | 101 |
| <i>Жұмагүл Саухат. Атыңнан айналайын, Астана!</i> | 110 |
| <i>Жолтай Жұмат. Қазақ қала салғанда</i> | 114 |
| <i>Әбдімүтәл Әлібеков. Астанамызды аялай білейік</i> | 121 |
| <i>Иманғали Тасмағамбетов. Еңсесі биік Елорда</i> | 128 |
| <i>Әбу-Асқар Мекешұлы. Айға таққан алқадай өз Астана</i> | 135 |
| <i>Ақорда</i> | 141 |
| <i>Бәйтерек</i> | 144 |
| <i>Сенат. Мәжіліс. Үкімет үйі</i> | 152 |
| <i>Жоғарғы сот</i> | 155 |
| <i>Бейбітшілік және келісім Сарайы</i> | 158 |
| <i>Тәуелсіздік Сарайы</i> | 162 |
| <i>Төрт қақпа</i> | 164 |
| <i>Алдан Смайыл. Елорданың даму философиясы</i> | 168 |
| <i>Бас жоспар</i> | 177 |
| <i>Алдан Смайыл. Әлемнің тоғызыншы кереметі</i> | 190 |
| <i>Елорда – ел дамуының өлшемі</i> | 198 |
| <i>Бауырмал Астана</i> | 223 |
| <i>Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі</i> | 234 |
| <i>Президент мәдениет орталығы</i> | 243 |
| <i>Атамекен – Қазақстан картасы</i> | 246 |
| <i>Елорда ұстаздарының ұлағаты</i> | 254 |

| | |
|------------------------------------------------------------------------|-----|
| Назарбаев университеті..... | 264 |
| Ұлттық университет – ұлт мақтанышы..... | 270 |
| Қазақ Ұлттық өнер университеті..... | 274 |
| Заманға сай зияткерлік мектеп..... | 278 |
| Жайнай бер, жасыл қала – Астана!..... | 282 |
| Гүлдестелі Астана..... | 287 |
| Мақсат – мінсіз медициналық қызмет..... | 302 |
| Отандық медицинадағы озық істер..... | 308 |
| Талап төрінен табылуда..... | 318 |
| Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық драма театры..... | 324 |
| К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры..... | 326 |
| М.Горький атындағы Орыс драма театры..... | 328 |
| Жетер биік, алар асу алда..... | 329 |
| «Думан» ойын-сауық орталығы..... | 342 |
| Дүниенің қызығы - Джунглиде..... | 348 |
| «ҚазМұнайГаз» және «ҚазТрансОйл» компанияларының әкімшілік үйі..... | 353 |
| Көлік және коммуникация министрлігі..... | 355 |
| Қорғаныс министрлігі ғимараты..... | 357 |
| Сыртқы істер министрлігі ғимараты..... | 359 |
| «Нұр-Астана» мешіті..... | 361 |
| «Астана триумфы» ғимараты..... | 363 |
| Бас қаланың бас көпірі..... | 365 |
| «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының ғимараты..... | 367 |
| Астана циркі..... | 369 |
| Елорда бізге тым ыстық, тым ардақты..... | 370 |
| Елорданың бірінші мүшел тойы..... | 378 |
| Астана шетелдіктер көзімен..... | 384 |
| Жас жүректе – жас тілек..... | 388 |



**XXI ҒАСЫР.
АСТАНА ӘЛЕМІ**



Құрастырған Жұмагүл Саухат
(қазақ тілінде)

Редакторы Саухат Ж.
Әдеби редакторы Мекеш Ә.
Корректоры Мағаз А.
Көркемдеуші Граб Д.
Бет қаттаушы Мақсұтов А.
Фотосуретшілер:
Граб Д., Мақсұтов А.,
Сейітов С., Балмұрат О.,
Бахуревич В.

Басуға 12.10.2011 жылы қол қойылды.
Қалыбы 70x100 1/16. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Public Type Serif».
Шартты б.т. 25,0. Таралымы 1000 дана.
«ПАРАСАТ-БАСПА»
ЖШС баспаханасында басылды

